Хаққа арналған

ЖАСТЫҚ ШАҚ

Осман Нұри Топбаш



ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Алматы / 2014

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)
Т 59

Қазақстан Республикасы Дін Істері Агенттігінің дінтану сараптамасы жүргізілген

Аударған: Хайреттин Өзтүрк
Әсет Ануарбек
Редактор: Закия Махитжанқызы
Айгүл Ануарбек Саметқызы

Топбаш О.Н.
Т 59
Хаққа арналған жастық шақ / ауд. Х. Өзтүрк, Ә. Ануарбек; ред. З. Махитжанқызы, А.А. Саметқызы. - Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2014. - 532 б.

ISBN: 978-601-7094-89-8

Исламтанушы ғалым Осман Нұри ТОПБАШ ұстаздың түрік тілінде жазған «Hakka Adanmış Gençlik» атты кітабы «Хаққа арналған жастық шақ» деген атпен қазақ тіліне аударылды.

Бұл шығармада жастық шақтың Ислам діниндегі орнын Хазіреті Пайғамбар мен қадірменді сахабалардың бақыт ғасырындағы имандылық пен адамгершілік үлгілерінен үзінділер келтіріліп, екі дүние бақытына кенелгісі келген жастардың назарын аударатындай керемет баяндалған. Құран мен Сүннеттен керемет мысалдар келтіре отырып, оқырман қауымның назарына ұсынылған.

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)

ISBN: 978-601-7094-89-8

Хаққа арналған

ЖАСТЫҚ ШАҚ

Осман Нұри Топбаш

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

АЛҒЫ СӨЗ

Біздей әлсіз құлдарын Исламмен, иманмен, Құранмен және басқа да санап тауысуға болмайтын сансыз нығметтерімен табыстырған Аллаһ Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын!

Адамзатты имансыздық пен білімсіздіктің қараңғы түңғиығынан құтқарып, мәңгілік бақыт жолына жөн сілтеген теңдесі жоқ үлгіді тұлға, ең ұлы мұғалім әрі жолбасшымыз, жаһан мақтанышы Хазіреті Мұхаммед Мұстафаға, Оның әулетіне және асхабына салауат пен сәлемдер болсын!

Аллаһ Тағаланың құлдарына тарту еткен ең үлкен нығметтерінің бірі — мәңгілік өмірдің **бақытына** да, **қасіретіне** де жұмсала алатын өмір қазынасы. Бұл, яғни өмірдің әр сәті бір жағынан — мәңгілік табыс пен бақытқа мүмкіншілік сыйласа, екінші жағынан — адамгершілік нығметінің желге шашылып, беттегі қара дақ болып түсуіне де себепкер бола алады. Сондықтан оны Құран мен Сүннет жолымен жақсыға арнау — ақыл тоқтатқан әрбір адам баласының басты мақсаты.

Сонымен қатар мәңгіліктің сапарына дайындалу тұрғысынан алғанда өмірдің барлық шақтары бірдей емес. Мұның ең берекелі маусымы — жайнаған көктем мезгіліндей «**жастық**» шағымыз. Өйткені жастық шақ — еңбекқорлықтың, тың денсаулықтың, батылдықтың, мәрттіктің, ізденіс пен ұмтылыстардың, күш-қуаттың маусымы. Сол себепті бұл адамзат өмірінің ең маңызды шағы.

Адам баласы өмір сүретін орташа есеппен жетпіс-сексен жылдық өмір балалық пен жастық шақ кезінде қаланған ой-тұжырым негізінде қалыптасады. Сондықтан да адам өмірінің алғашқы кезеңдері оның қалған өмірінің түгеліне тең деп айтуға болады.

Қарапайым тілмен айтар болсақ, жастық шақ өмір өзенінің ағатын арнасын белгілейтін кезең болғандықтан өте маңызды. Бұл — тұлғаның басты сипаттары мен өмірлік бағыты қалыптасатын кезең. Бұл шақта хақ пен дұрыстан инедейін ауытқудың өзі алдағы жылдарда қайтуы тым ауыр болатын адасу ормандарына сүйреп әкетуі әбден мүмкін. Осы ақиқатты дана халқымыз «баланы жастан...» деп жеткізген.

Сол себепті жастардың парасаттылық пен көрегенділік, алысты көргіш қабілет пен күш-қуаттымен әрекет етіп, бар жігерін хақ пен қайыр жолына жұмсауы өмірінің ең маңызды ісі.

Хазіреті **Мәуләнә** былай дейді:

«Жастық шағының күндерін ғанибет біліп, құлдық міндетін атқарған жас неткен бақытты! Ол діни һәм адамдық борышын орындайды, тән саулығы барда жан саулығының қамына кірісіп, құлшылықтарын өтеуге талпынады.

Шынында, жастық шақ жайқалған жасыл, тап-таза баққа ұқсайды. Молынан жеміс береді. Ал кәрілік кезінде тән қуаң топырақ секілді босаңсып, құздайды. Қуаң топыраққа еш уақытта хош өсімдіктер өспейді».

Екінші жағынан, өмірдің ең күш-жігерлі мауысымы болғандықтан жастық шақта рухани ізденістермен қатар нәпсінің құмарлықтары да шыңына жетеді. Сол себепті нәпсіқұмарлықтары әлсіреген қариялармен салыстырғанда жастардың өз нәпсісін құрықтап, Аллаһтың разылығы жолында өмір сүре білуі Хақ алдында әлдеқайда бағалы болары, сөзсіз. Яғни, жастар асып өткен асудың қиындығына орай оларға сыйдың артығы мен қосымшасы бар. Өйткені, қол жеткізген нәтиженің бағасы — оған жету үшін жұмсалған күш-қайраттың мөлшерімен есептеледі.

Бірақ өмірдің ең құнарлы шағы болып табылатын жастық кезеңді тиісінше пайдалану тұрғысында адамдар көбіне ғапылдық танытып жатады. Бұл жайлы адамзат тарихындағы салмақты да ақылды тұлға **Хазіреті Әли** былай дейді:

«Қолдан кетпей тұрып, мына екі нәрсенің қадірін білу өте қиын: Біріншісі — денсаулық, екіншісі — жастық шақ».

Расында, өкінішке орай, қолындағы нығмет көзден бұлбұл ұшпай тұрып қадірін біліп, бағалай білетін жандар жоқтың қасы. Сол үшін де жастар өз қолындағы жастық атты қазынасын оңға-солға, надандықпен, аяусыз шашып жібереді де, бұған олардан гөрі сол нығметтің қадірін бағалайтын қария кісілер өкініп жатады. Сондықтан ел аузында:

«*Шіркін-ай, жастарда білім, қарияларда күш болса ғой!*» деген сөз қалған.

Жастық шақ нығметі қолда тұрғанда көпті көрген қарияларша ойлап, өз жастығын жақсыға пайдалана білгендер ең ақылды және бақытты адамдар. Хадис шәрифте айтылғанындай:

«*Аллаһ Тағала балаша қылықтары жоқ, қайырға беттеп, қиялы мен әуесін жеңген салмақты жастарды жақсы көреді*» (Ахмет, IV, 151).

Жастық шақ — өміріміздің қазынасы. Ол қазынаны адам баласы өз бақытына айналдыруы да, қайғы қасіретіне айналдыруы да мүмкін.

Олай болса, өзіміздің қазіргі және ертеңгі жағдайымызды жиі ой елегінен өткізіп, бесік пен табыт арасындағы ойлы-қырлы, тосын сыйларға толы, ауыспалы, өтпелі өмір хикаямызды салмақтылықпен тәфәккур етуіміз керек.

Балалық шақта — ойын, жастық шақта — шәһуат, есейгенде — ғапылдық, қартайғанда — уыстан кеткендерге өкініш пен қасіреттен ғана тұратын өмір — босқа өткен өмір екенін ұмытпауымыз керек.

Халықтардың келешегі жайында алдын ала болжау үшін көріпкелділік пен бал ашу қажет емес. Ол үшін сол халықтың жастарының бойындағы күш-жігерін қай жерлерге жұмсап жатқандығына қарау жеткілікті.

Әр дәуірдің жастары өздері алған тәрбие негізінде күш-жігерін жұмсайтын өмір салтын таңдайды. Жастардың жүріс-тұрысы сол халықтың болашағын көрсететін айна іспетті. Егер бір халықтың жастары күш-қайратын қайыр, руханият пен көркем қасиеттер жолындағы қызметке бағыттаған болса, ол ұлттың болашағы жарқын деп, үлкен үміт күтуге болады.

Бұған керісінше, егер бір елдің жастары бар күші мен қабілетін нәпсіқұмарлыққа буындырып қойған болса, ол халықтың келешегі бұлыңғыр, қасіреттен өзгеге жарамақ емес. Бүгінгі Батыс әлемі материалдық қажеттіліктерді алдыңғы орынға қоя отырып, экономикалық жетістіктерге жетсе-дағы, рухани тұрғыдан төменге құлдыраудан құтыла алмады. Жезөкшелік, ішімдікке салынушылық және есірткі пәлекеті мен өзіне-өзі қол жұмсау қылмысының адамзат тарихында болмаған деңгейге жетуі — сол рухани құлдыраудың ап-айқын көрсеткіші. Материалдық

жағынан молшылықта күн кешкенімен, рухани аштық олардың адамгершілік қасиеттерін барған сайын өлтіріп, тойымсыз қару-жарақ өндірісімен материалисттік әлем соңында өзін-өзі шағып өлтіретін айыр құйрық шаян секілді қорқынышты келешекке қарай кетіп бара жатқан жайы бар.

Сол себепті кеудесі иманға толы мұсылман жастардың олардың материалдық жетістіктеріне алдана қызығып, рухани қираған өмір салттарына қайран болып, еліктеуі — ең қауіпті нәрсе. Бұл жағдайды денсаулығы жақсы адамның ауырып жатқан науқастың халіне қызығып, оған еліктеуімен салыстырар болсақ, еш айырмашылық жоқ екенін байқауға болады.

Сондықтан да жастарымыз жаңылыс пікір, алдамшы сезімдер мен қыңыр іс-әрекеттердің тырнағына іліккеннен кейін құтылуға тырысудың орнына, әуел бастан рухани құндылықты материалдан жоғары қоятын өзіміздің парасатты төл мәдениетімізге қос қолдап жармасып, ұлттық және рухани тарихын қайта жандандыруы тиіс. Ол үшін тарих беттеріндегі баға жетпес құнды мәліметтерді көрегендікпен өз іс-әрекеттерімен салыстырулары қажет.

Тарих — халықтардың жады әрі ұлттық тәжірибелердің жиынтығы екенін ұмытпауымыз керек. Тарих біткен жерде халық та, адам да болмайтынын жадымызда ұстауға тиіспіз. Өйткені, кез келген халық өз тарихынан ғана тұрады. Егер халықты өз рухани құндылықтарынан және тарих білімінен алыстатсаңыз, ол халық емес, топырлаған адам тобыры болып қана қалады.

Құрметті жастар!

Ұмытпаңдар, сендер Мәуереннаһрдың (Мавераннахр) ұшы қиырсыз кең даласында, көк аспанның астында, киіз үйде түрлі қисық наным сенімдерден тазарып, иман абыройын қолға түсірген, сосын сол иман нұры жүзінен көрініп, жүздеген жылдардан бері айналаға хақ пен ақиқатты жайып келген ұлы халықтың перзентісіңдер.

Жаңа туындылар және жас ұрпақ тарихынан қабылдап алған рухани байлық неғұрлым мол болса, соғұрлым күшті әрі жалғасымды болатынын да ұмыта көрме. Кез келген халықтың шырағы сөнбеу үшін сезімтал, көреген және имандылықты ту еткен ұрпақ тәрбиелеу қажет. Сонда ғана ұлт болашағы жарқын болады. Балаларының құлағына ата-бабасының ерлік дастандарын құйып өсірген халық өз тіліне, тарихына, байрағына, Отаны мен халқына және басқа да құндылықтарына ие бола алады.

Сондықтан да кез келген халық ұлттық рухани құндылықтарына ие болып қала алатындай жігері мол, жүрегі жұмсақ ұрпақ қалдырудың қамын ойлауы тиіс.

Халық аузындағы ***«Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі»*** деген сөздің мән-мағынасы да осыны меңзесе керек.

Парасатты жастар!

Өз қолыңдағы шектеулі мүмкіншіліктерді шексіз мол табысқа айналдырудың жолдарын іздеп, адамгершілік пен абыройға жарасар жақсы өмір сүрудің жолдарын, оның қажеттіліктерін өз мәдениетіңнен үйрен!

Сүріп жатқан өмірің, дінің, иманың, отбасың, халқың мен Отаның үшін пайдалы да мәнді болуы тиіс екенін ұғынуың керек!

Аталмыш құндылықтардың сұрауы мен жауапкершілігі бар екенін көп ойлан! Бұл дүниеде емін-еркін өмір сүрмек жоқ екенін, Хақ Тағаланың бізді белгілі бір мақсатпен жаратып, үміт артып отырғанын ешуақытта жадыңнан шығармағайсың!

Айналайын жастар!

Сыртың да, ішің де тұнық әрі терең бұлақтан сусындап, Хаққа жақсы құл бола білудің ілімін игеріп, кәсіптің адалына жармасып, жақсы мамандық иесі болуға талпыныңдар!

Мынаны да естеріңде сақтаңдар! Дүние мен ақыреттің бақытына жету үшін иман махаббатына толы көңілдерің мен жанкештілік арқылы Ислам жолында қызмет жасау — басты міндеттерің болып табылады. Өйткені Хаққа махаббаттың өлшем бірлігі мен таразысы — жанкештілік. Хақтың разылығына ұмтылып, өз міндеттерің мен

жауапкершіліктеріңді үлкен жанкештілікпен мұқият орындап, адамгершілік қасиеттеріңе сызат түсіретін әдеттерден аулақ тұруларың қажет.

Құлшылығыңды Аллаһтың бұйрықтарына сай орындау бәрінен де маңызды екенін ұмытпай, фәнилік дипломдары мен келешек қамымен жүріп, мәңгілік келешегіңді қатерге тігуден сақтан! Фәни дипломдарыңның соңғы деміңде еш кәдеңе жарамайтынын ойлап, нағыз келешек пен шын бақытты бере алатын жалғыз Аллаһ Тағаланы ұмытпағайсың. Өйткені:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Тек Саған ғана құлшылық қыламыз және жалғыз Сенен ғана медет күтеміз» (Фәтиха сүресі, 5-аят) аятына сай, біз Раббымызға қаншалықты деңгейде құл бола білсек, соншалықты Оның жәрдеміне талапкер бола аламыз.

Осы сезіммен өмір сүруді үйренген жастар қолдарындағы «жастық шақ» атты қазынаны ең дұрыс жолмен пайдаланатын болса, ол ешбір зиян көрмейтін рухани табыс көзін тапқанмен тең болады.

Қолыңыздағы еңбек зерек ақылмен ғана табыла қоймайтын, тек ілім мен тәжірибе арқылы ғана жетуге болатын насихат кітабы. Бұл жинақ мұқтаждық сезінген құрметті жастарымызға арналып әзірленді.

Әр адам өзіне берілген нығметтерді, әсіресе, соның ішінде жастық шағын қай жерде, қалай жұмсағанынан есеп беретініндігін әсте естен шығаруға болмайды. Аллаһ Тағала бұл ақиқатты былай білдіреді:

ثُمَّ لَتُسْأَلُنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ

«**Сосын, сөзсіз, ол күні барлық нығметтің есебін беретін боласыңдар!»** (Тәкәсур сүресі, 8-аят).

Расулұллаһ r былай дейді:

«*Құл қиямет күні*

1) Өмірін қайда түгесіп,

2) Ілімімен қандай амал жасағандығының,

3) Мал-мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағанының,

4) Тәнін қалай тоздырғанының есебін бермейінше бір адым ілгері баса алмайды» (Термези, 1/2417).

Раббымыз баршамызға әсіресе, жас бауырларымызға сол сауалдардың жауабын биік еңсемен және сенімді жүрекпен бере алатындай рухани мәнді өмір сүруді нәсіп етсін. Өз жастығына, күші мен қайратына алданып, алдында күтіп тұрған асуларды ұмыту ғапылдығынан сақтай гөрсін. Көңілдері мешіттерге байлаулы, Аллаһқа құлшылық етуге ентіге, құлашын кең сермеген, Құран мен Сүннет тәндері мен жүректерінің әр жасушасына сіңген, маңдайы иман нұрымен жарқыраған жастардың қатарына қоссын...

Әмин!..

Осман Нұри Топбаш
Қантар/2014
Стамбұл

Барлық дәуірдің үлгілі жас тұлғасы –

Мұхаммедул-Әмин صلى الله عليه وسلم

Адамның үлгі алу мұқтаждығы

Хазіреті Пайғамбар ﷺ біздерге өмірдің барлық кезеңдерінде барлық жағынан теңдессіз әсемдікті паш етеді. Әр адам Оның саралы сүннетінен өзіне үлгі тұтарлық амалдар мен құлықтардың ең теңдессіз үлгілерін таба алады. Жаһан мақтанышы Пайғамбарымыздың өмірбаяны түстері, түрлері, хош иістері ең әдемілерінен таңдалып буылған шоқ гүлге ұқсайды. Іздеген жандар сол шоқ гүлдің арасынан өздеріне ең сүйкімді және жағымдысын тауып ала алады.

Адам баласы өз өмірінің басынан аяғына дейін өзіне жол көрсететін, үлгі-өнеге тұтуға болатын адам іздейді. Өйткені оның жаратылысы дінін де, тілін де, тұлғалығын қалыптастыратын өзге іс-әрекеттері мен әдеп, машықтарын да өзі таңдаған өнеге тұлғалардан қабылдап алады.

Мысалы, нәрестенің өзі ата-анасы қай тілде сөйлейтін болса, сол тілді қағып алады. Көп қылықтары мен мінездері әке-шешесіне еліктеу арқылы қалыптасады. Кейінгі жылдарда қабылдау қабілеті адымдап ілгері жылжыған сайын көптеген тұлғалардан әртүрлі сабақтар алады.

Бүгінгі күнде қаншама адам имансыздық пен тәрбиесіздік эрозиясына ұшырап, селмен аққан жансыз бөренедей заманның ағынымен еріксіз ағып кетіп бара жатқанда, оларға жұмсақ тілмен жол тауып, Исламның бар әсемдігін айтып жеткізу, әсіресе теңдессіз өнеге тұлға Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның ﷺ шексіз терең жан дүниесімен таныстыру әр мұминнің мойнындағы қасиетті иман мен ұждан борышы.

Яғни, адам баласының тәлімі мен тәрбиесі өз жаратылысында әуел бастан жаратылған еліктеу қабілеті арқылы жағымды немесе жағымсыз үлгі-өнеге беретін адамдарға еліктеуінен тұрады. Сол себепті де, адамның өзіне үлгі тұтып, артынан еретін адамдарын таңдай білуі аса маңызды шаруа.

Негізінде адам баласының шынайы жол бастаушылары — пайғамбарлар. Олардың ізінен ерген ғалымдар мен арифтер, Хақ достарына айналған әулие жандар — пайғамбар көзін көре алмағандар үшін пайғамбарлық амал мен іс-әрекеттердің түрлі ғасырларға серпіліп тасталған ең тамаша үлгі-өнегелері.

Оларды көсем тұту — мәңгілік бақыт пен рухани құтылудың дәнекері.

Бұған керісінше пайғамбарлар мен Хақ достарын шетке ығыстырып, басқаларды көсем сайлап алғандар ғапылдық пен адасушылыққа батып, күнәға шырмалудан құтыла алмайды. Өйткені, бұрыс жолдың жолаушыларының және нәпсісіне бодау болған адамдардың ізінен ергендердің өмірі тақырға отырғызып тындырады.



Бүгінгі адамдардың ең үлкен мәселесі де осы болып отырған жоқ па? Ақымақтыққа белшесінен батып жүрген неше түрлі атақтыларды үлгі тұтып, оларға ұқсау үшін мәңгілік бақытын қауіпке тігіп жатқан жастарымыз қандай өкінішті халде.

Хазіреті Мәуләнә адамның өзіне қате үлгі таңдауына таңырқай мысал келтіреді:

«Қозының қасқырдан қашуы таңқаларлық іс емес. Өйткені қасқыр қозының қас жауы. Нағыз таңқаларлық нәрсе — қозының қасқырға көңілі ауып, оның соңына түсуі».

«...Пайғамбар сендерге не берген болса, соны алыңдар. Ал неден тыйған болса, одан қашыңдар және Аллаһтан ғана қорқыңдар! Расында, Аллаһтың азабы тым ауыр». *(Хашр, 7).*

Адамдар қауымы ең жуасынан бастап, ең жабайы жыртқышына дейін жиылған әртүрлі хайуанаттар мекендейтін алып орманға ұқсайды. Ондағы адамдардың кейбірі түлкідей қу, кейбірі арыстандай жыртқыш, кейбірі құмырсқадай еңбекқор, ал кейбірі жыландай улы болып келеді. Олардың кейбірі алдап тұрып шақса, кейбірі тап беріп сүліктей қан сорады, ал енді біреулері алдыңнан күіп шығып, артыңнан шәңкілдеп үреді.

Үнемі рухы жіңішке, жүрегі таза, жұмсақ көсем жандарға мұқтаж болып келетін жастардың

Хақ тағала Пайғамбарымызды адамзатқа ең көркем өнеге тұлға етіп ұсынған, ал сахабалары Оны үлгі тұтып, ізімен жүрудің ең жоғарғы дәрежесін паш еткен жандар.

Ардақты сахабалар өздерінің әр ісі мен сөзі, тіпті, пікірінде де Оған ұқсауға тырысатын. Білмейтін адамдар өздерінен бірдеңе сұрай келсе, Пайғамбарымыздан қалай көрген болса, дәл солай жеткізуге тырысып:

«Расында, сендер үшін Расулұллаһта ең көркем өнеге бар» (Ахзаб, 21) аятын оқитын.

Қандай да бір іс-әрекеттерінің хикметін сұрағандарға да Расулұллаһтан осылай көргендіктерін айтып, әлгі аятты айтатын.

Жағымсыз істі көрген кездерінде дереу оны Сүннетке сай етіп түзетуге шақырып, тағы да жоғарыдағы аятты оқитын.

Яғни олар,

«Расында, сендердің араларыңдағы Аллаһқа және ахірет күніне құштар болып, Аллаһты көп еске алатындар үшін Расулұллаһта ең көркем өнеге бар» (Ахзаб, 21) аятын тілдерінен тастамай, әрқашан Аллаһтың Елшісінен өнеге алу керектігін еске салып жүретін (Қрңз.: Бұхари, Салат, 30, азан, 105, уитр, 5, хажж, 77, тәфсир, 66/1, әймән, 32; Муслим, мусәфирин, 8; Әбу Дәуіт, татауғ, 26/1342; Термези, уитр 14/472...).

қоғамдағы қасқыр іспеттес, жыртқыш және жаралағыш кісілердің артынан еруі қандай жаман!

Адамның үлгі-өнеге алуға деген мұқтаждығын толығымен қанағаттандыра алатын ең кәміл үлгі ардақты Пайғамбарымыз r ғана. Ал Пайғамбар тұлғасынан өнеге алудағы табысымыздың алғашқы қадамы, шүбәсіз, Оның теңдесі жоқ өнегелік адамгершілік қасиеттерге толы жан дүниесіне сүйіспеншілікпен байланып, жақсы көруден басталады.

Ардақты Пайғамбарымыздың өмірі мөлдір, таза айнадай. Әр адам онда бейнесін, рухын, іші мен сыртын, амалы мен сөзін, мінез-құлығы мен әдебін көріп тамашалап, өз жағдайын таразылай алады. Сол айнадан көргендері бойынша өз-өзін жөнге салып, өз қателіктерін түзету әр мүминнің борышы.

Жалғыз өнеге, теңдесі жоқ көсем — Хазіреті Пайғамбар ﷺ

Тарихқа көз салсақ, бүкіл адамдардың арасында да пайғамбарлардың арасында да өмірі ең көп зерттеліп, зерделенген жалғыз ғана тұлға Хазіреті Мұхаммед r болса керек. Оның әр іс-әрекеті мен сөздері, сана-сезімдері мен жай-күйлері түгел дерлік қағаз бетіне түсіріліп, тарихқа нақышталған. Тіпті, 1400 жылдан бері қалам тартылған барлық Ислами еңбектер бір ғана Кітапты және бір ғана адамды түсіндіру үшін жазылған деуге де болады. Олар — Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбар r .

Хақ Тағала сүйікті Елшісін r адам баласының бойындағы иләһи шеберліктің ең керемет туындысы ретінде жаратқан. Әрі Оны әлемдерге мейірім әрі адамзатқа іс-әрекет өлшемі ретінде жіберген. Расулұллаһтың өмірбаяны қияметке дейін келіп-кететін барлық ұрпақтарға теңдессіз өнеге болғаны сондықтан.

Ардақты Пайғамбарымыздың r өмірі мөлдір, айнадай таза. Сол айнаға қарап, өз құлығын түзету және өз олқылықтарын байқап жөнге келтіру әр мұсылманның міндеті.

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бойсұныңдар және Пайғамбарға мойынсұныңдар! Байқаңдар, амалдарыңды зая қылып алмаңдар»

(Мұхаммед, 33).

Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды пенделік әлсіздік тұрғысынан қоғамның ең төменгі сатысы болып табылатын жетім балалық шақтан өмірге бастатқан. Сосын оны түрлі сатылардан өткізіп, құдірет пен қабілеттіліктің ең жоғарғы дәрежесі санатындағы пайғамбарлық пен елбасы дәрежесіне дейін көтерді. Сол үшін де кез келген адам мен қоғамның қандай сатысына тиісті болсын, Пайғамбардың бойынан өзіне ең көркем өнеге табады.

Хақ Тағала аят кәримасында былай дейді:

«Расында, сендердің араларыңдағы Аллаһқа және ақырет күніне құштар болып, Алланы көп еске алатындар үшін Расулұллаһта ең көркем өнеге бар» (Ахзаб сүресі, 21-аят)

Аллаһтың Елшісі r Абдұллаһ пен Әминаның жетімі болуымен де әлсіздер мен ешкімі жоқтарға өнеге.

Ер жетіп қалған жас жеткіншек Пайғамбарымыздың r пәк жастығын мұқият зерттеп, өзіне ең дұрыс жолдың картасын сызып ала алады.

Адал ризықтың әуресімен жүрген саудагер Сириядан Бусраға жол тартқан сауда керуенінің көшбасшысы ұлы Пайғамбарды өзіне үлгі тұтсын.

Руханияты мол жанұя құрғысы келетін мүмин Аллаһтың Елшісінің r бақытты отбасылық өмірінен отағасы болудың жолын үйреніп, екі дүниенің бақытына жете алады.

Пайғамбарымыздың r өзіне уахи жеткізуші Жәбірейіл періштенің алдында тізе бүккені шәкірттер үшін көркем өнеге.

Ислам құқығы әдістемесінің ең маңызды есімдерінің бірі Қарафи (ө.684) былай дейді: «Расулұллаһтың ﷺ басқа ешбір мұғжизасы болмаса, тәрбиелеп шығарған ардақты достарының өзі Оның пайғамбар екендігін дәлелдеуге жеткілікті болар еді».

Сахабаларына иләһи аяттарды үйрету әдебі мұғалімдерге өнеге.

Хақ пен қайырды уағыздағысы келген, бірақ еш көмекші таба алмаған адам өз мақсаты жолында кіршіксіз күрескер болған Пайғамбарымыздың Меккедегі өмірінен сабақ ала алады.

Ұхуд шайқасындағы ұстанымы жеңілгендерге, ал Меккені алған кезіндегі халі — жеңімпаздарға өнеге.

Егер адам дүниелік бұйымдарға құл болудан құтылып, руханиятқа қанғысы келсе, Ол тәрбиелеген Біләл, Ясир мен Сәубандарға қарасын. Сол садық сахабалардың жігері көңіліне рухани демеу болуы керек.

Расулуллаһ r он төрт ғасыр бойы үмметінің көңілінде еш солмайтын әсем гүлдей сақталып келеді. Мұсылмандар өз есімдерімен, өнер-білімдерімен Оның ардақты есімін өлтірмей жалғастыруда. Тек Оның тұла бойын түгелдей өнеге тұту арқылы ғана Исламды

Пайғамбарлығынан бұрынғы жылдары Хазіреті Мұхаммед пен Бусра қаласы базарында сауда жасасқан бір яһуди адам арасында келіспеушілік туындады. Яһуди Пайғамбарымыздан Лат пен Ұзза атына ант ішуін талап етті. Аллаһтың Елшісі ﷺ:

— Мен осы уақытқа дейін олардың атына ант етіп көрмегенмін. Олардың қасынан өткен кезде теріс қарап өтемін», деп жауап берді. Яһуди:

— Дұрыс, өте орынды нәрсе айттың, деді де, Хазіреті Хадиша анамыздың қызметшісі Мәйсараға жақындап барып:

— Уаллаһи, бұл біздің кітабымызда ерекшеліктері ашық түрде айтылған Пайғамбардың нақ өзі», деді.

(Ибн Сағд, I, 156)

табуға, шынайы бақытты табуға асығады.

Исламның көңіл байлығын алған дағуатшылар **«һидаятқа себепкер болуды»**,

Фақиһтер «**Құран мен хадистерден үкім шығаруды**»,

Тәфсіршілер «**Құранды түсінуді**»,

Сопылар «**Аллаһтың ахлағымен өмір сүруді**»,

Ойшылдар «**әр нәрсенің ақиқатын түсінуді**»,

Ақындар «**ғаламның үнді және үнсіз баяндарына құлақ түруді**» тек Пайғамбарымыздан үйреніп келеді.

Мұсылмандар әлемнің кемелдігін адамнан, ал адамның кемелдігін Расулұллаһтың r *бойынан тапқан.*

Олар ақиқатты Пайғамбарымыздың бойынан іздеп, жаратылыстың сырын Онымен бірге тапқан.

Жәһилдік дәуірдің ең қарайған адамдары Аллаһ Елшісінің ізіне еріп, адамзатқа көсем болатындай жұлдыздарға айналғанын ешуақытта ұмытпаған жөн. Олай болса, біз де

Ардақты сахабалардың білдіруінше Аллаһтың Елшісі ﷺ орамалын бүркенген жас бойжеткен қыздан да ұятты, ибалы болатын.

(Бұхари, әдеп, 77)

өмірлік сапарымызда Расулұллаһты r және Оның жолын ұстанған Хақ достарын өзімізге көшбасшы сайлап, мәңгілік бақытқа сүрінбей жетейік!

Расулұллаһ ﷺ жастық шағын қалай өткізді?

Аллаһтың Елшісі r өзінің жастық шағында да жәһилдік дәуірдің жамандықтарынан бойын аулақ ұстаған. Ол Пайғамбар болмай тұрған кезінде де адамгершілік қасиеттері жағынан өз халқының ең абыройлысы, құлығымен өз қауымының ең кемеңгері болатын. Хақ Тағала Оның бір бойында бүкіл жақсы қасиет атаулыны жиып бергендіктен халқы оны **«әл-Әмин»** есіміне лайық көріп, солай атаған[1]. **әл-Әмин** Оның екінші есіміне айналып, тіпті, шын атындай болып кеткен-ді.

Өміріміз бен көңіліміздің төрінде әркез Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ болуы керек. Оның теңдессіз өнеге тұлғасы мінез-құлқымыздың жалғыз сәулетшісі және өлшемі болуы керек.

Расулұллаһтан r бір күні біреу:

«Уа, Расулаллаһ! Аллаһтан басқаға еш ғибадат жасап көрдіңіз бе?», деп сұрады.

— *Жоқ*, деп жауап берді Ол кісі.

1. Ибн Хишам, I, 191; Ибн Сағд, I, 121

— Ал ішімдік іштіңіз бе?, — деп сұрағанда да:

— *Жоқ! Мен Кітап пен иманның не екенін білмеген кездерімде де олардың істеп жүргендерінің күпірлік екендігін білетінмін*», деп жауап берді (Диар Бәкри, I, 254-255).

Үммү Әймән с былай әңгімелейді:

Құрайш мүшріктері жылдың бір күнінде Буана пұтының маңында бас қосып, түн батқанша құрбан шалу, шаш кестіру және иғтикафқа кіру рәсімдерін жасайтын. Әбу Тәліп те сол мейрамға қатысуға дайындалып жатқан болатын. Хазіреті Мұхаммед r олармен бірге барудан қашқақтаған кезде аға-әпкелері қатты кейіді. Әпкелері:

«Тәңірлерімізден теріс айналғаның үшін басыңа бір бәле келе ме деп қорқамыз!», деп қатты өтінген соң бала Мұхаммед олармен бірге баруға мәжбүр болды.

Бір кезде көзден таса болып қалды. Сосын қорыққаннан боп-боз болып қасымызға қайтып оралды. Әпкелері:

Жер бетінің қай жерінде болмасын адамдар арасында жасалып жатқан бір әділдік көзіңізге түссе, адамдардың жүректерін бір-біріне байлайтын рақым мен мейірімділік көрсеңіз, немесе қоғамда байлар мейірлене мұқтаждардың жәрдеміне асығып жатса, мықтылар әлсіздерді қорғаса, денсаулығы барлар бишараларға қол ұшын созып жатса, дәулеттілер жесірлер мен жетімдерге қарайласып, қарнын тойдырып жатса, бұл ізгі қасиеттердің барлығы пайғамбарлардан және олардың ізінен жүрген салиқалы жандардан қалған дәстүр мұрасы екендігіне еш күмәнің болмасын.

«Саған не болды?», деп естері кете сұрай бастады. Ол:

«Мені жын соғып кете ме деп қорқамын», деді. Әпкелері:

«Аллаһ сені шайтанға табалатпас. Сенің бойыңда жақсы қасиеттердің барлық түрі бар. Қане, не болғанын бізге айта ғой!», десті.

Бала Мұхаммед оларға:

«Мен пұттың қасына жақындап барған сайын аппақ, ұзын бойлы бір адам көзіме көрініп:

— "Ей, Мұхаммед! Ары жүр, бұған қолыңды тигізуші болма!", деп дауыстады»,— деді.

Бұдан кейін ғалам нұры Пайғамбарымыз ﷺ өзіне пайғамбарлық берілмей тұрған кездерінде де олардың мейрам сауық-сайрандарына қатысқан емес (Ибн Сағд, I, 158).

Ардақты сахабалардың білдіруінше Аллаһтың Елшісі ﷺ орамалын бүркенген жас бойжеткен қыздан да ұятты және ибалы еді. (Бұхари, әдеп, 77)

Пайғамбарымыз ﷺ өмір бойы саудасаттық және басқа да қарым-қатынстарында адамдарға барынша шыншыл болатын. Біреуге сөз берсе, оны қандай бағамен болса да орындамайынша тыным таппайтын. Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Расулұллаһ ﷺ бір нәрсе айтатын болса, оны міндетті түрде орындамай қоймайтын».

(Бұхари, шәһәдәт, 28)

Аллаһтың Елшісі r жастық шағын барынша таза және ізетті қылып өткізді. Аллаһ Тағаланың өзі оны әдеп пен ар-ұятқа қайшы қылықтардан аулақ өсіріп, қорғап-қоршап жүрген.

Ғалам мақтанышы Пайғамбарымыз r Қағбаның жөндеуі кезінде көкесі Аббаспен бірге тас тасып жүрді. Аббас t тастар Оның мүбәрак иықтарына батып кетпесін деп:

«Киіміңді шешіп, иығыңа қойып алсаң болады ғой!», деді. Расулұллаһ r киімін шешіп, иығына қоймақ болғаны сол-ақ еді, жерге сылқ құлады. Көздерін аспанға тігіп жатып көкесінен:

«Маған киімімді берші!», деп өтінді. Көкесі дереу киімін алып үстін бүркеп жапты (Бұхари, Хажж, 42).

Ол күнгі қоғамда киімнің үстіде бар болып-болмауына мән берілмейтін, әдепке, ар-ұятқа қайшы кебістер қалыпты жағдай болып саналатын. Соған қарамай Аллаһтың Елшісі r ұяттың шегінен сыртқа шығатын киімді ешуақытта үстіне кигені көрілмеген.

Пайғамбарымыз ﷺ пайғамбарлық міндетінің алғашқы күндерінен бастап жастармен жақыннан етене араласып, олардың рухына баратын бір тамыр жолын тауып, ерекше ыстық ықыласты қатынастар орнатқан еді.


Нұр тауы, Мекке Мүкәррама

Пайғамбарымыз ﷺ пайғамбарлық міндетінің алғашқы күндерінен бастап жастармен жақыннан етене араласып, олардың рухына баратын бір тамыр жолын тауып, ерекше ыстық ықыласты қатынастар орнатқан еді.

Расулұллаһтың r өзі былай әңгімелейді:

«Мен жәһилдік кезеңде адамдардың әдет-ғұрыптарының біреуін істеуге екі рет ұрындым. Бірақ Аллаһ Тағала мені одан сақтап қалды.

Бірде Меккенің жоғарғы жағында Құрайыштың бірнеше жас балалары болып қой жайып жүргенбіз. Қасымдағы жолдасыма:

«Егер қойларыма қарай тұрам десең, мен барып Меккедегі жастардың түнгі сауықтарына қатысып келейін», дедім.

Жолдасым:

«Мейлі, барсаң, барып қайт!», деді.

Сөйтіп жолға түстім. Мекке маңына таяған сәтімде даңғыра, қоға және ысқырық дыбыстары құлағыма келе бастады.

— Бұ не? ,— деп сұраған ем,

— Пәленше еркек пен пәленше әйел үйленіп жатыр, деді.

Сол жерде отырып, сол жаққа қарай мойнымды созып қарай бастадым.

Сол кез Аллаһ Тағала менің көзіме ұйқы салды, мен қатты ұйықтап қалыппын. Аллаһқа ант етейін күн шуағы үстіме түсіп, көзіме шағылысқанға дейін ояна алмадым. Дереу тұрып жолдастарымның қасына қайтып бардым.

— Не істедің?, деп сұрады.

— Ештеңе істей алмадым, дедім де басымнан кешкендерімді айтып бердім.

Басқа бір түні тағы бір рет қайталадым және тағы да ұйықтап қалдым. Раббым мені пайғамбарлықпен абыройландырғанға дейін осылардан өзге ешқандай жаман іске жуымадым» (Ибн Исхақ, 58-59 б., Ибн Кәсир, әл-бидәя, II, 292).

Расулұллаһ ﷺ жас сахаби Мұғаз бин Жәбәл ﷺ турасында: «Үмметімнің ішінде халал мен харамды ең жақсы білетін Мұғаз» деп айтқан екен.

(Термези, мәнақиб, 32/3790-3791)

Өміріміз бен көңіліміздің төрінде әркез Хазіреті Пайғамбарымыз ﷺ болуы керек. Оның теңдессіз өнеге тұлғасы мінез-құлқымыздың жалғыз сәулетшісі және өлшемі болуы керек.

Пайғамбарымыздың дәуірінде екі жас бауыр жігіттер бар болатын. Бірі Пайғамбарымыздың қасынан еш ажырамай Одан ілім үйренсе, екіншісі күнкөрістері үшін еңбектеніп табыс табатын. Жұмыс істейтін бауыры екіншісінен шағымданып, Пайғамбарымызға айтады. Расулұллаһ ﷺ берген жауап мынадай болды:

«Бәлкім, сен оның себебімен ризықтандырылып жатқан шығарсың!». *(Термези, Зуһд, 33/2345)*

Расулұллаһ r жастық шағында тек пайдалы істермен ғана айналысты. Бала кезінен қой бағып, көкесіне қолғабыс болды. Бұл жайын-да өзі мақтанышпен сөз қозғап:

«Аллаһ Тағаланың жіберген әр пайғамбары қой баққан екен», деп айтып отыратын. Сахабалары:

— Уа, Расулаллаһ! Сонда сіз де бақтыңыз ба?,— деп сұрайтын.

— *Иә, төлемақысына Меккеліктердің қойын бағатынмын,*— деп жауап беретін ол кісі (Бұхари, ижара, 2, әнбия 29; Ибн Мәжә, сауда-саттық, 5).

Тағы да Пайғамбарымыздың r өз айтуы бойынша, Әжиәд деген жерде де жанұясының қойларын баққандығы бар (Ибн Сағд, I, 126).

Он екі жаста болған кезінде ағаларымен бірге сауда саяхатына шыққан болатын[2]. Кейін Хазіреті Хадиша с анамыз Пайғамбарымыздың сенім ұялатар адалдығы мен әділдігіне қайран қалып, оған өз сауда керуенін басқаруды

2. Ибн Исхақ, сира, 53 б., Әбу Нуайм, дәлаил, I, 168; Диарбакри, тарихул-хамис, I, 260

ұсынған болатын. Өйткені жас Мұхаммед сол кезде ең сенімді адам, ісіне берік және соның арқасында табысы да мол адам болатын[3].

Дүние жүзінің қай жерінде болсын, адамдар арасында жасалып жатқан бір әділдік көзіңізге түссе, адамдардың жүректерін бір-біріне байлайтын рақым мен мейірімділік көрсеңіз немесе қоғамда байлар мұқтаждардың жәрдеміне мейірлене асығып жатса, мықтылар әлсіздерді қорғаса, денсаулығы барлар бишараларға қол ұшын созса, дәулеттілер жесірлер мен жетімдерге басы көз болып, қарнын тойдырса — бұл ізгі қасиеттердің барлығы пайғамбарлардан және олардың ізімен жүрген салиқалы жандардан қалған дәстүр мұрасы екендігіне еш күмәнің болмасын.

Расулұллаһ ﷺ өзінің бір хадисінде былай дейді:

«Аллаһ Тағала жастық шағын Аллаһқа бас ию жолына арнаған жастарды жақсы көреді».

(Суюти, әл-Жәмиғус-сағир, I, 65/1867)

Пайғамбарымыз r өз өмірінде кей адамдармен серіктестік құра отырып та жұмыс істеген. Мекке саудагерлерінің бірі **Сағиб бин Әбу Сағиб** t былай дейді:



3. Хаким, III, 200/4834; Халеби, Инсанул-ғуйун, I, 221; Айни, Умда, X, 104; Диарбакри, I, 262

Абдұллаһ бин Жағфар ﷺ мына керемет естелігін жеткізеді:

«Бір күні Ардақты Елші ﷺ мені өз жануарына мінгестіріп алды. Сол кезде Ол маған бір сыр айтты, мен ол сырды ешкімге айтпаймын!».

(Мүслим, хайыз, 79)

«Бірде Расулұллаһтың жанына барған кезімде сахабалар мені мақтап, мен жайында жақсы, жағымды сөздер айта бастады. Расулұллаһ r :

«Мен оны сендерден жақсы танимын!», — деді.

Мен:

«Дұрыс айтасыз, әке-шешем сізге құрбан болсын. Сіз менің серіктесім едіңіз, серіктес болғанда қандай керемет серіктес едіңіз. Екеуіміз еш таласып, ренжіскен емеспіз», — дедім» (Әбу Дәуіт, әдеп, 17/4836; Ибн Мәжә, сауда-саттық, 63).

Абдұллаһ бин Әбу Хамса t былай әңгімелейді:

Пайғамбарлығынан бұрын Хазіреті Пайғамбармен r сауда жасасқан едім. Бір күні қарыз болып қалдым. Бірақ үйге барып әкеліп берейін деп сөз бердім де, кетіп қалдым. Сөйтсем бәрі есімнен шығып кетіпті. Үш күннен соң есіме түсіп келіскен жерімізге барсам, сол жерде әлі отыр екен.

Ꝛасулұллаһ r мені істеген ҡателігім үшін тіпті, жазғырған да жоҡ. Тек:

"*Ей, жігітім! Мені біраз әуреледің-ау, үш күннен бері сені мұнда күтіп отырмын*", — деп ҡана айтты"» (Әбу Дәуіт, әдеп, 82/4996).

Пайғамбарымыз r өмір бойы сауда-саттыҡ пен басҡа да ҡарым-ҡатынастарында адамдарға барынша шыншыл болатын. Біреуге сөз берсе, оны ҡандай бағамен болса да орындамайынша, тыным таппайтын. Ибн Аббас t айтады: «Ꝛасулұллаһ r бір нәрсе айтатын болса, оны міндетті түрде орындамай ҡоймайтын» (Бұхари, шәһәдәт, 28).

Ꝛасулұллаһ r жастайынан бастап шарасыздар мен амалсыздардың ҡасынан табылатын. Меккеге келіп тауарларын сатып, біраҡ ҡұнын төлетіп ала алмай ҡалған бөтен саудагердің де көмегіне баратын. Осындай жағдайларға байланысты өз ағаларымен бірігіп, «Хил-фүл-фүдул» атты ҡауымдастыҡ ҡұрып, зұлымдыҡҡа немесе әділетсіздікке ұшырағандарға көмек көрсетіп отырған[4].

Пайғамбарымыздың бір хадисінде былай делінеді:

«Сахабаларым (көктегі) жұлдыздар сияҡты. Олардың ҡай-ҡайсысына ілессеңдер де, тура жолды табасыңдар».

(Ибн Абдил-бәрр, жәмиғу баянил-ғилм, II 91)

4. Ибн Кәсир, әл-бидәя, II, 295-296; Ибн Сағд, I, 12- 129

Аллаһтың Елшісі r бұл қауымдастық жайында кейінгі жылдары былай деп айтқан:

«Абдуллаһ бин Жуданның үйінде Хилфул-фудул құрылғанда ағаларыммен бірге мен де бар едім. Ол мәжіліске көңілім толғандығы соншалық, оның орнына маған қызыл түйелер (яғни ең қымбат дүниелер) берілсе де оншалықты қуанбас едім. Ондай мәжіліске қазір де шақырылсам, міндетті түрде барар едім» (Ибн Кәсир, әл-бидәя, II, 295).

Иран Кисрасына жіберілген хатты Абдуллаһ бин Хузафа (р.а.) апарған болатын. Кисра хатта Пайғамбарымыздың (с.а.с.) есімі өзінің атынан бұрын жазылғанына ашуланып, қаһарына мініп мүбәрак хаттың парша-паршасын шығарып, жыртып тастады. Елшіге де ауыр сөз-дер айтты. Бұған қарамай, Абдуллаһ (р.а.) жас жігері мен қайратын алға салып, Кисраға мен оның жендеттеріне үгіт-насихат айтып кетті. Бұған одан ары ашуланған Кисра Хазіреті Абдуллаһтың аулақ әкетілуін бұйырды. Абдуллаһ (р.а.) жануарына қарғып мініп, Мәдина жолына түсті. Өз-өзіне былай деп келе жатты:

«Уаллаһи мен үшін екі жолдың (*өлім немесе құтылудың*) қайсысы болса да, қам жемеймін. Өйткені Расулуллаһтың хатын жеткізіп, міндетімді орындадым».

(Ахмет, I, 305; Ибн Сағд, I, 260, IV, 189; Ибн Кәсир, әл-бидәя, IV, 263-266; Суһәйли, VI, 589-590; Хамидуллаһ, әл-уәсаиқ, 140 б.)

Пайғамбарымыз r өз отбасына, туыстарына және өзге де адамдарға барынша жұмсақ және жақсы қарым-қатынас орната білетін. Әрқашан және әр нәрсеге асқан ақылдылықпен, парасаттылықпен қарайтын.

Сондай-ақ, ол жастығында ғаламға және табиғат құбылыстарына қарап ойға батып, пікір еткенді ұнататын. Ол үшін оқтын-оқтын оңашаланып, пікір жүгіртуге арнайы уақытын бөлетін.

Қорыта айтқанда Ол r өз жастық шағын ең жақсы түрде өткізіп, сол қымбат жылдарын тек ізгілік пен қайырларға толтырған еді.

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Аллаһ ﷻ балаша қылықтары жоқ, қайырға беттеп, қиялы мен әуесін жеңген салмақты жастарды жақсы көреді».

(Ахмет, IV, 151)

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ және жастар

Расулұллаһтың r өмірбаяны зерттелетін болса, оның пайғамбарлық міндеті бойынша жастарға ерекше көңіл бөлгендігін көруге болады.

Исламның адамзатқа алып келген құндылықтары жайында айтылған кезде, көбінесе қыз балалардың тірідей көмілуден құтқарылуы, әйелдердің қоғамда лайықты орнын иеленгендігі,

баршаға әділдікпен мәміле жасау секілді мәселелер тілге тиек етіледі. Алайда, Ислам әкелген тағы бір маңызды өзгеріс назардан тыс қалуда, ол — жастар.

Пайғамбарымыздың r адамзатты құтқарған дағуатына көбіне жастардың құлақ түргендігін көрген кезімізде...

— Хабеш патшасының алдына мұсылмандар атынан жас жігіт Жағфар бин Әби Тәліб шығып, інжу-маржан төгілген шешен тілімен сөйлегенін еске алған кезімізде...

— Жаңа түскен иләһи дін атына өкілдік етіп, Мәдинаға мұғалім болып жіберілген Мұсғаб бин Ұмәйрдің өміріне көз жүгірткенімізде...

— Һижрат барысында Аллаһ Расулының жолына жанын қиюға даяр болып, мүшріктердің жаман жоспарын астаң-кестен еткен қаһарманның жиырма жасар жігіт болғанын естіген кезімізде...

— Әлемдерге рақым пайғамбары болып келген екі жаһанның сұлтаны Хазіреті Пайғамбардың Мәдинадағы қызметшісі он жасар жас бала болғандығын оқып білгенімізде...

Сахабалар пікір мен ойдың төріне тәухидті орнықтырып, жүректен нәпсінің ғана пайдасына болатын артық нәрселерді шығарып тастай білді. Мал мен жан олар үшін тек құрал мен себеп болып қалды. Иманның ләззатын татып, мейірімде тереңдеді. Қызмет олардың өмір салтына айналды. Үлкен пидақорлықпен олар Ислам тұлғасын айналаға паш етті. Бір хадис тыңдау үшін сахаба бір айлық жол жүріп барса да, атын алдап шақырған адамның хадисін алмай кері қайтты.

— Пайғамбарымыздың он тоғыз жасар **Үсаманы** үлкен әскер ордасының басына қолбасшы тағайындағанын білген кезімізде...



Дініміздің бұйрықтары мен тыйымдарын жас ғалым сахабалардың аузынан үйренгенімізді еске алған кезімізде — Расулұллаһтың өмірінде жастардың қандай жоғары орынға ие болғандығын аңғарған боламыз.

Пайғамбарымыз r пайғамбарлық міндетінің алғашқы күндерінен бастап, жастармен жақыннан етене араласып, олардың рухына баратын бір тамыр жолын тауып, ерекше ыстық ықыласты қатынастар орната білді.

Жастықтың қадірін жақсы білген Расулұллаһ r пайғамбарлығының алғашқы күндерінен бастап, жастармен жақыннан араласып, олармен ерекше ыстық қарым-қатынас орнатып, өз рухани дүниесінің қанатында тәрбиеледі. Сол арқылы жас сахабалар Исламның тар жол, тайғақ кешкен алғашқы жылдарын иман жолында мың

Сахабалар Расулұллаһтан не алып еді?

1) Ин'икас (шағылысу, Аллаһ Расулының рухани дүниесінен өзіне сәуле алу) алды.

2) Аллаһқа жақындауды, Оны жүрекпен тани білуді алды.

Соның себебімен олардың өмірінде қайыр және хақ бар әсемдігімен, ал жамандық пен жалған бар ұсқынсыздығымен сұрыпталып, айқындалды.

бір түрлі азап пен зұлымдыққа кеуде тоса білді. Ислам мемлекетінің негізі қаланған Мәдина дәуірінде де олар алдыңғы саптарда орын алды.

Жастарды ілімге шақыратын

Ғалам мақтанышы Пайғамбарымыз r жастардың ілім саласында жетіліп шығуларына ерекше ықылас танытып, көңіл бөлетін. Талай рет жастарға олардың жақсылығын айтып мақтап, мадақтап, одан әрі ұмтылуына ынталандырып отыратын. Ілімде ең жоғарғы дәрежелерге жеткен сахабалардың ылғи жастар болуы Пайғамбарымыздың осындай оңды көз-қарасының нәтижесі болса керек.

Расулұллаһ r Мәдинаға һижрат еткен кезде ең әуелі Нәбәуи мешітін, ал оның артынша дереу бір бұрышқа ілім ұясына айналған «Сұффа» бөлмесін салдырған еді. Асхабу сұффаның алғашқы ұстазы да өзі болды. Жақсы Құран және Сүннет тәлімін алған және «**құрра**» деген атпен аталған сұффа шәкірттері 70-400 арасында саннан тұратын жастардан құралған еді.

Осылайша Аллаһ Елшісі r сондай керемет жабдықталған жастар бөлімін даярлады.

Абдұллаһ бин Мәсғұд ﷺ *Суффа шәкірті еді. Ол тікелей Пайғамбардың* ﷺ *тізесінде ілім алған бақытты құлдардың бірі еді. Былай дейтін:*

«Бізге Расулұллаһтың рухани ауасы әсер ететіндігі соншалық, өңешімізден өтіп бара жатқан астың зікірін еститін едік».

(Бұхари, мәнақиб, 25)

Әсіресе, зейіні мен қабілеті алға басқан жастарға ерекше көңіл бөлді. **Әнәс бин Мәлік, Хазіреті Әли, Үсама бин Зәйд** y секілді талай сахаба бала күнінен бастап Аллаһ Елшісінің r тәрбиесін көріп, келешектегі алып Ислам мәдениетінің алпауытты тіректеріне айналып кете берді. Ислам діні олардың сарқылмас жігерінің көмегімен елдерге, құрлықтарға және ғасырларға ұласты.

Расулуллаһ r жас сахаби Мұғаз бин Жәбәл t турасында: *«Үмметімнің ішіндегі халал мен харамды ең жақсы білетіні Мұғаз»* деп айтқан екен.

(Термези, мәнақиб, 32/3790-3791)

Амр бин Жумуһтың ұлы Мұғаз ***өз руындағы мұсылман жастармен келісе отырып, бір түні әкесінің табынып жүрген пұтын маңайдағы қоқыс шұңқырына тастап жібереді. Таңертең бұл жағдайды көрген Амр зәресі қалмай, қорқа пұтын шұңқырдан шығарып алады. Тазалап, хош иіссу сеуіп, орнына қайта жайғастырып қояды.***

Дәл осы оқиға бірнеше күн қатарынан қайталанған соң пұт өзін қорғасын деп мойнына қылышын асып қойды. Ертесі күні пұттың тағы да шұңқырда жатқанын көрген Амр табынып жүрген бұл жансыз заттың өзін де қорғауға дәрменсіз екенін көріп, шірк қараңғылығынан Исламның нұрлы таңына оянды. Кейінгі жылдары ол өз қауымын Исламға шақырумен болды.

(Ибн Хишам, II, 61-63; Зәһәби, сияр, I, 182)

Пайғамбарымыздың дәуірінде екі жас ағалы-інілі жігіттер бар болатын. Бірі — Пайғамбарымыздың қасынан еш ажырамай, Одан ілім үйренсе, екіншісі — күнкөрістері үшін еңбектеніп, табыс табатын. Жұмыс істейтін бауыры Пайғамбарымызға келіп, бауырын айтып, шағымданады. Расулұллаһтың r берген жауабы мынадай болды::

«Бәлкім сен оның себебімен ризықтандырылып жатқан шығарсың!» (Термези, Зуһд, 33/2345).

Аллаһ және Оның Елшісі сүйген жастар

Сүйікті Пайғамбарымыз r Аллаһқа бас иіп, Ислам мінез-құлқын өз бойына дарытқан жастардың қиямет күнінде Арш көлеңкесін саялайтынын айтқан[5]. Өйткені Хақ Тағала мұндай құлдарын жақсы көреді. Расулұллаһ r өзінің бір хадисінде былай дейді:

«Аллаһ Тағала жастық шағын құлшылыққа арнаған жастарды жақсы көреді» (Суюти, әл-Жәмиғус-сағир, I, 65/1867).

«Сахабалардың бірі үйіне келген кезде әйелі оған мына екі сауалдың бірін қоятын:

1) Бүгін Құраннан неше аят түсті?

2) Аллаһтың Елшісінен бүгін не тыңдадың?

Ал сахаба үйінен шығатын кезде әйелі оған:

"Аллаһтан қорық, арам табыс әкелме! Біз бұл дүниеде аштыққа сабыр ете аламыз. Бірақ қиямет күнінде тозақтың азабына сабыр ете алмаспыз!..", деп ескертетін».

(Абдулхамид Кәшк, фи риһәбит-тәфсир, I, 26)

5. Бұхари, азан, 36

Бір күні Пайғамбарымыз ﷺ Ансарлық бір кісіге:

«Сізден қызыңыздың қолын сұраймын», деді. Әлгі сахаби сүйіне:

«Әрине, о, Аллаһтың Елшісі! Бұл мен үшін үлкен бақыт емес пе?!», деп қуанды.

Аллаһтың Елшісі ﷺ :

«Оны өзіме емес, Жуәйлибке сұратайын деп едім», деді. (Жуәйлиб онша көрікті емес, қара торы сахаби болатын).

Әлгі ансарлық:

«Олай болса, қызымның анасымен кеңесейін!», деп рұқсат сұрады.

Әйелі әуел баста қуанып, бірақ Жуәйлибтің атын естігенде:

«Жуәйлиб дейсің бе, жоқ оған қызымды бере алмаймын», деді.

Бұл әңгімені естіп отырған қыздары:

— Сендерге мені кім құда түсіп сұрап жатыр?,— деп сұрады. Анасы жағдайды айтып бергенде қызы:

— Сіздер Расулұллаһтың өзі әзиз басын кішірейтіп сұрап отырғанда кері қайтармақсыңдар ма? Мені Расулұллаһтың қалауына жіберіңдер. Ол кісі мені ешуақытта зиянға итермейді,— деді.

Әкесі Расулұллаһтың жанына барып, қызының берген жауабын айтты. Пайғамбарымыз оның қызын Жуәйлибке қосты.

Біраз уақыт өткеннен соң Жуәйлиб бір соғыста шейіттік мәртебесімен өлім құшты. Аллаһтың Елшісі ﷺ ол жайлы:

— Жеті кәпірді өлтіріп барып, шейіт болыпты. Ол менен, мен оданмын,— деді. Сосын Жуәйлибтің денесін өз қолымен алып қабіріне орналастырды.

Расулұллаһ ﷺ Жуәйлибтің жұбайы жайында да:

«Уа, Раббым! Бұл әйелге қайыр мен берекеңді мол қыл, оның өмірін қиыншылықтардан азат ет!», деп дұға қылғандығы және сол дұғаның берекеті оның өмірінде айқын түрде көрініс тапқандығы айтылады».

(Ахмет, IV, 422, 425; Һәйсәми, IX, 367-368).

Мұндай жастарды Ардақты Пайғамбарымыз ерекше сүйетін. Сондықтан олардың барынша жетілуіне мүмкіндіктер жасап, рухани әрі материалдық тұрғыдан жолдарын ашуға тырысатын.

Исламның ғылымдыққа ұшырап, езгіден қабырғасы қайысқан халықтарға таң нұрының шуақтарындай жылдам тарауының негізгі себептерінің бірі сахабалардың барған жерлерінде кіршіксіз Ислами тұлғаны паш ете білуінде еді. Өйткені Аллаһтың Елшісінің хас шәкірттері болған ардақты сахабалар Аллаһтың құлдарына Жаратушының шапқан назарымен қарай алатын, жанашыр, шыншыл, әділ, көңіл әлемі бай, тәблиғ етуге асық болған ерекше жандар еді.

Абдұллаһ ибн Омардың V аузынан тыңдалық:

Бірде Аллаһтың Елшісімен бірге бір жорықта кетіп бара жатқанбыз. Мен өз әкем Омардың бір жас түйесін мініп бара жаттым. Оның тізгініне ие бола алмай, қайта-қайта керуеннің алдына шығып кете бердім. Әкем бұған кейіген сыңай танытып, түйені кідіртіп керуенге қосқан соң:

«Түйеңе ие бол! Аллаһтың Елшісінің алдына шықпа!» — деп ескерту жасады. Мұны байқаған Расулұллаһ r :

«Түйені маған сатасың ба, Омар?»,— деп сұрады. Әкем:

«Ол сіздікі болсын уа, Аллаһтың Елшісі!», — деп оны Пайғамбарымызға сатты. Пайғамбарымыз r маған бұрылып қарады да:

«Абдұллаһ, түйе енді сенікі, қалағаныңша міне бер!», — деді (Бұхари, Бұюғ, 47; hибе, 25/2).

Расулұллаһ r кейде өзі жақсы көрген жас сахабаның қолынан ертіп, оған бар ықыласымен насихатын айтатын. Бір күні Хазіреті **Мұғаздың** қолынан ұстап:

«Ей, Мұғаз, уаллаһи, сені қатты жақсы көремін!», — деді.

Мұғаз t :

«Әкем-шешем сізге пида болсын, о, Аллаһтың Елшісі, мен де сізді қатты жақсы көремін!», — деді.

Сосын Хазіреті Пайғамбар r оған былай деді:

«Ей, Мұғаз! Саған әр намаздың соңында "О, Аллаһ! Сені зікір ету, Саған шүкірлік ету мен көркем түрде құлшылық жасауыма жәрдем ет!", дұғасын еш тастамауыңды өсиет етемін» (Ахмет, V, 244-245; Әбу Дәуіт, уитр, 26; Нәсәи, сәһу, 60; Термези, Зүһд, 30).

Балаларыңды өздерің өмір сүретін шаққа емес, олар өмір сүретін заманға қарай тәрбиелеңдер».

(Хазіреті Әли)

Жастар Хазіреті Пайғамбарымыздың ﷺ жолдастары болатын

Пайғамбарымыз r түйемен жол жүрген кездерінде кейде жастарды өзіне мінгестіріп алатын әдеті бар еді. Үсама бин Зәйд, Мұғаз бин Жәбәл, Хазіреті Аббастың ұлдары Фадл,

Мұғаз Йеменге аттанып бара жатқанда Аллаһтың Елшісі ﷺ оған:

— Сенің алдыңа бір дау келген кезде немен үкім бересің?, деп сұрады. Мұғаз :

— Аллаһтың Кітабы бойынша үкім беремін,— деді. Пайғамбарымыз ﷺ:

— Егер Аллаһтың Кітабында іздегеніңді таба алмасаң, қалай үкім бересің?,— деп сұрады. Мұғаз :

— Расулұллаһтың ﷺ ол жайындағы сүннетіне жүгінемін,— деді. Пайғамбарымыз ﷺ:

— Ал егер Аллаһтың Елшісінің сүннетінен де таба алмасаң, не істейсің?,— деп сұрады. Мұғаз :

— Онда мен өз ижтиһадыммен ізденіп, үкімін шығаруға тырысамын,— деді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ қолын Мұғаздың көкірегіне тақап тұрып:

«Расулының елшісінің санасына Расулының разы болатын пікірін салған Аллаһқа хамд болсын!», деді (Ахмет, V, 230; Ибн Сағд, III, 584; Диарбакри, II, 142).

Құсам және Ұбайдұллаһ секілді бағы бар жастар Пайғамбарымызбен бірге бір түйені мінгесіп, ілім мен әдеп тәлімін алғандығы риуаят етіледі[6].

Тіпті, Меккенің алынуы секілді ұлы уақиғалар кезінде де Хазіреті Зейнептен туған немересі **Әли**ді өзіне мінгестіріп, қалаға сонымен бірге кірген болатын (Ибн Әсир, Усдул-ғабә, IV, 126).

Абдұллаһ бин Жағфар t мына керемет естелігін жеткізеді:

«Бір күні Ардақты Елші r мені өз жануарына мінгестіріп алды. Сол кезде Ол маған бір сыр айтты, мен ол сырды ешкімге айтпаймын!» (Мүслим, хайыз, 79).

*« (Исламға қызмет етуде барлығын) **озып кеткен мұһәжірлер мен әнсарлар және оларға көркем ілескендер** (бар ғой!) **Аллаһ оларға разы болды. Олар да Аллаһқа разы болды.** (Аллаһ) **оларға ішінде мәңгі тұратын, іргесінен тамаша бұлақтар ағып жатқан Жәннаттарды әзірледі. Міне, бұл — ең зор бақыт»** (Тәубе, 100).*

Пайғамбарымыз ﷺ жастарды бағалайтын

Расулұллаһ r сонымен бірге жастардың ой-пікірлерін де бағалайтын. Меккеліктердің Мәдинаға шабуыл жасау мақсатымен үлкен қол жинап келе жатқаны жайында хабар алған

6. Бұхари, тәфсир 3/15, ілім 49, жиһад 46; Мүслим, иман 48, 49; Ахмет I, 205; Хаким, III, 655/6411

Абдұллаһ бин Мәсғуд ﷺ Суффа шәкірті еді. Ол тікелей Пайғамбардың ﷺ тізесінде ілім алған бақытты құлдардың бірі болып, былай дейтін:

«Бізге Расулұллаһтың руханияты әсер ететіні соншалық, өңешімізден өтіп бара жатқан астың зікірін еститінбіз» (Бұхари, мәнақиб, 25).

кезде Мәдинада қалып, қорғаныс соғысын жасау дұрыс болар деген ойда болатын. Бірақ Бәдір шайқасына қатыса алмай қалған жас сахабилер үлкен тебіреніспен толқып, дұшпанмен бетпе-бет жүздесіп соғысқылары келді. Сондықтан Пайғамбарымыз Ұхуд маңында беттесуге келісті.

Аллаһтың Елшісіне үлкен махаббатпен байланған жастар өмірлеріндегі ең үлкен төңкерісті бастарынан өткізді. Исламнан бұрын еш болып жүрген олар иман шарапатына бөленген соң әрбірі бір-бір жұлдыздай жарқырап шықты. Уақытында ешқандай көңіл бөлінбеген қаншама жастар Пайғамбарымыздың арнайы тәлімі мен тәрбиесін көргеннен кейін күллі әлемге бағыт беретін ұлы тұлғаларға айналды. Құдды өлілерден тірілер, көмірден алмас тастар жасалып шығарылғандай.

Исламнан бұрынғы Омар өз қызын тірі күйінде топыраққа көмген, мейірімсіз, аяусыз табиғатты адам еді. Исламнан кейін дәл сол тәннің ішінде қалғанымен, көзінен жас тыйылмайтын, көңілі махаббат пен шапқатқа толы, жердегі құмырсқаны да басуға қимайтын Хазіреті Омар t болып шықты. Сол Омардан:

«**Тигр өзенінің бойында бір қозы жазым болса, соның себебімен Аллаһ мені есепке тарта ма деп қорқамын**»[7], дейтін, сөйтіп өзін терең есепке тартатын адам пайда болды. Түнделетіп ұн қабын арқалап, қажыған жандардың босағасынан табылатын болды.

Тағы бір мысал, **Абдұллаһ бин Масғуд**тай t асыл тұлға. Бұл сахаба Бәдірде жерге жығылған Әбу Жәһілдің үстіне шығып, кеудесіне отырған кезінде жан таласып тыпыршыған азғын мүшрік:

«Сен өзің үшін тым биік, асау төбеге шықтың, ей, бишара қой бақташысы!», деп төмендеткісі келген еді (Ибн Хишам, II, 277).

Яғни, ол бұрындары адамдар елеп те қарамайтын «жәй ғана қой бағатын адам» болатын. Һидаятқа қауышып, Расулұллаһтың тәрбиесінен өткен соң көңілі дариядай тасып, рухы асқақтап, тереңдей түсті. Бүгінгі таңда үлкен құқық ордасы саналатын атақты «Куфа» мектебінің оқушылары осы ұлы сахабаның шәкірттері. Бүгінде қандай ілім саласына қарасақ та, ең бас жақтарда оның есімі жүреді.

Абдұллаһ бин Жағфар ﷺ *мына керемет естелігін жеткізеді:*

«Бір күні Ардақты Елші ﷺ *мені өз жануарына мінгестіріп алды. Сол кезде Ол маған бір сыр айтты, мен ол сырды ешкімге айтпаймын!»* *(Мұслим, хайыз, 79).*

---

7. Ибн Әби Шәйбә, Мусаннаф, VIII, 153

Пайғамбарымыздың r бір хадисінде былай делінеді:

«*Сахабаларым (көктегі) жұлдыздар секілді. Олардың қай-қайсысына ілессеңдер де, тура жолды табасыңдар*» (Ибн Абдил-бәрр, жәмиғу баянил-ғилм, II 91).

Пайғамбарымыздың ﷺ бір хадисінде былай делінеді:

«Сахабаларым (көктегі) жұлдыздар секілді. Олардың қайқайсысына ілессеңдер де, тура жолды табасыңдар»

(Ибн Абдил-бәрр, жәмиғу баянил-ғилм, II 91).

Исламды құрлықтарға жеткізген жастар

Көңілдері иманның толқынысы мен тебіренісіне толы болған бұл жастар өз қиялдары мен арман-мақсаттарының төріне Аллаһтың ризалығын және Расулының махаббатын қойған болатын. Пайғамбарымыздың уағыз хаттарын тасымалдау шарапатына ие болу үшін бір-бірімен жарысқа түскен еді. Расулұллаһтың кішкене бір өтінішін орындау жолында олар ешқандай кедергіге қарамастан барлық нәрсені пида етуге даяр жандар еді. Шаршау мен жалығу деген нәрсені сезбей, асау-асау белдерді, ыстық мия шөлдерді асып өтті. Иманның шексіз қуатымен жігерленген олар жендеттердің арасын бұзып-жарып өтіп, патшалардың құзырына кіріп, Аллаһ Елшісінің хаттарын оқыған. Бұл киелі жауапкершілікті

кіршіксіз орындау үшін жандарын да қиюға даяр болатын.

Сол мүбәрак нәсіл өз өмірлерін Аллаһ пен Расулына арнаған-ды. Аллаһ жолына қызмет ету олар үшін көңілге ләззат сыйлайтын жан рахатына айналған болатын.

Иран Кисрасына жіберілген хатты Абдұллаһ бин Хұзафа t апарған еді. Кисра хатта Пайғамбарымыздың r есімі өзінің атынан бұрын жазылғанына ашуланып, қаһарына мініп, мүбәрак хаттың парша-паршасын шығарып жыртып тастады. Елшіге де ауыр сөздер айтты. Бұған қарамай Абдұллаһ t жас жігері мен қайратын алға салып, Кисра мен оның жендеттеріне үгіт-насихат айтып кетті. Бұған одан ары ашуланған Кисра Хазіреті Абдұллаһтың аулақ әкетілуін бұйырды. Абдұллаһ t жануарына қарғып мініп, Мәдина жолына түсті. Келе жатып, өз-өзіне былай деді:

«Уаллаһи, мен үшін екі жолдың (өлім немесе құтылудың) қайсысы болса да, қам жемеймін. Өйткені Расулұллаһтың хатын жеткізіп, міндетімді орындадым»[8].

Хазіреті Әли Исламды даналы оймен, түсіне отырып қабылдаған кезінде небәрі он жастағы бала еді.

8. Ахмет, I, 305; Ибн Сағд, I, 260, IV, 189; Ибн Кәсир, әл-бидәя, IV, 263-266; Суһәйли, VI, 589-590; Хамидуллаһ, әл-уәсаиқ, 140 б.

Алғашқы мұсылмандар

Хазіреті Омар (р.а.) айтады:

«Төрт нәрсе ешуақытта қайта айналып келмейді:

1. Айтылған сөз,

2. Атылған оқ,

3. Өткен өмір,

4. Жіберіп алған мүмкіншілік».

«Жастық шағын күліп-ойнаумен өткізген қартайғанда жылаумен өткізер күнін» (А. Фуат Башгил).

Бұл киелі дін жастардың көңіл байлығымен өркендеп, дамыды. Мұсылмандықты қабылдаған кездерінде сахабалардың көпшілігі әлі жиырма жасқа да толмаған жас жеткіншектер болатын. Жас болғандарына қарамай, олар дін жолында қаншама ауыр сынаққа төзді. Олардың құштарлана, сүйе, жандарын пида ете отырып көрсеткен қызметтерінің арқасында қаншама өлкелер һидаяттың бал дәмін татып, Ислам ахлағының нұрына қауышты.

Мысалы, Хазіреті **Әли** t Исламды даналы оймен, түсіне отырып қабылдаған кезінде небәрі он жастағы бала еді.

Пайғамбарымыздың c азаттық берген құлы **Зәйд бин Хариса** t иманға тілін келтіргенде он бес жаста болатын.

Пайғамбарымызды Таиф тастарынан қорғау үшін кеудесін қалқан қылып тосқан күндерінде әлі жас жігіт еді. Ал бүгінгі 15 жастағылар қандай қиялдардың соңынан қуалап жүр десеңізші?!

Хазіреті Омардың ұлы Абдұллаһ t Исламның шарапатына енген кезінде 10 жаста болатын. 13 жас шамасында болған кезінде Ұхуд соғысына қатысуға сұранғанымен тым жас болғандықтан Аллаһтың Елшісі r рұқсатын бермей қояды. Кейінгі жылдары ол хадис ғалымдарының тізбегін бастап, ең көп хадис риуаят еткен екі сахабаның біреуі болу абыройына ие болды. Бүгінде мұндай жастағы жастардың пікір дүниесі апыр-ай қандай дережеде?

Абдұллаһ бин Зүбәйр v жеті немесе сегіз жасқа толғанда әкесі оны Пайғамбарымызға r қол беруге жіберді. Расулұллаһ r Абдұллаһты көрген кезінде оған қарап күлімсіреді де, одан байғатын алды.

Абдұллаһ бин Хишам t (алты жастарында) — Пайғамбарымыздың көзін көрген сахаби. Анасы Зейнеп бинт Хұмәйд оны (Меккенің алынуында) Расулұллаһқа r апарып:

Ибн Аббас ***былай дейді:***

«Бүкіл әдептердің басы — кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мұқият болып, тыйым салғандарынан сақтануда».

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Ұлымнан мұсылман болғандығын қабылдап, байғат ал!», — деді. Пайғамбарымыз r :

«*Ол әлі кішкентай!*», — деді де, басынан сипап, Абдұллаһқа дұға етті.

Абдұллаһ бин Хишам t алдағы жылдарда базарға барып азық-түлік сатып алып жүрген жерінен оны Ибн Омар мен Ибн Зүбәйрлар көріп қалып, дереу жанына баратын. Олар:

Пайғамбарымыздың азаттық берген құлы Зәйд бин Хариса иманға тілін келтіргенде он бес жаста болатын.

«Бізді де мына тауарыңа ортақ қылшы. Өйткені Аллаһтың Елшісі r саған берекет дұғасын жасаған еді», — дейтін.

Абдұллаһ оларды өзіне ортақ ететін. Кейде ол бір түйе әрең көтеретін олжамен үйіне оралатын (Бұхари, шир-кәт, 13).

Жағфар бин Әби Тәліб t Мутә соғысында шейіттік құшқан кезінде отыз үш жаста еді. Демек, Хабешістанға һижрат кезінде Нәжешидің алдына шығып мұсылмандар атынан шешендікпен, ерлікпен сөз сөйлейтін кезінде бар болғаны 17 жастағы жас жігіт болғаны.

Абдұллаһ бин Мәсғуд және **Зүбәйір бин Аууам** V он алты жастарында мұсылман болған кісілер. **Аблдұррахман бин Ауф** пен **Сағд бин Әби Уаққас** V болса 17 жастарында иман дәмін татқан еді. Былайша айтқанда олар бүгіннің мектеп жасындағы балалар болатын. Бірақ олар өз өмірлері мен ақыреті үшін өте маңызды қарар қабылдап, сол сенімдерінің жолында түрлі ауыртпалықтарды ержүректікпен көтеріп өтті.

Ең өмірлік маңызды шешімдер жастық шақта қабылданады. Өйткені, үлкендермен салыстырғанда жастардың өзгерістер мен дамуға жүректері де, көңілдері де ашық болады. Исламның алғашқы жылдарында жастар Аллаһ Елшісінің соңынан ере отырып, Ислам жолында түрлі зұлымдықпен бетпе-бет келіп, қарсы тұрды. Бұған керісінше, Әбу Ләһәб, Әбу Жәһіл, Ұмәйя бин Халеф, Уәлид бин Муғира және Ас бин Уайыл секілді жүректері қара зынданға айналған, пікірлері тас болып қатып қалған қырсық шалдар Исламға бар пәрменімен қарсы болды.

Соңғы уақыттарда анықталған мәліметтер де осы ақиқатты қуаттайды. Ол анықтамалар бойынша жастар қарттарға қарағанда дінге көбірек бет бұрып, Аллаһқа, ақырет күні мен қайта тірілуге қызыға мән беріп, жүрек тебіренісімен тақуалыққа бет алып жатыр.

Аллаһтың достары былай дейді:

«Ғибадат адамды Жәннатқа апарады, ал ғибадаттағы әдеп пен тағзым Аллаһқа апарады, Хаққа жақындатады».

«Ақылым жүрегіме жүгініп: "Иман деген не?",— деп сұрады. Ал жүрегім ақылымның құлағына сыбырлап: "Иман әдептен тұрады", деді».

(Хазіреті Мәуләнә)

Бүгін Еуропада да жастар Исламды оңайырақ қабылдап жатқанда, ол жақтың кәрілері шындықты мойындауға көбірек қиналуда.

Меккенің ең бақуатты отбасынан шыққан және көрікті жастарының бірі **Мұсғаб бин Үмәйір** мұсылман болып, отбасы тарапынан қамауға тасталған кезде небәрі он сегіз жаста болатын. Сол Мұсғаб көп ұзамай, һижраттан бұрын Мәдинаға жол тартып, ол жерді Құранмен, парасатты да жұмсақ майдай тілімен баурап алды. Бүгінде он сегіз жасар жастар осындай маңызды таңдау жасап, үлкен жауапкершілікті атқара алып жүр ме?

Аллаһтың Елшісінің күйеу баласы **Осман бин Аффан**, өзінің тақуалық өмірімен Пайғамбарымыздың *«бұл үмметтің сенімді жігіті»* деген ілтипатына лайық болған **Әбу Ұбәйда бин Жаррах** және өз әділдігімен ғасырларды нұрға бөлеген Хазіреті **Омар** у иман келтірген кездерінде 25 пен 31 жас аралығындағы жастар еді.

Ең көп хадис риуаят еткен сахабаның бірі **Жәбир бин Абдұллаһ** t екінші Ақаба байғатына қатысқан кезінде он бес жаста болатын.

Пайғамбарымызға қызмет еткен **Әнәс** бин Мәлік t былай дейді:

«Аллаһтың Елшісі r Мәдинаға келген кезде сахабаларының арасында Әбу Бәкірден өзге шашы мен сақалында ақ болған ешкім жоқ еді. Хазіреті Әбу Бәкір де шашы мен сақалын қына және басқа өсімдік майымен бояп алған еді» (Бұхари, мәнақибул-ансар 45).

«Ардақты Пайғамбар r Мәдинаға келді. Сол кезде Әбу Бәкір һижрат етіп келгендердің арасындағы ең кәрісі еді...» (Бұхари, мәнақибул-ансар 45).

Мәдинада Исламға және һижрат етіп келген мұсылмандарға қанат тосып көмектескендер де жастар болатын. Мәдинаның пасық беделділерінің бірі Әбу Амир Исламға теріс айналған уақытта ұлы **Ханзала** мұсылман болып, Ұхудта жанын берген ер еді. Мұнәфиқтардың басшысы Абдұллаһ бин Үбәйдің ұлы **Абдұллаһ** ықыласты мұсылмандар қатарында еді. **Әсғад бин Зүрара, Үқба бин Амир** және **Ауф бин Харис** дегендер де Исламға көп еңбек сіңірген жас мұсылмандар болатын.

Расулұллаһ r Мәдинаға һижрат еткен кезінде **Зәйд бин Сәбит** t 11 жастағы жетім екен. Өзі былай әңгімелейді:

Хадисте былай делінеді:

«Мұмин адам соңында баратын жері Жәннат болғанға дейін қандай да қайырымдылық істі істеуден жалықпайды»

(Термези, ілім, 19/2686).

«Расулұллаһ r Мәдинаға келгенде, мені Ол кісінің алдына алып барды. Расулұллаһ r менің бетімнен сүйіп, мені ұнатты. Сол жердегілер:

"Уа, Расулаллаһ! Бұл Нажжарұлдары әулетінің жас жігіті. Аллаһтың Саған түсірген сүрелерінен он жетісін жатқа біледі", — десті. Бұл Пайғамбарымызды қатты қуандырды...» (Ахмет, V, 186).

Зәйд t бірде:

«Бәдір соғысына мен де қатысқым келеді», — деп Пайғамбарымыздың алдынан өтті. Бірақ Аллаһ Расулы r 13 жастағы бұл балапанның соғысқа қатысуына көңілі разы бола алмады.

Ислам ғұламалары мен ең көп хадис риуаят еткен сахабалардың тағы бірі **Абдұллаһ бин Аббас** V Пайғамбарымыз қайтыс болғанда 13 жаста болатын.

Жастайынан мұсылман болып, Ислам аспанынан жұлдыздарға айналған сахабалар, әлбетте, біз санап шыққандардан ғана тұрмайды. Бұлардан басқа да көптеген жас

Әбу Һурайра* *айтады:

(Сахабалар арасында мына ақиқатты) ***еститінбіз: Қиямет күнінде бір кісінің жағасына еш танымайтын біреу келіп жармасады: Әлгі адам таң болып:***

«Менен не сұрайсың? Мен сені танымаймын!», дейді. Жағасына жабысқан адам болса:

«Дүниеде мені қателіктер мен күнәлардың ішінде жүргенімді көрсең де, ескертпейтін, мені ол жамандықтардан тыймайтынсың!», деп онымен дауласады.

(Мүнзири, әт-тәрғиб уәттәрһиб III, 164/3506; Рудани, жәмиғул-фәуәид V, 384).

қаһармандар бар. Әсіресе, алғашқы мұсылмандардың қатарында жас қыздардың да болуы назар аударарлық жәйт. Хазіреті Расулұллаһтың r қыздары **Рұқия, Үмму Гүлсүм** және **Фатимадан** өзге Хазіреті Омардың қарындасы **Фатима**, Хазіреті Әбу Бәкірдің қыздары **Әсма** мен **Айша, Нәһдия апай** мен қызын және де һижрат кезінде Пайғамбарымыздың әуелеген әндерімен қарсы алған Нәжжарұлдары қыздарын мысалға келтіруге болады.

Пайғамбарымыз r бөлмесінде жан тапсырған кезінде Хазіреті **Айша** әлі жас бойжеткен қыз еді. Бұған қарамай ол кісі ең көп хадис риуаят еткен және ғалымдар әрқашан ой-пікіріне жүгенген дана әйелдердің бірі болып қалды.

Бұл дүниеден кеткендер мейлі құл, мейлі падишах болсын, ол жердегі барлық байлық-қазыналары не апарса, сол болады. Ол жер бидай сабынынан ажыратылатын, қаншама мақрұмдар қазыналарына қауышып, қаншама ғапыл байлар мәңгілік пақырлыққа және махшар қайыршысына айналатын жер. Ол жерде тек Хаққа берілген құлдардың пейілдері мен таза жүректерінің ғана құны болады.

Пайғамбарымыздың жастарға артқан міндеттері

Хазіреті Пайғамбар r Исламның жайылуы мен үйретілуін жастарға міндет қылып артқан. Өйткені Хақ Тағаланың адамға берген жастық дәуірі осындай маңызды қызметтің жолында өтуі

үлкен байлық болады. Адамның жас күнінде күш-жігері мол болатыны анық. Өз міндетін атқарған уақытында қажет болатын күш-қуат, батылдық сияқты қасиеттер жастық шақта мығым болады.

Мысалы, Хазіреті **Әлиді** t алып көрелік:

Пайғамбарымыздың мүбәрак жанына қастық қылмақ болған мүшріктер қиянат жоспарын құрған болатын.

Аллаһтың Елшісі r үйінде тынығып жатқан уақытында сегіз-он жауыз жиналып келіп, Оның үйіне шабуылдап, мүбәрак жанын аламыз деп ойлаған еді. Сол түні Аллаһ Елшісінің төсегіне жатып, тәніне қадалуға тиіс найзаларға нысана болуға өз еркімен келісім беру тек Аллаһ пен Расулына махаббатпен өмірін сүрген мүмин ер жігіттің ғана қолынан келетін іс еді. Міне, Хазіреті Әли t Ислам тарихының өрбуінде маңызды рөл ойнаған сол түнде жанын қиып, ұмытылмас ерлік жасаған болатын.

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу, оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс...

Исламның зұлымдыққа ұшырап, езгіден қабырғасы қайысқан халықтарға таң нұрының шуақтарындай жылдам тарауының негізгі себептерінің бірі — сахабалардың барған жерлерінде кіршіксіз Ислами тұлғаны паш ете білуінде еді. Өйткені Аллаһтың Елшісінің r хас шәкірттері болған ардақты сахабалар Аллаһтың құлдарына Жаратушының шапқат назарымен қарай алатын, жанашыр, шыншыл, әділ, көңілі бай, дінді жеткізуге асық болған ерекше жандар болатын.

Аллаһтың Елшісінің r өзі көзі тірісінде-ақ **Хазіреті Әли, Абдұррахман бин Ауф, Абдұллаһ бин Мәсғуд, Зәйд бин Сәбит** сынды жас сахабаларға пәтуә беру құзіреті берілген болатын. Уахи жазушылары да көбіне жастардан сайланған еді. Исламға шақыру хаттарын жастарға жаздырып, солар арқылы таратқан болатын.

Ардақты сахабалар бір күні: «Біздер бірге отырып, бірге тұруға ең қайырлы адамдар кім?», деп сұрағанда Расулұллаһ ﷺ:

«Оны көрген кездеріңде өз күйімен сендерге Аллаһты естеріңе салатын, сөйлеген кезінде ілімдеріңді арттыратын және жасаған амалдарымен сендерді ахіретке бағыттайтын адам», деді

(Һәйсәми X, 226).

Аллаһ жолында жиһадтың мақсаты — тек қылыш соғысы ғана емес. Қылыш тек зұлымдыққа тосқауыл болып, хақты жаю үшін қолданылатын темір ғана. Нағыз жиһад жүректерді баурап алу.

Мысалы, Хазіреті Расулұллаһтың r келісімшарттарын ылғи Хазіреті **Әли** қағазға түсіретін. Ол, сондай-ақ, жеке тұлғаларға қатысты үкімдер мен мүлік жайында қарарларды да қағазға түсірумен жауаптандырылған еді[9].

Аллаһтың Елшісі r он бес жасқа әлі толмаған **Зәйд бин Сәбит**ке Сүряни мен Ибрани тілдері секілді сол кездерде стратегиялық өте маңызды шет тілдерін үйренуді бұйырған болатын.

Зәйд бин Сәбит t былай еске алады:

«Расулұллаһ r маған:

«*Зәйд, менің өтінішім бар, яһудилердің жазу тілін үйреніп кел. Уаллаһи, мен яһудилердің жазғандарына сенім арта алмаймын*», — деді.

9. Ибн Сағд, I, 267, 268, 272, 274, 285; Ибн Абдил-бәрр, Истиғаб, I, 69; Ибн Әсир, усдул-ғаба, I, 62

Он бес күн өтпей жатып, олардың жазуларын үйреніп алдым. Бұдан былай яһудилер Пайғамбарымызға хат жазған кезде оны мен оқып беріп жүрдім. Расулұллаһ r ол хаттарға жауап жаздырғысы келгенде де Оның атынан мен жазатын едім[10]».

Пайғамбарымыз r 25 жасар жігіт **Мұсғаб бин Үмәйір**ді Мәдинаға мұғалім етіп жіберген-ді. 21 жасар **Мұғаз бин Жәбәл**ді Йеменге төреші һәм мұғалім тағайындап, аттандырған болатын.

Расулұллаһ r Меккені алған кезінде 20 жасар **Аттаб бин Әсид**ті сол жерге әкім етіп тағайындаған.

Тағы бір айтарлық жәйт көптеген соғыстарда Пайғамбарымыз r байрақты өз қолымен жастарға табыстаған екен. Мұндай жағдайлар жиі болған. Мысалы, Тәбук жорығында Нәжжар руының байрағын Құранды өзгелерден жақсы білгені үшін **Зәйд бин Сәбит**ке берген. Хазіреті **Әли** t Бәдір соғысында байрақ көтерген шағында жиырманың о жақ, бұ жағындағы жігіт еді.

Шейх Сағди қызметті нығмет деп білу керектігін қандай майда тілмен жеткізеді:

«Сені қайырымдылық жасауға бағыттағаны үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ет! Өйткені Аллаһ сені өз кеңшілігімен бос отырғызбады. Падишаға қызмет еткен адам қызметін оған міндет ете алмайды. Керісінше, сені қызметіне алғаны үшін сен оған қарыздарсың!».

10. Ахмет, V, 186. Қрңз: Бұхари, ахкам 40; Әбу Дәуіт, ілім, 3/3645; Термези, истизән, 22/2715

Жас мұсылманның Хақ құзырында адалға жатпайтын хоббимен айналысуы, әрине, ақылға сыймайды. Сонымен қатар мубах болғанымен адамға пайдасы да, зияны да жоқ хоббиге уақыт кетіру де бір жағынан уақыт ысырабы болады. Сондықтан да мұсылманның хоббилері әрдайым шариғатқа сай және пайдалы істер болуы керек.

Хайбардың алынуы күнінде Хазіреті Әли t ең маңызды жауапкершілікті алған болатын. Қамалды қоршау барысында мұсылмандар біраз қиналып, шабуылдары сәтсіз болып шегінуге тура келді. Сахабалар қалжыраған сол күн кеш батуға таяған уақытта Аллаһтың Елшісі r былай деді:

«Ертең байрағымды сондай адамдардың біріне ұстатамын. Оның қолымен Аллаһ Хайбардың алынуын нәсіп етеді. Ол Аллаһты және Расулын жақсы көреді, Аллаһ және Расулы да оны жақсы көреді!».

Сол жердегі мұсылмандар байрақ кімге берілер екен деп түнімен толғанып шықты. Таң атқан кезде Аллаһтың және Расулының махаббаты бұйыра ма деген үмітпен жарыса бәрі түгел Пайғамбардың босағасында жиылды. Расулұллаһ r Хазіреті Әлиді шақырды да оған сауыт кигізіп, байрақты қолына беріп:

«Ей, Әли! Кәнеки, алға! Аллаһ Тағала осы жерді алуды нәсіп еткенше, оңға-солға қарама!», — деді.

Хазіреті Әли t кідірмей әрекетке көшіп, соның қолымен Хайбар қамалы алынды (Бұхари, асхабун-нәби, 9; Мүслим, фадаилус-сахаба, 32-34; Һәйсәми, VI, 151).

Мінеки, Расулұллаһ r жас сахабаларын осылай ең көркем тәрбиемен тәрбиелеп, оларға ерекше көңіл бөліп, Исламның тағдырын белгілейтін жауапкершіліктерді артудан тайсалмаған. Олар да өздеріне сеніп тапсырылған тапсырманы үлкен иман күшінің толқуымен орындап, Исламның дағуатын құрлықтан құрлыққа жеткізіп отырды.

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Сондай бір заман туады, ол кезде мына үш нәрседен бағалы ештеңе қалмайды: Адал ақша, шын көңілден жолдас болатын бауыр және амал ететін сүннет»

(Һәйсәми, I, 172).

Құран Кәрімде
Жастар

Құран Кәрімде жастар

Құран Кәрімде иманды жастарға үлгі болсын деген мақсатта тарихта із қалдырған ізгі жас тұлғалардың өмір-лерінен мысалдар келтіріледі. Олардың иман жолындағы күреске толы хикая-лары, қиындықтарға көрсеткен табан-дылықтары мен сабырлары қияметке дейін өмір есігін ашатын нәсілдерге өне-ге боларлық.

Әрбірі адамзаттың адамгершілік аспа-нында жұлдыздай шегеленген сол жас-тардың тізімін бастайтын, әрине, Ибраһим U .

Хазіреті Ибраһим U

Хазіреті Ибраһим U Аллаһ-қа достықтың сырын ашқан жастардың бірі болатын. Ол Аллаһтың өзіне берген даналы-ғын қолдана отырып, ақылын ең көркем түрде пайдаланып,

Ибраһимнің عليه السلام дұғасы:

«Раббым маған даналық беріп, мені игілерге қоса көр! Мені кейінгі нәсілдердің тілінде де шынайы үлгі қыла көр! Мені, нығметті Жәннаттың мұрагерлерінен қыл! Әкемді жарылқа! Өйткені ол, адасушылардан. Қабырдан тұратын күні мені мұңайтпа! Ол күні, мал да, балалар да пайда бермейді. Тек кім Аллаһқа таза жүрекпен келсе, сол ғана пайда береді» *(Шұара, 83-89).*

Аллаһтың бар екеніне және жалғыз екеніне өзінің терең ойымен сенген еді.

Хазіреті Ибраһимнің u ғаламдағы әсемдіктер туралы ой жүгіртіп, Раббысын іздеп табуы Құран Кәрімде былай баяндалады:

«(Ибраһим) **түн қараңғылығы түскенде бір жұлдызды көріп:** (Атасының және қауымының пұттарға, жұлдыздарға, ай мен күнге табынуы себепті олардың айтқандарына қарап) **“Мынау** (ма екен)**, менің Раббым?!” деді. Жұлдыз өшкенде: “Мен осылай өшетін нәрсені** (тәңір деп) **ұнатпаймын” деді. Ол айдың туғанын көріп: “**(Әлде) **менің Раббым осы** (ма)**?!” деді. Ол батқанда: “**(оны да ұнатпай, өзгелердің ақиқатқа қол жеткізулерін көздеп, өзі сенген ұлық жаратушысын нұсқап) **Раббым мені тура жолға салмағанда, ант етемін, мен де адасқандар қатарында болады екенмін” деді.** (Ақыры) **күннің шығып келе жатқанын көргенде: “**(Демек, сендердің айтуларыңша,) **менің Раббым осы** (болуға тиіс)**. Өйткені, бұл бәрінен де үлкен екен” деді. Ол да батып кеткенде: “Ей, жұртым!** (көрдіңдер ғой,

Аллаһ Тағала Ибраһимге* عليه السلام *былай уахи түсірді:

«Расында, сен Менің досымсың, ал Мен сенің досыңмын. Байқа, жүрегіне Мен үңілген кезде оның Менен басқамен болғанын көрмейін. Әйтпесе, Маған сезінген сүйіспеншілігіңді үземін. Өйткені Мен өз сүйіспеншілігіме сондай жандарды таңдаймын, оларды отқа жақсам дағы жүрегі Менен басқаға ілтипат етпейді, Менен басқаға көңілі де ауымайды. Ол Маған осылай қараса, Мен оның жүрегіне махаббатымды орнықтырамын. Оған рақымым мен сыйларым жалғасады, тіпті, оны өзіме жақындатып аламын».

бұлардың барлығы фәни әрі жаратылған). **Мен шынында сендердің** (Аллаһқа) **серік қып қосқан нәрселеріңнен аулақпын". "Расында, мен жүзімді ханиф** (Аллаһты бірлеуші) **ретінде күллі аспан мен жердің жаратушысына толық қараттым. Мен серік қосушылардан емеспін"»** (Әнъам сүресі, 76-79-аяттар).

Бұл зерек те ақылды жас жігіт Раббысын іздеп тапқан соң Оның жолында үлкен тәухид күресіне бастап кетті. Күпір мен шірктің сазына батып қалған адамдарды құтқару үшін бар жігерімен қолынан келгенінше тырысып бақты.

Хазіреті Ибраһим u өзін тыңдамай қойған халқының мүшкіл халіне қатты қам жеді. Олар табынған тас пен тақтайдан жасалған пұттардың қауқарсыздығын дәлелдеу үшін бір керемет жоспар құрды. Қолына бір балтаны алып, пұтханаға барды да, пұттардың бәрін жайратып салды. Тек біреуін, ең үлкенін ғана қалдырды да, балтаны соның мойнына асты. Кешқұрым Келдани тайпасы сауық-сайраннан қалаға қайта оралған кезде пұтханадағы ойранды көріп, жағаларын ұстады. Олар болжам жасап:

«Олай болса, сендер Аллаһты қойып, өздеріңе ешбір пайда, зиян келтіре алмайтын нәрсеге табынасыңдар ма? Сендерге де Аллаһты қойып, табынғандарыңа да жол болсын. Әлі де түсінбейсіңдер ме?», — деді»

(Әнбия, 66-67).

«"Аты Ибраһим деген бір жігіттің осыларды сөз қып жүргенін естідік", — десті» (Әнбия сүресі, 60-аят).

Дереу Хазіреті Ибраһимді тауып әкеп сұрақтың астына алады:

— Мына істі сен істедің бе?

— Жоқ, мына үлкен пұт істеген шығар. Егер сөйлей алатын болса, өзінен сұрап көрмейсіңдер ме?

Пұтшыл халық өздерінің істеп жүргендерінің қаншалықты ақылға қонымды не қонымсыз екендігін бір сәт терең ойланып көрді. Әйтсе де, қырсықтықпен айтқандарынан қайтпай:

— Сен пұттардың сөйлей алмайтынын жақсы білесің! — деді.

«"Олай болса, сендер Аллаһты қойып, өздеріңе еш пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрсеге табынасыңдар ма? Сендерге де Аллаһты қойып, табынғандарыңа да жол болсын. Әлі де түсінбейсіңдер ме?"— деді» (Әнбия сүресі, 66-67-аяттар).

Пұтшыл халық ақиқатты ішкі жан дүниелері түсініп тұрса да, қырсықтықтың

Расулуллаһқа ﷺ бір адам келіп: «Ей хайрул-барийя: О жаратылғандардың ең қайырлысы!», деп мақтау айтты.

Пайғамбарымыз ﷺ дереу сөзін бөліп:

«Мынау айтқаның Ибраһимнің сипаты ғой!», деді

(Муслим, фәдаил, 150)

жетегімен жүріп, Хазіреті Ибраһимді отқа лақтырып өртеуге шешім қабылдайды. Бірақ Жаратқан сол отты жас Ибраһим құлына гүлстанға айналдырып жіберді.

Аллаһ Тағала Хазіреті Ибраһимге шексіз разы болып оған:

«**Сөзіне берік ер Ибраһим!**[11]» деп мақтау айтқан. Тағы да Жаратушы Ие оны:

«Раббысы оған: "Бас и!", деген кезде ол дереу "әлемдердің Раббысына бас идім", — деді[12]» аятымен Аллаһқа бас июдің үлгісі ретінде адамзатқа таныстырады.

Расулұллаһқа r бір адам келіп: «Ей, Хайрул-барийя: О жаратылғандардың ең қайырлысы!», — деп мақтау айтты.

Пайғамбарымыз r дереу сөзін бөліп:

«Мынау айтқаның Ибраһимнің u *сипаты ғой!»*, — деді. (Мүслим, фәдаил, 150)

11. Нәжм, 37
12. Бақара, 131

Жанды Жанан талап қылған екен, бермеуге болмайды,
Не үшін тартысамыз, ол не сенікі не менікі...
Фұзули

«Әй, адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және ешбір әке баласы атынан бодау төлемейтін, сондай-ақ ешбір бала да әкесі атынан төлем бермейтін күннен қорқыңдар. Күдіксіз, Аллаһтың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ Шайтан Аллаһтың кешірімімен сендерді алдамасын».

(Лұқман, 33)

Ибраһим u жас жігіт болғанымен, өте ақылды әрі шешен сөйлейтін. Хақ Тағала оның Нәмрудтай залым патшаны парасаттылықпен көсем тілімен жеңуін былай баян етеді:

«Аллаһ өзіне патшалық бергені үшін (құтырып,) **Раббы туралы Ибраһиммен айтысқан адамды** (Нәмрутты) **көрмедің бе?** (Сол кезде) **Ибраһим оған: "Менің Раббым әрі тірілтеді, әрі өлтіреді" — дегенде, ол: "Мен де тірілтіп, өлтіре аламын" — деді. Ибраһим: "Аллаһ, расында, күнді шығыстан шығарады, ал сен оны батыстан шығарып көрші!" — дегенде, әлгі кәпір аузын аша алмай қалған еді. Аллаһ залым қауымды тура жолға салмайды»** (Бақара сүресі, 258-аят).

Ибраһим u ерекше жаратылған адам еді. Бала күнінен ол тәуһидті іздеп, ақиқатты табу үшін тәфәккурге беріліп, пікір әлеміне терең ой жүгіртетін. Сосын іздеп тапқан сол иман ақиқатының жолында көп нәрсесін пида етіп, парасатты ақылымен де, білімімен де Аллаһ жолында күрес жүргізген адам болды.

Осылай ол жастарға ақыл, пікір, батылдық және бір сенім жолында күресу кезінде жігерін, күш-қайраттарын қалай қолдану керектігіне көркем мысал болып қалды.

Хаққа құрбан болған жас – Хазіреті Исмаил ﷺ

Ибраһим ﷺ ұрпақсыздық қасіретінен егіліп, егер өзіне бір ұл берсе, оны Раббысына құрбан ететіндігіне уәде береді. Күн туып, Раббысы одан берген уәдесін орындауын қалады[13]. Сонда Хазіреті Ибраһим мен жанұясы жарыса бірінен-бірі асқан жанкештілік көрсетті. Олардың әрбірі тәуекелшілік, Аллаһқа разы болу, тәсілім болу, сөзге беріктік және сабырдың жоғарғы шыңын паш етті.

Хазіреті Ибраһим Раббысынан келген бұйрық бойынша, Хажар анаға ұлы Исамилды жуындырып, хош иіссу себуін бұйырып, оны жақын бір досына апаратынын айтты. Хазіреті Исамилға бір пышақ, жіп ала жүруін ескертіп:

«Аллаһ мүминдерден малдары мен жандарын оларға Жәннат уәдесімен сатып алды» *(Тәубе, 111).*

13. Рази, XXVI, 133; Табари, I, 272-273; Ибн Әсир, әл-кәмил, I, 111

«Балам, Аллаһ разылығы үшін құрбан кесуге барамын!», — деді.

Қазіргі Арафат тауындағы қажылар тұрақтайтын жерде жүріп келе жатты. Сол кез шайтан адам бейнесінде Хажар анамызға көрініп:

«Ибраһим балаңды қайда алып бара жатқанын білемісің?», — деді. Ол кісі:

«Досына апарады», — деп жауап берді. Шайтан:

«Жоқ, ол оны бауыздауға апара жатыр!», — деді. Хажар анамыз:

«Ол ұлын қатты жақсы көреді!», — деп жауап берді. Шайтан қоймай:

«Аллаһ бұйырғаны үшін құрбандыққа шалады-мыс!» — дегенде Хажар анамыз:

«**Егер Аллаһ** U **бұйырған болса, бұл жақсы болғаны, біз тек тәуекел етерміз**!», — деді.

Шайтан Хажар анамызды азғыра алмаған соң Хазіреті Исмаилға барып:

Мұсылман адам өз қасиеттері мен қылықтары тұрғысынан «ахсан, әжмәл және әкмәл» сатысына жетуі керек.

Ахсан — әр ісі ең көркем түрде болып, үнемі айналасына жақсылық таратып жүруі керек.

Әжмәл — басқаның көңіліне рахат пен тыныштық сыйлайтын нәзік, жұмсақ жүректі болуы керек.

Әкмәл — барлық жағынан кемелдікке жеткен, жетілген болуы керек.

Мұндай мүминдердің әр ісі мен қалдырған ізі Исламның әсемдігін, керемет бет-бейнесін шағылыстырып тұрған болады.

«Әкең сені қайда алып бара жатқанын білемісің?», — деді. Ол:

«Досына апарады», деп жауап берді. Шайтан:

«Жоқ, ол бауыздауға апара жатыр. Аллаһ солай бұйырыпты-мыс!»,— деді. Хазіреті Исмаил u :

«Егер Аллаһ U бұйырған болса, қуана-қуана орындаймыз!», — деді де, таспен шайтанды қуалап жіберді.

Шайтан Хазіреті Исмаилді де алдай алмады. Бұл жолы ол Хазіреті Ибраһимді жағалады:

«Ей, кәрі шал! Ұлыңды қайда апара жатырсың? Шайтан сені түсіңде алдаған ғой, ол түсің шайтаннан!», — деді. Ибраһим u :

«Шайтан сенсің, тез арада бізден аулақ кет!», — деді де оны таспен қуалады. Мінеки, қажылықта қияметке дейін дәстүрлі рәсім болып қалған шайтанды таспен ату осылай басталған болатын. Бұл уақиға олардың тәуекелшілдігін, махаббаты мен Аллаһқа шын берілгендіктерінің нышаны болып үмметке өнеге болып жалғасты.



«Зинаның маңына жуымаңдар! Өйткені ол — ашық ұятсыздық және тым жаман жүріс жолы» (Исра, 32).

Жардың шетінде ойнақтаған адам құрдымға құлаудан құтыла алмас. Зина да сол секілді қоғамға, жанұя өміріне және ұрпаққа шашылған у...

Сөйтті де, Хазіреті Ибраһим ұлы Исмаилға істің ақиқатын түсіндіріп айтты:

«Балам, түсімде сені құрбандыққа шалу жөнінде әмір алдым», — деді. Исмаил u :

«Әкетай, мұны сізге Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Ибраһим u «Иә», деп жауап берді. Сонда Исмаил u :

«Әкетай, сіз өзіңізге бұйырылған істі орындаңыз. Иншааллаһ менің қалай сабырлылық танытатынымды көресіз!», — деді. Осылай өз жанын пида етуге дайын екенін білдірді. Әкесін біраз жеңілдеткен осы сөздерден кейін тағы:

«Әкешім! Нәмруд сізді отқа тастаған кезде сабыр еттіңіз. Аллаһ u сізге разы болды. Мен де құрбан етілуге даярмын. Иншааллаһ менің сабырымды көресіз. Сізден ажырасам да, Раббыма қаушамын, дүние нығметтерінен ажырасам да, Жәннатпен қауышамын, солай емес пе?», — деді.

Сол кезде Исмаил u он үш жаста болатын[14].

Парасатты мұмин қандай жағдайға түспесін ешуақытта үмітсіздікке малынбай, әрқашан да дін жолында бір қызметтің жолын тауып алады. Өйткені шарасыздардың шарасы Аллаһ Тағаланың өзі.

14. Қрнз.: Хаким, Мүстәдрак, II, 605-606/4040; Табари, тарих, I, 263-278

«Шынында, Аллаһ мүминдердің малдары мен жандарын Жәннатқа айырбастап алды» (Тәубе сүресі, 111-аят).

Исамил u одан кейін:

«**Әкешім! Махаббаттың бір шарты — бұйрықты кешіктірмеуіңіз. Қане, бұйрылған ісіңізді орындаңыз!**», — деп өз әкесіне демеу берді.

Ибраһим u қолындағы пышақты ұлының тамағына тақаған кезде пышақ кеспей қойды. Аллаһ Тағала:

«**Ей, Ибраһим! Түсіңді расқа шығардың. Біз ізгілік істеушілерді осылай сыйға бөлейміз. Расында, бұл ап-анық сынақ еді**», — деп дауыстады да, Хазіреті Исмаилдың орнына үлкен құрбандық мал жіберді (Қрнз.: Саффат сүресі, 104-107-аяттар)[15].

Міне ки, 13 жасар жас баланың Раббысына бас июі мен әкесіне шексіз құрметі...

15. Табари, тарих, I, 275; Ибн Әсир, әл-кәмил, I, 112; Хаким, Мүстәдрак, II, 606/4040


Шайтанға тас ату жері, Мина

Қызыр (عليه السلام) Мұсаға (عليه السلام) таңғажайып, ішкі мазмұны беймәлім уақиғалар көрсеткен саяхаты кезінде бір торғай құс келіп олар мінген кеменің бір тұмсығына қонады. Сосын теңізден тұмсығымен су алып ұшып кетті. Қызыр (عليه السلام) Мұсаға осы көріністі көрсетіп тұрып былай теңеу жасады:

«Аллаһтың ілімінің қасында сенің, менің және күллі махлұқаттың ілімі мына құстың теңізден тұмсығымен алған суындай-ақ».

(Бұхари, тәфсир, 18/4)



Хазіреті Юсуф u

Құран Кәрімде өмірбаяны баяндалған тағы бір жас тұлға — сұлулық пен ізеттіліктің, сабыр мен кешірімділіктің нышанына айналған Хазіреті Юсуф u .

Оның мол ғибратқа толы өмірі — басқа түскен қиындықтар мен сынақтарға қалай кеуде тосу керектігіне және сабырмен жеңіп шыққан жағдайда тауқыметтердің нығметтерге қалай айналып сала беретініне ерекше мысал хикая болып табылады. Адам өзінің ең жақын туысы саналатын туған бауыр-ларынан қандай үлкен жаманшылық көруі мүмкін екенін — Оның өмірбаянынан байқай аламыз. Құдықтан басталған қиын-қыстау өмірінің ұзақ уақыт зынданға, одан әрі Мысыр билеушісінің тағына дейін қалай ұласқанын да Оның өмірінен көреміз.

Адамның рухани күйі мен іс-амалдарына екі нәрсенің өте үлкен әсері болады:

1. Құрсағына барған астың халал немесе харам болуы: Халал азық адамға рухани нәр берсе, харам ас керісінше ғапылдық беріп, жүрегін қатайтады.

2. Сүйген нәрселерінің рухани жағдайы: Адам баласы салиқалы кісілердің көркем халінен көркемдік ал, пасықтардың халінен бір үлес үзіп алады.

Ауыр сынның өтінде

Жас, көрікті, бақуатты да жоғары лауазымды бір әйел дайындық жасап, «Һәйтә ләк: Келе ғой менің қойныма!» — деп Юсуфты u арсыздыққа шақырды. Бірақ ол: «**Мен Аллаһқа сыйынамын, залымдар алға баспайды**» — деп, ол жерден қашуға

тырысты. Зина жасау, әлде зынданға түсу — екеуінің біреуін таңдауы керектігі белгілі болғанда еш мүдірмей:

«**Раббым! Зындан маған бұлардың мені шақырған нәрсесінен абзалырақ. Егер сен бұлардың тұзағын менен қайтармасаң, бәлкім, оларға көңілім ауып, надандыққа түсем бе деп қорқамын**!» — деді.

Осылай Юсуф u Аллаһтың көмегіне сыйынып, Аллаһ оның абыройы мен намысын сақтап қалды (Қрнз: Юсуф, 23-25, 33-34).

Дана кісілер айтқан екен:

«Нәпсінің жаманшылығынан құтылу оның қалауын орындау арқылы болатын іс емес. Одан құтылудың шарасы — Аллаһқа сыйынып, тақуалыққа қарай қашуда».

«Кәһф жігіттерінің иті садық жандармен бірге болғаны үшін үлкен абырой тапты, аты Құранға және тарихқа жазылды. Нух пен Лут Пайғамбарлардың әйелдері болса, пасықтармен бірге болғандықтары үшін күпірлікке душар болды».
(Шейх Сағди Ширази)

Зынданда да Хаққа шақырды

Юсуф u зынданға тасталған кезінде босқа аһ-үһ деп, қайғыға малынумен уақытын зиян еткен жоқ. Өз қолындағы мүмкіншіліктерді пайдаланып, қандай ізгі амал жасауға болатыны туралы ойланды. Хақ Тағаланың өзіне тарту

еткен ілімін пайдаланып, зындандағы бірге отырған адамдардың көңілін баурап алды. Оларға тәухид сенімін саралап түсіндіре бастады.

Зындандағы жолдастары өте таңқаларлық түстер көрген кезде Юсуф u оларды жорып беру арқылы баршаның назарын өзіне аударды. Әрі соның орайын пайдаланып, тәухид жайындағы үгіт-насихаттарын жасап жүрді. Өзінің хақ дінде екендігін, өзіндегі білімнің Аллаһ Тағаладан келгендігін және Мысыр халқының адасуда екендігін түсіндіріп берді. (Қрнз: Юсуф сүресі, 36-41)

Парасатты мүмин қандай жағдайға түспесін ешуақытта үмітсіздікке малынбай, әрқашан да дін жолында бір қызметтің жолын тауып алады. Өйткені шарасыздардың шарасы – Аллаһ Тағаланың өзі.

Риуаяттар бойынша, Юсуф u зынданда науқастардың көңілін сұрап, зиярат етіп, оларды емдеуге тырысатын. Қайғысы мен мұңы барларды жұбатып, таршылыққа түскендердің қажетіне көмектесіп, жәрдемге мұқтаж болып қалғандарға жәрдем ететін (Құртұби, IX, 190).

Молшылық пен жаның жайсаң болған күндерде Аллаһты ұмытпа, егер таршылық пен қиын қыстауда Ол да сені ұмытпасын десең.

Өйткені шын бақыт пен жан рахатының жолы киелі аятта былай білдірілген:

أَلاَ بِذِكْرِ اللّٰهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

«Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана жай табады».

(Ра'ғд, 28).

Мұндағы назар аударарлық жайт — Хазіреті Юсуфтың қолданған әдісі мен таңдаған жолындағы әдептілік пен адамгершілік ерекшелігі. Ал екінші мән беретін жағдай, мүмин адамның ең қиын жағдайда да Исламды уағыздап, ізгі амалдарды кейінге шегермеу керектігі. Яғни, Аллаһ жолында қызмет ететін уақыт келеді деп, бос күтіп отырудың орнына, ең қиын жағдайда да қолдан келгенше Аллаһ жолында не істеуге болатынын ойланып, мүмкіншілік жасауға тырысу қажет.

«Әй, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар, оған жақындауға уәсиле іздеңдер және екі дүниеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер».

(Мәидә, 35)

Юсуфтың u жас көмекшілері

Хазіреті Юсуф u зынданнан құтылып, Мысырға сұлтан болғаннан кейін өзімен бірге жұмыс істеуі үшін жастардан құралатын көмекшілер тобын жасақтады. Мұны Құран аятындағы: «**Юсуф жастарға былай деді**...[16]» деген сөздерден аңғаруға болады.

Өйткені жастар ересектерге қарағанда жігерлі әрі шыдамды болады. Оған қоса рухани һәм материалдық тұрғыдан қажетті дайындықтармен тәлім-тәрбиеден өткізілетін болса, бір жолбасшының жетегінде олар талай қызметтерді табыспен атқара алады.



16. Юсуф сүресі, 62-аят.

Хазреті Мұса
және жас көмекшісі
Юша u

«..Өздеріңе жол азығын әзірлеңдер. Шүбәсіз, азықтың ең қайырлысы — тақуалық..». (Бақара, 197).

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер. Қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер». (Мунәуи, фәйзул-қадир, V, 663).

Құран Кәрімде Хазіреті Мұсаның қиссасы да қайта-қайта баяндалады. Онда жастардың асығыс және сабырсыз іс-қимылға бармаулары және қылмыстық істерден барынша бойын аулақ ұстауы керектігі жайында айтылады. Батылдықтың хикаялары, бәлекеттің алдын алу, Аллаһқа сиыну және Аллаһтың разылығы үшін өзін пида жасай білу, ықыласпен ал-ғыс күтпестен жақсылық іске бару, әдептілік, ұят, сенімділік, сөзде тұру және істі аяғына дейін сапалы аяқтау секілді көркем сипаттар жайы сөз етіледі. Жастарға өте маңызды тапсырмалар мен жауапкершіліктер артуға болатындығын нұсқайды[17].

Мұса u Қызырмен кездесуге барған кезінде қасында жас қызметшісі Юша u болған. Бұл жас жігіт Хазіреті Мұсаға ықыласпен қызмет етіп, үлкендерге қалай құрмет көрсетіп, қалай қызмет жасау керектігінің үлгісі болады (Қрңз.: Кәһф, 61-65).

17. Таһа, 17-18; Қасас, 14-28)

Риуаяттар бойынша Хазіреті Мұса бұл дана жігітті әскерінің басына қолбасшы сайлап, өз дүниеден озарда орнына өкіл қылып қалдырған.



Кәһф жігіттері

Кәһф жігіттері пұтқа табынушы залым патша Дакианустың дәуірінде Тарсуста өмір сүрген, иман және тәухид жолында күрес жүргізген салиқалы жандар.

Олар өз имандарын табандылықпен сақтап, зұлымдыққа кеуде тосуы және Аллаһтың жолынан ажырамағаны үшін еске алған сайын мақталып отырады. Қияметке дейін келетін бүкіл мүминдер оларды қайран қалып еске алатын болады.

Дакианус патшаның жақын туыстарынан болған бұл жас қызметкерлер тобы қараңғы, жалған сенім арасынан ақиқатты іздеп тапқан адамдар болатын. Аллаһқа сиынып, үнемі сол иман күшін сақтауға талпынғандықтан, Аллаһ олардың имандарын одан ары арттыра түсті. Уақыты келген кезде олар имандарын жария етіп, залымдарға қарсы иман күшімен атой тастады. Аят мұны былай тарқатады:

«Ардақты Расулұллаһ ﷺ Лұқман Хаким жайында былай мәлімдейді:

«Лұқман ұлына: «Аллаһ Тағала өзіне аманат етілген нәрсені қорғайды! Мен сені, малыңды, дініңді және амалыңның соңын Аллаһ Тағалаға аманат етемін!»,— деді».

(Ибн Ханбел, II, 87).

Яхия ﷺ үш қауіпті күнінде Аллаһ Тағаланың рақымында болды:

«Туылған күнінде, өлетін күнінде және тіріліп қабірінен түрегелетін күнінде оған есендік болсын!». *(Мәриәм, 15)*

Бәйдауи атты ғалымның тәфсірлеуі бойынша аяттың мағынасы: «Адамдарға бас салатын шайтан оған өмірінде зиян бере алмасын, қабір азабынан азат болсын, есеп күнінің және жәһаннамның азабынан қорықпасын!».

«**Олардың жүректерін бекемдедік. Сол кез олар тіке тұрып: "Біздің Раббымыз, көктер мен жердің Раббысы. Одан өзге тәңірге әсте жалбарынбаймыз. Әрине, онда бос сандырақ сөйлеген боламыз", — деді. "Мына еліміз, Аллаһтан өзге тәңір тұтты. Бұлар оған байланысты ашық дәлел келтірсе, кәнеки? Олай болса, Аллаһқа өтірік жала жапқаннан залымырақ кім бар?",— деді**» (Кәһф сүресі, 14-15-аяттар).

Бұдан кейін олардың бастарына бәс тіккен Дакианустан қашып барып бір үңгірді паналайды және:

رَبَّنَا اٰتِنَا مِنْ لَدُنْكَ رَحْمَةً وَهَيِّئْ لَنَا مِنْ اَمْرِنَا رَشَدًا

«**Уа, Раббымыз! Бізге өз қасыңнан мейірім жолда және мына ісімізден бір шығар жол көрсет!**», — деп жалбарынады.

Аллаһ Тағала оларды сол үңгірде ұзақ жылдар ұйқыға салды.

Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Ғапылдар арасында болып, олардан жағымсыз әсер алғанымша, ұйықтаған артығырақ. Аллаһ Тағала Кәһф жігіттерін пасықтардың арасынан құтқарып, олардың жүректерін ғапылдықтан қорғап қалды».

Кәһф жігіттері 309 жылдан кейін көздерін ашып, оянған кездерінде үңгірде өте аз уақыт ұйықтадық деген ойда болды. Қалаға барып азық әкелу керек еді. Алайда олардың ең басты уайымы имандарын сақтап, харамнан аулақ тұру болатын. Хақ Тағала бұл жайлы былай дейді:

«(Олар бастарына келгенді) **бірі-бірінен сұрасын деп, Біз оларды қалай ұйықтатқан болсақ, солай ояттық. Олардың бірі "Қанша ұйықтадыңдар?" — деді.** (Кейбірі) **"Бір күн не бір күнге жетпейтіндей** (жатқан шығармыз)" **— десті.** (Кейбіреуі де) **"Қанша ұйықтағандарыңды Раббыларың тағы жақсы біледі. Енді, сендер мына ақшамен біреуіңді қалаға жіберіңдер де, байқап көріп, қайсы азық таза, жақсы болса, содан сендерге біраз тамақ**

Хазіреті Иса (а.с.) былай дейді:

«Кәпірлерге дұшпан болу арқылы Аллаһқа дос болыңдар! Кәпірлерге алыс болу арқылы Аллаһқа жақын болыңдар және оларды жек көру арқылы Аллаһтың сүйіспеншілігін табыңдар!».

Өйткені шын иман махаббатқа лайықтыға махаббат, жирену қажетті нәрседен жирену болып табылады. Айталық Мәсәд сүресінде Пайғамбарымыздың немере ағасы болғанына қарамастан азулы мүшрик болғандығы үшін Әбу Ләһәбті жек көруге шақырылады.

Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Мәриәм жайында былай дейді:

«Имранның қызы Мәриәм өз дәуіріндегі әйелдердің ішіндегі ең қайырлысы..».

(Мұслим, фәдаилус-сахаба, 69)

әкелсін. Бірақ (адамдар мен сатушыларға) **абайласын, сендерді біреу-міреуге сездіріп қоймасын!" — деді. "Өйткені олар** (залым патша мен адамдары) **сендерді ұстап алса, таспен атып өлтіреді немесе өз діндеріне** (күштеп) **кіргізуге тырысады. Әне, сол кезде сендер әшқашан құтыла алмайтын боласыңдар" —** (деді)**»** (Кәһф сүресі, 19-20-аяттар).

Осы ықыластары мен пейілдерінің арқасында олар Аллаһтың уәдесінің хақ екендігіне, Оның барлық нәрсеге құдіретті екендігіне, қияметтің, өлімнен соң тірілу мен ақыреттің күмәнсіз ақиқат екендігіне куә болды.

(Қрңз.: Кәһф сүресі, 21-аят).

Асхабу Рақим

Құран Кәрімде аталып өтетін «асхабу рақим» деген Исраил ұлдарының дәуірінде өмір сүрген үш жас жігіт (Қрңз. Кәһф сүресі, 9-аят).

Расулұллаһ r олардың көптеген ғибратқа толы қиссасын былай баян етеді:

«Сендерден бұрынғы үмметтердің бірінде үш кісі бір-біріне серік болып жолға шығады. Кенет жауған жаңбырдан қорғаштанып жүріп, олар тау етегіндегі бір үңгірді паналайды. Сөйтіп отырғанда таудан бір тас домалап келіп, үңгірдің аузын бекітіп, жауып қалады. Бір-біріне:

«Уаллаһи, сендерді бұл жерден Аллаһтан өзге ешкім құтқара алмайды. Сол үшін әрбірің шын беріле жасаған амалын уәсиле/дәнекер етіп, Аллаһқа дұға етсін!», деді.

Араларынан біреуі былай деп дұға етті:

«Раббым! Менің әке-шешем қария кісілер. Мен өзіме отбасымнан бұрын тамақты ішіп-жеуге рұқсат бермеуші едім. Бір күні малдарымды жаюға алыстағы бір орманға кеткен болатынмын. Үйге оралғанымда олар ұйықтап қалған екен. Оларсыз отбасымызбен сүт ішіп алуды жөн көрмедім, бірақ әкешешемді оятқым да келмеді. Қолымдағы сүтті кесеге құйып алып, күтіп отырдым. Сөйтіп отырғанда таң ағарып, олар оянды да, сүттерін ішті.

Мүмин темірлер арасында алтын секілді. Балшыққа түссе де, құны мен тазалығынан ештеңеге зиян келмейді. Дәл Әсия анамыз секілді. Ол салиқалы әйел заты залым Перғауынның жұбайы бола тұра жүрегіндегі ықылас, турашылдық және тақуалығы оның иманын сақтап қалды. Жанын пида етсе де, иманынан бас тартпады.

Раббым! Егер осыны Сенің разылығың үшін істеген болсам, бізді мына қиындықтан құтқара гөр!».

Сонда тас біраз шетке ысырылды, бірақ шығатындай болмады. Екінші адам сөз алды:

«О, Тәңірім! Немере ағамның бір қызы бар еді. Ер адам әйелді қаншалықты сүюі мүмкін болса, мен оны соншалықты қатты сүйдім. Онымен бірге болуды қаладым. Бірақ ол менің ұсынысымды қабылдамай қойды. Бірнеше жылдан соң, жоқшылыққа ұрынған ол маған келіп, көмек керек екенін айтты. «Өзіңді маған берсең, жүз дирһам беремін» — дедім. Ол шарасыз қабыл етті. Қолымды соза бергенімде:

«Аллаһтан қорық! Осындай жолмен пәктігімді бұзба!», — деді.

Қолымда мүмкіншілік бола тұра Аллаһтан қорқып, одан қолымды тарттым да ақшаны оған тегін бере салдым.

Уа, Аллаһ! Егер осы ісімді тек Сенің разылығыңды табу үшін істеген болсам, мына басымызға түскен бәлені бізден аластатшы!».

Парасат иесі кемел мүминдер иман арқылы ашылған дүниетаным кеңдігінің арқасында дүниеге ахірет тұрғысынан қарай біледі. Сол себепті әрдайым осы тұрғыдан артық-кем, пайда-зиян мәселесін терең ойланады. Сондықтан да олардың имандары тұрғанда ешқандай азап пен тауқыметтің шыбын шаққан құрлы маңызы болмайды...

Үңгірдің аузы тағы біраз ашыла түскенімен әлі де шығу мүмкін болмайтындай еді. Үшінші адам былай деп алақан жайды:

«О, Аллаһ! Бір кездері бірнеше жұмысшы жалдап, олардың төлемақысын түгел төледім. Бірақ біреуі ақшасын алмай кетіп қалды. Оған беретін ақшамды іске салдым, арта берді, арта берді. Біраз уақыт өткен соң әлгі адам келіп:

«Ақымды бер!», — деді. Мен:

«Мына түйе, өгіз бен қой отары сенің ақыңнан көбейген малдар. Бәрін алып кете бер!», — дедім. Ол:

«Ей, Аллаһтың құлы мені мазақ қылма!», — деді.

«Сені мазақ қылып тұрғаным жоқ, шынымды айтып тұрмын», дедім. Сосын ол сол малдың бәрін алып айдап кетті.

Раббым! Егер осы ісімді тек Сенің разылығыңды табу үшін істеген болсам, мына басымызға түскен бәлені бізден алыстата гөр!».

Сонда үңгір тасы толығымен ашылып, олар үңгірлерінен шығып жөндеріне кетті» (Бұхари әдеп 5, әнбия 53, буйуғ 98, ижара 12, харс 13; Мүслим, зікір 100; Ахмет, IV, 274).

Парасаттылық — Аллаһ Тағаланың сүйікті құлдарының жүрегіне сыйлайтын нұры. Жүректе туындаған ықыласты сезімдермен қалыптасқан рухани шабыттар нәтижесінде уақиғалардың ішкі сырын, ой мен жүректен өткен нәрселерді дұрыс болжап, сезе білу. Шүбәсіз, мұндай парасаттылыққа нәпсінің мендігінен арылып, Аллаһтың нұрымен қарай білгендер қол жеткізе алады.

«Расында мен Аллаһтың құлымын. Ол Маған кітап беріп, пайғамбар қылды», деді. Сондай-ақ мені қайда болсам да құт-ты етті әрі тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бұйырды. Мені шешеме мейірімді (бала) етіп, бетбақ қиқар қылмады».

(Мәриәм, 30-32)

Өмірде алдымыздан шығатын қиындықтар мен сынақтар кезінде шапағатын үміт етуіміз үшін және сол амалдарымыз арқылы (тәуәссул) Хақтан жәрдем тілеуге жүзіміз болсын десек, осы жастар секілді осындай ізгі амалдарға жармасуымыз керек.

Хазіреті Лұқман U және ұлы

Хикмет пен даналық иесі Хазіреті Лұқман U ұлына насихат еткен кезінде ең әуелі Аллаһқа серік қоспауын, себебі шірктің ең үлкен зұлымдық пен қате іс екендігін баса айтады. Құран Кәрімде Оның ұлына берген насихаттары келтірілген аяттардан соң, Раббымыз ата-ана ақысына назар аударып, олардың өз балалары үшін көрсететін пидагерпііліктерінен сөз қозғайды. Аллаһқа және оларға алғыс пен шүкір сезімінде болуымыз керектігін баян етеді.

Кейінгі аяттарды Лұқман U сенім, құлшылық пен ахлақ мәселелерінде ұлына мына бағалы өсиеттерді айтқандығы келтіріледі:

«Әй, ұлым! Тарының салмағындай болса да, бір жартастың ішінде болса да, көктерде немесе жерде болса да — Аллаһ оны (алдыңа) **келтіреді. Расында, Аллаһ ұсақ-түйекті де**

көруші, толық білуші. Әй, ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан қайтар. Басыңа келген ауыртпашылыққа сабыр ет. Расында, бұлар маңызды істер. Адамдарға паңсынып, әкіреңдеме, жер бетінде керделдеп жүрме. Расында Аллаһ, бүкіл даңдайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді. Жүрісіңде орташа бол да даусыңды бәсеңдет. Сөз жоқ, дауыстардың ең жаманы есектің дауысы» (Лұқман сүресі, 16-19-аяттар).

Жас мұсылман жоғарыдағы аятта баян етілгендей, әдептілік пен биязылыққа, көркем мінезге ие болуы керек.

Хазіреті Яхия u

Яхия u мен Хазіреті Мәриәм бірбіріне бөле болған жандар. Яхия жастайынан құлшылықпен сүйегі қатайған мүмин еді. Кәмелет жасына толған кезінде өзіне пайғамбарлық міндеті берілген. Яхия u барынша ізетті, абыройлы ғұмыр кешіп, залым патшаның әділетсіздігіне қарсы шыққаны үшін шейіт болған еді.

Хақ Тағала оның мұғжиза түрінде дүниеге келуін әбден қартайған әкесіне сүйіншілеген

Өмірде алдымыздан шығатын қиындықтар мен сынақтар кезінде шапағатын үміт етуіміз үшін және сол амалдарымызды тәуәссул етумен Хақтан жәрдем тілеуге жүзіміз болсын десек, осы жастар секілді осындай ізгі амалдарға жармасуымыз керек.

Хазіреті Иса көптеген азаптаулар мен кедергілерге қарамай, тәблиғін жалғастырды. Ол отыз жасқа келгенде яһудилердің қолынан қаза тауып, Аллаһ оны өзіне көтеріп әкетті.

кезінде салиқалы жастың бойында боулы керекті мына көркем сипаттарды атап айтқан:

— Өзінен бұрынғы пайғамбарларды растауы,

— Салмақты,

— Ізетті,

— Салиқалы болуы (Қрңз.: Әлу Имран сүресі, 39-аят).

Яхия u жас кезінде Аллаһ Тағала оған өз кітабына мықтап көңіл бөлуін ескертті:

«"Әй, Яхия! Кітапты мықты ұста" — деп, сәбилігінде-ақ даналық берген едік» (Мәриәм сүресі, 12-аят).

Өз жастығын Жаратқан риза болатын бағытта өткізген Яхия u Құран Кәрімде мына көркем сипаттармен мақталып еске алынады:

«Әрі оған өз қасымыздан мүләйімдік, күнәдан тазалық бердік. Өзі де тақуа әрі әке-шешесіне де мейірімді болатын...» (Мәриәм сүресі, 13-14-аяттар).

Шейіт болған кезінде ол небәрі отыздан енді асқан жас жігіт болатын.

Хазіреті Иса ﷺ

Иса ﷺ Исраилұлдарына жіберілген пайғамбарлардың соңғысы. Пайғамбарлар арасында ұлұл-азм дәрежесіндегі бес ұлы пайғамбардың біреуі.

Хақ Тағала Хазіреті Исаның туылуын сүйіншілеген кезде Оның дүниеде һәм ақыретте абыройлы, Аллаһқа тым жақын салиқалы құл болатындығы алдын ала хабар беріледі (Құрңз: Әлү Имран сүресі, 45-46-аяттар).

Иса ﷺ Аллаһтың қалауымен бесіктегі шағында тіл бітіп сөйлегенде, мына құлдық сипаттар жайында айтқан болатын:

«**Расында мен Аллаһтың құлымын. Ол Маған кітап беріп, пайғамбар қылды», — деді. Сондай-ақ мені қайда болсам да, құтты етті әрі тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бұйырды. Мені шешеме мейірімді** (бала) **етіп, бетбақ қиқар қылмады**» (Мәриәм сүресі, 30-32-аяттар).

Хазіреті Исаға отыз жасында пайғамбарлық келген кезде ол дереу міндетін атқаруға кірісіп кетті. Көптеген азаптаулар мен кедергілерге қарамай, уағыздауын жалғастырды.

«“Әй, Яхия! Кітапты мықты ұста” деп, сәбилігінде-ақ даналық берген едік».

(Мәриәм, 12)



Ол отыз жасына келгенде яһудилердің қолынан қаза тауып, Аллаһ оны өз қасына көтеріп алды.

Хазіреті Мәриәм

Хазіреті Мәриәм өте кішкентай, тіпті, сәби кезінен бастап, өзін құлшылық пен дін қызметіне арнауы, ізеттілігі мен сабыры, Аллаһқа жан-тәнімен тәсілім болуы арқылы көркем үлгі-өнеге болған жан. Ол Аллаһтың разылығына, сондай-ақ түрлі әзиз сый-сияпаттарына лайық болған жас бойжеткен еді. Аллаһ Тағаланың тәрбиесі мен Хазіреті Зәкәрияның қамқорлығында болды. Ол бұралып өскен нәзік гүлдей кіршіксіз болып бой жетті. Осы дүниеде ақ Жәннат нығметтерінен дәм татып, Жәбірейілді көзімен көріп, мұғжиза түріндегі босауны арқылы ұлы пайғамбардың анасы болу мәртебесіне ие болды.

Хақ Тағала былай дейді:

«Ар-намысын сақтаған Имран қызы Мәриәмді еске ал. Біз оған рухымыздан үрлеген кезде, ол Раббысының сөздері мен Кітабын растады және шын көңілден бас ию етушілердің бірі болды».

(Тахрим, 12; Әнбия, 91)

Құран Кәрімде есімі аталған жалғыз әйел баласы Хазіреті Мәриәм. Оның аты отыз төрт жерде аталып өтеді.

Анасы Хазіреті Мәриамды дүниеге әкелгенде, оны және оның ұрпағын шайтанның

кесірінен сақтасын деп, Аллаһқа сыйынды[18]. Демек, әрқашан қандай істе болса да, Аллаһқа сиынуды ұмытпау керек.

Хақ Тағала былай дейді:

«**Ар-намысын сақтаған Имран қызы Мәриәмді еске ал. Біз оған рухымыздан үрлеген кезде, ол Раббысының сөздері мен Кітабын растады және шын көңілден бас июшілердің бірі болды**» (Тахрим сүресі, 12-аят; Әнбия сүресі, 91-аят).

Хазіреті Мәриәм күні-түні ғибадат ететін. Сондықтан Исраилұлдары арасында өз тақуалығымен танылды. Тіпті, өз бойынан керемет, ғажап құбылыстар бой көрсеткен Хазіреті Мәриәм Құранда «Сиддиқа», яғни шыншыл сипатымен мақталады.

Аллаһ Тағала ол жайында тағы былай дейді:

«Сонда періштелер: "Ей, Мәриям! Расында, Аллаһ сені таңдады. Сені пәк қылды (таза күйінде өсірді) **әрі бүкіл әлемдегі әйел атаулысынан артық қылды. Ей, Мәриям! Раббыңа мойынсұн, сәждеге жығыл және рүкуғ қылушылармен бірге рүкуғ қыл!" деген еді»** (Әлу Имран сүресі, 42-43-аяттар).

Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Мәриәм жайында былай дейді:

«Имранның қызы Мәриәм өз дәуіріндегі әйелдердің ішіндегі ең қайырлысы. Ал бұл үмметтің әйелдерінің ішіндегі ең қайырлысы Хадиша».

(Мүслим, фәдаилус-сахаба, 69)

18. Қрңз: Әлу Имран, 36

«*Аллаһ иман келтіргендерге Перғауынның әйелін мысал көрсетті. Сол уақытта ол: "Раббым! Өз жаныңнан маған пейіште бір үй жаса, әрі мені Перғауыннан және оның істегендерінен құтқар. Сондай-ақ залымдар елінен есендікке шығар",— деген еді».*

(Тахрим,11)

Расулұллаһ r Хазіреті Мәриәм жайында былай дейді:

«*Имранның қызы Мәриәм өз дәуіріндегі әйелдердің ішіндегі ең қайырлысы. Ал бұл үмметтің әйелдерінің ішіндегі ең қайырлысы Хадиша*» (Мүслим, фәдаилус-сахаба, 69).

Хақ Тағала Хазіреті Иса мен анасы Мәриәмды осы тазалықтары, ізеттілік және Аллаһқа бас июмен өткізген өмірлерінің себебімен өз құдіретінің белгісі болу мәртебесін сыйлады (Құрз: Муминун сүресі, 50-аят).

Мүмин темірлер арасында алтын секілді. Балшыққа түссе де, құны мен тазалығына ешқандай зиян келмейді. Дәл Әсия анамыз секілді. Ол залым Перғауынның жұбайы бола тұра жүрегіндегі ықылас, турашылдық пен тақуалығы арқылы өз иманын сақтап қалған салиқалы әйел заты. Жанын пида етсе де, иманынан бас тартпады.

Хазіреті Әсия

Перғауынның жұбайы Хазіреті Әсия аса мұғжизасын көрген кезінде Хазіреті Мұсаға иман келтірді. Мұны байқаған Перғауын оған

азаптың ең ауыр түрлерін көрсетіп, жерге шегелеп қақтырып, үстіне үлкен тас бастырып, ыстық күннің астына тастады. Сол кезде Хазіреті Әсия өзінің жүрекжарды дұғасын жасады. Хақ Тағала мұны былай суреттейді:

«**Аллаһ иман келтіргендерге Перғауынның әйелін мысал көрсетті. Сол уақытта ол: "Раббым! Өз жаныңнан маған пейіште бір үй жаса, әрі мені Перғауыннан және оның істегендерінен құтқар. Сондай-ақ залымдар елінен есендікке шығар", — деген болатын**» (Тахрим сүресі,11-аят).

Осы дұғасы қабыл болған Хазіреті Әсияға дереу Жәннаттағы орны көрсетіліп, еш ауырсыну сезінбей, жаны жеңіл алынғандығы айтылады.

Парасат иесі болған кемел мүминдер иман арқылы ашылған дүниетаным кеңдігінің арқасында дүниеге ақырет тұрғысынан қарай біледі. Сол себепті әрдайым осы тұрғыдан артық-кем, пайда-зиян мәселесін терең пайымдайды. Сондықтан да осындай күшті иманға ие болғанда олар үшін ешқандай азап пен тауқыметтің шыбын шаққан құрлы қиындығы болмайды...

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жәннат әйелдерінің ең мәртебелілері Хуәйлидқызы Хадиша, Мұхаммедқызы Фатима, Ирманқызы Мәриәм және Перғауынның жұбайы Әсия бинт Мұзаһим».

(Ахмет, I, 293)

Хазіреті Мәриәм Құранда «Сиддиқа», яғни шыншыл сипатымен мақтала еске алынады.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Жәннат әйелдерінің ең мәртебелілері Хуәйлидқызы Хадиша, Мұхаммедқызы Фатима, Ирманқызы Мәриәм және Перғауынның жұбайы Әсия бинт Музаһим» (Ахмет, I, 293).

Сағлеби өзінің «Араисул-мәжәлис» атты еңбегінде былай дейді:

Парасаттылығы жағынан әйелдердің ең мәртебелісі — екеу. Екеуі де Хазіреті Мұсаға u ең лайықты бағасын бере білген жандар. Біреуі — Перғауынның жұбайы Әсия. (Ол Мұса u сәби кезінде сарайға әкелінген кезде Перғауынға:)

«Бұл бала екеуміздің басымызға бақ болып қонатын шығар, оны өлтіртe көрме!», — деген болатын. Шынымен де, солай болып, ол Хазіреті Мұсаға иман келтіріп, Жәннатты қанжығасына байлады.

Ал екіншісі — Шұғайып u пайғамбардың қызы болатын. Ол да Мұсаға жоғары баға беріп:

«**Әкешім! Оны жалдамалы жұмысшы етіп алшы. Өйткені жалдамалы жұмысшыға одан қайырлы ешкім жоқ, ол күшті әрі сенімді**», — деді (Қасас сүресі, 26-аят).

Мұны қайдан білдің деп сұрағанда былай деді:

«Осы жаққа қарай келе жатқанымызда менің артымнан жүруге ыңғайсызданып, маған:

«Ей, Аллаһтың құлы! Артымнан жүріп отыр да, маған тек қалай жүру керектігін айтып отыр!», — де ді. Осы әрекетінен оның өте сенімді адам екендігін түсіндім».

Парасат иесі кемел мүминдер иман арқылы ашылған дүниетаным кеңдігінің арқасында дүниеге ахірет тұрғысынан қарай біледі.

Жас мұсылманның өмір түсінігі

Жас мұсылманның өмір түсінігі

Балалық шақта ойын, жастық шақта шәһуат, есейгенде ғапылдық, қартайғанда уыстан кеткендерге өкініш пен қасіреттен ғана тұратын өмір — босқа өткен өмір.

Бір бүршіктің жаруынан басталатын үлкен көктем оқиғасы, түйіршіктерден алпауыт денелерге дейін ғаламдағы барлық нәрсе қандай тамаша тәртіп пен үйлесімділік ішінде жұмыс істеп жатқанын сана-сезімі мен түйсігі дұрыс адам ойланбас па екен!? Ал бұл үйлесімділіктің артында кім бар? Ғаламдағы адамзат санасын шаңына ілестірмей тастайтын осы бір тәртіп пен үйлесімділік пікір иелері үшін хикмет пен ғибраттар тізбегі емес пе? Бұл сұрақтардың барлығының жауабы Құран Кәрімде ең көркем түрінде айтылған. Аллаһ Тағала былай дейді:

«**Біз көктерді, жерді және олардың арасындағының бәрін ойын-сауық, ермек үшін жаратпадық**» (Дұхан сүресі, 38-аят).

«Бүгінімді ойлаймын,

кешегім өтті, ертеңім бар ма?

Жастығыма да сене алмаймын, өлгендер тек қарттар ма?»

Өлім баршаға бірдей. Қабірстанға көз сал, кез-келген жастағы мәйіттер жатыр!..

«Сендерді босқа жараттық және сендер, шын мәнінде, құзырымызға қайта әкелінбейміз деп ойлайсыңдар ма?» (Мүминун сүресі, 115-аят).

«Адам баласы басы бос жіберіле салады деп ойлай ма?» (Қиямет сүресі, 36-аят).

Балалық шақта ойын, жастық шақта шәһуат, есейгенде ғапылдық, қартайғанда уыстан кеткендерге өкініш пен қасіреттен ғана тұратын өмір — босқа өткен өмір.

Адам баласы осы ақиқаттарды түсініп, өмір сүруі тиіс. Әсіресе, жастық дәурен кезінде осы түсініктерге терең бойлау өте маңызды мәселе. Иман толқынысы қаншалықты көп болса, жастық дәуреннің де құндылығы соншалықты болады. Ал иман, ажал, ақырет секілді ақиқаттарды артқа ысырып тастап, тек бұл дүниеге қамалған көңілмен мәңгілік әлемнен мақрұм қалған жастық шақ адамның өзін де, қоғамын да күйреуге апарады.

Хазіреті Мәуләнә мұндай адамдарға былай деп үндеу тастайды:

«Есің барда еліңді тап жолаушы! Кеш батып қалды, өмір күні батуға таяды... Күш-қуатың барыңда бес күндік өмірің

болса да, жомарттық жаса, оларды салиқалы амалдарға арна!..

Қолыңда қалған өмір тұқымын жақсылап ек те, мына бес күндік фәни дүниеден мәңгі Жәннатты орып алып кет... Баға жетпес өмір шамы сөнбей тұрғанда ақылға келіп, білтесін түзет, ізгі амалдардың майын құйып, соңғы күндеріңді салиқалы амалдар мен құлшылықтармен өткіз, жүрек шамыңды қайта жақ.

Тез есіңді жиып, бұл істі ертеңге қалдырайын деме! Қаншама ертеңің өтті де кетті. Дереу тәубемен, истиғфармен іске кіріс, егін маусымын өткізіп алып жүрме!

Насихатымды тыңдасаң, нәпсі тым мықты бодау салады. Бізді жақсылықтан тосып, Хақ жолында кедергі болады. Жаңарып, өзіңді қалпыңа келтіргің келсе, ескіңді шығарып, лақтыр! Денеңнің құмарлықтарынан баз кеш, рухани зауқың мен жүрек толқынысыңды, жаныңның ләззатын ізде!».

Хақ Тағала адамды тек Өзіне құл болуы үшін ғана жаратқан. Иманның

Бір Хақ досы былай деген екен:

«Бұл жаһан ақыл егелері үшін таңтамаша, яғни әрбірі Аллаһтың құдірет шеберлігін паш етіп тұрған махлұқаттарды ғибратпен тамашалау. Ал ақымақтар үшін бұл жаһан бар болғаны ішіп-жеу мен шәһуаттан ғана тұрады».

Хәзіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ей, дәруіш! Айнадағы соңғы нақышқа қара! Сұлулықтың көріліктегі ұсқынсыздығы мен әсем үйдің қоқыс үйіндісіне айналатынын ойла да, айнадағы бейнеге алданба!..».

кемелдігі — адамның жалғыз Аллаһ Тағалаға құл болып, фәни пайдалардың құлы болмауында.

Мұхаммед Иқбал өз әуесқойлығы мен фәнилік құмарлықтарын өздеріне пұт қылып алғандай кейіп танытатындарды:

«**Мен иттің басқа бір иттің алдында иіліп, сәжде еткенін көрген емеспін**» деген сөздерімен өз күйлерін ойлануға шақырады.

Аллаһ Тағала көк пен жердегінің бәрін Өзіне құлшылық жасайтын адамдардың қызметіне арнап жаратқан[19]. Әрі құлшылықтарын шын беріле отырып, ынтызарлықпен жасай алуы үшін адамға тәфәккур мен махаббат сияқты жүрек сезімдерін де сыйлаған.

Зағип адамның өзі күннің туғанын оның жылуынан біле алады. Алайда ақылы мен сана сезімі бар адамның Аллаһтың құдіретінің белгілеріне бейқам болып, жайбарақат жатуы қандай қателік. Жүрегі ояу жандар үшін түйіршіктен алпауыт денелерге дейін барлық нәрсе иләһи құдірет пен ұлылықтың куәгері, иләһи шеберліктің көрмесі емес пе?

19. Крңз: Жәсия сүресі, 13-аят.

Олай болса, ақиқатты іздеп, сонымен айналысу шын келешегіміз болып табылатын ақыретімізге дайындалу — құлдың басты міндеті болуы керек. Фәни нығметтердің сәнді жылтырларына алданбау керек.

Хазіреті Мәуләнә жастық пен кәрілікке қандай керемет салыстыру жасайды:

«Сен, ей, көктем әсемдігіне қарап таңырқай ерніңді тістеп тамсанған адам! Сен енді күздің сарғайған күйіне және солған бейнесіне көз сал! Таң мезгіліндегі әсем күншуақты көргеніңде оның өліміне ұқсайтын бататын мезгілін есіңе түсір. Айлы әсем түнде толғанайдың әсемдігін көрерсің, сонда оның ай соңында екі бүктеліп, жіңішкерген және толықсыған кезін қасіретпен аңсайтын кезін ойлан.

Адам да дәл осының күйін кешеді. Әсемдігі мен пәктігі соңында жоқ болуға жазылған. Бір сәбиді көресің, тәттілігімен халықтың сүйіктісі болып жүреді, енді бір

Өмірдің мақсаты — ізгі құл болып өмір сүру және дәл сол күйде жан тапсыру. Бір араб ақыны мұны өте жақсы суреттейді:

Сені анаң туып, бұл дүниеге келгеніңде
Жылап жаттың, бүкіл әлем күліп жатты қасыңда.
Енді өмір сүр күліп өлердей, өлеріңде
Жылап қалсын көз жасын сығып, жаһан сенің артыңда

қарасаң ол мыжырайған қарт болып, адамдарға абыройсыз болып қалады.

Егер күміс тәнді сұлулар сені ауласа, қартайған кезде егін алқабындай әжімге оранатын денені елестет. Ей, майлы ас пен балдай тәтті тағамдардарға тамсанған адам! Енді тұрып әжетханаға бар да, олардың ақыры не болғанын көр! Сонда былай де: "Сенің баяғы әсемдігің, табақта тұрған кездегі ләззатың мен хош иісің қайда?". Ол былай деп жауап берер: "Сен айтып тұрған нәрселер тұзақ болатын. Ал мен құрылған қақпан едім. Сен келіп қақпанға түскен соң, тұзақ еріп солды, қоқысқа айналды".

Иләһи нұрдан мақрұм саналар майсыз шамдар мен тоқсыз электр лампалары секілді. Ондай сана адамның жолына жарық беруі және хаққа, қайырға жеткізуі мүмкін емес.

Ұсталарды қайран қалдыратын сондай шебер қолдар бар, соңында дірілдеп қала береді. Сондай-ақ, шыныдай таза жанары бар көзді соңында терең көзде үйелеп, суы солған күйде көрерсің. Сол секілді арыстандардың сабында жүрген балуан жігіт сұлтанының бір күн келіп, тышқандай әлсіздің қолынан жеңіледі.

Сондай-ақ адамның есін жаулап алатын хош иісті және бұйра жүнді түлкі

қартайғанда қыр есегінің құйрығындай ұсқынсыз болып қалады!

Кім өз нәпсісінің тұтқыны болудан және сағым елестерге алданудан неғұрлым құтылған болса, Аллаһқа соғұрлым жақындағаны.

Ей, адам! Бұ дүниеден бір-біріне теріс екі түрлі дауыс келеді. Ал сенің жүрек құлағың қайсысын қабылдауға қабілетті. Ол дауыстардың бірі — Аллаһқа жақындағандардың, ал екіншісі — алданғандардың халі. Сол екі дауыстың бірін қабылдасаң, екіншісін ести де алмай қаласың! Өйткені сүйген адам сүйіктісіне теріс болатын нәрселерге көр-соқыр, тас-керең болып қалады. Ей, дәруіш! Айнадағы соңғы нақышқа қара! Сұлулықтың кәріліктегі ұсқынсыздығы мен әсем үйдің қоқыс үйіндісіне айналатынын ойла да, айнадағы бейнеге алданба!..».

Ақылдың шешімі жоқ шырмалулардан құтылуының жолы уахимен тәрбиеленіп, өз шегінен асатын ақиқаттар турасында иләһи баянға жүрекпен тәсілім болу керектігін түсінуіне байланысты.

ДІН, ТІЛ және ТАРИХ ҰСТАНЫМЫ

Жас мұсылман дін, тіл және тарих ұстанымына ие болуы керек. Өйткені бұлар мәдениет ғимаратының негізгі тіректері және жеке адамдар да, қоғамдар да солармен тіршілігін жалғастырып, солармен аяқта тұрады.

Енді мәңгілік бақытқа жеткісі келетін жас мұсылманның өз өміріне негіз болатын осындай өзекті мәселелерге қысқаша тоқталайық:

Фәлсафашылар: «Менің ойымша былай» десе, пайғамбарлар «Аллаһтың әмірі бойынша былай», деп айтады. Пайғамбарлар иләһи уахиге сүйенгендіктен әрқашан бір-бірінің сөзін қуаттап келген. Ал фәлсафашылар ақиқат жолында тек өз ақылдарына сүйенгендіктері үшін әрдайым бір-бірінің пікірін теріске шығарып отырған.

а) Дін ұстанымы

Дін бұл ғалам мен адамның жаратылу мақсатын ұғынуға көмектеседі. Жөргек пен кепен арасындағы фәни өмірді реттеп, жөнге салады. Ислам діні адамды бұл дүниеде жүрек тыныштығына жеткізіп, ақыретте мәңгілік бақыттың құшағына енгізеді. Құлдың ынтықтықпен, ғашықтықпен тіршілік етуін қамтамасыз етеді. Сондықтан да жастайынан бастап, өз бағытын Құран мен Сүннетке қарай белгілеуі тиіс. Бірақ табыс пен бақыт Аллаһтың ғана қолында екенін ұмытпау керек.

Иләһи нұрдан мақрұм саналар майсыз шамдар мен тоқсыз электр лампалары сияқты. Ондай сана адамның жолына жарық беріп, хақ пен қайырға жеткізуі мүмкін емес.

Адамның денесі материалдық азықпен тіршілік ететіні секілді, ақыл мен сезімдердің де рухани сеніммен және иман нәрімен қоректенуі қажет. Әйтпесе, ақыл мен

сезімдер адамға жақсылыққа жол бастаудың орнына, оны құзға қарай сүйреп, жалған пікір мен бос фәлсапалардың соңы жоқ көшелерінде адастырып қор қылады.

Көне грек елінде ақылдың әлсіздігін көрсететін бір оқиға болған екен:

Бір жас жігіт дәріс алмақ болып бір фәлсафашыға келіп жолығады. Келісім бойынша оқудың жарты ақшасы қолма-қол, ал қалған жарты бөлігі шәкірт алғашқы дауын жеңіп алған кезде төленетін болады. Мұның мағынасы шәкірт өзінің алғашқы дауын жеңген кезінде білімі толықталған болып, ұстазы қалған төлемақыны алуға құқылы болады деген сөз. Бірақ оқу кезеңі аяқталған кезде шәкірт ұстазына берген төлемақысының бірінші жартысын жеткілікті санап, екінші жартысынан бас тартуын талап етеді. Осы талап себебімен бірінші дау ұстаз бен шәкірт арасында болды.



Сот отырысында шәкірт әділқазылар алдына шығып:

Ей, адам! Бұ дүниеден бір-біріне теріс екі түрлі дауыс келеді. Ал сенің жүрек құлағың қайсысын қабылдауға қабілетті. Ол дауыстардың бірі — Аллаһқа жақындағандардың, ал екіншісі — алданғандардың халі.

«Мен бұл дауда жеңсем де, жеңілсем де төлемақының қалған жартысын бермеуім керек», — дейді.

Төрешінің «Неге екен?», — деген сұрағына былай түсініктеме береді:

Иләһи нұрдан мақрұм саналар майсыз шамдар мен тоқсыз электр лампалары сияқты. Ондай сана адамның жолына жарық беріп, хақ пен қайырға жеткізуі мүмкін емес.

«Егер дауды жеңіп алсам, сіздің қарарыңыз бойынша, ал егер жеңіліп қалсам, ұстазым екеуіміздің келісіміміз бойынша, бұл ақшаны бермеуім керек».

Бұған оның фәлсафашы ұстазы дәл солай:

«Мен бұл дауда жеңсем де, жеңілсем де, төлемақының қалған жартысын алуым керек», — дейді.

Төрешінің «Неге екен?», — деген сұрағына былай түсініктеме береді:

«Егер дауды жеңіп алсам, сіздің қарарыңыз бойынша, ал егер жеңіліп қалсам, шәкіртім екеуіміздің келісіміміз бойынша, бұл ақшаны алуым керек. Өйткені мен жеңілетін болсам, ол дауды жеңген болады және төлемақының екінші жартысын маған қарыз болған болады».

Көріп отырғанымыздай, екеуінің сөзінде де ақылмен қарағанда бұрыстық жоқ секілді. Демек, уахимен тәрбиеленбеген ақыл мен сана осы мысалда көргеніміздей, кейде өзі өрген дуалдың ішіне қамалып, адасып шырмалып қалады. Осы сияқты қаншама пенде дауларын шешуде дәрменсіздің танытып кілттеніп қалатын ақыл, соңсыз ақиқатты толығымен санасына қалай сыйдыра алсын.

Сол себепті ақылдың мұндай шырмалулардан құтылуының

Иса ﷺ тәнінде алапес ауруы бар, аурудан екі ұрты да әбден солған бір адамды көреді. Ол кісі өз ауруынан тіпті хабары жоқ адамдай:

«Уа, Раббым! Саған шексіз хамд, мадақтар болғай. Адамдардың көбіне берген ауруыңнан мені таза қылдың!», деп отыр екен.

Иса ﷺ ол кісінің түсінігі мен рухани кәмілдік деңгейін тексермек болып:

«Ей, адам! Аллаһ саған бермей, сенен аулақ қылған сол аурудың аты не?», деп сұрады.

Әлгі ауру кісі былай деп жауап берді:

«Ей, Рухуллаһ! Ең жаман ауру және бәлекет жүректің Хақтың ғапыл және махрұм болуы. Мыңдаған шүкір, мен Жаратқан иеммен бірге кереметін сезініп жүрген жанмын. Денемдегі бүкіл аурулардың бар жоғын байқамаймын да..».

жолы уахимен тәрбиеленіп, өз шегінен асатын ақиқаттар турасында иләһи баянға жүрекпен тәсілім болу керектігін түсінуіне байланысты.

Ақылдың шешімі жоқ шырмалулардан құтылуының жолы уахимен тәрбиеленіп, өз шегінен асатын ақиқаттар турасында иләһи баянға жүрекпен тәсілім болу керектігін түсінуіне байланысты.

Адамға тек бәрін білуші және бүкіл махлұқатты

Психиатр Док. Юсуф Карачай былай еске алады:

«Кішкентайымда анамнан сұраған сұрағым әлі есімнен кетпейді:

-Анатай, біз өлген кезде қайда боламыз?».

-Жәннатқа барамыз ұлым!»

-Жарайды, ал сосын не болады? Сонда Жәннатта қанша өмір сүреміз?».

Анам шамасы «бұл бала мына жасында соңсыздық дегенді түсінбейтін шығар, ұзақ бір уақыт айта салайын, қанағаттансын» деп ойлаған болар: «Мың жыл өмір сүреміз балапаным!», деген болатын.

Мен бұған қатты көңілім түсіп, сол толмаған ақылыммен де: «Он жыл ма, мың жыл ма, егер түбінде жоқ болатын болсақ, не айырмашылығы бар? Мен мәңгілікті қалаймын, жоқ болғым келмейді», деген едім».

жаратушы Хақ Тағаланың қойған қағидалары мен заңдылықтары бақыт әкеледі. Адам ақылымен ойлап табылған жүйелер адамзаттың бақыты үшін ешқашан жеткілікті болмаған. Фәлсафашылар: «Менің ойымша былай» – десе, пайғамбарлар «Аллаһтың әмірі бойынша былай», – деп айтады. Пайғамбарлар

Бір кісі бірде ат сатып алған екен. Екі жасар және сап-сау болғанымен кенет үш күннен соң ол өліп қалады. Атты сатып алған адам сатушыдан бірдеңені сезіктеніп күдіктенді. Қатарынан үш күн сотқа барғанымен төрешіні таба алмағандықтан уақыт жоғалтпайын деп, атты қарату үшін мал дәрігеріне апарады. Мал дәрігерінен алған мәліметі бойынша, аты уланған болып шығады. Біраз күннен соң сотқа қайта барып, төрешіні орнынан табады да мәселесін айтады. Төреші:

«Неге алдымен маған келмей, мал дәрігеріне бардың? Дереу келгеніңде темірді қызған шағында соғып, ізін суытпай, шешімін қарастырар едік», деген соң шағымданушы адам:

«Тақсыр! Мен сізге мына-мына күндері келдім, сіз орныңызда жоқ болдыңыз!», деп жауап береді. Сонда төреші:

«Дұрыс айтасыз, сіз келген күндерде мен мұнда жоқ едім. Анам қайтыс болып, ауылға барған едім...», деді.

Сосын азырақ үнсіз ойланып алған төреші мырза өзінің хатшысына бұрылып былай деді:

«Мәселе айқындалды, хатшы мынаны жаз: Жұмыс орнында болмағаны үшін зиянның төрешіден өндірілуіне қарар берілді...».

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай дейді:

«Кім Аллаһты Раббысы деп, Исламды діні деп, Мұхаммедті пайғамбары деп біліп, разы болса, Жәннат оған уәжіп болады».

(Әбу Дәуіт, Салат, 36; Термези, Салат, 42)

иләһи уахиға сүйенгендіктен, әрқашан бір-бірінің сөзін қуаттап келген. Ал фәлсафашылар ақиқат жолында тек өз ақылдарына сүйенгендіктері үшін әрдайым бір-бірінің пікірін теріске шығарып, бірінің сөзін бірі өтірікке шығарып отырған.

Адамның дүниеде де ақыретте де бақыт табуы үшін діни сенімі мықты болуы қажет. Өйткені дін жеке адамдарды киелі сезімдер, ортақ сенім мен адамгершілік түсініктері аясында біріктіретін күш. Ол қоғамдарды өркендетіп, дамуына ықпал жасайды. Сонымен қатар, дін мінез-құлық тәрбиесінің кепілі болып, адамдарды Аллаһтың дұрыс тәрбиесіне бағыттайды. Жастарда діни ұстанымның әлсіреуі этикалық және құқықтық қылмыстардың артуына және бара-бара анархияның туындауына жол ашады. Өйткені дін болмаған жерде этиканы ұстап тұра алатын күш қалмайды. Себебі адамгершілік сезімдердің бар болып қала беруі де дінге тікелей тәуелді.

Адамның ішкі жан дүниесі ешуақытта көзден таса қалмауы қажет. Жалғыздық, шарасыздық, қорқыныш, қайғы, аурулар мен түрлі қиындықтар алдында оған үміт



пен жұбаныш сыйлап, сүйеу болатын ең мықты білек — дін. Сондай-ақ, діни рәсімдермен айналысу адамды қажетсіз және зиянды уайымдардан алыстатады һәм оның руханиятын қорғап қалады. Шынайы діндар адамдардың бойында Аллаһқа бас ию, ата-ана мен үлкендерге құрмет, кішілерге ізет, қоғамдағы адамдарға жауапкершілік, махлұқаттарға шапқат пен мейірім сияқты этикалық сезімдер өте басым болады.

Мына бір оқиға діннің адамдарға қандай ұлы сезімдер дарытатындығын тамаша көрсететін мысал:

«Мұсылмандар **Мәдәин** қаласын жеңіп алған кезде, бүкіл олжалар бір жерге әкеліпп жиналды. Сонда бір адам жақындап келді, қолында бір құмыра алтын бар екен. Құмыраны ғанибет жинап жүрген жауапты қызметкерге табыстайды. Ол жердегілер таң қалысып:

«Осы уақытқа дейін мұндай бағалы қазына көрмеген едік! Қолымыздағы олжаның бәрін қоссақ, мына бір алтындардың құнына теңесе алмайды!..», — десті. Алтындарды әкелген кісіден:

Аллаһ қорқынышынан туындайтын рухани күш ешқандай физикалық күшпен теңестіруге келмейтін күш. Сондықтан да ар мен ожданның ең жақсы күзетшісі — Аллаһ қорқынышы.

Адамның дүниеде де ахіретте де бақыт табуы үшін діни сенімі мықты болуға мәжбүр. Өйткені дін жеке адамдарды киелі сезімдер, ортақ сенім мен адамгершілік түсініктері аясында біріктіретін күш.

«Ішінен бірдеңе алып қойған жоқсыз ба?», — деп сұрайды. Ол кісі мына тамаша жауабын береді:

«Кеудемде Аллаһтан имену сезімі болмағанда, уаллаһи мыналарды сендерге әкелмей, бәрін қолды етіп алар едім».

Олжа қызметкерлері оның салиқалы кісі екенін аңғарып:

«Сіз кімсіз?», — деп сұрады. Ол кісі:

«Уаллаһи, сендердің және басқалардың мақтау жаудыруынан, сөйтіп нәпсімнің менмендікке беріліп, рияға түсіп кетуінен сақтану үшін кім екендігімді айтпаймын. Тек мынаны ғана айтайын, мен Аллаһқа хамд етуді білетін, Оның нәсібінен артығын сұрамайтын құлмын», — деді[20].



Аллаһтан қорқудан туындайтын рухани күшті ешқандай физикалық күшпен теңестіруге келмейді. Сондықтан ар мен ожданның ең жақсы күзетшісі — Аллаһ қорқынышы.

20. Табари, тарих, Бейрут, 1407, II, 465

Мумин жан — үнемі Раббысымен бірге және Оған жан тәсілім болған адам. Ал Аллаһ Тағала шынайы түрде Өзіне тәсілім болып, жүгініп келген құлын басқалардың тырнағында кетуден және қажетсіз фәни елеңдеушіліктерінен сақтап қалады.

Мынау бір шындық, Раббысына лайықты түрде құл бола білген мумин адам құлға құл болу індетінен мәңгілікке айығып кетеді. Арыстан үшін қапаста өмір сүру табиғатына қайшы болатыны сияқты шын муминнің де нәпсісінің қамауында тұтқын болып, фәнилік қызықтарға құл болып өмір сүруі жаратылысына қайшы болып табылады. Мумин адам, тіпті тәні мен сыртқы бейнесі қырық қабат зынданның астында кілттеніп жатқан болса да, ақиқатында ол азат адам. Қандай ауыр шарттарда өмір сүрсе де, оның жаны тыныш.

Мумин жан — үнемі Раббысымен бірге және Оған жан тәсілім болған адам. Ал Аллаһ Тағала шынайы түрде Өзіне тәсілім болып, жүгініп келген құлын басқалардың тырнағында кетуден және қажетсіз фәни елеңдеушіліктерінен сақтап қалады.

Атаұллаһ әл-Искендери мұндай тақуалық күйіне жетіп, жүрегі жай тапқан муминнің жан тыныштығын мына сөздерімен жеткізеді:

«Уа, Раббым! Сені тапқан не жоғалтыпты? Сені жоғалтқан не тауыпты?..».

Ақыретке сенімнің пайдалары

Ақырет сенімі адамның жауапкершілік сезімдері мен мінез-құлығын қалыптастырады. Өлімнің үрейлі жүзінің адам психологиясына беретін кері әсерін барынша төмендетеді.

Сонымен бірге фәни дүниенің зауықтары адамның рухын бәрі-бір қанағаттандыра алмайды. Өйткені әу бастан адамның жаратылысынан орын тепкен ең түбегейлі қалауларының бірі — «мәңгілік өмір іздеуі». Міне, ақырет сенімі адам баласына сол іздеген мәңгілік көкжиегін ашып береді.

Бүгінде адамзаттың жалғыз табысқа апарар жолы Ислам ғана. Басқа діндердің үкімдері тоқтаған. Өйткені кейін келген нәрсенің барлығы өзінен бұрынғына қарағанда толығырақ, кемелірек болатындығында шәк жоқ.

Мәдениеттер тарихын зерттейтін болсақ, Исламның адамзат әлемінің рухани һәм ой-өрістік дамуына қаншалықты ықпал еткенін оңай көруге болады. Расулұллаһтың r өміріне қарасақ, қараңғылыққа көмілген жәһилдік дәуір адамдарынан адамгершілігі асып-тасыған асрұ саадат қауымын тәрбиелеп шығарған болатын.

Дін қашан да қоғамдарды шіруден, күйреуден және жоқ болып кетуден сақтап

қалатын құбылыс. Адам баласы тек діннің саясында менмендіктен және нәпсі бодауынан құтылып, адамзат үшін қызмет ету мүмкіндігіне жеткен. Өйткені хақ дін әрқашан тек махаббат пен құрметті, әдептілікті ғана үгіттейді.

Дін адамға мархамат пен адалдықты, шынайылық пен әділеттілікті, кісі ақысын жемеуді, адамдарға үнемі жақсылық жасауды және жамандықтан сақтануды бұйырады. Тіпті, хайуандарға да мейіріммен қарап, бұл әлемді құлпыртып, жамандықтарға кедергі болуды, қажет болған жағдайда бұл жолда жанын пида етуді үйретеді. Осылай әлем бейбітшілік пен бақытқа жете алады. Әйтпесе, бұл дүние бүкіл адамдар зардабын тартатындай қасқырлар дастарханына айналуы ғажап емес.

Дін адамға мархаматты, дұрыстықты, әділеттілікті, кісі ақысын жемеуді, адамдарға үнемі жақсылық жасауды және жамандықтан сақтануды бұйырады. Тіпті, хайуандарға да мейіріммен қарап, бұл әлемді құлпыртып, жамандықтарға кедергі болуды, қажет болған жағдайда бұл жолда жанын пида етуді үйретеді. Осылай дүние бейбітшілік пен бақытқа жете алады. Әйтпесе, бұл дүние бүкіл адамдар зардабын тартатындай қасқырлар дастарханына айналуы ғажап емес.

Бүгінде адамзаттың жалғыз табысқа апарар жолы — Ислам ғана. Басқа діндердің үкімдері тоқтаған. Өйткені кейін келгеннің

Ислам және иман қызметінің біздерге дейін жетуі үшін Аллаһ және Оның Елшісі ﷺ, оның ардақты сахабалары және олардың ізінен келген салиқалы нәсіл қалай күш-қайрат жұмсаған болса, біздер де бұл киелі аманатты келешек нәсілдерге дәл сол рухи тебіреністі сақтай отырып жеткізуге міндеттіміз.

барлығы өзінен бұрынғысына қарағанда толық, кемел болатынына шәк жоқ. Сол үшін де Ислам өзінен бұрын өткен шариғаттардың үкімдерін тоқтатқан. Күн шыққан кезде ай мен жұлдыздардың жарығына қажеттілік қалмайтыны және күннің қасында олар көрінбей де қалатыны секілді бүгінгі мұсылман дінінің қасында өзге діндердің үкімі сондай. Олардың әрбірі өз кезінде шырақ болған еді. Күн шыққанға дейін өздерінің айналасын біраз нұрландырып тұрды. Ақиқат күні болып Ислам туған кезде енді оларға қажеттілік қалмады. Күн тұрғанда жұлдыздардың сәулесімен жол табуға тырысу адасушылық болатындығына күмән жоқ. Олай істегендер өз мақсаттарына еш уақытта жете алмайды (Ахмет Хамди Аксеки, Ислам діні, 19-20 б.).

ә) Тіл ұстанымы

Жас мұсылманның өмір түсінігінде маңызды орын алатын негіздердің бірі — тіл білімі болады. Өйткені тіл — дін әкелген ақиқаттың жүректерге жетуіне дәнекер болатын құрал. Адамдар сөзбен ойланады, тілдері арқылы пікір жиектерін кеңейтеді. Сол себепті жас мұсылманның

тіл мен әдебиет мәдениетінен хабары болуы керек, сөзі әсерлі дә өтімді болуы тиіс.

Хақ Тағала бұл жайында былай бұйырады:

«...**Оларға үгіт айт және өздері жайында әсерлі сөз сөйле!»** (Ниса сүресі, 63-аят).

Өкінішке орай, Кеңес өкіметі кезінде Қазақ еліміздің киелі құндылықтары тапталып, тілі мен діліне әсер етуге тырысты. Бірақ қазіргі таңда Аллаһқа сансыз шүкірлік айтамыз. Еліміз тәуелсіздігін алған соң, өз тіліне һәм дініне бет бұрып, қайтадан көркейе бастады. Кейбір жаулардың арамза ниеттері ұзақ жылдар бойы елімізді өз құндылықтарынан, Ислам мәдениетінен алыстатуды көздеді. Сол үшін алдымен елімізді өз тілінен ажыратқысы келді.

"Кез келген қауымды өзгертуді қаласаң, алдымен олардың тілін бұрмала!" — деген шындық бойынша жоспар құрды.

Мынаны ұмытағанымыз жөн болар: Дін мен тіл арасында өте күшті байланыс бар. Дін тілмен ғана

Хазіреті Омар әңгімелейді:

«Ансарлық бір көршіммен бірге Мәдинаның жоғарғы жағындағы Умәйия бин Зәйд ұлдарының ауылында тұратын кезімізде ілім үйрену үшін Расулұллаһтың жанына кезекпен баратынбыз. Мен барған уақытымды сол күні түскен уахи немесе басқа да бір хабар естісем, оны көршіме айтамын, ол барған уақытында ол айтып келетін»

(Бұхари, китабул-ғилм, 27).

“Арыстандар өз тарихын жазбаса, мысықтар жазған тарихқа иланады”

жеткізіледі. Өткен тарихымызға көз салсақ, Аллаһтан келген киелі кітаптар мен бұйрықтар қай кезде болсын тілмен ғана жеткізілген. Құран Кәрімнің ең басты мұғжизалық ерекшелігі де адам тілінен жоғарыда, аса төтенше, керемет баян тәсіліне ие болуы.

Мұсылман тұлға туылғанынан қайтыс болғанына дейін өмірінің кез келген сатысында әрқашан діні мен қасиетті құндылықтары туралы тілге тиек етіледі.

Мұсылман адамдар ішкі жан дүниелеріндегі сенімнің тілмашы ретінде тілдерімен зікір етіп, дұға жасайды.

б) Тарих ұстанымы

Тарих адамзаттың басынан өткен оқиғалардың себеп-салдарын зерттеп, қауымдардың алдын ашатын жарық іспеттес.

Тарих — кез-келген бір елдің жады мен ұлттық тәжірибелер топтамасы.

Тарих — қауымдардың өз тағдырындағы құлдыраулары мен дамуларына, сондай-ақ, сол елдің болашағына жарық түсіретін ерекше құрал.

Сырттай қарағанда, соңғы оқиға тарихи оқиғалардың себебі ретінде бағаланады. Алайда одан бұрын бірте-бірте жиналып келген талай себеп-салдар болғаны анық.

Қайсы бір ел өз тарихын, заттық һәм рухани көсемдерін біліп, танығанда және оларды тиісінше бағалағанда ғана ұлт болып, болашақтың иесі бола алады. Жаңа ұрпақтар өз тарихымызды жақсы біліп, өткенімізден тиісті сабақ ала білсе, онда олардың болашақтарын уайымдамауға да болады.

ИСЛАМДЫ ҮЙРЕНУ

Бәну Тужиб тайпасынан он үш кісілік алқа Мәдина Мунәууара қаласына Расулұллаһпен жүздесуге келеді. Аллаһтың Елшісі r оларды хош көріп, күтіп алғаннан соң, Біләл Хабешиге оларды жақсылап күтуін бұйыра-ды. Бәну Тужиб алқасы:

«Уа, Расулаллаһ! Малымыздағы Аллаһтың ақысын, яғни зекетімізді Сізге алып келдік!», — деді. Аллаһтың Елшісі r :

«...Оларға үгіт айт және өздері жайында әсерлі сөз сөйле!» *(Ниса сүресі, 63-аят).*

“Кез келген бір қауымды өзгертуді қаласаң, алдымен олардың тілін бұрмала!”

«Оларды қайта әкетіп, өздерінің пақыр бауырларына таратыңдар!», — деп бұйырды. Әлгі кісілер:

«Уа, Расулаллаһ! Біз онсыз да пақырларымыздан артылғандарын Сізге алып келген едік», — деді. Хазіреті Әбу Бәкір t :

«О, Аллаһтың Елшісі! Шынында араб тайпаларынан келген алқа топтар арасында мынадай алқа болған емес!», — деді. Ардақты Пайғамбарымыз r :

«Һидаят Аллаһ Тағаланың қолында. Аллаһ қайыр қалаған құлының жүрегін иманға ашады!», — деді.

Бәну Тұжибтен келген алқа Пайғамбарымызға Құран мен Сүннет туралы біраз сұрақтар қойды. Қажетті жауаптар оларға жазбаша түрде әзірленіп, табыс етілді. Осы талпыныстарының себебімен Әлемдердің Мырзасының r оларға деген ыстық ықыласы арта түсті. Алқа бірнеше күн қонақтаған соң, қайтпақ болып, жинала бастаған кезде олардан:

«Неге асықтыңыздар!», — деп сұрағанда:

«Сенімдеріңе сай амал қылмасаңдар, сол амалдарыңа сене бастайсыңдар».

(Хазіреті Омар)

«Жұртта қалған халқымызға оралып, Аллаһтың Елшісінен көргендерімізді, үйренгендерімізді оларға да айтып беруге шыдамсызданып бара жатырмыз!», — деді.

Келіп, қоштасып қолын алған соң, Аллаһтың Елшісі r Біләл Хабешиге оларға сыйлықтар беруін және бұрынғы тайпа алқаларына беріліп жүргеннен артық сый-сияпат берілуін бұйырды (Ибн Сағд, I, 323; Ибн Қайим III, 650-651).

Расулұллаһ r өзіне келген тайпа өкілдерінен Мәдинада бірнеше күн болуларын өтінетін. Олардың Құран Кәрім мен діннің негізін үйреніп, тікелей өз көздерімен орындалуына куә

Осман Империясы сұлтандарының бірі Мехмет Решад сарайдағы өз балаларын тәрбиелеуге мұғалима етіп сайлап, шақыртқан Сафия ханымға ең әуелі мынаны айтқан болатын:

«Намаз оқымағандарға, ораза тұтпағандарға жегізген тұз бен нан харам болсын. Бұл бұйрығымды мұғалима ханым шәкірт ханзадалар мен ханым сұлтандарға жеткізсін!».

(Сафия унувар, сарай естеліктерім, Стамбул 1964, 21 б.)

болып қайтуларын қалайтын. Мысалы, Абдулқайс тайпасының өкілдері алқа болып келген кезде Ансарлық мұсылмандарға оларды қонақ етіп күтіп, сыйсияпат жасауын бұйырған болатын. Сондай-ақ, оларға қажетті діни мағлұматтарды үйретіп, намазға қажетті сүрелерді жаттатуларын ескерткен еді.

"Үш мың жылдық тарихының зерделей алмағандар тек өмір сүрген күнін ғана ойлайды."

Таңертең келген кезінде Пайғамбарымыз олардың хал-жағдайларын сұрап, Ансарлықтардың өздерін күтуіне көңілдері толыптолмағандарын сұрады. Олар өз ризашылықтарын білдірген соң, Аллаһтың Елшісі r олардың дінді одан да жақсы үйренулеріне мүмкіндік жасап, сахабалардың үйлеріне бірден-екіден бөліп берді. Сахабалардың қамқорлығы мен Абдулқайстықтарының үйренуге деген талпыныстарына дән риза болған Хазіреті Пайғамбар r олармен оңаша сөйлесіп, жаттаған фәтихасы мен тахийятын, өзге сүрелер мен сүннет амалдарды жеке өзі тексеріп көрді (Ахмет, III, 402).

Осылай Ислам діні күн өткен сайын бүкіл Арабстанға жайылып жатты. Наср сүресінде айтылғандай, адамдар Исламға ағылып кіре бастады. Мәдина күн

сайын жаңа қонақтарға толып, абыр-сабыр болып жатты. Пайғамбарымыз оларды барынша жылы күтіп алып, сый-сияпатқа бөлеп, бәрінің жағдайына, салттарына қарай сөйлеп, көңілдерін аулайтын. Олардың келген аймағы жайында сұрап, талаптарын орындап, бұйымтайларын тыңдап,

Хазіреті Омарды бір мәжуси найзасымен жаралаған еді. Тоқтамай аққан қанын көп мөлшерде жоғалтты. Бір кезде ол есінен танып қалды. Өлім үстінде жатқаны көрініп тұрды. Бірақ намаз уақыты кіргенде біреу құлағына сыбырлап: «Намаз, ей, Омар, намаз!», деген кезінде Омар ﷺ таң қалдырар жігерлілік танытып, есін жиды да, сол халімен жатып намаз оқып алды. «Намазы жоқтың Исламда орны жоқ!», деуге шамасы келіп қайта сылқ құлады.

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ:

«Һидаят Аллаһ Тағаланың қолында. Аллаһ қайыр қалаған құлының жүрегін иманға ашады!», деді.

сұрақтарына жауап беріп, мәселелерін шешіп, Исламның нұры мен шуағын жүректеріне сіңетіндей түсіндіріп беріп отырды[21].

Ғибадаттар иман ағашын коректендіретін топырақ іспеттес. Ағаш өзіне нәр беріп тұрған топырақтан бөлек тұра алмайтыны секілді, иман да ғибадаттардан бөлек тұра алады деп ойлау мүмкін емес. Сол өмірлік маңызы бар құлшылықтардың ең басында шүбәсіз, намаз тұрады. Сондықтан да құлшылықтардың арасынан ең әуелі намаз парыз етілген.

Осыған ұқсас көптеген риуаяттардан түсінгеніміздей, Расулұллаһ r сахабаларының және үмметінің діни тәлім тұрғысында өте үлкен ізденіс пен талпыныста болуын қалайтын. Бір кісі келіп, жаңадан мұсылман болған кезінде алғашқы мағлұматтарды өзі үйретіп, сосын оны сахабаларының біріне табыстап:

«Бауырларыңа дінін жақсылап түсіндіріңдер, Құран мен Сүннетті үйретіңдер!», — деп бұйыратын.

Ислам әскерлері бір әскермен беттескен кезде алдымен оларға Исламды уағыздайтын. Егер қабылдамаса, бейбіт тарқау ұсынысы жасалатын. Оған да көнбесе, ең соңында соғысуға бел байланатын. Қарсы жақ Исламды қабылдаса, дереу оларға Құран мен Сүннет үйретілетін.

Осы иман толқуын қабылдап өскен сахабалар діндерін үйрену жолына көп нәрселерін пида етіп, ұзақ сапарларға шығып,

21. Крнз.: Нәсаи, умра, 5

жұмыстарын, үйлерін және малдарын тастап кете беретін. Өйткені халалы мен харамы толық белгісіз дінді амалға асыру мүмкін емес. Сондай-ақ, адамның өз өмірінде орындамаған амалдарды басқаларға түсіндіріп, қайырлы нәтиже алуы да мүмкін емес. Сол себепті діннің ең қажетті мәліметтерін үйрену, мұсылманның жасына да, кәрісіне де парыз. Одан кейін үйренген нәрселерін амалға асыру және соның жолында талпыну талап етіледі.



Аллаһтың Елшісі r Мәдинадағы сахабаларына жақыннан көңіл бөлетін. Тіпті, кей жағдайларда олардың өзінен алыстап кетуіне разы болмай, жақын маңда жүрулерін өтінетін. Қажетті мәліметтерді өзінен тікелей көріп үйренулері үшін өзінің қасында намаз оқуларын қалайтын (Ибн Мәжә, Саләт, 44).

Сондықтан басқа аймақтардағы мұсылмандарды мүмкіндігінше Мәдинаға һижрат етіп келуге шақыратын.

Бүгінгі мұсылман жастарға артылатын жауапкершілік — бар мүмкіндігін пайдаланып, дінін жақсылап үйреніп, өміріне енгізу, сондай-ақ өзге адамдарға жеткізу.

Кімде-кім ішіп-жейтін және барып-қайтуына қаржысы болып, Бәйтұллаһқа баруы мүмкін бола тұра қажылығын өтемесе, оның яһуди немесе христиан болып өлуіне ешқандай кедергі жоқ!».

(Термези, хажж, 3)

ИСЛАМДЫ ӨМІРГЕ ЕНГІЗУ

Таифта тұратын Сақиф тайпасының өкілдері алқа болып, Расулұллаһпен келісуге Мәдинаға келген болатын. Расулұллаһ r оларды жүректері жұмсарсын деп, мешітінде қонақ етті[22].

Қонақтар түнде мешітте оқылған Құранды тыңдап, сахабалардың тәһәжжуд намазында оқыған сүрелеріне құлақ тосып, мұсылмандардың бес уақыт намаздарында сапқа тұруын тамашалап жүрді[23].

Біраз күннен соң Сақифтан келген топ намаздан босатылу шартымен иманға келіп, бас июге келісетінін айтады.

Хазіреті Пайғамбар r :

«Рукуғсыз (намазсыз) діннен қайыр жоқ», — деп бұл ұсыныстарын қабылдамады (Әбу Дәуіт, хараж, 25-26/3026).

Сақиф өкілдеріне Исламның парыздары мен үкімдері жақсылап үйретілді. Ғалам Мақтанышы Пайғамбарымыз r Рамазанның қалған бөлігінде ораза тұтуларын

«Сендердің ең қайырлыларың — Құранды үйреніп, сосын оны басқаға үйреткендерің»

(Бұхари, фәдаилул-Құран, 21).

«Тек мына екі адамға құмартуға болады: Біріншісі — Аллаһ өзіне Құран білімін беріп, сол Құранмен күні-түні бірге болып, онымен амал ететін адам. Екіншісі — Аллаһ өзіне дәулет беріп, күні-түні сол дәулетін жақсылыққа инфәқ еткен адам»

(Муслим, мусәфирун, 266, 267).

22. Ахмет, IV, 218
23. Уақиди, III, 965

да оларға бұйырды. Біләл Хабеши олардың сәресі мен ауызашарларын апарып беріп жүрді[24].

Таифтіктер Арабстан жартыаралындағы Исламға ең көп қарсылық білдіріп, ең артынан мұсылмандықты қабылдаған халық болатын. Олар иман келтірген соң, Расулұллаһ r оларға намаз, ораза, зекет сияқты негізгі ғибадаттарды бұйырып, құлшылық жасаудан қашқақтауына мүмкіндік бермеді.

Өйткені ғибадаттар — құлдың әл-мисақта Раббысына берген

24. Уақиди, III, 968

Мәлик бин Һуәйрис ﷺ былай әңгімелейді: Он шақты құрдас жігіттермен бірге Аллаһтың Елшісіне барып жиырма күндей қонақ болдық. Пайғамбарымыз өте мейірімді, жанашыр кісі екен. Жанұямызды сағынғанымызды сезген кезде үйімізде кімдер қалғанын сұрады, біз айтып бердік. Сосын былай деді:

«Жанұяларыңа барып, солардың қастарында болыңдар. Оларға қажетті білімді үйретіңдер, айтатынның бәрін айтыңдар».

Тағы да көп нәрсе айтты, олардың кейбірі әлі күнге есімде, ал кейбірі ұмыт болыпты. Сосын былай деп сөзін жалғады:

«Менен көргендерің секілді намаз оқыңдар! Намаз уақыты келген кезде араларыңнан біреу азан айтсын, ал ең үлкендерің имам болсын!».

(Бұхари, азан, 18)

Сақифтан келген топ намаздан босатылу шартымен иманға келіп, бас ию етуге келісетінін айтады. Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Рукуғсыз (намазсыз) діннен қайыр жоқ», деп бұл ұсыныстарын қабылдамады.

(Әбу Дәуіт, хараж, 25-26/3026)

сөзіне берік екендігін көрсететін опалылық нышаны. Олар муминді Раббысына жақындатып, разылығына бөлейтін ерекше ұшқындары. Сонымен қатар, құлшылық адам баласын өлім және оның арғы бетінің қайғысы мен уайымдарынан азат ете алатын ең пайдалы шипа, жан тыныштығының кепілі. Жүректің есендікпен қауышып, құлдың Раббысына құнды болуы үшін қажетті рухани нәр көзі.

Ғибадаттар иман ағашын қоректендіретін топырақ іспеттес. Ағаш өзіне нәр беріп тұрған топырақтан бөлек тұра алмайтыны секілді, иман да ғибадаттардан бөлек тұра алады деп ойлау мүмкін емес. Сол өмірлік маңызы бар құлшылықтардың ең басында, шүбәсіз, намаз тұрады. Сондықтан құлшылықтардың арасынан ең әуелі намаз парыз етілген. Намаздан кейінгі нәпсімізді аздырғанымен, рухымызды семіртіп, азықтандыратын парыз ғибадат болып ораза келеді. Әбу Үмама t Пайғамбарымызға:

«Маған Аллаһ Тағала мені онымен сыйға бөлейтіндей бір амал өсиет етіңізші!», — деп өтінген болатын. Расулұллаһ r :

«Саған ораза ұстауды насихат етемін, өйткені оған ұқсас басқа ғибадат жоқ», — деді (Нәсәи, сыйям, 43).

Ораза бізге нығметтердің қадірін ұқтырады. Ораза — сабыр, жігер, ерік, сондай-ақ, нәпсіқұмарлықтармен күресу секілді қасиеттерді күшейту арқылы мінез-құлқымызды кемелдендіруге дәнекер болатын үлкен ғибадат.

Исламның қоғамдық тәртібінде кедей мен бай арасында махаббат байланысын құрып, қызғаныш пен көре алмаушылықтарды және сараңдықты күйрету үшін әмір етілген енді бір парыз ғибадат — зекет пен инфақ . Бұл ғибадат бақуатты адамдардың дүниеқұмарлықтан туындайтын түрлі азғындығына шектеу қояды. Мұқтаждар мен байлардың бір-біріне жаман сезімдерде болуына кедергі жасайды. Осылай, қоғам өміріндегі тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Бұл орайда мүлік тек Аллаһтың иелігінде екенін, құлға тек аманат ретінде табысталғанын естен шығармаған абзал.

Ғибадаттар құлдың әл-мисақта Раббысына берген сөзіне берік екендігін көрсететін опалылық нышаны. Олар мүминді Раббысына жақындата түсетін ұлы қауышудың ұшқындары. Сонымен қатар құлшылық адам баласын өлім және оның арғы бетінің қайғысы мен уайымдарынан азат ете алатын ең пайдалы шипа және жан тыныштығының кепілі. Жүректің есендікке қауышып, құлдың Раббысына құны болуы үшін қажетті рухани нәр көзі.

«Әй, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Аллаһты еске алудан тосып қалмасын. Әлдекім бұны істесе, міне, солар зиян тартушылар. Сендердің біріңе өлім келіп: "Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең, мен садақа беріп, ізгілерден болсам", деуден бұрын өздеріңе берген несі-беміздён тиісті орынға жұмсаңдар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны әсте кешік-тірмейді және Аллаһ істегендеріңді толық біледі».

(Мұнәфиқун, 9-11) (Термези, тәфсир, 63/3316)

Бұл ғибадаттарға қоса әрі байлықпен, әрі денемен орындалатын бір құлшылық тағы бар, ол — **қажылық**. Қажылық көңілдердегі иманды кемелдікке жетелейді. Махшардың бір көрінісін осы дүниеде көз алдымызға әкеліп, «**Өлмей тұрып өліп көр**»-дің сырына жетуімізге себеп болады.

Зекет пен қажылық секілді ғибадаттарды назардан тыс қалдырған жандар рухани әрі материалдық тұрғыдан көптеген зиянын шегеді. **Ибн Аббас** t :

«Кімде-кімнің қажылыққа бара алатындай немесе зекет парыз болатындай мөлшерде малы болып, ол ғибадаттарын атқармаса, өлім сәтінде қатты өкінеді. Дүниеге сол үшін қайта келуді армандайды», — деп айтып, артынан мына аяттарды оқыған:

«Әй, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Аллаһты еске алудан тосып қалмасын. Әлдекім бұны істесе, міне, солар зиян тартушылар. Сендердің біріңе өлім келіп: "Раббым! Мені жақын бір мерзімге дейін кешіктірсең, мен садақа беріп,

ізгілерден болсам!", — деуден бұрын өздеріңе берген несібемізден тиісті орынға жұмсаңдар. Қашан біреудің ажалы келсе, Аллаһ оны әсте кештіктірмейді және Аллаһ істегендеріңді толық біледі» (Мұнәфиқун сүресі, 9-11-аяттар) (Термези, тәфсир, 63/3316).

Ғибадаттар тұрғысында барынша мұқият-ты болуымыз керек. Жасалған әр ғибадат-ты Жәннат визасы деп көріп, сондай үлкен толқумен барынша тиянақты орындауымыз қажет.

Жас сахаба ғибадатқа құштар болатын

Пайғамбар тәрбиесін көрген жас сахаба-лар ғибадатқа өте құмар адамдар болатын. Мысалы, отыз жас шамасында Мәдинаға һижрет етіп келген **Абдұллаһ бин Махрама** t қырық бір жасында Ямама соғысына қатысқан кезінде аузы берік болған екен. Соғыс майданында жан тапсырар сәтінде ол Абдұллаһ бин Омардан ауызашар уақыты

Әбу Умама ﷺ *Пайғамбарымызға:*

«Маған Аллаһ Тағала мені онымен сыйға бөлейтіндей бір амал өсиет етіңізші!», деп өтінген болатын. Расулұллаһ ﷺ*:*

«Саған ораза ұстауды насихат етемін, өйткені оған ұқсас басқа ғибадат жоқ», деді (Нәсәи, сыйям, 43).

кіріп-кірмегенін сұрап, сосын аузын ашуға су сұраған. Ибн Омар v суды әкелген кезде ол шейіттік шербетін ішіп үлгерген екен[25].

Он екі жасында Бәйға-түрридуанға қатысқан **Абдұллаһ бин Язид** t өте көп ғибадат етуімен танылған сахаба болатын.

Бала жасынан бастап **Абдұллаһ бин Омар** v Пайғамбар өмірін өзіне өнеге тұтқан кісі еді. Одан не естісе және не көрсе, соны қуба-құп қайталап жүруге тырысатын[26].

Ұхуд соғысына қатысқысы келген кезде Он екі жасар болған Әбу Сағид әл-Худри діннің үкімдерін мұқият орындап жүретін жастардың бірі еді[27].

Әрі байлықпен, әрі денемен орындалатын бір құлшылық тағы бар, ол — қажылық. Қажылық көңілдердегі иманды кемелдікке жетелейді. Махшардың бір көрінісін осы дүниеде көз алдымызға әкеліп, «Өлмей тұрып өліп көр»-дің сырына жетуімізге себеп болады.

Қарым-қатынастар

Адамның діні тек ғибадат-құлшылықтарымен ғана кемелдікке жетпейтінін еш ұмытпау керек. Діннің қоғаммен қарым-қатынасқа байланысты

25. Кемал Сандыкчы, Диянет Ислам Ансиклопедиси, I, 114
26. Исмаил Чакан, Диянет Ислам Ансиклопедиси I, 143
27. Яшар Кандемир, Диянет Ислам Ансиклопедиси, I, 127

айтар сөзі де бар. **Яғни, мұсылман аяғымен басқан әр қадамын, тіпті, алып-шығарған әр тынысы мен көкейінен жалт етіп өткен әр ойын Исламға сай түрде ретке келтіруі тиіс.**

Бүкіл ғибадатымыз бен адамдармен қарым-қатынасымыздан қалаулы ең ұлық нәтиже таза жүрек пен ықыласты пейіл болуы қажет. Егер құлшылығымыздың Хақ алдында қабыл болуын қаласақ, амалдарымызды ықыласпен, ыстық пейілмен атқаруымыз керек. Тек сонда ғана амалдарымыз салиқалы

Мұхаммед Париса Хазіреті қажылыққа кетіп бара жатқанда Бағдад қаласына соғып, сол жерде жүзі нұр реңді, жас зергер жігітке жолығады. Жас жігіттің бірнеше алушымен бір уақытта жұмыс жасап тұрғанын көріп, тым дүниелік шұғылға беріліп кеткен екен деп ойлап қалады. Ішінен:

«Обал-ай! Дәл ең жақсы құлшылық ете алатын жасында тіршілік күйбеңімен әлек болып кетіпті», деп ойлайды. Бірақ мұрақаба жасап, ол жас жігіттің қолы алтын алып, сатып тұрса да, жүрегі Аллаһ деп соғып тұрғандығына таңырқай куә болады. Енді ол балаға қарап:

«Машаллаһ! "Қол шаруада, көңіл Аллаһда", деген осы екен ғой», деп, іштей алғысын айтады.

Демек, дүние істерімен айналысып жүрген кездерде де ғибадатты және Хақ Тағаламен көңіл бірлігін ақсатпау өте маңызды екен.

деген сипатқа ие болып, мәңгілік әлемдегі бақыт азығымыз бола алады..

АЛЛАҺҚА МАХАББАТ

Махаббат — адам жаратылысындағы ең күшті бейімділіктердің біреуі. Сол себепті адам міндетті түрде белгілі бір жағдайда ғашық болады. Махаббат биіктерден төмен сарқыған сарқырамадай өзіне міндетті түрде бір арна тауып, сонымен ағуын жалғастырады. Бірақ ең маңыздысы — оның ең лайықты және ең пайдалы бағытқа қарай ағуы.

«Барлық нәрсенің жанының жаны Аллаһ екен. Олай болса, жанның жанынан айрылып қалудан қорық! Оның әмірлеріне бағын!».

(Хазіреті Мәуләнә)

Ал егер теріс арнаға түсіп ағатын болса, өзінің сафтығын жоғалтып, бұлыңғырлана бастайды. Ақыры сазға барып құйып, жоқ болып кетеді. Онымен қоймай, теріс арнаға түскен махаббат өз иесіне үлкен кедергілер алып келеді.

Сондықтан адам баласы өз тұла бойына жаратылыс ерекшелігі болып орнықтырылған сүю құдіретін тек Аллаһ Тағалаға бағыттаған кезінде ғана махаббаттың кемеліне жете алады. Өйткені шынайы махаббатқа лайықты әрі махаббат бұлақтарының барлығының қайнар

көзі саналатын — жалғыз ғана Аллаһ Тағала. Себебі:

— Барлық нәрсеге бар болуды сыйлаған, жандыларға ризықтарын үлестіретін және оларды қорғап-қоршап, сақтап жүретін — Ол.

— Ол құлдарын қатты жақсы көреді. Адамзаттың атасы Хазіреті Адамды Жәннатта ең көркем бейнеде және барынша мән-маңыз бере отырып жаратты. Әрі Ол құлдарының қайтадан Жәннатқа кіруін қалайды. Махаббаттың өтеуі болса, тек махаббат ғана (Қрңз.: Мәидә сүресі, 54-аят).

— Дүние мен ақыреттің жалғыз Билеушісі — Ол.

— Адам ең соңында Аллаһ Тағаланың алдына барады да Одан өзге паналап, жүгінетін жәрдемші таба алмайды. Әлемдердің Раббысы Аллаһ қандай жақсы Пана және қандай мықты Қамқоршы.

— Осыншама тіршілік иелері арасында бізді адам етіп жаратып, ең сүйікті Пайғамбарының үмметі қылып, ең кемел кітабы Құран Кәрімді сыйлаған — Ол. Бұл нығметтердің бәрінің ұлылығын ойлайтын

Махаббат — рухани көктеудің бастауы. Ол — негізінде, барлық нәрсенің бастауы. Жүрек тек шынайы махаббатты татқаннан кейін рухани алға басып, әсемдіктерін сыртқа жая бастайды.

«Кім менің жақын құлыма дұшпандық ететін болса, Мен оған соғыс жариялаймын. Құлым өзіне парыз етілген амалдардан артық ештеңемен Маған жақын бола алмайды. Құлым Маған (парыздарға қосымша істеген) нәпіл ғибадаттармен одан әрі жақындай түседі. Соңында Мен оны жақсы көремін. Ал құлымды сүйетін болсам, бейне бір оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы, ойлайтын жүрегі мен сөйлейтін тілі боламын. Менен не сұраса, оны бұлжытпай беремін. Маған жүгінсе, оны қорғаймын»

(Бұхари, риқақ, 38).

болсақ, Жаратушы Иемізге деген шүкіршілік қарызымыздың соңсыздығын жақсы түсінеміз.

Көріп отырғанымыздай, адам дүниеде де, ақыретте де бақытты болуы үшін Аллаһ Тағалаға шексіз махаббатымен бет бұруы тиіс.

Расулұллаһ r Хазіреті Дәуіттің мына бір дұғасын тілінен еш тастамайтын:

«Уа, Раббым! Сенен махаббатыңды, Сені сүйгендердің махаббатын және Сенің махаббатыңа жеткізетін салиқалы амалдар істетуің-ді сұраймын. Уа, Аллаһ! Сенің махаббатыңды маған өзімнен, жанұямнан, малымнан және суық судан да артық сүйікті қыл!» (Термези, Дәауат, 72/3490).

Махаббат — рухани көктеудің бастауы. Ол негізінде, барлық нәрсенің бастауы. Жүрек тек шынайы махаббатты татқаннан кейін рухани алға басып, әсемдіктерін сыртқа жая бастайды.

Пайғамбарымыздың уағыздауы мен дағуаты адамдарды, ең алдымен, Аллаһты сүюге шақырады. Өйткені кәміл мағынадағы иманға жету үшін махаббат керек. Құран Кәрімдегі мына аятты Хасан Басри мен Қатада былай тәфсірлейді:

قُل لَّا أَسْأَلُكُمْ عَلَيْهِ أَجْراً إِلَّا الْمَوَدَّةَ فِي الْقُرْبَى

«Айт: Мен сендерден ешқандай төлем сұрамаймын. Тек Аллаһты сүйіп, әмірлеріне бойұсына отырып, Оған жақындауларыңды ғана сұраймын» (Шура сүресі, 23-аят); (Құртұби, тәфсир, XVI, 22).

Бұл тәфсірдің дұрыстығын мына хадис шәриф қуаттай түседі:

«Мен Пайғамбар ретінде сендерге жеткізген ап-айқын дәлелдер мен һидаят ақысына сендерден ешқандай өтеу сұрамаймын. Тек Аллаһ Тағаланы сүюлеріңді және әмірлеріне бас ие отырып, Оған жақындауға тырысуларыңды сұраймын» (Ахмет, I, 268).

Әр көлденеңінен алға тартылған мәселе өзінің дәлелденуін қажет етеді. Дәлелдене алмаған жағдайда ол құрғақ сөз болудан

«Сауда-саттық істері өздерін Аллаһты еске алудан, намаз өтеуден зекет беруден тоспайтын кейбір адамдар бар. Олар жүрек тулап, көз алаятын күннен (қиямет күнінен) қорқады» *(Нұр, 37).*

ары аса алмай қалады. Ал Аллаһты сүюдің дәлелі мен белгісі — Оның парыз қылған құлшылық мөлшерін үлкен хұшуғ сезімімен орындау. Одан кейін шын көңілімізден сүйсіне һәм құлшына отырып, нәпілдер мен қосымша қайыр амалдарымызды арттыруымыз қажет.

Құлды Аллаһтың махаббат дариясына апаратын жалғыз мейірім мен махаббат бұлағы — Хазіреті Пайғамбар ﷺ.

Аллаһ Тағаланы сүйетін құлдар Оны ешқашан естерінен шығара алмайды. Өйткені сүйген жандар сүйіктелірін еш уақытта ұмытпайды, ауыздарынан тастамайды.

Аллаһтың Расулы r былай дейді:

«*Аллаһты сүюдің белгісі — Аллаһты зікір етуді сүю*» (Суюти, II, 52).

Негізінде, құл үшін Ұлы Раббысын зікір ету — ең маңызды шұғылданатын шаруасы. Оның Раббысын зікір етуіне ешқандай жағдай бөгет болмауы тиіс. Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«Әй, мүминдер! Сендерді малдарың, балаларың Аллаһты еске алудан тосып қалмасын. Әлдекім мұны істесе, міне, солар, зиян тартушылар» (Мұнафиқун сүресі, 9-аят).

Сүйген адам сүйіктісінің жолына барлық нәрсесін пида ете алады. **Молла Жәми Хазіретінің** айтып берген мына оқиғасы өте ғибратты:

Ұстазымыз **Мәуләнә Сағдәддин Қашғаридің** сұхбат алқасында бір жас жігіт бар еді. Бұл жас жігіт риязат пен қылует және ғашықтық мәселесінде озықтардың бірі болатын. Бірде ол фәни сұлуға ғашық болып қалған екен. Сөйтіп, көңіл әлеміне жиған баға жетпес қазынасын бір сәтте сол сұлуға қарай бұрып жібереді.

Алтын мен інжу-маржандармен безенген бір сыйлық алып, сол сұлу өтетін жолға қойып, әрі басқасы алып кетпесін деп, өзі жолдың шетіне жасырынып, қарап тұрады. Ол өзінше сүйіктісі сол жерден өтіп, сыйлықты көріп алады деп ойлайды. Ақыры сүйіктісі сол жолдан өтіп, әлгі жігіт жоспарлағандай сыйлықты көріп алады. Бірақ кімнен және қалай келгенін білмей қалады.



Мен жағдайды естігенімде әлгі жігітке былай дедім:

«Айт: "Егер Аллаһты сүйген болсаңдар, маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді де сүйіп, күнәларыңды кешеді..."»

(Әлу Имран, 31).

Шүбәсіз, мүмин Расулуллаh ﷺ деген кезде рухани үрпиіп, жақсы сезімдердің уәждіне батып, истиғраққа бөленген кезде, рухын нәпсіге тиісті ерекшеліктерден арындырған кезінде Онымен, яғни Жаhан мақтанышы Пайғамбарымызбен бір бүтін болу, Оның халі мен махаббатынан үлес алу жолында болғаны.

«Мына ісің қызық екен! Қаншама қиындықпен тапқан сол сыйлықты оның жолына тастайсың!». Ол оны көріп, тауып алғанның өзінде кімнен және не үшін екенін біле алмайды ғой! Ең болмаса, сенен екендігін білдіретін бір нәрсе ойластырмайсың ба?!».

Жас жігіт көз жасын сығып былай деді:

«Сен не деп тұрсың! Істеген ісімнің қисынсыз екенін білмейді дейсің бе? Мен бұл сыйлығыма ешқандай алғыс күтпеймін ғой. Сыйлығым үшін ол маған өзін қарыздар сезініп қалуын қаламаймын!».



Бұл жауапты естіп, менің денемді әлдебір діріл аралап өткенін сезіндім. Бір фәниге деген махаббат осыншалықты тереңдік, жіңішкелік, нәзіктік пен кіршіксіз пейіл тудырып отырса, Аллаh Тағалаға сезінген шынайы махаббат қандай керемет ұлылық тудыруы мүмкін екенін кім біледі.

Сонымен қатар, адамның бірден Аллаhтың махаббатына жете салуы оңай шаруа емес.

Мұның жолы Аллаһтың сүйетіндерін сүйіп, сүймейтіндерінен жиренуден өтеді. Яғни лайықтыны сүю, лайықсыздан жирену арқылы болады.

Аллаһтың сүймейтіндерінен жиреніп, алыстау — Аллаһтың махаббатына жеткізетін ең алғашқы баспалдақ. Екіншісі — дін бауырын сүю, үшіншісі — Аллаһтың достарын сүю. Төртіншісі — Пайғамбарымызды r сүю.

Адам баласы сопылық тәрбиемен яғни, рухани тәліммен кемелдену арқылы бұл сатыларды асып өткеннен кейін ғана шын мәніндегі иләһи махаббат дариясына шомыла алады.

Құлды Аллаһтың махаббат дариясына апаратын жалғыз мейірім мен махаббат бұлағы — Хазіреті Пайғамбар r .

Адамдар ең жоғарғы құндылықты өз махаббаттарының жолына өтейді. Өйткені сүйіктісі үшін махаббатының мөлшерінше пидагершілік жасайды. Ғашықтық кемеліне толғанда пида және оның нәтижесінің сорына төзім өз шыңына жетеді. Ондай халде сордың өзі бақыт болып көрінеді. Сондықтан да ардақты сахабалар өмір бойы Пайғамбарымыздың түймедей қалауына да «Әке-шешем, малым мен жаным саған пида болсын, уа, Расулаллаһ», деп жүгірген.

Аллаһтың Елшісінің жас сахабаларының бірі Халид бин Сағид ﷺ бір түнде түсінде үлкен от шұңқырының жиегінде тұрғанын және әкесінің оны сол отқа түсірмек болып, итермелеп жатқанын көреді. Дәл құлауға таяған сәтінде Расулуллаһ оны белінен ұстап, құтқарып қалады. Үрейлене оянған Халид ﷺ өз-өзіне:

«Аллаһқа ант етейін, бұл шын түс» дейді де, Хазіреті Әбу Бәкірдің жөн сілтеуімен Пайғамбарымыздың алдына барып, мұсылмандықты қабылдайды.

Әкесі Халидтің мұсылман болғанын естіген кезде оған көп жапа шектірді. Халид Хабешістанға һижрат еткенге дейін Аллаһтың Елшісінің қасынан бір сәтке ажырамады

(Хаким, III, 277-280).

ПАЙҒАМБАРҒА МАХАББАТ

Аллаһ Тағала өз махаббаты мен мағфиратын Сүйікті де ардақты Пайғамбарына бас ию жолына байланыстырып қойған[28].

Ал Пайғамбарымызға шынайы түрде бас ию үшін Оны бәрінен де артық сүюіміз керек. Өйткені сүйген адам сүйіктісін қашан да өнеге тұтып, ісінде еліктейді. Бұған қоса Расулұллаһты сүюіне адамның көптеген себебі бар. Мысалы:

— Аллаһтың Елшісі r адамдар мен жындарға иман мен Исламды үйретіп, ақыреттегі соңсыз азаптан құтылуларына негіз болған.

— Ол үмметіне тура жолды көрсету үшін ешбір пенде төзе алмаған қиындықтар мен азаптарға төзді.

— Ол бізге, яғни мүминдерге шексіз, шекарасыз мейірім мен рақым шуағын төгіп кетті. Үмметіне тым жанашыр бола білді.

28. Крңз: Әлу Имран, 31

Тіпті, үмметінің қандай бір қиындыққа ұшырауы Оған өте ауыр тиеді[29].

— Құлшылық тұрғысында да — үлгі-өнеге боларлық айырықша тұлға.

— Бүкіл адамзатқа, тіпті, ғаламдағы барлық жаратылғандарға рақым мен һидаяттың бұлағы болып аққан. Ол жайында Раббымыз былай дейді:

«Біз сені әлемдерге тек мейірім шуағы ретінде ғана жібердік» (Әнбия сүресі, 107-аят).

Хазіреті Мәуләнә өмір бойы адамның ойына да кіріп шықпайтын азап жолымен жүріп өтіп, рухани және материалдық пұттарды жермен жексен еткен Расулұллаһқа қаншалықты қарыздар екенімізді былай жеткізуге тырысады:

«*Ей, бүгін мұсылман болып жүрген адам! Егер Хазіреті Ахметтің* r *күш-қайраты мен пұттарды қирату жолындағы күресі болмағанда, сен де аталарың секілді пұттарға табынып жүрген болар едің*».

29. Крңз.: Тәубе, 128

Ұхуд, Мәдинатүн Мүнәууәра

Аллаһ Расулы ﷺ:

«Жындар мен адамдардың арасындағы Аллаһқа бас көтергендерден басқа жер мен көктегінің барлығы менің Аллаһтың Расулы екендігімді біледі»

(Ахмад бин Ханбәл, Муснәд III, 310)

Оны Ұхуд таныды, құрма шөркесі танып, қасіретінен егіліп жылады. Жан-жануардың өзі одан пана тауып, дерттерін ашты.. Әбу Жәһіл мен сол іспеттес адамдар кеше де, бүгін де Оны тани алмай келеді...

«(Ей, Пайғамбарым!): "**Егер, Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда ғана Аллаһ сендерді сүйеді де барлық күнәларыңды кешіреді. Аллаһ — Ғафур-дүр** (асқан кешірімшіл)**, Рахим-дүр** (ерекше мейірімді)**» деп айт!**» (Әлу Имран сүресі, 31-аят).

Ғасырларға жарық беріп тұрған һидаят жолбасшысының жас ізбасарларының бірі **Жағфар Тайяр Хазіреті** болатын. Бұл сахаба он жеті жасында Хабешістан Нәжәшиінің алдында сөйлеген кезінде Пайғамбарымыз адамзатқа сый еткен мәңгілік құндылықтарды былай тізбектеген болатын:

— Осыдан аз ғана уақыт бұрын надандықта өмір сүрген халық едік. Тастан, ағаштан жасалған пұттарды тәңір деп атап, соларға табынатынбыз. Өлексе хайуандардың етін жеп, арсыздықтың түр-түрін істейтінбіз. Туыстық қатынастарға мән бермей, арамыздағы байланысты үзетінбіз. Көрші ақысын білмейтін, оларға неше түрлі

Мәуләнә Хазіреті өмір бойы адамның ойына да кіріп шықпайтын азап жолымен жүріп өтіп, рухани және материалдық пұттарды жермен жексен еткен Расулуллаһқа қаншалықты қарыздар екендігімізді былай жеткізеді: «Ей, бүгін мұсылман болып жүрген адам! Егер Хазіреті Ахметтің күш-қайраты мен пұттарды қирату жолындағы күресі болмағанда, сен де аталарың секілді пұттарға табынып жүрген болар едің».

жамандықты істей беретін едік. Арамыздағы күштілер әлсіздерді езіп-жаншитын.

Біз осылай тіршілік етіп жүргенде Аллаһ өз арамыздан тегі мен ар-намысы таза бір адамды пайғамбар етіп жіберді. Ол бізді Аллаһтың біреу ғана екендігіне сенім келтіруге шақырды. Тек қана Соған ғибадат етіп, біздің және аталарымыздың бұрын табынған тастары мен пұттарын қоюға шақырды. Бізге үнемі әділдікті қолдауымыз керек екендігін, аманатқа сенімді қарауды, туыстарымызбен байланыстарымызды күшейтіп, туыс ақысын беруді, көршілерімізбен жақсы тұрып, харамдардан және қан төгуден тыйылуды бұйырды. Бізді арсыздықтан, жаман және жалған сөзден, жетімнің малын жеуден және бейкүнә әйелдерге жала жабудан тыйды. Бізге тек Аллаһқа ғана құлшылық жасап, Оған ештеңені ортақ қоспауымызды бұйырды.

Шүбәсіз, мүмин Расулуллаһ r бұйырған кезде рухани үрпиіп, жақсы сезімдерге батып, нұрға қарық болған кезде, рухын нәпсіге тиісті ерекшеліктерден арылтып, Онымен яғни, Жаһан мақтанышы Пайғамбарымызбен бір бүтін болуы — Оның халі мен махаббатынан үлес алу жолында болғаны.

«Сендерге өз араларыңнан сондай ардақты бір пайғамбар келді, сендердің қайғыларыңа қиналады, сендерге мейірі ауғыш, мүминдерге өте рақымды әрі жұмсақ».

(Тәубе, 128)

Худәйбия келіссөзінде Меккеліктердің елшісі болып келген Уруә бин Мәсғуд сахабаларды көзімен сүзіп тұрған еді. Қайта оралған кезінде Меккеліктерге көргендерін былай әңгімеледі:

«Ей, халайық, құлақтарыңды бері түріңдер! Аллаһқа ант етейін, мен талай патшаның алдына елші болып кіргенмін. Кисраның, Қайсардың, Нәжәшидің қабылдауында болдым. Бірақ мұсылмандардың Мұхаммедке көрсеткен жоғары құрметі мен сыйластығын ешбірінде көрмегенмін. Бір нәрсе бұйырса, бәрі бірге жүгіреді. Дәрет алса, дәрет суынан алып қалу үшін бір-бірімен жарысады. Бір нәрсе сөйлеген кезде дереу бәрі тыныштала қалады. Оған деген құрметтерінің себебінен бетіне тесіліп қарамайды, бастарын иіп тұрады. Басынан бір тал шаш құласа да, оны алып сақтап қояды. Ол кісі сендерге ақылға қонымды ұсыныс жасайды, оны қабылдаңдар!» *(Қрңз: Бұхари, шурут 15; IV, 323-324).*

Дәл осы ақиқатты қаншама мұсылман емес білім адамдары да мойындауға мәжбүр болған. Солардың бірі батыс жазушысы Томас Карлайл былай дейді:

«Басында тәжі болған ешбір император өз қолымен жамаған шапанын киген Хазіреті Мұхаммедтей құрмет көрмеген».

Біз Оны растап, қоштадық. Оған сеніп, бізге әкелген мәселелерде Оның ізіне ердік. Тек Аллаһқа құлшылық еттік, Оған ештеңені ортақ қоспадық. Бізге харам қылған барлық нәрсесін харам деп біліп, халал еткендерін халал көрдік.

Сол үшін халқымыз бізге дұшпандық қылды. Аллаһқа ғибадаттан қайтып, пұттарға табынуға оралуымыз үшін, бұрынғы адамгершілікті қаралайтын жаман амалдарымызды қайта бастауымыз үшін, бізге істемегенді істеп, қорлық көрсетті. Дініміз тұрғысында арамызға іріткі салуға тырысты. Бізді жаншып, зұлымдықтарын арттыра түскен кезінде, шыдамымыз сарқылған шақта және ең бастысы, **дінімізді еркін орындай алмайтын халге келген кезімізде** сенің аймағыңа келдік. Патшалардың арасынан сені таңдадық. Сенің қасыңда болуды қаладық. Сенің қасыңда бізге зұлымдық жасалмайтынына үміттендік, ей, мәртебелі патша!...» (Ахмет, I, 202-203, V, 290-291; VI, 25-27; I, 358-359).

Абдұллаһ бин Хишамнан t жеткен мына бір риуаят Расулұллаһқа r деген махаббаттың қандай мөлшерде, қандай дәрежеде болуы керектігін көрсетуі

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Өмір сүргенім сендер үшін қайырлы. Сендер менімен сөйлесесіңдер, мен де сендермен тілдесемін. Қайтыс болуым да сендер үшін қайырлы. Амалдарың маған көрсетіледі, қайырлы амалдарыңды көргенімде ол үшін Аллаһқа хамд айтамын. Ал жаман амалдарыңды көргенімде сендер үшін Аллаһтан мағфират/кешірім тілеймін»

(Һәйсәми, IX,24).

Османлықтар салдырған Мәдина пойыз вокзалы

түрғысынан өте терең мағынаға ие:

«Бір күні Расулұллаһпен r бірге отырғанбыз. Расулұллаһ r сол жердегілердің арасынан Хазіреті Омардың қолын өз қолымен ұстап отырған болатын. Сол арада Омар t :

«Уа, Расулаллаһ! Сен маған жанымнан өзге барлық нәрседен қымбатсың, артықсың!», — деп Расулұллаһқа сүйіспеншілігін білдірді. Оның бұл сөзіне Расулұллаһ r :

«*Жоқ, болмайды, мен саған жаныңнан да сүйікті болуым қажет!*», — деп бұйырды.

Хазіреті Омар t дереу сол жерде:

«Олай болса, Сені жанымнан да артық жақсы көрдім, уа, Расулаллаһ!», — деді. Бұған Расулұллаһ r :

«*Ее! Міне, енді дұрыс болды*», — деді (Бұхари, Әймән, 3).

Пайғамбар махаббатын үнемі жүрегінде ұстайтын жас мұсылманды Аллаһ Тағала дүниелік көптеген жамандықтан

Дүние мұсылмандарының Харам мешіттеріне оңай барып-қайтулары үшін Хижаз теміржолы құрылысын жасатқан II-Абдулхамит хан пойыз жолының бекеттерін сүннетке сай болуы үшін арнайы Пайғамбарымыз сапарларында қонақтаған жерлерге салдырған екен. Осылай темір жолының өзін махаббат ағысымен Мәдинаға ұластырған.

Бір күні имам мешіт мінбесінде ахіреттің жағдайы туралы айтады. Сол жамағаттың арасында Шәйх Шібли Хазіреті де бар екен.

Имам Аллаһ Тағаланың ахіретте сұрайтын сұрақтары жайында айта келе:

«Біліміңді қайда қолдандың?, деп сұралады. Малың мен мүлкіңді қалай тауып, қай жаққа жұмсадың?, деп сұралады. Өміріңді қалай өткіздің?, деп сұралады. Құлшылықты қалай жасадың?, деп сұралады. Харам мен халалға мұқият болдың ба?, деп сұралады... олардың артынан мына, мына сұрақтар да сұралады, деп ұзағынан айтып береді.

Имамды тыңдап отырған Шібли Хазіреті жұмсақ дауыспен былай деп сөз қосты:

«О, тақсыр! Сұрақтардың ішіндегі ең маңыздыларының бірін айтуды ұмытып кеттің. Аллаһ Тағала қысқаша мынаны сұрайды:

«Ей, құлым! Мен сенімен бірге едім. Саған күре тамырыңнан да жақын едім. Ал сен кіммен бірге болдың?!».

сақтайды. Ақыретте де Расулына деген махаббатқа толы жүректі Жәһаннам азабынан азат етеді. Аятта былай делінеді:

«Алайда, Сен олардың арасында тұрғанда (ей, Расулым!), **Аллаһ оларды азаптамайды. Олар кешірім тілеп тұрғанда да Аллаһ оларды азапқа салмайды»** (Әнфәл сүресі, 33-аят).

Ардақты сахабалардың махаббаты

Ардақты сахабалар Пайғамбарымызды жандарынан артық сүйетін. Оған r сөйлейтін кездерінде **«Әке-шешем, жаным саған пида болсын, уа, Расулаллаһ!», —** дейтін. Оның аяғына бір тікен батқанша, өз жандарын пида ете салғанды артық көретін.

Мүшріктерге тұтқынға түскен Хазіреті **Зәйд** бин Дәсинә мен **Хұбәйб** V Мекке мүшріктерінің қолынан шейіт етілді. Шейіт етілер кезінде оларға:

«Сен құтылып, орныңда Пайғамбарың болғанын қалар ма едің?», — деген ұсыныс жасалды. Екеуі де осы қисынсыз сұрақты сұраған мүшріктің

«Алайда, Сен олардың арасында тұрғанда (ей, Расулым!), Аллаһ оларды азаптамайды. Олар кешірім тілеп тұрғанда да Аллаһ оларды азапқа салмайды»

(Әнфәл, 33).

аянышты күйіне қадала қарап:

«Мен бала-шағамның қасында болып, Расулұллаһ менің орнымда болуын қалау былай тұрсын, өзімді құтқару үшін Оның тұрған жерінде аяғына бір тікенек батуына да көңілім әсте разы бола алмайды» — деп жауап берді. Бұл таңқаларлық махаббат көрінісіне куә болған Әбу Сүфиян тілі күрмеліп:

«**Таң қаламын. Мен бұл дүниеде Мұхаммедтің достары Оны сүйгеніндей, көсемдерін сүйген осындай адамдарды көрген емеспін**», деді (Уақиди, I, 360; Ибн Сағд II, 56).

Әбу Талха t садағын мығым тартатын садақшылардың бірі еді. Ұхуд күні иман тебіренісімен оқ атқан кездерінде қолында екі-үш садақ сынған болатын. Аллаһ Расулы r жебе сауытын ұстап, қасынан өткендердің бәріне «*Жебелеріңді Әбу Талханың қасына төгіп кет!*» — деп бұйырды. Пайғамбарымыз оның иығының үстінен мүшрік әскерге бір көз салу үшін басын қылтитқан сайын Әбу Талха оған:

«Әке-шешем сізге пида болсын уа, Аллаһтың Расулы! Басыңызды көтермеңіз! Мүшрік



«Әй, мүминдер! Сендерді өздеріңе тіршілік беретін нәрсеге (дінге) шақырған кезде, Аллаһтың әрі Елшісінің тілін алыңдар. Және де Аллаһтың, адам мен оның жүрегінің арасына дейін килігетінін біліңдер. Әрі шәксіз Аллаһтың алдына жиналасыңдар».

(Әнфәл, 24)

оқтарының бірі тиіп кетіп жүрер. Менің кеудем сіздің кеудеңізге қалқан болсын. Сізге тигенше оқ маған тисін!», — деп жатты (Бұхари, Мағази, 18).

Пайғамбарымыз r Ұхуд шайқасының соңында өзінің жақын тұтқан сахабаларының бірі **Сағд бин Рабиғ**дің жағдайын сұрастырды. Асхабының бірін оны іздеуге жіберіп еді, ол қанша көзін сүзсе де, оны таба алмай ұзақ қарады. Ақыры, кері оралмақ болып оқталып, соңғы бір үмітпен:

«Ей, Сағд! Мені Расулұллаһ жіберді. Ол сенің тірі не шейіт болғаныңды біліп қайтуымды бұйырды!», — деп дауыстады. Сол сәтте өмірінің соңғы сәттерінде, жауап қатуға дәрмені қалмаған Сағд t өзін Расулұллаһ іздеп жатқанын естігенде бар күшін жинап:

Сафия бинт Шәйбадан риуаят етілгені бойынша, орануға байланысты аяттар түскен кезде еркектер үйлеріне барып әйелдеріне, қыздарына, қарындастарына және бүкіл туысқандарына осы аятты оқып берді. Сөйтіп, бүкіл әйелдер ең бағалы киімдерін пида етіп, одан бастарына орамал жасап, бастан аяғына дейін жақсылап жауып киініп шықты. Осылай Аллаһ Тағаланың түсірген үкімдерін дереу мойындап, шын көңілден сенетіндіктерін көрсетті. Таң намазында Аллаһтың Елшісінің артында бастан-аяқ жабық киіммен сапқа тұрды.

(Ибн Кәсир, тәфсир, (Нұр, 31))

«Мен енді өлілер арасындамын!», — деп айтуға ғана шамасы келді. Дереу Сағдтың қасына жүгіріп барған сахаба денесі қылышпен тілім-тілім кескіленген күйде тауып алды. Сағд сыбырлаған дауыспен мына соңғы сөздерін айтып үлгерді:

«Уаллаһи, кірпіктерің қимылдап тұрғанда, Расулұллаһты r дұшпандарынан қорғай алмай, басына бір іс түсуіне жол берсеңдер, Аллаһтың алдында айтатын еш сылтауларың болмайды!» (Муатта, жиһад, 41; Хаким, III, 221/4906; Ибн Хишам, III 47).

Пайғамбарымыздың сүйгенін сүю сахабалар үшін ең

Сусыз қалсам, күйіп тұрған шөлдерде жан берсем, қайғы шекпеймін.
Жанартаулар жанады көкірегімде, дарияларда тұрсам да сөнбеймін.
Алаулар жауса аспаннан, оларды ұстасам да сезбеймін.
Жамалыңмен жұбатшы мені, күйіп тұрмын уа, Расулаллаһ!
Қандай бақыт саған деген махаббаттан көз жұмып, жолыңда жан беру!
Нәсіп болмай ма Сұлтаным! Үйіңнің табалдырығында жан беру?
Жұмыларда көздерім жеңіл болар, ах-ыңнан жан беру.
Жамалыңмен жұбатшы мені, күйіп тұрмын уа, Расулаллаһһ!

(Яман Деде)

жағымды іс болатын. Өйткені сүюдің ең айқын белгісі — сүйіктіңмен бір бүтін болып, ол сүйетін нәрсенің бәрін сүю.

Хазіреті Әнәс t әңгімелейді:

«Бір тігінші Расулұллаһты r тамақ әзірлеп үйіне шақырды. Мен де ілесе бардым. (Үй иесі дастарханға) арпа наны, асқабағы бар сорпа және кептірілген сүр ет алып келді. Мен Пайғамбарымыздың r сорпадағы қабақтарды теріп жегенін көзім шалды. Сол күннен бері қабақты жақсы көріп кеттім» (Бұхари, әт'има, 33, Буюғ 30; Мүслим, әшрибә 144; Муатта, неке 51).

Расул Әкрәм дүниеден озған күні сахабаның жан күйі қайғыдан еріп, еріген сары майдай болған еді. Ол күні Аллаһ Расулынан айырылу қасіретінен көңілдер отсыз өртеніп, есінен танғандардай қайғыдан теңселіп қалған болатын. Хазіреті Омар t бір сәтке есін жоғалтып, Хазіреті Әбу Бәкір t оны және қайғыдан өз-өзін ұстай алмай кеткен өзге де сахабаларды жұбатудың қиындығын арқалады. Өйткені онсыз бір күн кешуге шыдай алмайтын ғашық көңілдер енді бұл

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың және Елшісінің алдына шықпаңдар. Аллаһтан қорқыңдар. Шүбәсіз, Аллаһ Естуші, Білуші!».

(Хұжурат, 1)

«Ақылыңды Хазіреті Мұстафаның жолында құрбан ет!..»

(Хазіреті Мәуләнә)

фәни дүниеде Оны еш көрмейтін еді. Міне, осы қасіретке шыдай алмаған Абдұллаһ бин Зәйд t қолын жайып, Аллаһ Тағалаға қайғылы дауыспен жалбарына:

«**Я, Рабби! Енді менің көздерімді көр қылшы! Мен бәрінен артық жақсы көретін Пайғамбарымнан кейін дүниеде ештеңе көрмей-ақ қояйын!..**»,— деп, шын көңілден көз жасын төгіп дұға қылғаны сол-ақ екен сол мезетте көздері соқыр болып қалды (Куртуби, әл-жәми, Бейрут, 1985, V, 271).



Ибн Мина әңгімелейді:

Үстіме жұқа киім киініп, қабірстанға бардым. Күн кенет суытып кетіп, дереу бір қабірдің ығына паналадым. Сол жерде жеңіл-желпі екі рәкәат намаз оқып, қабірдің үстіне жантайып жаттым. Уаллаһи, ояу жатып қабірден мынадай бір дауыс естідім:

«Қабірімнің үстінен тұр! Сендер амал жасай аласыңдар, бірақ қабірлердегі ахуалды білмейсіңдер. Біз дүние ғұмырын бітіріп, қабір әлеміндегі өміріміздеміз. Барлық нәрсенің ақиқатын түсіндік. Дүниеде салиқалы амалдар жасаудың қандай бағалы іс екендігін жақсы түсіндік. Бірақ біздің амал жасауға мүмкіншілігіміз қалған жоқ. Уаллаһи, мына сенің оқыған екі рәкәат намазыңды мен оқи алғанымда, бұл менің үшін дүниеден және оның ішіндегілерден артық және бағалы болар еді»

(Байхаки, дәләил VII, 40-41).

«Кімде-кім ісін бастарда соңын көріп тұрса, табысқа жетіп, бақытты, болады. Ондай жандар іске одан да бекем жармасады, көбірек егіп, молырақ орады. Өйткені бұл егін алқабында дүние махшарға әзірлену, ал ахірет дүниедегі еккеніңді ору үшін арналған»

(Хазіреті Мәуләнә).

Олар Аллаһтың Елшісімен қайта бірге болатын, Оны көре алатын күндерін қасіретпен күтіп, сол қиялмен өмірлерін тәмамдады. Олар түстерінде де Пайғамбармен бірге болды. Мысалы, жас қызметкері **Әнәс бин Мәлік** t Пайғамбарымыз r қайтыс болған кезде он тоғыз-жиырма жастарында болатын. Пайғамбарымыздың дұғасымен малы мен балаларының, өмірінің қызығы мен берекесін көріп өтті. Жүзден асып жығылған бұл мүбәрак сахаби үнемі:

«Түсімде сүйікті Пайғамбарымды көрмеген түнім болмаған шығар», деп жылайтын (Ибн Сағд, VII, 20).

Расулұллаһ r былай дейді:

«*Өмір сүргенім сендер үшін қайырлы. Сендер менімен сөйлесесіңдер, мен де сендермен тілдесемін. Қайтыс болуым да сендер үшін қайырлы. Амалдарың маған көрсетіледі, қайырлы амалдарыңды көргенімде ол үшін Аллаһқа хамд айтамын. Ал жаман амалдарыңды көргенімде сендер үшін Аллаһтан мағфират тілеймін*» (Һәйсәми, IX,24).



Кейінгілердің махаббаты

Ардақты Пайғамбарымызға деген махаббат толқыны еш кемімей, бүгінгі күнімізге дейін жалғасын тауып келеді. Расулұллаһ r өзі де осыған меңзеп, бір хадисінде былай дейді:

«*Үмметімнің ішіндегі мені ең қатты жақсы көретіндердің бір бөлігі менен кейін келетіндердің арасынан шығады. Олар мені көре білу үшін малдары мен жанұяларын пида етуге даяр болады*» (Мүслим, Жәннат, 12; Хаким, IV, 95).

Әлем мұсылмандарының Харам мешіттеріне оңай барып-қайтулары үшін Хижаз теміржолы құрылысын жасатқан **II-Абдүлхамит хан** пойыз жолының бекеттерін сүннетке сай болуы үшін арнайы Пайғамбарымыз сапарларында қонақтаған жерлерге салдырған екен. Осылай темір жолының өзін махаббат ағысымен Мәдинаға ұластырған.

Қиямет күнін көрген кездерінде дүниеде бар болғаны кештің бір мезгіліндей ғана немесе сәске уақытындай ғана болдық деп ойлайды».

(Назиғат, 46)

Абдуллаһ бин Мәсғуд өзінің жолдастарына былай дейтін:

«Сендер сахабалардан көп намаз оқып, олардан көп тырысыасыңдар. Бірақ олар сендерден бәрібір оқ бойы озық». «Олар не арқылы бізден артық болды?», деп сұрағандарға: «Олар дүниеге сендерден гөрі жұпыны, ахіретке сендерден гөрі құлшынысты кісілер еді», деп жауап берді.

(Ибн Жәузи, сифуатус-сафуа I, 420)

Стамбул-Хижаз теміржолының құрылысы Мәдинаға жақындаған кезде Ислам халифасы әрі Османлы мемлекетінің патшасы **II-Абдүлхамит хан** мынадай бұйрық берген екен:

«Мүмкіндігінше бөлшектер мен саймандардың бәріне жүн ораңдар, тарсылдаған дауыс шықпасын. Әһлу бәйттің осында жатқан рухтарын мазаламайық!».

Патшаның осы бұйрығы бойынша, Мәдинадан бірнеше шақырым бұрын, яғни алыстан бастап, темір жол рельстеріне жүн байланып, Раузаның тыныштығын бұзбау үшін пойыздар жылдамдығын басып, қалаға кіргенде барынша баяу кіретін.

АЛЛАҺҚА және ПАЙҒАМБАРЫНА БАС ИЮ

Аллаһқа және Оның Елшісіне деген махаббатын өмірінің төріне қойған жас мұсылман үшін жүрілетін жалғыз жол — Аллаһтың және Оның Пайғамбарының әмірлері бағытында өмір сүру.

Адам баласын бүкіл әлемнің қожайыны Аллаһ Тағаланың жаратқанын ұмытпайық. Сондықтан құлының жан тыныштығы мен бақытқа толы өмір сүруіне қажетті ең көркем жолды да тек Жаратқан біледі. Бір техниканың бұзылмай, дұрыс жұмыс істеп тұруы үшін оны жасаған адамның өзі әзірлеген мәзірін қолдану қажет болатыны сияқты адамның жағдайы да дәл осылай. Адам рахат пен жан тыныштығы мол өмір сүргісі келсе, Аллаһтың белгілеген қағидалары мен заңдылықтарына бағынуы тиіс.

Аллаһқа және Оның Расулына бағынып, өмір сүрген адам дүние мен ақыреттің ең бақтияр адамы болып, көп табыстарға қол жеткізеді.

Ардақты сахабалардың бірі **Сәубән** t бір күні Аллаһтың Елшісіне келіп:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Сіз маған өзімнен, отбасымнан және балаларымнан да сүйіктісіз. Мен үйде отырғанымда сіз есіме түсседіз, сабыр ете алмай, келіп сіздің мүбәрак жүзіңізді көргім келіп тұрады. Мен де, сіз де бір күні өлетініміз

«Егер дүние Аллаһтың алдында шыбынның қанаты құрлы құнға ие болғанда Аллаһ ешбір кәпірге дүниеден бір жұтым су ішкізбес еді».

(Термези, Зуһд 13)

«Барлық ләззатты жойып, күйрететін өлімді көбірек еске алыңдар!».

(Термези, қиямет 26)

есіме түссе, сөзбен айтып жеткізе алмайтындай қайғыға малынып кетемін. Мен білемін, Сіз Жәннатқа кіргенде өзге пайғамбарлармен бірге жоғарғы мәртебелерге шығарыласыз. Ал мен Жәннатқа кірсем де, Сізді онда көре алмаймын ба деп қорқамын», — деді.

Аллаһтың Елшісі оған ешқандай жауап бермеді. Біраз уақыттан соң Жәбірейіл u келіп:

«**Кімде-кім Аллаһқа және Пайғамбарға бойсұнса, міне, олар Аллаһ өз нығметіне кенелткен пайғамбарлармен, сыддиқтармен** (шыншылдармен), **шәһиттермен, салиқалы адамдармен бірге болады. Бұлар неткен жақсы жолдастар десеңізші!**» (Ниса сүресі, 69-аят) аятын түсірді (Уахиди, 170 б.).

Бұдан асқан сый болуы мүмкін бе?

Расулұллаһ r хадис құдсиде Аллаһ Тағаланың былай дегенін жеткізеді:

«Егер құлдарым Маған тиісінше бас иетін болса, Мен оларға жаңбырды түнде жаудырып, күндіз төбелерінен

«Кімнің қалауы ахірет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлық салып, шаруаларын келтіріп, ретке қояды. Ал дүние мойнын салбыратып оның артынан жүреді. Бірақ кімнің қалауы осы дүние болса, Аллаһ екі көзінің ортасына пақырлықты салып, істерін үйлестірмей қояды. Нәтижесінде оның қолына дүниеліктен пешенесіне жазылғаннан артығы түспейді»

(Термези, қиямет 30/2465).

Көңілдерге сұлтан болу

Бір күні Телемсан падишасы Сұлтан Яхия сарайдағыларын ертіп бірге қаланы кезіп шығады. Оның және айналасындағы адамдардың жылтыраған әшекейлері көздеріне шағылысқан халық Сұлтанға құрметпен аяқтарынан тік тұрып, «Падишамыз көп жаса!» деп жатты. Бірақ сұлтанның өзіне ол қарайған халықтан гөрі анадай жерде оңаша отыруды жөн көріп, падишаның сәнді салтанатына міз бағып қарамаған, дүниеден азат, бірақ жүзіндегі өз нұры айналасына тарап тұрған бір кісі көзіне түсті. Қасындағылардан ана нұрлы реңді кісінің кім екенін сұрайды:

«Уа, мәртебелі сұлтан! Ол Тунустық Шейх, үңгірде өзімен-өзі болып тіршілік етеді», деп жауап береді.

Одан ары қызығы артқан сұлтан атын Тунустық шәйхтың қасына тақап, мынадай сұрақ сұрады:

«Үстімдегі мына жібек киіммен намаз оқу жайыз ба?»

Тунустық шәйх бұл сауалға жауап бергісі келмей, оны сарайындағы ғұламаларынан сұрауын өтінсе де, Сұлтан айтқанынан қайтпаған соң былай деп жауап қатты:

«Бір итті көз алдыңызға елестетіңіз. Арам өлген хайуан өлексесін тауып алып, тыңқиып қарнын соған толтырып алып, іші мен сыртын ластыққа толтырғаннан кейін сиіп тұрып, үстін кірлетпеу үшін аяғын жоғары көтеруге құмартады!..»

Сұлтан ашуланып:

Сонымен не дегің келіп тұр?,– деп қаһарланады. Шәйх саспай:

«Айтқым келгені, сіздің тәніңіз бен асқазаныңыз ең ауыр харам жүктер мен зұлымдықтарға, құл ақысына толы. Осылай болса, тұра сіз тұрып жібек киіммен намаз оқуға бола ма, болмай ма деген сұрақ сұрап отырсыз!», деді.

Бұл хикметті сөздер сұлтанның көңіліне терең із қалдырады. Сол әсердің берекесімен дереу үстіндегі сырмалы киімін шешіп лақтырып, беліндегі қылышын шетке тастай салып, өзіне түсінбеген кейіппен қарап тұрған халыққа:

«О, мұсылмандар! Ақыларыңды жесем кешіріңдер және өздеріңе басқа падиша тауып алыңдар!», деп Тунустық шәйхтың артынан кетіп, оның сенімді шәкіртіне айналады.

Сұлтан Яхия шәйхтың қолында рухани дәрежесін көтергені соншалық, өзінен дұға сұраған халыққа Тунустық шәйх былай дейтін болыпты:

«Дұғаны Яхиядан сұраңдар, өйткені оның орнында мен болғанымда оның істегенін істей алмас едім.. Егер сұлтандар оның қол жеткізген бақыт қазынасы жайында білсе, олар да Яхия секілді барлық нәрсесін пида ететін еді».

Дүние салтанатын тастап, рухани сұлтандыққа жеткен Ибраһим бин Этһәм Хазіреті де былай деген екен;

«Тәңір махаббатындағы уәждіміз бен истиғрақымыз қолмен ұсталатын нәрсе болғанда, патшалар оны қолдарына түсіру үшін барлық қазыналарымен қоса патшалықтарын да пида етер еді».

күнді күлдіріп қояр едім. Оларға әрі көктің күркіреген дауысын да естіртпес едім!» (Ахмет, II, 359; Хаким IV, 285/7657).

Яғни, адам баласы дініне деген ыстық ықыласпен Раббысына қарай жүзін қаратып, шын пейілмен құлшылық жасайтын болса, барлық тұрғыдан Аллаһтың жәрдеміне қарық болады. Аллаһ Тағала бүкіл жаратылғандарды оның бұйрығына беріп қояды.

Аллаһқа және Расулына бағынудың ең баға жетпес көріністерін тағы да баяғы сахабалардың өмірінен көруге болады. **Абдұллаһ бин Рауахаң**ың жұбайы әңгімелейді:

«Расулұллаһ r хұтбаға шыққан кезінде мешітке бара жатқан Абдұллаһ t Аллаһтың Елшісінің «*Отырыңдар!*» деген бұйрығын алыстан естиді. Әлі мешітке жетпеген болса да, ол сол жеткен жеріне отыра кетеді. Кейін мұны Пайғамбарымыз естіген кезде, Ол кісі Абдұллаһқа:

«*Аллаһ Тағала сенің Аллаһқа және Расулына бас ию құлшынысыңды арттырсын!*», — деп разылығын білдірді (Әли әл-Мұттақи, Кәнзул-Үммәл, XIII, 450/37171; Һәйсәми IX, 316).

«Саған уахи етілген Кітапты оқы және намазды орында Расында намаз ұятсыздықтан және жамандықтардан тияды. Аллаһты зікір ету әлбетте ең ұлық ғибадат. Аллаһ істегендеріңді толық біледі».
(Анкәбут, 45)

Дүниедегі намаздың мәртебесі ахіретте Хақ Тағаланы көру секілді. Өйткені бұл дүниеде құлдардың Жаратқанға ең жақын болатын сәті сәждедегі кезі. Ең ұлы ләззаттар мен рухани тояттылық намазда ғана.

Хазіреті Айша анамыздың С айтуы бойынша, әйелдерге оронуды бұйыратын аяттар[30] түскен кезде әйел сахабалар үйіме жетіп алайын демей-ақ, дереу сол тұрған жерлерінде киімдерінің сарқыған ұзын жерлерін кесіп алып бастары мен аяқ жақтарын әмірге сай түрде жауып алған дейді (Бұхари, тәфсир, 24/12; 31-33/4102).

Пайғамбарымызға r бас ию тұрысында босаң болу адамды үлкен зияндарға апарады. Бір жолы Расулұллаһ r бір топ сахабасын таңертеңмен сапарға аттандырады. Араларынан бірі кейін қалып, өз отбасына:

«Аллаһтың Елшісімен бірге бесін намазын оқиын, сосын сәлем беріп қоштасып алайын!», — деп кейінде қалдым. «Әрі маған дұға етсе, сол дұғасы қияметте маған шапағатшы болса дедім!», — деп айтады.

Ол кісі Пайғамбарымызбен r бірге намаз оқығаннан кейін жақындап барып, Расулұллаһқа сәлем берді. Расулұллаһқа r оған:

«Достарың сені қаншалықты озып кеткенін білесің бе?», — деді. Әлгі сахаба:

---

30. Нұр, 30-31

«Иә, таңертеңнен бері жүріп біраз озып кетті!», деді. Бұған Расулұллаһ r :

«*Жанымды Билеушіге ант етейін, олар сауап жағынан сені батыс пен шығыстың арасындағы ең ұзақ қашықтықтай озып кетті*», — деді (Ахмет, III, 438).

Басқа бір риуаят бойынша, Пайғамбарымыз r ол кісіге былай деп те айтқан:

«*Жер бетіндегінің бәрін инфәқ етсең, олардың сол ерте шыққандағы сауап дәрежесіне жете алмайсың!*» (Термези, жұма, 28/527; Ахмет I, 256; Бәйхақи III, 187).

Пайғамбарымызға r қызмет жасаған жас сахаба **Әбу Рафиғ** t былай әңгімелейді:

Һәндәк соғысы кезінде Расулұллаһқа r арнайы қой еті қуырылып, дастарханға шақырылды. Аллаһтың Елшісі r қойдың жауырын етін жақсы көретін. Сол себепті маған:

«*Әбу Рафиғ, жауырынын берші!*», — деп бұйырды, мен бердім.

Расулұллаһ тағы да жауырынын сұрады, мен бұл жолы екінші жауырынын бердім. Пайғамбарымыз r ол етті сахабаларына таратып жатты. Үшінші рет жауырын сүйегін сұраған кезде, мен:

«Қиямет күні құлдың алғаш болып есебін беретін амалы-намаз. Егер намазы түзу болса, ісі оңай болып, табыспен шығады. Намазы дұрыс болмаса зиян көріп, шығынмен ығады...».

(Термези, Саләт 188/413)

«Уа, Расулаллаһ! Бір қойда екі-ақ жауырын болмаушы ма еді?», — дедім. Сонда Пайғамбарымыз r :

«Егер үндемегеніңде, мен жауырын сұраған сайын қазаннан шығарып бере беретін едің!», — деді (Ахмет VI, 8; Дәріми, муқаддимә 7/45; Һәйсәми VIII, 311).

Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Аллаһ Тағала бауырым Абдұллаһ бин Рауахаға рақымын төксін! Намаз уақыты қай жерде кірсе, дереу жануарын тоқтатып, сол жерде намазын оқиды».

(Һәйсәми IX, 316)

Бұдан түсінгеніміз — Аллаһтың және Оның Елшісінің әмірлерін толық тәсілім болып, әрдайым дәлме-дәл орындауымыз керек. Бұл тұрғыдағы басты қағидатты Нәжіб Фазыл атты түрік ақыны былай қысқаша келтіреді:

Көз, ақылың, пікірің өлтір,
болсын бәрі нөл!
Саған шөл боп көрінген,
Ол көл десе, көл!

Уақыт атты ең бағалы қазынаны Хаққа бас ию пен ғибадаттан жырақ өткізген адамдардың ақыретте қатты өкінетіндігі, сөзсіз. Хазіреті **Омар** t Пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін көз жасын сүртіп отырып,

айтқан бір сөзінде мұны былай жеткізеді:

«Ата-анам саған пида болсын, уа, Расулаллаһ! Жаратқан Иенің құзырында сондай ұлы дәрежеге иесің, Жәһаннам халқы от ішінде азапталып жатқан кезінде дүниелік өмірінде "Саған бас иген болсам ғой!" — деп армандап, жан түршіктірер айқаймен былай жылайды:

«"**Сорым-ай менің, шіркін Аллаһқа бас иіп, Пайғамбарға бағынғанымызда ғой!**", — дейтін болады» (Ахзаб, 66); (Ғаззали, ихия I, 410-411).

Абдуллаһ бин Мәсғуд былай дейді:

«Уаллаһи, мен екіжүзділігі белгілі болған мұнәфиқтардан басқа арамызда намаздан қалатындарды көрген емеспін. Аллаһқа ант етейін (ауру) адам екі кісінің сүйеуімен аяғы салаңдап салбырап келетін және солардың сүйемелдеуімен сапқа тұратын».

(Мүслим, Мәсәжид 256-257)

АҚИРЕТТІ ДҮНИЕДЕН АРТЫҚ КӨРУ

Адам баласы ақирет сапарына шыққан жолаушы екендігі, шүбәсіз. Мұны жоққа шығару көзіңді жұмып алып, күн жоқ деумен пара-пар, ақылға да, ұятқа да, сана-сезімдерге де теріс қылық. Олай болса, өмірді осы ақиқаттың төңірегінде түзеу — ақыл мен ождандық борышымыз.

Хазіреті Әли бір шайқаста аяғына жебе оғы қадалып, қатты ауыртқандықтан оқты ешкім шығара алмады.

Хазіреті Әли оларға:

«Мен намазға тұрайын. Сол кезде суырып алыңдар!», деді.

Оның айтқанындай етті. Еш қиындықсыз жебе оғы суырылып кетті. Хазіреті Әли «Не істедіңдер?», деп сұрағанда қасындағылар: «Шығардық!», деп жауап берді.

Өйткені Хазіреті Әлидің жан дүниесі намаздың хушуғы мен рухани ләззатынан бұл дүниеден сытылып, басқа әлемде жүруші еді.

Мұсылман баласы дүние тіршілігі үшін қажетті шаруасын тындыра жүріп, мәңгілік бақытының кілтін табу үшін ақырет тіршілігіне әзірлік жасау керектігін жадынан бір сәт шығармауы керек. Өйткені дүние тіршілігі тек фәни ләззаттар мен нәпсінің құмарлықтарын қандыру үшін ғана берілген сый емес. Ол шын мәнінде ақырет азығын жию, салиқалы амалдар мен ізгі істермен тоқтаусыз жалғасатын жәри садақа жасап алып, ақыретке аттануымыз үшін берілген мүмкіндіктер мерзімі. Хақ достары бұл жайлы былай деген:

«Мәңгілік бақытың үшін қанша әуреге түссең де, қамықпа! Соңында бейнеті кетіп, зейнеті қолыңда қалады. Ал егер фәни ләззаттардың әуресіне салынып кетсең, соңында ол ләззат қолыңнан ғайып болып, тек өкініші мен қасіретін құшақтап қаласың да жазасы мен күйзелесінің зардабын тартасың».

Ақыретті таңдау дүние тіршілігін ысыра салу деген мағынаға келмейді. Бұл

дұрысын айтқанда жүректегі ниетті және кеудедегі мұрат-мақсатты ақыретке бұру деген мағынаға келеді. Мысалы, адам өз өмірін Аллаһтың разылығына қарай ретке келтіріп, адал ризық табу, салиқалы амалдар жасау ниетімен шапқылайтын болса, басқан әр қадамы, істеген әр ісі ғибадат есебіне жүреді.

Хазіреті Омар t былай әңгімелейді:

Бір күні Хазіреті Пайғамбардың мүбәрак үйіне бардым. Қарасам, бір қамыстың үстінде жатыр екен. Құрғақ қамыс төсеніш Пайғамбардың r мүбәрак денесінде қию-қию із қалдырыпты. Астына төсейтін көрпе-төсегі де жоқ екен. Құрма жүндерімен толтырылған бір тері жастығы бар екен. Пайғамбарымыздың күлімсіреген жүзін көріп, дереу жанына отыра кеттім де, бөлмені көзіммен шолып шықтым. Уаллаһи, үйінде илеуді қажет ететін үш теріден басқа ешқандай бұйым жоқ екен. Шыдай алмай:

«Уа, Расулаллаһ! Үмметіңізге кеңшілік берсін деп,

Расулұллаһ ﷺ намазда сақалымен ойнаған бір адамды көріп былай деді:

«Назар аударыңдар, егер мына кісінің жүрегі хушуғ сезімінде болғанда ағзалары да хушуғ сезімінде болар еді».

(Әли әл-Муттақи VIII, 197/22530; Әбдур-раззақ, мусаннаф II, 266-267)



Хасан Басри Хазіреттің мына рухани жағдай-күйі біздер үшін жақсы өнеге:

Өз қатысқан бір жаназа рәсімдері аяқталған соң қасындағы бір кісіден Хасан Басри Хазірет бір сұрақ сұрайды:

«Мына қайтыс болған кісі қазір енді осы дүниеге қайтып келіп, салиқалы амалдарын, зікірлерін арттыруды және күнәларына көбірек истиғфар жасауды ойлап жатыр ма екен, ә?».

Әлгі адам:

«Әрине, ойлап жатқан шығар!»,– деді. Хасан Басри Хазірет оған былай деді:

«Олай болса біз неге ана қайтыс болған адам секілді ойламаймыз?».

Аллаһ жолында дос болған Шақиқ Бәлхи мен Ибраһим бин Әдһәм Хазіреті бір-біріне насихаттаумен өткізген бір сұхбаттарында Шақиқ Бәлхи сұрайды екен:

«Күн көрістеріңе қалай қарайсыңдар?»

Ибраһим бин Әдһәм:

«Тапсақ шүкіршілік етеміз, таба алмасақ сабыр етеміз!..», дейді.

Шақиқ Бәлхи оған:

«Мұны Хорасанның иттері де істейді ғой!», деген екен. Сонда Ибраһим одан:

«Ал сендер не істейсіңдер?», – деп сұрайды.

Шақиқ Бәлхи Хазіреті былай жауап береді:

«Біз тапсақ шүкіршілік етіп, инфәқ жасаймыз, ал таба алмасақ тағы да шүкіршілік етіп, сабыр етеміз».

Аллаһқа дұға етсеңіз! Өйткені Аллаһқа ғибадат етпесе де, Парсылар мен Римдіктерге кеңшілік берілгені соншалық, олардың өте көп дүние-мүліктері бар», — дедім.

Расулұллаһ r жантайып отырған жерінен белін түзетіп:

«*Сен (ақырет сыйлары тұрғысында) күмәнданамысың, ей, Хаттабұлы Омар?!*

Дүние нығметтерінің қызығы солардікі-ақ бола берсін», — деп жауап қайтарды.

Сосын мен: «Менің үшін Аллаһқа истиғфар етіңізші!», — дедім (Бұхари, мәзалим, 25).

Тағы бірде Аллаһтың Елшісі r бұл жайында былай деген:

«*Дүниені мен қайтейін! Менің дүниеге қатысым жаздың күні жолаушылап бара жатып, бір ағаштың саясында көлеңкесін паналап, сосын тұрып, әрі қарай жолымен кете барған адам тәрізді*», — деген Пайғамбардың r өмірі ғибрат, әр сөзі ғибрат болатын (Термези, Зуһд/2377; Ибн Мәжә, Зуһд, 3; Ахмед, I, 301).

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Есіңді жи да, намаздың тек сыртқы көрінісі емес, рухани жағына да көңіл бөл! Жем шоқыған құстай Аллаһтың ұлылығынан бейхабар түрде тек басыңмен жер сүзе берме!..

Хазіреті Пайғамбарымыздың «Адамдардың ең жаман ұрлықшысы өз намазынан ұрлайтындар» *(Хаким, әл-Мұстәдрак I, 353)* ***деген насихатына құлағың түр!..».***

Адамдардың көбісі дүниедегі атақ-даңқы мен жоғары қызмет, мансабына мастанып, соларды сақтап қалу үшін ақыретінен қол үзеді. Алайда мұсылманмын деген адам ақыреті үшін дүниенің барлық қиындықтарына төзіп, бірақ қайтсе де дүниенің себебінен ақыретте азап көруді хош көрмеуі керек.

«Мұнәфиқтар, Аллаһты алдамақшы болды. Негізінен Аллаһ оларды алдауға ұшыратады. Қашан олар намазға тұрса, жалқауланып тұрады. Адамдарға көрсету үшін оқып, олар Аллаһты өте аз еске алады» *(Ниса, 142).*

Расулұллаһ r қайтыс боларынан бұрын, мүминдерге жасаған соңғы өсиетінде бұған мына сөздерімен назар аударады:

«*Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар, дүниеде қор болу ақыретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады*» (Қрңз: Ибн Сағд, II, 255; Табари, тарих III, 191).

Аллаһтың Елшісінің r бұл сөзіне адамдардың бір бөлігі бұрыннан істеген кейбір күнәлары мен қателіктерін мойындап, Пайғамбарымыздан дұға мен истиғфар сұрай бастады. Бір кісі алдына келіп: «Уаллаһи, о, Расулұллаһ! Мен көп өтірік айтамын, және

екіжүзділік жасаймын. Мен жасамаған жамандық түрі қалмаған шығар», — деді. Хазіреті Омар t оған:

«Өй, мынау, өзіңді-өзің қорлап тұрғаның не?», — деді.

Расулұллаһ r :

«*Ей, Омар! Дүниеде қор болу ақыретте қорланудан жеңілірек!*», — деді. Сосын ол кісіге:

«*Уа, Раббым! Оған шыншылдық пен иман күшін нәсіп ет! Өзінің жаман істерін қайырлы, ізгі істерге айналдыр!*», — деп дұға жасап берді. *(Табәри, Тарих III, 190)*

Дүниенің мал-мүлкіне мойын бұрып, ақыретке бейқамдық танытудың, оған немкеттілікпен қараудың қандай үлкен қатер екендігін көрсететін мына бір мысалдың берер ғибраты мол:

Әмәуи билігінің дәуірінде Ислам әскері Стамбулды жеңіп алу жайындағы Пайғамбар сүйіншісінің ілтипа-

«Олар Жәннаттарда күнәһарлардан; "Сендерді тозаққа кіргізген не нәрсе?", деп сұрайды. Олар: "Біз намаз оқушылардан емес едік. Әрі міскінді тамақтандырмайтын едік. Бұзықтыққа кірісушілермен бірге кірісіп жүрген едік. Қиямет күнін өтірік деген едік", дейді»
(Мүддәссир 40-46).

Хадис шәрифте былай бұйырылады:

«Құптанды жамағатпен оқыған түннің жартысын, ал таң намазын да жамағатпен оқыған түннің бәрін түгелдей ғибадатпен өткізгендей болады».

(Мұслим, Мәсәжид 260)

Хақ Тағала Өзіне молық сәжде етуіміз үшін адамның денесін сәждеге ең ыңғайлы түрде жаратқан.



тына ие болу үмітімен жолға шығады. Әскердің ішінде Әбу Әйюб әл-Әнсари t бар болатын. Римдіктер қала қамалы артына жасырынып, соғысып жатқанда ансарлық біреу Византия әскерінің ортасына қарай атының басын бұрады. Мұны көрген мұминдер: «Өз қолдарыңмен өздеріңді қауіп-қатерге итермеңдер!», — аятына қарай отырып, таңырқай:

«Лә иләһә илләллаһ! Ананы қараңдаршы! Өз-өзін өлімге қарай айдап жатқанын!», — деп, сол сахабаны сынға алады. Сонда Әбу Әюб әл-Әнсари бұрылып, былай деді:

«Ей, мұминдер! (Қате түсініп қалмаңдар!) Бұл аят біз ансарлықтар жайында түскен болатын. Аллаһ Тағала Пайғамбарына жәрдем етіп, дінін үстем қылған кездері біз "енді мал-жайымыздың қасында болып, соларды жөндейік", деп ойлаған едік. Сонда Аллаһ Тағала Расулына:

«Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер. (Әрқашан) **жақсылық істеңдер,** (өйткені) **Аллаһ жақсылық істеушілерді, әрине, жақсы көреді»**[31] аятын түсірді. Бұл аяттағы өз қолыңмен өзіңді

31. Бақара сүресі, 195-аят

қауіпке итерудің мағынасы бау-бақша секілді дүние тіршілігіне салынып, Хақ жолындағы күрестерді тастап, шетке ысыруымыз деген мағына болатын» (Әбу Дәуіт, жиһад 22/2512; 2/2972).

Османлы тарихының бағы жанбаған ханзадасы **Жәм Сұлтан** билік күресінің нәтижесінде Родос сарбаздарына тұтқынға түсіп қалып, олар ханзаданы папаға сатып жібереді. Папа VIII Иннокентий христиандықты қабылдайтын болса, Османлы тағына отырғызатынына уәде береді. Бұл ұсыныс Жәм Сұлтанның ызасын келтіреді. Ол:

«Османлы салтанаты былай тұрсын, бүкіл дүниені уысыма берсеңдер де, дінімді айырбастамаймын!...», — дейді.

Айқаш жорығы әскері тарапынан мұсылмандарға тұзақ ретінде пайдаланылатынын сезген кезінде ол Раббысына былай жалбарынды:

«Я, Раббым! Кәпірлер егер дін мұсылманға зиян тигізу үшін тұзақ қылып пайдаланғылары келсе, мына бишара құлыңды бұдан артық өмір сүргізбе! Рухымды ертерек өз әзиз қасыңа ал!».

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Бір адамның тағы бір адаммен бірге оқыған намазы, жалғыз оқыған намазынан берекесі мен сауабы жағынан артық болады. Ал екі адаммен оқыған намазы бір адаммен қосылып оқыған намазынан берекелі және артық. Бірге оқығандардың саны қаншалықты көп болса, Аллаһ Тағалаға соншалықты ұнамды болады»

(Әбу Дәуіт, Саләт 47/554; Нәсәи, имамдық 45/841).

Риуаят бойынша қиямет күні Аллаһ Тағала:

«Менің көршілерім қайда?», деп сұрайды.

Періштелер:

«Саған кім көрші бола алады, о, Раббымыз!», деп сұрайды.

Аллаһ Тағала:

«Мешіттерімді құрағандар (яғни жамағат болып толтырғандар)», дейді».

(Әли әл-Муттақи VII, 578/20339)

Жас Мұсылманның абылхаяты — НАМАЗ

Ғаламдағы барлық жаратылыс — күн, ай, жұлдыздар, шөптер мен ағаштар және т.б. үнемі Хақ Тағаланы зікір етеді. Аспанда қаз тізіліп ұшқан құстар, таулар, тастар бәрі де біз тілін ұға алмайтын кейіпте Хаққа құлшылық етеді. Өсімдіктердің ғибадаты қиям түрінде, жан-жануарлардың ғибадаты рукуғ күйінде, жансыздардың ғибадаты жерге жығылған күйде, яғни сәждеде. Аспанды мекендейтіндер де дәл осылай, періштелердің бір бөлігі қиямда, бір бөлігі рукуғда, бір бөлігі сәждеде, енді біреулері Аллаһты пәктеп, дәріптеуде.

Аллаһ Тағаланың миғраж сапарына тең сый етіп, мүминдерге берген намазы — бүкіл сол ғибадаттардың барлығын қамтитын құлшылық. Сондықтан да намаз оқыған кезде мүмин көктер мен жердегі барлық жаратылыстың жасаған құлшылықтарын түгелдей орындап, есепсіз сыйға қарық болады.



Хақ Тағала тіршілік иелері арасынан адамның дене бітімін сәждеге ең лайықты түрде жаратқан. Сондықтан да намаз бен адам арасында өте тығыз байланыс бар.

Намаз — Аллаһқа қауышудың сәттері. Онымен тілдесу үшін құлдарына кішкене миғраж ретінде тарту етілген. Құран Кәрімде «**Сәжде жасап, жақындай түс**!»[32] деп бұйырылғанына қарағанда, Раббымыздың құзырына шыға білу нығметіне де намазбен қол жеткізіледі.

Расулұллаһ r :

«*Намаз — көзімнің қарашығы*», (Нәсәи, ғишрәтун-нисә 10; Ахмет III, 128, 199) деп айтып кеткен. Намаз — діннің тірегі, мұсылмандықтың нышаны. Сауап тұрғысынан ешқандай ғибадатпен салыстыруға да келмейді.

Дүниедегі намаздың мәртебесі ақыретте Хақ Тағаланы көру секілді. Өйткені бұл дүниеде құлдардың Жаратқанға ең жақын болатын сәті сәждедегі

32. Аләқ, 19

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Міне осы екі намаз (құптан мен таң) мұнәфиқтарға ең ауыр келетін намаз. Бұларда қандай үлкен сауаптар бар екенін білсеңдер, тізерлеп, төрт аяқтап болса да, жамағатқа келер едіңдер. Бірінші сап періштелердің сабы секілді. Оның артықшылығын білсеңдер, оған жарысып келер едіңдер...»

(Әбу Дәуіт, Саләт 47/554; Нәсәи, имамдық 45).

кезі. Ең ұлы ләззаттар мен рухани тояттылық намазда ғана.

Бәни Ұзра тайпасынан үш кісі Пайғамбарымызға r келіп, мұсылман болғандықтарын айтады. Аллаһтың Елшісі r:

— *Мына кісілерді кім қонақ қылып күтеді?*, — деп сұрайды. Талха t:

«Мен, уа, Расулаллаһ!», — деді.

Олар Хазіреті Талханың үйінде қонақ болып жүрген кезде Расулұллаһ бір әскери жасақ дайындап, сапарға аттандырды. Әлгі үш кісінің бірі әскерге ілесіп кетіп, сол жорықта шейіт болады. Пайғамбарымыз r біраз уақыттан соң тағы бір жасақ аттандырды. Бұл жолы екіншісі шығып, ол да шейіт болды. Ал үшіншісі біраз уақыттан соң төсек тартып қайтыс болды. Талха t айтады:

«Үйімде қонақ болған сол үш кісіні түсімде Жәннатта көрдім. Төсегінде жатып өлген кісі ең алдарында кетіп барады екен. Екінші бо-лып шейіт болғаны ортада, ал ең алдымен шейіт болған кісі ең артында екен. Мен таңдандым және төсек тартып өлген адамның шейіттердің

Бізден Аллаһтың қалайтын намазы — материалдық әрі рухани қажеттіліктерімізді Раббымызға сырласатын намаз...

«..Сәждеге кел, жақында!» (Алақ, 19), деп бұйыра, құлымен жақын болуды қалаған Раббымызға жақын болатын намаз...

Дененің құбыласы Қағба болса, жүрегіміздің құбыласы Жаратқан Ие болатын намаз...

Намазбен келген жеңіс

Османлы империяторлығы мен Батыс елдері арасындағы Чанаккале отан соғысы болып жатқан күндерде ораза айт күні қарсаңы болатын. Ертең ораза айт деген күні Веһип Генерал бірліктің жас имамын шақырып алып былай дейді:

«Хафыз, бауырым! Ертең ораза айт мейрамы. Әскерлер жамағат болып айт намазын оқимыз деп отыр. Не айтсам да райларынан қайтара алмадым. Бұл дегенің жауымыз үшін таптырмайтын мүмкіншілік болып, бәрімізді құртуы мүмкін. Майдай тіліңмен осыны әскерлерге енді сен бір айтып көрсең!».

Имам генералдың бөлмесінен шыққаны сол еді, қарсы алдына нұр реңді бір кісі шыға келді:

«Ұлым! Әскерлерге ештеңе айтпай-ақ қой! Таң атқан соң бір мәнісі болар, Аллаһ не десе, сол болсын!», деді.

Ертесі таңертең бәрін таң қалдырған бір Тәңір сыйы болды. Көктен құлаш-құлаш бұлттар келіп, жүректері Аллаһқа құлшылық деп соққан әскердің үстін тұман басып қалды. Оларды дүрбінмен аңдып тұрған жау қолбасшылары аппақ бұлттардан басқа ештеңе көре алмай қалды. Сол таңда ерекше бір рухани тербеліспен оқылған айт намазында алынған тәкбір үндері көк күмбезді жаңғыртып жатты.

Сол сәтте ағылшын әскерлері арасында үлкен бүлік пен бас көтеру орын алды. Өйткені түрлі отар елдерінен ағылшындардың алдап сулап алып келген әскерлерінің арасында мұсылман әскерлер мұсылмандарға қарсы соғысып жатқандығын осы тәкбірлерден кейін түсінген болатын. Не істерін білмей, дал болған ағылшындар олардың бір бөлігіне оқ боратып, қалғандарын асығыс артқы шепке тартуға мәжбүр болды.

Аят та осыны бұйырады:

«Ей, иман келтіргендер! Сабырмен және намазбен Аллаһтан жәрдем күтіңдер!..». *(Бақара, 153)*

алдында жүргенін түсіне алмадым. Дереу Пайғамбарымызға r барып, көргенімді айтып бердім.

Аллаһтың Елшісі r былай деді:

«Мұнда таңырқайтын ештеңе жоқ! Аллаһтың алдында тәсбих, тәкбір және тәһлилді[33] тілінен түсірмей айтып жүріп, мүмин болып өмір сүрген адамнан артық ешкім жоқ» (Ахмет I, 163).

Пайғамбарымыз r мүмин болып өмір сүріп өтудің құндылығын түсіндіру үшін сахабаларына мынадай мысал келтірген:

«Төсегінде өлген кісі шейіт болған бауырынан кейін Рамазан оразасын тұтпады ма? Бір жылдың ішінде алты мың пәлен рәкәат намаз оқымады ма? (Олай болса, екеуі арасында мұндай айырмашылық, әрине, болады)» (Ахмет II, 333).

Бұл риуаят намаздың тек мүмин мен кәпір арасында емес, мүмин мен мүмин арасында да рухани дәреже тұрғысынан үлкен айырмашылықтарға себеп болатынын көрсетіп тұр.

Әнәс бин Мәлік ✿ былай дейді:

«Расулұллаһ дін бауырларының бірін үш күн көрмей қалса, оны сұрайтын. Алыста болса, оған дұға жасап, үйінде болса, зиярат етіп, ауырып жатса, шипа тілеп көңілін сұрауға баратын».

(Һәйсәми II, 295)

33. Тәсбих – субханаллаһ; тәкбир – Аллаһу әкбар; тәһлил – лә иләһә иллаллаһ деп Аллаһты еске алу.

Намаздан мақрұм қалғандар

Намаздан жырақ болған адамдар дүние тіршілігінде берекесіз өмір сүреді. Жүздерінде иләһи тазалықтың нұры қалмайды. Ондай адамдар салиқалы адамдардың сүйіспеншілігінен де мақрұм қалады. *«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер!»*[34] хадисінде айтылғандай, соңғы демдері үлкен қатерге толы болып, қиналып жан тапсырады. Қабірлері оларды сығып, жәһаннам шұңқырларының біріне айналады. Қияметте Хақ Тағаланы өздеріне қаһарлы күйде көреді. Есептері тым ауыр болып, соңында Жәһаннамға тасталады.

Бір таңда **Расулұллаһ** r сахабаларына былай деген болатын:

«Бүгін түнде түсімде екі кісі (Жәбірейіл мен Микаил) келіп мені тұрғызды да "Жүр, кеттік!", — деді. Мен тұрып, олармен бірге бардым. Жанымен қисайып жатқан бір адамның қасына бардық. Тағы біреу қолына үлкен тас алып оның қасында тұр. Таспен әлгі адамның басынан ұрып, езіп,

34. Мунәуи, фәйзул-қадир V, 663

Расулұллаһ ﷺ айтады:

«Біреу бір мұминмен танысып, бауырласқан кезінде оның есімін, әкесінің есімін және тегін сұрасын. Өйткені бұлай істеу арадағы махаббаттың артуына себеп болады».

(Термези, Зуһд 54/2392)

анадайға ұшып кеткен тасты алып келеді. Ол келгенше, әлгінің басы жазылып, бұрынғы күйіне келеді. Ол әлгі ісін қайта қайталап, әр жолы о жерде жатқан адамның басын езіп тастап жатты...

Періштелерден:

«Субханаллаһ!

Пайғамбарымыз ﷺ мына оқиғаны әңгімелейді:

«Бір кісі басқа бір ауылдағы дін бауырын зиярат етіп қайтайын деп жолға шығады. Аллаһ Тағала оны бақылауы үшін жолына бір періштені жібереді. Әлгі кісінің алдынан шыққан періште:

«Жол болсын?», деп сұрайды. Ол кісі:

«Мына ауылда бір бауырым тұратын, сонымен көрісіп қайтайын деп бара жатырмын!», дейді.

Періште одан:

«Ол бауырыңнан күткен бір пайда, бұйымтайың бар ма еді?», деп сұрайды.

Әлгі адам:

«Жоқ, мен оны жәй ғана Аллаһ ризалығы үшін жақсы көремін, көргім келіп бара жатырмын», деді.

Сонда періште оған:

«Сен оны қалай жақсы көретін болсаң, Аллаһ та сені солай жақсы көреді. Мен осы сүйіншіні беру үшін Аллаһ Тағаланың саған жіберген елшісімін», деді.

(Мүслим, Бирр, 38; Ахмет II, 292)

Мыналардың мынаусы несі?», — деп сұрадым..

"Саған айтып берейік: Мына адам Құранды үйреніп алып, оны тастаған және ұйықтап жатып парыз намазының, (әсіресе, таң намазының) уақытын өткізген адам...", — деді» (Бұхари, тағбир 48, 93).

Жас мүмин шайтанның бұл жолдағы тұзақтарынан өзін мұқиятпен қорғап, қандай да бір себеппен оқи алмаған намазын қазасын өтеуге асығуы керек. Өйткені хадисінде Пайғамбарымыз r бізге:

«Кім бір намазын ұмытса, оны есіне түсірген кезде дереу оқысын, оның одан басқа кәффараты жоқ», — деп бұйырады (Мүслим, Мәсәжид 314).

Пайғамбарымыздың r бұл бұйрығына бағынбайтын болсақ, таулардай болып үйілген намаз қарыздарымыз ақыры бізді ақыретте банкротқа отырғызатын болады.

Бес уақыт намаз

Бес уақыт намаздың әрбіреуі өзінше бөлек құндылық пен маңыздылыққа ие. Күннің белгілі бір уақыттарына

«Мүминдер бір-біріне бауыр. Олай болса, бауырларыңның арасын жарастырыңдар және өздеріңді кешірсін десеңдер, Аллаһтан қорқыңдар!».
(Хұжурат, 10)

«...Сендер (шын) мүмин болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар, араларыңды жарастырыңдар. Аллаһқа және Расулына бас иіңдер».
(Әнфәл 1).

серпіліп тасталуы да адам үшін рухына да, тәніне де мың бір пайдасы мен хикметі бар іс. Сондықтан олардың әрбірі арнайы көңіл бөліп, тиянақтылықпен, шын көңіл-ден өтелуі қажет.

Аллаһтың Елшісі r бес уақыт намазға байланысты үмметіне былай дейді:

«*Аллаһ Тағала былай бұйырады:* "**Сенің үмметіңе бес уақыт намазды парыз қылдым. Өз-өзіме берген сөзім бар: Кім сол намаздарды дәл уақытында оқитын болса, оны міндетті түрде Жәннатқа кіргіземін. Ал кім ол намаздарды сақтай алмаса, оған берілген ешқандай сөзім жоқ**"» (Ибн Мәжә, иқаматус-Саләт 194).

«*Мұсылман адам парыз намазының уақыты кірген кезде жақсылап дәрет алып, хұшұғ сезімімен рукуғы мен сәжделеріне мән бере отырып, шынайы намаз оқыса, үлкен күнә істемейінше, бұл намаз алдыңғы күнәларының бәріне кәффарат болады. Бұл әрқашан осылай болады*» (Мүслим, таһарат 7).

Абдұллаһ бин Мәсғуд t былай дейді:

«Уаллаһи, мен екіжүзділігі белгілі болған мұнәфиқтардан басқа арамызда намаздан

Дін бауырластығы «менікі дұрыс, сенікі дұрыс» деген бос тартыстарды шетке тастап, өткенді ұмытуды және қажет болғанда тіпті, өзінен пида етіп, мұмин бауырын кешірудің мәрттігін көрсетуді талап ететін іс. Өйткені өкпешіл болу Аллаһтың әміріне бағынбау болады.

қалатындарды көрген емеспін. Аллаһқа ант етейін, (ауру) адам екі кісінің сүйеуімен аяғы саландап салбырап келетін және солардың сүйемелдеуімен сапқа тұратын» (Мүслим, Мәсәжид 256-257).

Жұма намазы

Жұма намазы — ерлерге парыз құлшылық. Аллаһ Тағала Құранда былай бұйырады:

«**Ей, иман келтіргендер! Жұма күнінің намазына** (азан) **шақырылған уақытта сауда-саттықтарыңды қоя тұрып, дереу Аллаһты зікір етуге** (намаз бен хұтпаға) **асығыңдар! Егер біле білсеңдер, әлбетте бұл сендер үшін әлдеқайда қайырлы!**» (Жұма сүресі, 9-аят).

Бұл аяттан түсінгеніміздей, Жұма уақытында сауда-саттық секілді намаздан өзге істермен айналысу харам болады.

Расулұллаһ r Жұма намазы хақында былай дейді:

«Бір адам жақсылап дәретін алып, Жұма намазына келсе және құтпасын құлақ түріп тыңдаса, осы және келесі Жұма арасындағы күнәлары кешіріліп, тағы үш күн қосылады. Кім құтпа оқылып жатқанда

Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Адамдардың бірін дос тұтсам, Әбу Бәкірді өзіме дос тұтар едім. Бірақ Ислам бауырмалдығы одан да үстем».

(Бұхари, Саләт 80)

Әбу Һурайра ﷺ былай дейді:

«Мумин бауырының айнасы. Ол айнадан өз айыбын көріп, оны түзетеді».

(Бухари, әл-әдәбул-муфрад, 238)

Яғни мумин бауырының бойынан көрген қателіктерді оған ізгі ниетпен айтып береді. Жақсы қасиет көрсе оны айтып одан да жақсыға ынталандырады. Жамандық көрсе оны түзетуге шақырады.

тастармен ойнап отырса, әбестікпен айналысқан болып, Жұманың сауабын уысынан шығарып алады» (Муслим, жұма 27).

«Кей адамдар — Жұма намазына келмеуден тыйылады, не болмаса Аллаһ олардың жүректерін мөрлейді де, ғапылдардың қатарына кіреді» (Муслим, жұма 40).

Намазда хұшуғ сезімі

Бүкіл ғибадаттар ұлы бір рух тебіренісімен өтелуі тиіс. Әсіресе, намаздың хұшуғсыз болмауы қажет. Аят былай бұйырады:

«**Кей намаз оқушыларға сор болсын! Олар намаздарына салғырт қарайды**» (Мағун сүресі, 4-5-аяттар).

Хазіреті Пайғамбар ﷺ былай дейді:

«Адам рукуғы мен сәждесін толық жасап намазын жақсылап өтесе, намаз ол адамға:

"Мені аялап қорғап жүргеніңдей, Аллаһ та сені қорғасын!", —

дейді. Намаз көтеріліп, (қабыл) етіледі. Адам рукуғы мен сәждесін толық жасамай, намазын жақсылап оқымаса, намазы оған:

“Мені қор қылғаныңдай, Аллаһ та сені қор қылсын!”, — дейді. Оның оқыған намазы жердегі шүберек секілді жиылып, ол адамның бетіне лақтырылады» (Байхаки, Шуаб III, 143; Сүюти, жәмиғ I, 58/364).

Намазда хүшуғ сезімінде болудың маңыздылығы, сондай құлдың құтылу жолындағы сапары — осы есіктен өтеді. Өйткені аят соларға сүйінші жолдайды:

«**Расында, намаздарында хүшуғ сезімінде болған мүминдер құтылды!**» (Мүминун сүресі, 1-2-аяттар).

Пайғамбарымыз r өз хадисінде намаздың неғұрлым хүшуғ сезімімен оқылатын болса, соғұрлым қабыл болатындығын былай жеткізеді:

«Адам намазын бітірген кезде оған намазының тек оннан бірі, тоғыздан бірі, сегізден бірі, жетіден бірі, алтыдан бірі, бестен бірі, төрттен бірі, үштен бірі немесе жартысы ғана жазылады» (Әбу Дәуіт, Саләт 123-124/796; Ахмет IV, 321).

Өмірінің соңғы кезеңінде Пайғамбарымыз ﷺ құл ақысын жемеу тұрғысында үмметіне ескерту жасап, өзінен мысал бере отырып былай деді:

«Асхабым! Егер біреудің бір затын** (қателікпен) **алған болсам, міне, мал-мүлкім келіп алсын. Кімнің арқасына ұрған болсам, міне, арқам келіп ұрсын»

(Ахмет III, 400)

«Адамның намазының тек жүрегімен қатысқан бөлімдері ғана жазылады» (Сүһәйли, раудул-унф II, 208).

Яғни, құл тек хүшуғмен, жан тыныштығымен намаз оқыған кезде ғана сауап ала алады.

Пайғамбарымыз бір хадисінде былай дейді:

«Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар, дүниеде қор болу ақіретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады».

(Қрңз: Ибн Сағд, II, 255; Табари, тарих III, 191)

Намаз оқыған кезде оның барлық рүкіндерінің, яғни, бөлімдерінің бәрін жіті орындау керек. Бірде **Расулұллаһ** r :

«Ең жаман ұрлық жасайтын адам намазынан ұрлайтын адам», — деп айтты. Ардақты сахабалары:

«О, Расулаллаһ! Адам намазынан қалай ұрлайды?», — деп сұрағанда:

«Ол рукуғы мен сәждесін толық жасамайды, рукуғ мен сәжделен тұрған кезде белін толық түземейді»,— деді (Ахмет V, 310; 78).

Аллаһтың Елшісі r басқа бір хадисінде былай дейді:

«Рукуғы мен сәжделері арасында белін түзеп, түрегелмеген адамның намазына Аллаһ Тағала қарамайды» (Ахмет II, 525).

Намаздарымызды қаншама тырыссақ та, кіршіксіз түрде оқуымыз мүмкін болмауы ықтимал. Пенде болғандықтан бірде болмаса, бірде кемшіліктер кетіп жатады. Сондықтан да осындай кемшіліктерімізді толықтыру үшін истиғфармен Раббымызға жүгініп, нәпіл намаздарымызға көңіл бөлуіміз қажет. Аллаһтың Елшісі r былай дейді:

«Қиямет күні құлдың алғаш болып есебін беретін амалы — намаз. Егер намазы түзу болса, ісі оңай болып, табыспен шығады. Намазы дұрыс болмаса, зиян көріп, шығынмен шығады. Егер парыздары кем болып шықса, Әзиз және Жәлил Раббысы:

"Құлымның нәпіл намаздары бар ма екен көріңдер?", — деп бұйырады.

Омар бин Хаттаб ﷺ әңгімелейді:

«Хайбар шайқасының күнінде Пайғамбарымыздың сахабаларынан бір топ келіп: "Пәленше шейіт, түгленше де шейіт", десті. Сосын тағы бір адамның мәйітінің қасынан өтіп бара жатып: "Мына кісі де шейіт болыпты!", деді. Расулуллаһ ﷺ:

"Жоқ!, Мен оны олжа малдарынан ұрлап алған бір шапанына ораулы күйде тозақта көрдім", деді». *(Мұслим, иман 182)*

Демек, пенде үшін ең ұлық мәртебелердің бірі шейіттіктің өзі адамның көп күнәларына кәффарат болса да, қоғам мүлкіне қиянат пен құл ақысының күнәсін жуып шая алмайды екен.

Парыздардың кем-кетіктері нәпіл намаздармен толықтырылады. Сосын басқа амалдарынан да дәл осылай есепке тартылады» (Термези, Саләт 188/413).

Сахаба Жәрир бин Абдуллаһ ﷺ бір жылқы сатып алмақ болады. Таңдаған арғымағын сатып тұрған адам бес жүз дирһәм сұрады. Жәрир ﷺ бұл атқа алты жүз дирһәм бере алатынын, тіпті, сегіз жүз дирһәмға дейін көтеруге болатынын айтты. Өйткені ол аттың құны жоғары, ал сатушы мұны білмейтін еді. Сатушы одан:

— Атты бес жүз дирһәмға алатұғын жерінде неге сегіз жүзге көтеріп жатырсың?, деп сұрады.

Жәрир ﷺ мына керемет сөзімен жауап қайырды:

— Біз сауда-саттықта қулық жасамау тұрғысында Аллаһ пен Расулына сөз бердік.

Міне, Ислам ахлағының сауда саласына да шағылысқан құл ақысы түсінігі.. Кісі ақысы дегенді ойламай, алушыдан сындырғанымша сындырып қалайын деген түсінік мұсылманға мүлде жат.

Намазды алғашқы уақытында оқу

Намаздарды алғашқы уақытында оқу — мүминнің назарында жүруі аса маңызды мәселелердің бірі. Аяғын әрең басып, намазды соңғы уақытына дейін кешіктіру және көңілсіз түрде оқып тастап, тезірек құтылуға тырысу — Аллаһ сақтасын, мүминді мұнәфиқтыққа апарары сөзсіз[35].

Расулұллаһ r намазды кешіктірудің қауіптілігіне назар аудара отырып былай дейді:

«*Намаздың алғашқы уақытында Аллаһтың разылығы бар, соңғы уақытында кешірімі бар*» (Термези, 13/172).

«Шынында мұнәфиқтар (ойларынша) **Аллаһты алдамақшы. Алайда, Аллаһ олардың айла-тәсілдерін өздеріне қайтарушы** (өз бастарына төнкереді)**.**
Олар намазға тұрғанда көңілсіз, жалқау

35. Қрңз: Ниса, сүресі, 142-аят

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай дейді:

«Қиямет күні құлдың алғаш болып есебін беретін амалы — намаз. Егер намазы түзу болса, ісі оңай болып, табыспен шығады. Намазы дұрыс болмаса, зиян көріп, шығынмен шығады. Егер парыздары кем болып шықса, Әзиз және Жәлил Раббысы:

"Құлымның нәпіл намаздары бар ма екен көріңдер?", деп бұйырады. Парыздардың кем-кетіктері нәпіл намаздармен толықтырылады. Сосын басқа амалдарынан да дәл осылай есепке тартылады» *(Термези, Саләт 188/413).*

тұрады да, сөйте тұра адамдарға көрсету үшін ғана оқиды. Аллаһты өте аз ғана еске алады» (Ниса сүресі, 142-аят).

Яғни, намаздың алғашқы уақытында оқылуы, құлдың иләһи әмірлерге бас июде қаншалықты сезімтал және жігерлі екендігін көрсететіндіктен, Хақтың разылығына уәсилә болады. Бұған керісінше, намазға салғырт қарап, соңғы уақытына іліндіріп, оқи салу — иләһи бұйрықтарға салақтықты көрсететіндіктен, құлға қандай да бір сауап әкелмейді, тек ары кетсе сол парыз қарызының кешірілуіне ғана себеп болуы мүмкін.

Абдұррахман Жәми құддисә сирруһ айтады:

«Мен анамды қалай сүймейін. Ол мені бір мерзім құрсағында, содан соң ұзақ уақыт құшағында, одан кейін өлгенге дейін жүрегінің төрінде көтеріп өткен. Оған құрметсіздік жасаудан асқан жамандық бар ма екен?!..»

Ала бин Абдұррахман Хазіреті мына оқиғаны жеткізеді:

— Бір күні түстен кейін **Әнәс бин Мәліктің** t үйіне бардық. Әнәс t біз барған кезде дереу орнынан тұрып, екінті намазын оқып алды. Оған «Намазды ерте оқыған жоқсың ба?», — деген едік, ол неге бұлай істегендігін бізге былай түсіндірді:

— «**Пайғамбарымыз** r үш рет «*Бұл мұнәфиқтардың намазы!*» — деп қайталады да, сөзін былай жалғады:

«Олардың бірі уақыт өткізіп, отырып, тура күн сарғайып батуға тақаған кезде және шайтанның екі мүйізінің арасына кірген кезде тұрып, құстың жем шоқығанындай жылдамдатып төрт рет жатып тұрады. Намазда Аллаһты тым аз еске алады» (Муатта, Құран Кәрім 46; Мүслим, Мәсәжид 195).

فِي جَنَّاتٍ يَتَسَاءلُونَ ﴿٠٤﴾ عَنِ الْمُجْرِمِينَ ﴿١٤﴾
مَا سَلَكَكُمْ فِي سَقَرَ ﴿٢٤﴾
قَالُوا لَمْ نَكُ مِنَ الْمُصَلِّينَ ﴿٣٤﴾
وَلَمْ نَكُ نُطْعِمُ الْمِسْكِينَ ﴿٤٤﴾
وَكُنَّا نَخُوضُ مَعَ الْخَائِضِينَ ﴿٥٤﴾
وَكُنَّا نُكَذِّبُ بِيَوْمِ الدِّينِ ﴿٦٤﴾

«Олар Жәннаттарға орнығып алып, өзара күнәһарлар туралы сұрайды. Сонан соң күнәһарларға қарап: "Сендерді тозаққа кіргізген не нәрсе?", — деп сұрайды. Олар: "Біз намаз оқымайтын едік. Әрі міскінді тамақтандырмайтын едік. Тантығандармен бірге тантыған едік. Қиямет күнін жалғанға шығарушы едік", — дейді» (Мүддәссир сүресі, 40-46-аяттар).

Хақ досы Бахауддин Нақшыбенд Хазіреті:

«Менің қабірімді зиярат еткісі келген адам, алдымен анамның қабірін зиярат етсін!», дей отырып, алған рухани тәрбиесінің алғашқы сәулетшісін анасы деп мойындаған екен.

«Раббың былай үкім шығарды:

"Өзінен басқаға құлшылық етпеңдер. Ата-анаға жақсылық істеңдер! Егер олардың біреуі немесе екеуі де өз қасыңда қартайса, оларға «түу!» деп те айтпа (кейіме)! Оларды зекіме! Оларға сыпайы да көңілдерін баурап алатындай сөйле!"»

(Исра, 23)

Әбу Зәр t былай әңгімелейді:

«**Расулұллаһ** r :

— "*Намазды кешіктіретін немесе оны жаны шығып кеткен өлікке айналдыратын адамдар бастарыңа билік құрған кезде халдерің нешік болады?*", — деді:

Мен:

— Мұндай жағдайда маған не істеуімді бұйырасыз?, — деп сұрадым. Аллаһтың Елшісі r :

— "*Намазыңды уақытында оқы! Олар намаз оқып жатқанда намазға қосылған болсаң артынан қайтадан оқы! Бұл сен үшін нәпіл болады*", — деді» (Мүслим, Мәсәжид 238-240; Дәрімі, Саләт 25)

Тағы бірде Пайғамбарымызға «Амалдардың ең мәртебелісі қайсысы?» — деген сұрақ қойылды. Пайғамбарымыз r :

«*Алғашқы уақытында оқылған намаз!*», — деп жауап берді (Термези, Саләт 13/170; Әбу Дәуіт, Саләт 9/426).

Аллаһтың Елшісі r үмметіне өсиет еткен осы бір ізгі қасиетті өз бойынан

үнемі көрсетіп жүретін. Өйткені Ол өмір бойы және қандай жағдай болсын намазды уақыты кірген сәтте дереу оқығанды ұнататын[36]. Хазіреті Айша с бұл жайында былай дейді:

«Расулұллаһ r Аллаһ Тағала Оны өз қасына алғанға дейін намазын соңғы уақытына дейін кешіктірген емес» (Термези, Салат 13/174; Ахмет VI, 92).

Расулұллаһ ﷺ хадис шәрифте былай деген:

«Құптанды жамағатпен оқыған түннің жартысы және таң намазын жамағатпен оқыған түн түгелдей ғибадатпен өткізгенмен тең болады» (Мүслим, Мәсәжид, 260).

Хақ Тағала Өзіне молырақ сәжде етуіміз үшін адамның денесін сәждеге ең ыңғайлы түрде жаратқан.

Хазіреті Айша ﵂ *былай дейді:*

«Расулұллаһқа бір кісі келді. Қасында кәрі бір адам бар екен. Аллаһтың Елшісі: "Ей пәленше! Жаныңдағы адам кім?", деп сұрады. Ол кісі:

"Бұл әкем" деген соң Жаһан Мақтанышы Пайғамбарымыз ﷺ *былай деп ескерту үгітін айтты:*

"Оның алдынан жүріп жолын кеспе, одан бұрын отырма, оны атымен атама және оған жаман сөз айтпа!".

(Һәйсәми VIII, 137)

36. Қрңз: Бұхари, Салат 48

Намаздарды жамағатпен оқу

«Ей, иман келтірген жандар! Өздеріңді де, отбасыларыңды да отыны адамдар мен тастардан болатын оттан қорғаңдар..»
(Тахрим, 6)

Намаз туралы айтқандағы ең маңызды жайттардың бірі — парыз намаздарды жамағатпен оқу мәселесі. Намазды жамағатпен оқу уәжіп үкіміне тең келетін муәккәд сүннет болып табылады. Хазіреті Пайғамбар r, соңғы күндерін санамағанда, ешуақытта жамағатпен намаз оқуды қалдырмаған.

Намаздарды жамағатпен оқуды арнайы бұйыруы — дініміздің әлеуметтік тәрбиеге қандай үлкен маңыз беретінін көрсетеді.

Өйткені бірлік пен татулық сезімін шегелей түсетін ең маңызды салиқалы амал — намазды жамағатпен оқу. Қай жерде жамағатпен намаз оқылатын болса, ол жерде Исламның рухани және әлеуметтік құрылымы орын тебе бастаған деген сөз.

Намаздың әр рәкәатында тілімізде болатын: **«Саған ғана құлшылық етеміз, тек Сенен ғана медет тілейміз»** (Фәтиха сүресі, 5) аятында «мен» емес «біз» айтқызу арқылы Раббымыз бізге күніне ең аз дегенде қырық рет жамағат күйінде болуымызды үгіттейді.

Бұл жайындағы хадис шәрифтердің бірнешеуі мынадай:

«Жамағатпен оқылған намаз — жалғыз тұрып, оқыған намаздан жиырма жеті есеге артық» (Бұхари, азан 30).

«Жамағат күйінде өмір сүрулеріңді және бөлініп, бытырап кетуден өте сақтануларыңды қалаймын. Өйткені шайтан жалғыз басты өмір сүретіндермен бірге. Екі кісі болса да, бірге тұрса — ол олардан аулақ болады. Жәннаттың ортасында болғысы келетін адам жамағатқа баруды жалғастырсын...» (Термези, Фитән 7/2165).

Бір күні **Расулұллаһ** r жалғыз өзі намаз оқып тұрған бір кісіні көріп:

«Мына кісімен бірге намаз оқу арқылы оған садақа жасағысы келетін ешкім жоқ па?», — деп сұрады (Әбу Дәуіт, Саләт 55/574; Термези, Саләт 164; Дәріми, Саләт 98).

Басқа риуаяттардан түсінгеніміздей, ол кісі түскі намазды оқып жатқан болатын. Расулұллаһ r бір кісі оған жамағат болып қосылып көбірек сауап алуын қалады.

«Барлығың шопансыңдар және барлығың баққандарыңнан сұраласыңдар.. Еркек жанұясының шопаны және сол отарынан сұралады. Әйел күйеуінің үйінің шопаны және сол отарынан сұралады».

(Бұхари, уасая 9; Мұслим, имара 20)

Расулұллаһ r былай дейді:

«Бір адамның тағы бір адаммен бірге оқыған намазы — жалғыз оқыған намазынан берекесі мен сауабы жағынан артық болады. Ал екі адаммен оқыған намазы — бір адаммен қосылып оқыған намазынан берекелі және артық. Бірге оқығандардың саны қаншалықты көп болса, Аллаһ Тағалаға соншалықты ұнамды болады» (Әбу Дәуіт, Саләт 47/554; Нәсәи, Имамдық 45/841).

Расулұллаһ r жамағат мәселесіне ешқашан

Хаулә бинт Хаким жақсы киінетін әйел кісі болатын. Бір күні тозығы жеткен киіммен Хазіреті Айшаның үйіне келеді. Айша анамыз C:

«Мына халің не?», деп сұрайды. Ол:

«Күйеуім түнімен намаз оқиды, күндіздері ораза ұстайды, маған еш көңіл бөлмейді», деді.

Сол кез ішке Расулұллаһ r кірді. Хазіреті Айша C жағдайды оған түсіндірген соң Расулұллаһ Хауләнің күйеуі Османмен сөйлесіп:

"Осман! Бізге рұхбандық әмір етілген жоқ. Мен сен үшін ең тамаша үлгі емеспін бе? Араларындағы Аллаһтан ең көп қорқатын да, Оның әмірлеріне ең көп бағынатын да менмін", деді».

(Ахмет, VI, 226; Ибн Хажар, әл-исаба IV, 291)

немқұрайды қарамайтын. Айталық, бір күні соқыр сахаба **Абдұллаһ бин Үммү Мәктум** t :

«Уа, Расулұллаһ! Мәдинаның улы жәндіктері мен жырткыш жануарлары көп (Мен солардың зиян тигізуінен қорқамын. Жамағатқа келмей үйде намаз оқи берсем бола ма?), — деген болатын. Расулұллаһ r :

*"***Хайия аләс-саләһ** *және* **хайия аләл-фәләх***", — деп шақырған дауыс естіле ме? Олай болса, кідірмей, мешітке кел», — деп бұйырды* (Әбу Дәуіт, Саләт 46/553).

Хадис былай бұйырады:

«Үйленіңдер, ажыраспаңдар!.. Өйткені ажырасу себебінен Арш шайқалады..».

(Әли әл-Мүттақи IX, 1161/27874)

Язид бин Амр әңгімелейді:

««Расулұллаһ r намаз оқып жатқан кезде қасына бардым. Жамағатқа қосылмай, шетке барып отырдым. Пайғамбарымыз r намаздан кейін бізге қарай бұрылғанда, менің шетте отырғанымды көріп:

— Ей, Язид, сен мұсылман болмап па едің? — деді.

— Болдым ғой, о, Аллаһтың Елшісі! — дедім.

— Олай болса, жамағатқа қосылуыңа не кедергі болды? — деді.

— Сіздер намазды оқып қойған шығар деген оймен намазды үйде оқып алған едім — дедім.

Бұған Пайғамбарымыз ﷺ :

«Егер намазға келгеніңде адамдардың намаз оқып жатқанын көрсең, олармен бірге оқы! Егер намазыңды оқып қойған болсаң, бұл сен үшін нәпіл намазы болады. Ал үйде оқығаның парыз есебінде жазылады», — деді (Әбу Дәуіт, Салат 56/577).

Риуаят бойынша қиямет күні Аллаһ Тағала:

— «Менің көршілерім қайда?», — деп сұрайды.

Періштелер:

Хақ Тағала «рахим» деп аталатын туыстық қатынастарға Өзінің Рахман сипатымен түбірлес сөзден атау беріп:

«..Оны сақтағандарға Мен де жақсылық жасаймын. Оны үзіп тастағанды Мен өз мейірімімнен мақрұм қалдырамын», деген.

(Әбу Дәуіт, зекет 45/1694)

— «Саған кім көрші бола алады, о Раббымыз!», — деп сұрайды.

Аллаһ Тағала:

— «Мешіттерімді құрағандар (яғни жамағат болып толтырғандар)», — дейді» (Әли әл-Мүттақи VII, 578/20339).

Расулұллаһ r жамғат намазына келмегендерге түрлі ескертулер жасағандығы мәлім. **Үбәй бин Кағб** t былай дейді:

«Бірде Расулұллаһ бізге таң намазын оқытып болған соң:

— «*Пәленше намазға келді ме?*», — деп сұрады. Жамағат:

— «Келген жоқ», — деді.

— «*Пәленше намазға келді ме?*», — деп сұрады. Жамағат:

— «Келген жоқ», — деді.

Сонда Расулұллаһ r :

— «*Міне, осы екі намаз (құптан мен таң) мұнәфиқтарға ең ауыр келетін намаз. Бұларда қандай үлкен сауаптар бар екенін білсеңдер тізерлеп, төрт аяқтап болса да,*

Бір құдси хадисінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Туыс, дос-жарандарымен қатынасын үзбегендер және Менің разылығым үшін араласқандар — Менің махаббатыма лайық жандар».

(Ахмет V, 229)

«Жер бетінде бір мұсылман Аллаһтан бір нәрсе тілейтін болса, тілеген нәрсе күнә іс болмайынша немесе туысымен қатынасын үзу болмайынша, Аллаһ оның тілегін қабыл алып орындайды немесе сол тілегеніне парапар бір жамандықты басынан аулақтатады».

(Термези, дағауат 115/3573; Ахмет III, 18)

жамағатқа келер едіңдер. Бірінші сап — періштелердің сабы секілді. Оның артықшылығын білсеңдер, оған жарысып келер едіңдер...», — деді» *(Әбу Дәуіт, Саләт 47/554; Нәсәи, Имамдық, 45).*

Дінімізде жамағатпен намаз оқудың маңыздылығының себебінен ғой, Османлының ұлы ғұламаларының бірі Молла Фәнари намазын жамағатпен оқымай жүрген Османлы Сұлтаны Йылдырым Баязидтің сотта куәлігін қабылдамай қояды. Мұның себебін таң қалып сұраған Сұлтанға қысылмай, қымтырылмай:

«Сұлтаным! Сізді жамағатта көре алмай жүрмін. Ал негізінде, сіздің бұл халықтың көсемі ретінде алғашқы сапта тұрғаныңыз жарасар еді. Сіздің салиқалы амалдарыңыз үлгі болуы тиіс. Егер жамағатқа қатысып жүрмесеңіз, халыққа жаман үлгі боласыз. Бұл болса куәлігіңіздің қабылдануына кедергі келтіреді..», — деп жауап берген екен.



Меккеде бір жылдары қатты ашаршылық пен қуаңшылық бой көрсеткен болатын. Расулуллаһтың немере ағасы Әбу Тәліптің материалдық жағдайы нашар, жанұясында адам көп болғандықтан біраз қиналып қалған болатын. Расулуллаһ r *басқа немере ағасы Аббасқа барып:*

«Аға! Өзіңіз де білесіз ғой, бауырыңыз Әбу Тәліп көп балалы отбасын бағып отыр. Адамдар қуаңшылық пен аштықтың зардабын шегіп жатыр. Бірге Әбу Тәліпке барып, жағдайын сөйлесейік. Ұлдарының біреуін мен үйіме алайын, біреуін сіз алыңыз! Осылай, оның жүгін біраз жеңілдеткен боламыз!», деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз r *балалық шағында өзіне қанатын тосқан немере ағасына көмектесе отырып, ождандық борышына берік екендігін көрсетті.*

Аббас t *жомарттықпен бұл ұсынысты құп алып, екеуі бірге Әбу Тәліптің үйіне барды:*

«Адамдар мына бастарына түскен қиыншылықтан құтылғанға дейін балаларыңның бір-екеуін қасымызға алып, сенің жүгіңді жеңілдеткіміз келеді», деді. Әбу Тәліп:

«Акилді маған қалдырыңдар, қалғандарынан қалағандарыңды алыңдар!», деді.

Сонда Хазіреті Расулуллаһ r *Хазіреті Әлиді, көкесі Аббас Хазіреті Жағфарды алды. Пайғамбарымызға пайғамбарлық тарту етілгенге дейін Хазіреті Әли оның қасында ер жетті. Жағфар* t *мұсылман болып, өз күнін көре алатын жағдайға жеткенше, Хазіреті Аббастың қол астында болды (Ибн Хишам I 264).*

Хубәйб t Мекке мүшріктерінің қолынан шәһит етілді. Шәһит етілер кезінде Хазіреті Хубәйбке:

«Сен құтылып, орнында Пайғамбарың болғанын қалар ма едің?», деген ұсыныс жасалды. Хубәйб Әбу Суфиянға қадала қарап:

«Мен бала-шағамның қасында болып, Расулуллаһ менің орнымда болуын қалау былай тұрсын, өзімді құтқару үшін Оның тұрған жерінде аяғына бір тікенек батуына да көңілім әсте разы бола алмайды» деп жауап берді.

Осы оқиғадан кейін басқа бір деректің айтуы бойынша Йылдырым Баязид Бурса қаласындағы атақты Ұлы Жәми мешітін салдырып, бес уақыт жамағатқа қатысып жүрген екен.

Соңғы демге дейін намаз

Намазды тастап кетуге келер болсақ, оның ешқандай ақылға сияр сылтауы мен себебі бола алмайды. Соғыс кезінде де мұсылман әскерлер кезекпен намаздарын жамағатпен оқитын[37].

Сол себепті соңғы демімізді беретін сәтке дейін намаз тұрғысында көкірегіміз үнемі ояу болуы керек. Бұл тұрғыда Хазіреті Расулуллаһтың r соңғы сәттері жайында **Әнәс бин Мәлік t** былай дейді:



«Дүниеден озатын сәтінде Расулуллаһтың r қасында болдық. Бізге үш рет:

37. Ниса, 102.

«Намаз тұрғысында Аллаһтан қорқыңдар!», — деді де былай жалғады:

«Қол астыларыңдағы адамдар тұрғысында Аллаһтан қорқыңдар. Екі әлсіз тұрғысында Аллаһтан қорқыңдар: Олар — жесір мен жетім бала. Намаз тұрғысында Аллаһтан қорқыңдар!..»

Одан соң Расулұллаһ r :

«Намаз, намаз...» деп қайталай бастады. Әзиз рухы Ең Ұлы Досқа қарай көтеріліп кеткенге дейін мұны іштей қайталап жатты (Бәйхаки, Шұаб VII, 477).

Бізден Аллаһтың қалайтын намазы — материалдық әрі рухани қажеттіліктерімізді Раббымызбен сырласатын намаз...

ДІН БАУЫРЛАСТЫҒЫ

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде мүминдердің бауыр екендігін баян етеді. **Пайғамбарымыз** r мүмин адамның өз мүмин бауырларымен берік махаббат байланысын орнатпастан, кемел иманға жетуі қиын екенін білдеретін бір хадисінде былай дейді:

«Мүмин — өзінің мүмин бауырларымен бірге көп болады» (Ажлуни, Кәшфул-хафа, 2800).

Адамдардың бұл дүниелерін де, мәңгілік әлемдерін де көркейте түсетін тәблиғ қызметі — иман нығметі үшін Аллаһқа шүкіршілік етудің ең жақсы жолы. Қандай да бір мүмин үшін Жаратқан Иенің мына бір мақтауына лайық болудан асқан бақыт барма ма?:

«Аллаһқа шақыратын, өзі де ізгі амал істейтін және "Мен мұсылманмын» деп жар салатын адамның" сөзінен артық көркем сөзді жан бар ма?» *(Фұссиләт, 33).*

«Мүмин — өз бауырынан бөлек тұра алмайды. Олар дәл екі қол секілді, біріноіз-бірі болмайды» (Дәйләми, Фирдәус III, 409/5251).

«Мүминдер бір-бірлеріне кезіккен кезде бір-бірін жуатын екі қол секілді болуы керек» (Сүюти, Жәмиүл-ахадис 21028; Дәйләми, фирдәус I V, 132/6411).

Әнәс бин Мәлік t былай дейді:

«Расулұллаһ r дін бауырларының бірін үш күн көрмей қалса, оны сұрайтын. Алыста болса оған дұға жасап, үйінде болса, зиярат етіп, ауырып жатса, шипа тілеп көңілін сұрауға баратын» (Һәйсәми II, 295).

Яғни мұның мағынасы мүмин бауырлар бір-біріне жәрдем етіп, кем-кетіктерін жамап жүреді, қателерін түзетеді, жұмсақ тілмен жақсы насихат айтады деген сөз.

Дін бауырын Аллаһ үшін сүюдің артықшылығы да былай баяндалады:

«Қиямет күні Аллаһ Тағала былай дейді: Ұлылығыма ант, Маған бас ию мақсатымен бір-бірлерін сүйгендер қайда? Еш көлеңке болмайтын күні оларды (Аршымның) астында саялатып, қорғаштаймын» (Мүслим, Бирр 37).

Бір таңқаларлығы қоштасу қажылығына 120 000 сахаба қатысқан болатын. Соншама сахабаның тек 20 000-дайы Мекке мен Мәдина маңайында жерленген екен. Ал қалғандары Исламды тәблиғ ету және Аллаһтың сөзін ұлықтау үшін бүкіл дүниеге жайылып, ең соңғы аяқ баса алған жерлері қабірлері болған екен.

Бір күні Расулуллаһ r мінбеге шығып, сөз сөйледі. Мұсылмандардың кейбірін қайырлы сөзбен еске алғаннан кейін мыналарды айтты:

«Кейбір адамдарға не болған, көршілеріне білмейтін мәселелерін түсіндіріп, үйретпей жүр, олардың түсінігін кеңейтуге жанаспай, оларға мағруфты (ізгілікті) бұйырып, мункәрден (харамнан) сақтандырмайды?

Біреулерге не болған, білмейтіндерін көршілерінен сұрап білуге талпынбайды, түсінігін кеңейтуге тырыспайды?

Аллаһқа ант етейін білімі барлар я көршіле-ріне үйретіп, олардың түсінігін тәрбиелейді, мағруфты бұйырып, мункәрден сақтандырады, екінші жақтан білмейтіндер де қозғалып көршілерінен сұрап үйреніп, діни мәселелерді ұғынуға тырысатын болады, яки оларды бұл дүниеде жазаландырамын».

Расулуллаһ r осы сөзін айтып болғаннан кейін мінбеден түсіп үйіне қарай кетті. Кей адамдар:

«Біздіңше (Йемендік) Ашғарилер жайында айтса керек, өйткені олар фақиһ адамдар, ал көршілері дөрекі, қатты сөзді, су жағалауында өмір сүретіндер», десті.

Ашғариліктер мән-жайды естігенде Расулуллаһқа келіп:

«Уа, Расулаллаһ ! Сіз бір қауымды мақтап, бізді сынағаныңызды естідік. Біздің қай жерімізді ұнатпадыңыз?», деп сұрады.

Пайғамбарымыз ештеңе айтпады, тек алдыңғы айтқандарын қайталады. Ашғарилер сөздің өздері жайында болып-болмағанын түсіне алмады. Нақтылап біліп алу үшін бірнеше рет сұрады, Расулуллаһ r әр жолы сол сөздерін қайталап айтты. Сосын Ашғарилер:

«Олай болса, бізге бір жыл мерзім беріңіз!», деді. Расулуллаһ r көршілеріне тәрбие беріп, оларға діннің мәселелерін үйретулеріне бір жыл мерзім берді де мына аяттарды оқыды:

«Исраилұлдарының күпірлікке түскендері Дәуіт пен Мәриямұлы Исаның аузынан лағынеттелді. Бұл олардың бас көтеріп, шектен асулары себебінен болды. Олар жасаған жамандықтарынан бір-бірін тиюға тырыспайтын. Олардың істеген істері қандай жаман еді!» (Мәидә, 78-79); (Һәйсәми I, 164; Әли әл-Муттаки III, 684/8457).

Бір күні Расулұллаһ r былай деді:

— «*Аллаһтың құлдарының арасында ерекше адамдар бары соншалық, олар нәби де емес, шейіт те емес. Алайда қиямет күнінде олардың Аллаһтың қасындағы дәрежелеріне қарап, нәбилер мен шейіттер қызығады*».

Сахабалар:

— «Олар кімдер және қандай ізгі амалдар жасаған адамдар? Бізге айтыңыз, біз де соларға жақын болуға тырысайық, о, Расулаллаһ!», деді.

Расулұллаһ r :

— «*Олар араларында туыстық байланысы да, жұмыс немесе сауда байланысы да жоқ, тек Аллаһтың ризалығы үшін бір-бірін сүйетін жандар. Уаллаһи, жүздері нұр шашады, өздері де нұрдан мінбенің үстінде болады. Адамдар қорқатын күнде — олар қорықпайды. Адамдар қайғырған уақытта — олар қайғырмайды*», — деді де, мына аятты оқыды:

«Біліп қойыңдар! Аллаһтың уәлілеріне (достарына) **еш қауіп-қатер жоқ, олар қайғы қасірет**

Дарға асылғалы тұрған бір сахаба өзіне үш минут берген мүшрікке рахметін айтып, былай қуанған еді:

«Демек, тәблиғ айту үшін үш минут уақытым бар екен! Бәлкім үгіт аларсың».



шекпейді де» (Юнус 62); (Әбу Дәуіт, Буюғ 76/3527; Хаким IV, 170/ Термези, Зуһд 53/2390).

Расулұллаһ r айтады:

«Біреу бір мүминмен танысып, бауырласқан кезінде оның есімін, әкесінің есімін және тегін сұрасын. Өйткені бұлай істеу арадағы махаббаттың артуына себеп болады» (Термези, Зуһд 54/2392).

Дін бауырластығының ең керемет үлгілері Пайғамбарымыздың Меккеден Мәдинаға һижраты барысында көрініс тапқан болатын. Мәдина қаласына барған алғашқы күндерінде Аллаһтың Елшісі r бүкіл мұсылмандарды бір-біріне бауыр етіп сайлаған болатын. Өзінің бүкіл малын, мүлкін, жары мен достарын Меккеге тастап келген Мүһәжирлерді Ансардың қамқорлығына кіргізген Пайғамбарымыз r осы арқылы діни, әлеуметтік және саяси тұрғыдан бірлік пен татулықты нығайтқан еді.

Дін бауырластығы Ансар мен Мүһәжір мұсылмандар арасында қысқа мерзім ішінде көгеріп, шырқау шегіне жетті. Нәби r Бахрайн

***«Және** (ей, иман келтіргендер!) **сондай фитнәдан** (күнәлардан) **сақтаныңдар** (және өзгелерді сақсындырыңдар. Өйткені) **Оның жазасы тек зұлымдық істегендерге ғана тиіп қалмайды** (бүкіл қоғамды пұшайман етеді). **Һәм** (тағы да) **біліп қойыңдар: Аллаһтың азабы тым қатты»** (Әнфәл 25).*

аймағын бөлістірерде, алдымен, Ансарлықтарды шақырған кезінде олар бас тартып:

«Уа, Аллаһ Расулы! Мүһәжір бауырларымызға артығымен бөлістіріп бермейінше, біз ештеңе алмаймыз!», — деді» (Бұхари, Мәнақибул-ансар 8).

Жәбир t әңгімелейді:

«Ансарлықтар құрмаларын баулаған кезде оны екіге бөліп, бір жағына көбірек, екінші жағына азырақ қылып жинайтын. Сосын аз үйіндінің астына жапырақтар мен бұтақтар қосып, көп қылып көрсетіп, Мүһәжірлерге:

«Қай таңдағаныңды ала бер!», — дейтін. Олар (көп болып

Әбу Һурайра* ❁ *айтады:

(Сахабалар арасында мына ақиқатты) ***еститін едік: Қиямет күніне бір кісінің жағасына еш танымайтын біреу келіп жармасады: Әлгі адам таң қалып:***

«Менен не сұрайсың? Мен сені танымаймын!», дейді. Жағасына жабысқан адам:

«Дүниеде мені қателіктер мен күнәлардың ішінде жүргенімді көрсең де ескертпейтін, мені ол жамандықтардан тыймайтынсың!», деп онымен дауласады.

(Мунзири, әт-тәрғиб уәт-тәрһиб III, 164/3506; Рудани, жәмиғул-фәуәид V, 384)

«Олар иман келтірмеді деп өзіңді тауыса жаздайсың!».

(Шұара 3)

«Әли, інім! Аллаһтың сенің қолыңмен бір адамды һидаятқа жеткізуі сен үшін күн шуағы түсіп жатқан барлық нәрседен қайырлы».

(Хаким, Мұстәдрак III, 690)

көрініп тұрған жағы Ансарлық бауырларымызға қалсын деп анаусын алатын) және осылай құрманың көбісін Мүһәжірлер алатын. Ансарлықтар бұл құлық арқылы аз жағын өзіне қалдыратын. Ансарлықтардың осы жомарттығы Хайбардың алынуына дейін жалғасты (Хәйсәми, X, 40).

Пайғамбарымыз ﷺ мына оқиғаны әңгімелейді:

«Бір кісі басқа бір ауылдағы дін бауырын зиярат етіп қайтайын деп, жолға шығады. Аллаһ Тағала оны бақылауы үшін жолына бір періштені жібереді. Әлгі кісінің алдынан шыққан періште:

«Жол болсын?», — дейді сұрастыра. Ол кісі:

«Мына ауылда бір бауырым тұратын. Сонымен көрісіп қайтайын деп бара жатырмын!», — дейді.

Періште одан:

«Ол бауырыңнан күткен бір пайда, бұйымтайың бар ма еді?», — деп сұрайды.

Әлгі адам:

«Жоқ, мен оны жәй ғана Аллаһ разылығы үшін жақсы көремін және Аллаһ разылығы үшін көргім келіп бара жатырмын», — деді.

Сонда періште оған:

«Сен оны қалай жақсы көретін болсаң, Аллаһ та сені солай жақсы көреді. Мен осы сүйіншіні беру үшін Аллаһ Тағаланың саған жіберген елшісімін», — деді (Мүслим, Бирр, 38; Ахмет II, 292).

Жаман бауыр өкпешіл

Ислам мейлі қуаныш, мейлі қайғы күндері болсын, бауырлардың әрқашан бір-біріне қолқанат болуын талап етеді. Дін бауырлардың бір-бірімен араздасуы ешқашан да мақталатын қылық емес. Мұндай жағдай бауырластыққа у шашып, ара жікті ажыратады. Расулұллаһ r былай бұйырады:

«Мүмин адамның дін бауырын үш күннен артық кешірмей, араздасып қалуы халал емес. Үш күн өтпей жатып, онымен кездесіп, сәлем берсін. Егер сәлемін алса, екеуі де сауапқа ортақ болады. Егер олай етпесе, сәлемін алмаған кісі күнәға кірген болады. Ал сәлем берген адам — араздасудан айыққан болады» (*Әбу Дәуіт, әдеп 47/4912*).

«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді. Енді** *(бұдан кейін де)* **оларға кешірімді бол, және оларға** *(Аллаһтан)* **кешірім тіле, олармен әр іс туралы кеңес құр. Ал,** *(кеңескеннен кейін)* **бір іске бел бусаң, онда Аллаһқа сүйен. Аллаһ өзіне сүйенгендерді, сөзсіз, сүйеді»**

(Әлү Имран 159)

Сүйікті Пайғамбарымыздың жас яһуди көршісі бар болатын. Бұл жас жігіттің мінез-құлқы нашар емес еді. Бір күні науқастанып қалды. Расулуллаһ ﷺ сахабаларымен бірге оны зиярат етіп барады:

«Аллаһтан басқа тәңір жоқтығына және менің Аллаһтың Елшісі екеніме куәлік етесің бе?», деп сұрайды.

Жас бала әкесіне қарады. Әкесі үндемеген соң, бала да үндемеді. Пайғамбарымыз ﷺ осы сауалын екінші рет, сосын үшінші рет қайталады. Үшіншіде әкесі:

«Саған ұсынған сөзін қабыл ал!», деді. Жас бала куәлік етті. Көп ұзамай қайтыс болды. Яһудилер оның мәйітін алмақ болды. Расулуллаһ ﷺ:

«Біз оған сендерден гөрі жақындаумыз!», деді. Сосын Пайғамбарымыз оны жуындырып, кепендеді, хош иіс сеуіп, намазын оқыды».

(Абдурраззақ, мусаннаф VI, 34-35)

«Кімде-кім дін бауырына бір жыл араз болып, жоламай қойса, оның қанын төккенмен тең күнәға кіреді» (Әбу Дәуіт, әдеп 47/4915).

Пайғамбарымыздың r айтуы бойынша дүйсенбі және бейсенбі күндері құлдың жасаған амалдары Аллаһ Тағалаға ұсынылады. Дін бауыры екеуінің арасында араздық болған кісіден өзге Аллаһқа серік қоспаған әр құлдың күнәлары кешіріледі. Періштелерге: «Мына екі кісінің кешірілуін бір-бірімен табысқанға дейін шегере тұрыңдар!», — деп қатаң ескертіледі (Мүслим, Бирр 35-36; Әбу Дәуіт, әдеп 47).

Дін бауырлардың арасын жарастырып, татуластыру — ең қайырлы амалдардың бірі болып табылады. Расулұллаһ r бір күні Әбу Әйюб әл-Ансариге қарап:

«Ей, Әбә Әйюб! Аллаһ және Оның Елшісі разы болып жақсы көретін амалын саған айтайын ба?», — деді.

Әбу Әйюб t :

«Әрине, айтыңыз, уа, Расулұллаһ!», — деді.

Адамдарға ізгілікті үйретіп, жамандықтан тию арқылы Хақ пен ақиқатқа шақыру — оларға жасалатын ең ізгі және өмірлік маңызы бар қызмет. Кітап пен сүннеттің өмірімізден орын табуы үшін әуелі Хақты тәблиғ етудің және халыққа қызмет жауапкершілігінің көкейімізде махаббатпен орнығуы керек...

Расулұллаһ r :

«Адамдар бір-біріне өкпелеп жүрген кезде араларын тауып, бір-бірінен алыстап кеткен кездерінде жақындату», — деді (Бәйхаки, Шуаб VII, 490; Һәйсәми VIII, 80).

Дін бауырластар «менікі дұрыс, сенікі дұрыс» деген бос тартыстарды шетке тастап, өткенді ұмытуды және қажет болғанда, тіпті, өзінен пида етіп мүмин бауырын кешірудің мәрттігін көрсетуді талап ететін іс. Өйткені өкпешіл болу — Аллаһтың әміріне бағынбау деген сөз.

Кезінде Австрияда жұмыс жасап келген бір бауырымыз естелігімен бөліседі:

«Мен бір кездері ішімдік пен құмардың соңына түскен адам едім. Әр күнім кешегі өткен күнімнен нашар болса да, өзімше керемет күн көріп жүрмін деп ойлайтынмын. Сөйтіп жүргенде Австрияға жұмыс істеуге бардым. Бірақ ол жақта да әдеттерімді қоя алмадым. Әрине, Түркиядағыдай ол жақта да мені сол халімнен құтқаруға тырысып жүрген адал ниетті мешіт жамағатынан көршілерім бар еді. Бірақ олар маған насихат айтқан сайын мен олардан қашып, тіпті, сөгетін едім.

Бір күні жолда кетіп бара жатып, кенет көздерім қарауытып, жерге сұлқ құладым. Көзімді ашсам, ау-

руханада екенмін, ішіме қан кетіпті. Ол жерге мені көршілерім жеткізген екен. Ауруханаға төлейтін қалтамда көк тиыным болмағаны былай тұрсын, құмар мен ішімдіктің кесірінен бірталай қарызданып та қалған едім. Бір кезде маған зияратшылар келгенін естіп таң қалдым. Апыр-ай мендей қаңғыбасты кім іздеп келіп отыр екен деп, аң таң отырғанымда ішке кірген адамдар мені одан ары таңқалдыра түсті. Өйткені мені іздеп келгендер жаман жолдағы жолдастарым емес, мен тұратын көшенің мешіт жамағатының адамдары екен. Маған көңіл айтып, алдымен бір шоқ гүлдерін, артынан керек болып қалар деп әкелген конверттерін ұсынды. Мен олардың бұл адамгершілігінен ұялғанымнан жерге кіріп, не айтарымды білмей отырғанда олар мен жазылғанға дейін жанұяма да қарайласып, қаржылай көмектесетіндерін айтты. Мен олардың бұл жақсылығына, бұл адамгершіліктеріне қайтара алған жалғыз нәрсем рахметім болды.

Ауруханадан шыға сала ентігімді мешітке барып бастым. Өйткені олар маған қиын күндерімде көмектесіп еді. Мешітке кіріп, мен суға шөлдеген адамның айызын қандыра су ішкені секілді Раббыма тәубе етіп, шүкір сәждесіне жығылдым. Өзімді түзетіп, жақсы мұмин болсам екен деп дұға етіп жалбарындым. «Мына адамдарға осындай адамгершілік берген біздің дін неткен керемет еді!», деп өз дінімді үйренуге бел байладым».

«Харамдар от секілді. Оған тек (жүрегі) өлілер ғана қол созады. Егер қол созғандар тірі болғанында ол оттың ыстығын сезінген болар еді».
(Омар бин Абдулазиз)

Бауырдың дертіне дауа іздеу

Бір күні ардақты сахабаның біріне қойдың басы тарту етіледі. Ол:

«Пәленше бауырымның отбасы бұған бізден гөрі мұқтаж ғой!», — деген ізгі оймен оны дін бауырының үйіне беріп жібереді. Ол да дәл осындай ізгі ниетпен оны басқа бауырына жібереді. Сөйтіп жүргенде қойдың басы тура жеті үйді айналып шыққан соң, алғашқы кісіге қайтып айналып келеді. Соған байланысты мына аят түсті:

«**Өздері мұқтаж бола тұра, басқаны көбірек ойлайтын...**» (Хашр, 9); (Хаким, Мүстәдрак II, 526).

Абдұллаһ бин Аббас V бір күні Расулұллаһтың мешітінде иғтикафта отырған кезінде бір кісі қасына келіп, сәлем беріп, отыра кетеді. Ибн Аббас оған:

«Бауырым өзіңнің көңіл-күйің жоқ қой!», — деді. Араларында әңгіме былай өрбіді:

— Иә, дұрыс айтасың Пайғамбардың немере ағасы! Пәленшенің менде алатын ақысы бар еді, бірақ ант етейін, шынымды

Ансарлық бір кісі әңгімелейді:

«..Расулұллаһ ﷺ бір жаназаны жерлеп қайтып келе жатқанда бір әйел кісінің қызметшісі келіп үйіне шақырды. Пайғамбарымыз жолдастарымен бірге сол үйге барды. Ас әкелінген кезде Пайғамбарымыз ﷺ қолын асқа ұзатты, дастархан басындағылар да дәмнен ала бастады.

Байқап қараса, Расулұллаһ ﷺ асты ауызында ары-бері айналдырып, жұта алмай отыр. Сосын:

«Мынау, иесінің рұқсатынсыз алынған қой еті», деді.

Бұны әйелге айтып едік, әйел келіп болған істі баяндап берді:

«Уа, Аллаһтың Елшісі ! Бір қой сатып алсын деп Бақиға[1] адам жіберген едім, бірақ таба алмадым. Көршім бір қой сатып алған болатын, соған хабар салдырып, қойын маған сатуын өтіндім. Бірақ көрші үйінде болмай шықты. Сосын оның әйеліне хабар жіберіп, қойды алдыртып алдық».

Мән-жайды тыңдаған Аллаһтың Елшісі :

«Оны тұтқындарға бер!», деп бұйырды.

(Әбу Дәуіт, Бұюғ 3/3332; Ахмет V, 293)

1. Кей нұсқаларда Нақи деп келеді. Нақи Мәдина маңында қой сататын жердің аты. Хаттаби дұрысы да сол екендігін айтады. Мишкатта да солай келеді.

айтсам, сол қарызымды өтей алмай жүрмін».

— Қаласаң, сенің орныңа онымен сөйлесіп берейін!»

— Сөйтсеңіз, сөйтіңізші!»

Ибн Аббас V аяқ киімін кие сала мешіттен шықты. Әлгі адам оған:

«Иғтикафта екеніңді ұмытып кеттің бе, неге мешіттен шығып кеттің?», — деді. Ибн Аббас V :

«Жоқ. Мен мына қабірде жатқан және арамыздан кеше ғана кеткен марқұм кісіден естідім (осыны айтқан кезде көзіне жас келді):

«Кімде-кім егер дін бауырының мұқтаждығын тауып беруге тырысып, сол істі соңына апарса, бұл оған он жыл иғтикафта отырудан артық болады. Ал Аллаһ разылығы үшін бір күн иғтикафта отырса, Аллаһ Тағала ол адам мен тозақтың арасына үш құз жаратады, әр құздың қашықтығы шығыс пен батыстың арасындай» (Бәйхаки, Шұаб III, 424-425; Һәйсәми VIII, 192).

Расулуллаһ ﷺ былай деді:

«Кімде-кім дін бауырына бір жыл араз болып, жоламай қойса, оның қанын төккендей болып, күнәға кіреді»

(Әбу Дәуіт, әдеп 47/4915).

Дін бауырды жебеу

Стамбулды жеңіп алғаннан кейін, Осман мемлекетінің Сұлтаны Фәтих Сұлтан Мехмет баяғы Византия дәуірінде абақтыға қамалған кейбір ұяты бар христиан поптарынан Осман мемлекеті жайындағы пікірлерін сұрайды. Олар біраз зерттеп барып, өз ойларын айтқысы келетінін жеткізеді.

Поптар өздеріне берілген бұйрықты орындау мақсатында барлық жерлерге кіріп-шығып жүрді. Таңертең бір дүкенге барып, бір нәрсе сатып алмақ болғанда, дүкенші:

«Тақсыр, мен бүгіндікке саудамның алғашқы сатылымын жасадым. Сіз әлі сауда жасай алмаған ана көршімнен барып алыңызшы!», — дейді.

Поптар бұл Ислам бауырмалдығына қайран болған екен...

Шынында да пайдақұмарлықтан арылған, мұсылман бауырының



Суфиян Сәури қуддисә сирруһ:

«Адамның діндарлығы жеген нанының халалдығы мөлшерінде болады», дейді.

Бір күні ол кісіден:

«Молдеке! Намазды бірінші сапта оқудың мәртебесі жайында айтып бересіз бе?», деп сұраған кісіге тағы да халал асқа назар аударып:

«Бауырым! Сен наныңды қандай жолмен табасың, соған көңіл бөл! Табысың халал болса, қай сапта тұрғың келсе, сонда намазыңды оқи бер, мұның ешқандай айыбы жоқ», деп жауап берген екен.

Түн мезгілі. Хазіреті Омар t өз әдеті бойынша Мәдина көшелерін кезіп жүріп, кенет тоқтады. Қасынан өтіп бара жатқан үйдің әйелі:

«Қызым, ертеңгі сататын сүтке кішкене су қос!», деп айтып жатыр екен. Қызы:

«Ана, халифа сүтке су қосуға тыйым салмап па еді?», дейді. Анасы қызының сөздеріне қарсылық білдіріп:

«Қызым жарым түнде халифа сүтке су қосқанымызды қайдан білсін?!», дейді.

Бірақ жүрегін Аллаһ махабаты мен қоқынышы билеп тұрған қыз анасының сүтке су қосу қулығына разы бола алмады:

«Анашым! Мейлі халифа көрмейді. Аллаһ ше, ол да көрмей ме? Бұл қулықты адамдардан жасыру оңай, бірақ бәрін көріп, біліп тұрған Әлемнің Жаратушысы Аллаһтан бірдеңе жасыру мүмкін бе?», дейді.

Раббани ақиқаттарға толы жүрегі бар бұл қыздың терең Аллаһтан қорқыныш сезімімен анасына берген жауабы Хазіреті Омарды сондай әсерлендіріп жібереді. Мүминдердің әміршісі оны жәй ғана бір сүт сатушының қызы емес, көңіліндегі шексіз тақуалығы үшін таптырмас нәсіп деп көрді де, ұлына келін қылып алып берді. Рашид халифалардың бірі болуға лайық болған Омар бин Абдулазиз осы салиқалы әйелдің немересі болатын.

(Қрңз: Ибн Жәузи, сифатус-сафуа II, 203-204)

қамын ойлайтын кемел тұлғаларды көріп қызықпау мүмкін бе?

Қала берді, Аллаһ үшін байланған шынайы достық екі бөлек дененің бір жүректе өмір сүруі іспеттес. Дін бауырластығының жауапкершілігін өте мұқият сезімталдықпен көтере білген жандардың өмірі — фәни дүниеден кейін де жалғаса бермек. Мүһәжірлер, ансарлар және басқа да өз көңіл әлемдерін қайырымдылық қорына айналдырған мүминдер секілді олар да ел аузында тек жақсылығымен еске алынып, сөз етіледі...

ҚҰЛ АҚЫСЫ

Хақ Тағала адам баласын өзге жаратылыстардан әзиз қылып, артық жаратқанын баян етеді[38].

Адамзатқа санап тауыса алмайтын мол нығмет және көп құқықтар берген. Сол құқықтардың қорғалуы үшін өмір барысын ретке келтіретін заңдылықтар мен қағидаларды да қоса берген.

38. Крңз: Исра 70; Тин 4

«Кімде-кім егер дін бауырының мұқтаждығын тауып беруге тырысып, сол істі соңына апарса, бұл оған он жыл иғтикафта отырудан артық болады. Ал Аллаһ разылығы үшін бір күн иғтикафта отырса, Аллаһ Тағала ол адам мен тозақтың арасына үш құз жаратады, әр құздың қашықтығы шығыс пен батыстың арасындай»

(Бәйхаки, Шуаб III, 424-425; Һәйсәми VIII, 192).

Жас мұсылман Хақ Тағала қойған құқықты таптаудың үлкен күнә екендігін есінен шығармауы тиіс. Одан да маңызды мәселе — Ұлы Раббымыз Өзіне қатысты күнәларымыз бен қателіктерімізді кешуге уәде бергенімен, құл ақысын бұдан тыс қалдырған. Өйткені ондайды кешіруді зұлымдыққа ұшыраған құлының өз еркіне қалдырған. Сондықтан да тәубе етер алдында қандай да бір құлдың ақысын жеген болса, алдымен сол ақысы желінген адамның көңілін аулауы тиіс.

Бір күні **Расулұллаһ** r :

Некенің бақытын жеңіл жүрістің ластығына айырбастап алудан асқан ақымақтық пен надандық бола ма?!..

Ұлы ойшыл Мұхаммед Иқбал былай дейді:

«Ей, жамылғысы намысының пердесіндей болып тұрған мұсылман әйелі! Сенің жүзіңдегі нұр иман шырағымыздың әшекейі. Жаратылысыңдағы пәктік Хақтың бізге сыйлаған рақымы. Балапанымыз сүттен шыға салысымен оған алғаш рет тәухид кәлимасын үйрететін сенсің.. Үмметтің аманатын қорғап отырған қорғаушымыз сенсің... Хазіреті Фатима сен үшін өнеге, одан көзіңді де, көңіліңді де айырма. Сенің де ағашың Хұсайндай жеміс берсін...»

«*Жалған антпен бір мұсылманның ақысын алып кеткен адамға Аллаһ Тағала Пейішті харам етеді және Жәһаннамды (оған түсуді) парыз қылады*», — деді.

«Аз ғана нәрсе болса ше, о, Аллаһтың Елшісі?» — деп сұрады. Аллаһтың Елшісі r :

«*Мейлің, мисуәк ағашының бұтағы болса да*», — деді және осы сөзін үш рет қайталады (Мүслим, иман 218; Муатта, ақдийя 11).

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі r бір күні асхабынан:

— «*Мұфлис деген кім, білесіңдер ме?*»,— деп сұрады. Олар:

— «Біздіңше, мүфлис деген ақшасы мен мал-мүлкінен түк қалмай айрылған адам», — деді. Расулұллаһ r былай деді:

«*Негізінде үмметімнің мұфлисі мына адам: ол қиямет күні намаз, ораза және зекет сауабымен келеді. Бірақ мынаны балағаттағаны, анаған жала жапқаны, мынаның ақысын жегені, тағы біреуді ұрып-соғып,*

Омар бин Хаттаб ؓ әңгімелейді:

«Хайбар шайқасының күнінде Пайғамбарымыздың сахабаларынан бір топ келіп: "Пәленше шейіт, түгенше де шейіт", десті. Сосын тағы бір адамның мәйітінің қасынан өтіп бара жатып: "Мына кісі де шейіт болыпты!", деді. Расулұллаһ ﷺ:

"Жоқ! Мен оны олжа малдарынан ұрлап алған бір шапанынаораулы күйде тозақта көрдім", деді»

(Мұслим, иман 182).

қанын төккені үшін ізгіліктерінің сауабы соларға өтеді де, өзінен алынып тасталады. Егер мойнындағы құл ақылары бітпей жатып, сауаптары түгесіліп қалса, ақылары желінгендердің күнәлары мойнына салынып, түбінде тозақ терењіне бойлайды» (Мүслим, Бирр 59; Термези, қиямет 2; Ахмет II, 303, 324, 372).

Құл ақысын жеудің ең қорқынышты түрі — **пайыз** алып, беру. Хақ Тағала мұндай жолмен пайда табуды әдетке айналдырғандарға жан түршіктірер азап уәде етеді[39]. Пайыз жеген адамға, жегізіп қойған адамға, олардың арасындағы келісімді жазған және куәлік берген адамға да Аллаһ Тағала лағынет етеді[40].

Бұған қоса біреудің малын ұрлау немесе рұқсатынсыз алу, ар-намысы мен абыройын түсіру, қалжыңдап болса да біреуді ренжіту немесе қорқыту, алдау, аманатқа қиянат ету, пара алу

Қиямет адамдардың көзі көретін ең қорқынышы мол үрейлі күн. Өйткені ол күн бүкіл ғалам басқа кейіпке енеді. Сол үрейлендірер күннің қиындығынан жеті топ адам есендікте болады. Солардың бірі — сұлу және мансапты бір әйелдің зинаға шақыруына «Жоқ, мен Аллаһтан қорқамын!», деп жауап қайырған жас жігіт.

(Қрңз: Бұхари, азан 36, зекет 16, риқақ 24; Мүслим, зекет 91)

39. Ниса, 161
40. Әбу Дәуіт, Бұюғ 4/3333; Термези, Бұюғ 2; Ахмет I, 393)

немесе беру, қарызын кешіктіру немесе өтемеу секілді жағдайлар да құл ақысының тапталуына жатады.

Ардақты Пайғамбарымыз r қайтыс боларының алдында сахабаларына айтқан соңғы насихаттарында құл ақысына да тоқталған болатын:

«Айналып келгенде мен де пендемін. Араларыңнан кей адамдардың ақысын бермей қалған болуым мүмкін. Кімнің малынан байқамай, бірдеңе алған болсам, міне, малым, келіп алсын!

Мынаны біле жүріңдер, сендердің араларыңнан маған ең қымбат адам менде кеткен ақысы болса, келіп алған немесе бас тартқан адам. Өйткені осылай мен көңілім тыныш болып Раббыма қауышамын.

Ешкім "Расулуллаһтың кегі мен өшпенділігінен қорқамын", — деп айта алмас. Мынаны біліңдер, кек және душпандық әсте менің мінезім емес!».

Пайғамбарымыз r түскі намазды оқыған барып мінбеге отырды да осы сөзін үш рет қайталады. Содан соң бір адам көп ішінен түрегеліп:

Расулуллаһ ﷺ бірде былай деді:

«Әр көз (*харамға қарау арқылы*) зина жасайды. Әйел адам иіссу себініп, (*ерлердің*) отырған жерінен өткен кезде де зина жасаған болады».

(Термези, әдеп 35/2786; Әбу Дәуіт, тәрәжжул 7/4173; Нәсәи, зейнет 35)

«Бір күні бір адам сізден қайыр сұраған кезде, оған үш дирһәм беруімді өтінген болатынсыз, мен берген едім», — деді. Аллаһтың Елшісі r дереу оның ақысын өтеді (Ибн Сағд, II, 255; III, 190).

Содан соң былай деп мінәжат етті:

«Уа, Аллаһ! Мен қайбір мұминге ауыр сөз айтқан болсам, сол сөзімді қиямет күнінде ол үшін Саған жақындаудың уәсиләсі қылғайсың!» (Бұхари, дағауат, 34).

Сахаба Жәрир бин Абдұллаһ t бір жылқы сатып алмақ болады. Таңдаған арғымағын сатып тұрған адам бес жүз дирһәм сұрады. Жәрир t бұл атқа алты жүз дирһәм бере алатынын, тіпті, сегіз жүз дирһәмға дейін көтеруге болатынын айтты. Өйткені ол аттың құны жоғары, ал сатушы мұны білмейтін. Сатушы одан:

— Атты бес жүз дирһәмға ала аласың ғой! Неге сегіз жүзге көтеріп жатырсың?», деп сұрады.

Жәрир t мына керемет сөзімен жауап қайырды:

Абдұллаһ бин Мәсғуд былай деген екен:

«Мұмин өзінің күнәсін төбесін төніп, басын құлап кетейін деп тұрған үлкен жартастай етіп көреді. Мына тау үстіме құлап кетер ме екен деп қорқады да жүреді. Ал күнәһар болса өз күнәсін мұрнының үстінен ұшып өткен шыбын құрлы көрмейді.

(Бұхари, Дәауат, 4; Муслим, Тәубе, 3)

— Біз сауда-саттықта қулық жасамаймыз деп, Аллаһ пен Расулына сөз бердік[41].

Міне, бұл да Ислам ахлағының және құл ақысы түсінігінің сауда саласындағы көрінісі. Кісі ақысы дегенді ойламай, алушыдан бағасын мейлінше төмендетіп, түсіріп қалайын деген түсінік мұсылманға мүлде жат.

Осман мемлекетінің сұлтаны **Кануни Сұлтан Сүлеймен хан** құл ақысынан қатты қорқатын жан еді. Сүлеймания мешіті мен медресесінің құрылысы тәмам болған кезде сәулетшісінен бастап, қара жұмысшыға дейін бәрін жинап алып, былай дейді:

«Құрметті дін бауырларым! Бұл мештіттің құрылысы Аллаһтың шарапатымен аяқталды. Қателікпен жалақысын ала алмағандар болса, келіп алсын. Бұл жерде жоқ адам болуы да мүмкін, осындағылардан өтінішім келе алмағандарға жеткізіңдер, олар келіп бізден алар ақысы болса, алсын!».

«Адамды масайтатын барлық нәрсе харам. Көбі масайтатын нәрсенің азы да харам». *(Ибн Мәжә, әшрибә10; Нәсәи, әшрибә 24, 48)*

Ислам жамандыққа апаратын жолдың барлығын жауып қойған. Жамандыққа себеп болатын кішкене бір істің өзіне тыйым салады. Құмарды харам қылды дегенің, құмар құралдары мен ойындарын өндіруге де тыйым салады деген сөз.

41. Ибн Хазм, әл-мухалла, IX, 454 б., Мысыр

Ішімдіктің рухани залалдарымен бірге материалдық тұрғыдан да зияндары шаш етектен келеді. Дүниежүзілік Денсаулық Ұйымының отыз түрлі елде жасаған зерттеу нәтижесіне қарағанда:

• Қылмыстардың 85% пайызы (оның ішінде 60-70% пайызы жанжал ішінде)

• Қыз зорлаудың 50% пайызы

• Адам денсаулығына қиянат жасаудың 50% пайызы

• Әйелін сабау оқиғаларының 70% пайызы

• Жұмыссыз жүргендердің 60% пайызы және

• Ақыл-естен адасушылықтың 40-50% пайызы алкогольдік ішімдіктен болып жатыр.

Маскүнемдерден туған балалардың арасында жүйке жүйесінің бұзылуы 90% пайыз шамасында екен. Алкогольдік ішімдік қабылдайтын әйелдің мүгедек нәресте дүниеге әкелу қаупі 35% пайыз шамасында. Өйткені спиртті ішімдік ана жатырындағы даму үрдісін және босанудан кейінгі дамуды да тежеп тастайды. Бұл баланың ойлау қабілетінің өте төмен болуына, бойдың қысқалығына және іс-әрекеттерінің дұрыс болмауына апарып соғады.

Ішімдікке салынған адамдардың балалары үнемі ұрыс-керіс және қол көтеру ортада өмір сүргендіктен олардың бойында рухани жәбірлену және әрекеттерінде сенімсіздік бой көрсетіп жатады. Сондықтан да ол балалардың көбісі мектепте немесе өмірде табысқа жете алмай жатады.

Мұса Тосун, «ішімдік» тақырыбы, Диянет Ислам Энциклопедиясы, XXI, 463

Зерттелген құжаттарға қарағанда құрылыстың ең ауыр кездерінде хайуандарға арнайы бағдарлама әзірленіп, жұмыс істеген аттардың, есектердің және қашырлардың тынығу уақытына көңіл бөлініп, ешбірінің жанына қиянат жасалып, ақысы кетпеуіне мән берілген. Кануни Сұлтанның осы мұқияттылығы бәлкім Сүлеймания мешітінің теңдесі жоқ рухани ауасының басты себептерінің бірі болған да шығар.

Ағылшын үкіметінің ресми мәлімдемесі бойынша, спирттік ішімдіктің кесірінен болатын ұрыс, керіс, жаралану, ауруханa шығындарының ағылшын экономикасына келтірген залалы жылына 20 миллиард стерлинг (яғни 30 миллиард доллар) құрап отыр.

Sean COUGHAN, The Guardian, Saturday, March 27, 2004; "Sobering thoughts about a claim".

Олай болса, мұсылманмын деген әр адам есеп күнін негізге ала отырып, құл ақысына барынша абай болуы тиіс.

Расулұллаһ r мұсылман баласын қандай жақсы сипаттаған:

«*Шынайы мұсылман — тілі мен қолынан өзге мұсылмандар зиян көрмейтін адам...*» (Бұхари, иман 4-5).

Қиямет күні мүйізі жоқ қойлар өзіне қиянат жасаған мүйізді қошқардан ақысын алып, ешкімнің ақысы алынбай

Пайғамбарымыз ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«Ей, адамдар! Кімнің мойнында біреудің ақысы болса, оны дереу өтесін. Бұл дүниеде қорлық көріп қаламын демесін. Жақсылап ұғып алыңдар дүниеде қор болу ахіретте қор болумен салыстырғанда өте жеңіл болып қалады».

(Қрңз: Ибн Сағд, II, 255; Табари, тарих III, 191)

қалмайды[42]. Олай болса, адам біле тұра немесе білмей құл ақысына кіретін болса, уақыт өткізбей, қандай бағаға болса да алғанын кері қайтарып, кешірім сұрауы, содан соң тәубеге жармаусы керек.

Пенде үшін ең ұлық мәртебелердің бірі шейіттіктің өзі адамның көп күнәларына кәффарат болса да, қоғам мүлкіне қиянат пен құл ақысының күнәсін жуып шая алмайды.

Ата-Ана Ақысы

Құл ақысы ішіндегі ең маңыздысы — ата-ана ақысы. Аллаһ пен Оның Расулына бас июден кейінгі кезекте ата-анаға бас ию қажет. Өйткені олар дүниеге келуімізге себепкер әрі қамқоршы нығметіміз. Рухани және материалдық өмірімізді өрген, ерекше тұлғамыздың сәулетшілері. Сондықтан олардың біздің мойнымыздағы ақылары сансыз көп.

Абдұллаһ бин Мәсғуд t былай дейді:

42. Қрңз: Мүслим, Бирр 60; Термези, қиямет 2; Ахмет II, 235, 323, 372, 411

Пайғамбарымыздан r:

— Аллаһқа ең көп ұнамды амал қайсы амал? — деп сұрадым.

— *Уақытында оқылған намаз*, — деп жауап берді.

— Одан кейін қандай ғибадат келеді, — деген едім:

— *Ата-анаға жақсылық жасап, бас июің*, — деді.

— Одан соң қайсы амал? — деп едім:

— *Аллаһ жолында жиһад ету*, — деді (Бұхари, мәуақит 5, жиһад 1; Мүслим, иман 137-139)

Хақ Тағала Өз разылығын ата-ана ақысына байланыстырып қойған. Бұл ақиқатты Расулұллаһ r былай баяндайды:

«*Аллаһ Тағаланың разылығы — ата-ананың разылығында. Аллаһ Тағаланың қаһары — ата-ананы қаһарында*» (Термези, Бирр, 3/1899).

Ғалам Мақтанышы Пайғамбарымыздың r мына дұғасы мүминдер үшін қандай үлкен береке дұғасы:

Абдуррахман Жәми құддисә сирруһ айтады:

«Мен анамды қалай сүймейін. Ол мені бір мерзім құрсағында, содан соң ұзақ уақыт құшағында, одан кейін өлгенге дейін жүрегінің төрінде көтеріп өткен. Оған құрметсіздік жасаудан асқан жамандық бар ма екен?!..»

«Ата-анасының немесе олардың бірі-нің картайған шағына жетіп, (соларға қызмет арқылы) Жәннатқа кіре алмаған адам әдрәм қалсын, әдрәм қалсын, әдрәм қалсын!» *(Муслим, Бирр, 9, 10).*

«Ата-анасына жақсылық жасаған адам неткен бақытты! Аллаһ Тағала оның өмір жасын арттырсын!» (Һәйсәми VIII, 137).

Өмірдің буырқасындарында біздің бойымызға бір шаң жұқпасын деп бары мен нәрін берген әке-шешелеріміздің ақысын өтей алуымыз бұл өмірде мүмкін бе? Хадис шәрифте бұл ақиқатқа мына бір теңеу арқылы назар аударылуда:

«Ешбір перзент әкесінің ақысын өтей алмайды. Егер оны құл болып жүрген жерінен тауып алып, сатып алып азат етсе, әкелік ақысын тек сол кезде ғана өтеген болады» (Муслим, ғитқ 25; Әбу Дәуіт, әдеп 119-120; Термези, Бирр 8/1906).

Мәуләнә Хазіреті бұл жайында былай дейді:

«Анаңның сүт ақысын абайла! Оны алақанына алып көтеріп жүр. Өйткені аналардың толғағы болмағанда, балалар бұл дүниеге келетін жолды таба алмас еді».

Жас мұсылман Аллаһқа және Расулына бас июден кейін ата-анасына

құрмет және бас ие отырып, қызмет етуге міндетті. Егер алыс жерде тұратын болса, ата-анасын зиярат етіп, көңілдерін аулауы, баталарын сұрауы қажет. Оларға қызмет ету, жақсы сөз, жарым ырыспен ізет көрсету — перзенттің ең үлкен борышы. Әсіресе, олардың қартайған шағында бұған қаттырақ көңіл бөлу қажет болады. Ұлы Тәңіріміз оларға кішкене болса да ашу шақырып, ренжітпеуіміз керектігін бұйырады.

Сонымен қатар ата-анаға қызмет жасау — артықшылығы мол ізгі амалға жатады. Бұл мүмкіншілікті жіберіп алған адамдар үлкен зиянға ұшырағаны. Бұл жайында Аллаһтың Елшісі r маңызды ескерту түріндегі бір хадисінде былай дейді:

Уақытыңды сондай керемет тиімді пайдалан. Тіпті «Ертең өлесің!» деген хабар жетсе де, күнделікті іс-амалдарыңа ештеңе алып-қосудың қажеттілігі сезілмейтін болсын!..

«Ата-анасының немесе олардың бірінің қартайған шағына жетіп (соларға қызмет арқылы), Жәннатқа кіре алмаған адам әдірем қалсын, әдірем қалсын, әдірем қалсын!» (Мүслим, Бирр, 9, 10).



«**Раббың былай үкім шығарды: "Өзінен басқаға құлшылық етпеңдер. Ата-анаға жақсылық істеңдер! Егер олардың біреуі немесе екеуі де өз қасыңда қартайса, оларға «ту!» деп те айтпа** (кейіме)**! Оларды зекіме! Оларға сыпайы да көңілдерін баурап алатындай сөйле!"**» (Исра сүресі, 23-аят).

Мейлі ата-анаң мұсылман болмаса да, Аллаһ Тағала оларға жақсы қарауды, қалауларын орындап, көңілдерін аулауымызды әмір етеді. Тек Аллаһқа қарсы келетін тұстарды ғана бұдан тыс қалдырады[43].

Хазіреті Әбу Бәкірдің қызы Әсма c айтады:

«Әлі Исламды қабылдамаған анам маған қонаққа келді. Пайғамбарымыздың көзқарасын алу үшін:

«Анам мені сағынып келіпті, оған жақсы қарап, көңіл бөлуіме қалай қарайсыз?», — деп сұрадым. Расулұллаһ r :

«*Әрине, анаңа жақсы қара*!», — деді (Бұхари, 29, әдеп 7-8; Мұслим, зекет 50).

Мынаны ұмытпаған жөн, адам ата-анасына қандай мәміле жасайтын болса, балаларынан да дәл сондай мәміле көреді. Пайғамбарымыз r :

«...*Балаларың да сендерге игілік жасасын десеңдер, әкелеріңе игілік жасаңдар*!», — деп бұйырған (Хаким IV, 170/7258).

Ата-анасына жамандық жасап, көңілін қалдыратын жастардың

Әбу Һұрайра* ﷺ *былай дейді:

«Мүмин — бауырының айнасы. Ол айнадан өз айыбын көріп, оны түзетеді» *(Бұхари, әл-әдәбул-муфрад, 238).*

Яғни мүмин бауырының бойынан көрген қателіктерді оған ізгі ниетпен айтып береді. Жақсы қасиет көрсе, оны айтып одан да жақсыға ынталандырады. Жамандық көрсе, оны түзетуге шақырады.

43. Лұқман, 15

қартайған кезінде өз балаларынан дәл солай жамандық көргендігі жиі кездесетін ғибрат көрінісі.

Олай болса, Жәннаттың жолы ата-ананың разылығынан өтеді. Хақ Тағала Жәннатты салиқалы аналардың аяғының астына жайып, әкені Жәннаттың ортаңғы бел есігі еткен. Олай болса, қалаған оларды разы етсін, қалаған ренжітіп, жылатсын!..

Имам Ғаззали былай дейді:

«Балам! Бүгін өлдім деп ойла. Өміріңде ғапылдықпен өткізген сәттеріңе қандай өкінесің. "Шіркін-ай, қайран өмірім ай!",— дейсің, бірақ амалың не!»

Әр мүмин таң намазын оқыған соң өзіне мынаны ескертуі керек:

"Менің бар қазынам өмірім. Өмірім таусылса, қазынам да таусылады, оны қайта табуға мүмкіншілік те қалмайды. Бүгін жаңа бір күн басталып келе жатыр. Аллаһ Тағала бүгін де маған өмір сыйлады. Егер жанымды алғанында, әлбетте, бір күнге болса да, бұл дүниеге қайтарылып, ізгі амалдар істеуді өтінер едім ғой! Олай болса, қазір өлдім, сосын дүниеге қайтуыма бір күн мұрсат берілді деп ойлағын! Бүгін күнәлі істердің маңына жуыма, бір сәтін де босқа өткізбе. Өйткені әрбір алынған тыныс баға жетпес нығмет!».

Бүкіл фәни ныгметтер бір адамның қолына берілсе, және сол байлық пен рахат өмірмен мың жыл жасаса, не пайда! Соңында барып кіретін жері біз басып жүрген мына қара топырақтың асты емес пе? Адам баласы гибрат алмай ма, әр фәни тіршілік иесінің жастығы солып, жаңасы ескіруде.

Хазіреті Айша **c** былай дейді:

«Расулұллаһқа **r** бір кісі келді. Қасында кәрі бір адам бар екен.

Аллаһтың Елшісі **r** :

«Ей, пәленше! Жаныңдағы адам кім?», — деп сұрады. Ол кісі:

«Бұл әкем» — деген соң Жаһан Мақтанышы Пайғамбарымыз **r** былай деп ескерту үгітін айтты:

«Оның алдынан жүріп жолын кеспе, одан бұрын отырма, оны атымен атама және оған жаман сөз айтпа!» (Һәйсәми VIII, 137).

Отбасы құқығы

Әкенің, ананың және балалардың бір-біріне деген жауапкершіліктері мен хақылары болады.

Әке — өз жұбайы мен балаларын ең көркем түрде тәрбиелеп, олардың мұқтаждықтарын адал жолмен қамтамасыз ету арқылы оларды ақыретке әзірлеуі керек.

Ана, күйеуі алдындағы жауапкершіліктеріне бекем болып, үйіне және балаларына басы көз болып отыруы қажет. «**Ұяны ұрғашы құс құрады**» шындығына сәйкес қанағатшыл болып, ысыраптан аулақ түрде, барынша көреген ана болуға тырысуы керек.

«Ей, иман келтірген жандар! Өздеріңді де, отбасыларыңды да отыны адамдар мен тастардан болатын оттан қорғаңдар..» (Тахрим, 6).

Әке-шеше балаларына өте әділ қарап, араларын бөліп жармауы қажет. Олардың ең маңызды міндеті — отбасы мүшелеріне Ислами тәрбие беріп, олардың мәңгілік бақыты мен бағы үшін тер төгу. Мұның үшін ең әуелі негізгі діни мәліметтерді оларға үйретуі қажет. Одан кейін өздері таңдайтын адал түрдегі бір кәсіп иесі болуларына жәрдем ету келеді.

«Барлығың шопансыңдар және барлығың баққандарыңнан сұраласыңдар... Еркек жанұясының шопаны және сол отарынан сұралады. Әйел күйеуінің үйінің шопаны және сол отарынан сұралады» *(Бұхари, уасая 9; Мұслим, имара 20).*

Ардақты Пайғамбарымыздан r :

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Біздің балаларымыздың мойнында ақыларымыз болатыны секілді олардың біздің мойнымызда ақылары бар ма?», — деп сұралған кезде былай деп жауап берген екен:

Ислам шариғаты бойынша, балиғат жасына жеткен жас бала діннің үкімдерінен жауапты болады. 17-18 жасқа келгенде жанұя құрып, сауда-саттық жасай алады. Ол бұдан былай өмірдің барлық жүгін көтере алатын жаста.

Бірақ бұл мүмкін болуы үшін Ислам адамның балалық шағына қатты көңіл бөледі. Баланы тәрбиелеп, ілім үйретуді ерте жастан бастап, ең алдымен негізгі қажетті мәліметтерді үйретуді негізге алады. Осылай, оны алдындағы өмірге дайындайды.

Ислам ғалымдарының өмірбаянын зерттейтін болсақ, мына бір таңқалдырар тізбек алдымызға шыға келеді:

Имам Мәлік 17 жасында білім алуын аяқтап, дәріс беруді бастаған.

Имам Шәфиғи 5 жасында Муатта деп аталатын хадис кітабын жаттап, 15 жасында пәтуә бере бастаған.

Имам Әузәғиден елдер пәтуә сұрай бастаған кезінде жасы 13 болатын.

Суфиян бин Уяйна 4 жасында Құранды жаттаған.

Имам Бұхари бастауыш мектепте жүргенде 15 мың хадис жатқа білетін.

Ибн Сина 10 жасында бүкіл Құран және әдебиет ілімдерін ең кемел түрде меңгерген екен.

Кеңірек мәлімет үшін қрңз: Проф.док. Ибраһим Жанан, Исламда уақыт тәртібі, 72-73 б., Измир 2008

«Баланың әкесінің мойнындағы ақысы — әкесінің оған жазуды, жүзуді, оқ атуды үйретуі және оған адал ризық жегізуі» (Бәйхаки, Шуаб VI, 401; Әли әл-Мүттақи XVI, 443).

Осы мәселеге қатысты өзге хадистер:

«Баланың әкесіне қатысты хақыларының бірі — жақсы есім қоюы, уақыты жеткенде үйлендіруі және оған жазуды үйретуі» (Әли әл-Мүттақи XVI, 412).

«...Өмірде оны абыройға жеткізіп, көркем тәрбие беруі» (Байхаки, Шуабүл-иман VI, 401-402).

Имам Хасан бин Рушәйк былай дейді:

«Тәфәккур дариясының құлпыларын ашу үшін таңсәріде ұйқыдан тұрып, іске кірісуден асқан жақсы кілт жоқ. Өйткені адам сол уақытта сыртқы қатынастардан дүниенің уайымдары мен құмарлықтарынан алыс болады. Раббысымен бірге болуға дайын, денесі тың, ақыл-ойы мен есін жинап, жаңарып, тыныққан болады. Сондықтан да ауасы ең жақсы, самал желдер жағымды есетін, күндіз бен түннің арасындағы ең ыңғайлы уақыт — таңсәрі мезгілі. Өйткені таңсәріде жарық нұр қараңғының үстін басып келе жатады. Ал ақшам уақыты мұның керісіншесі, қараңғылық жарықтың үстін басып келе жатады».

(Қрңз: Әбу Ғудда, уақыттың бағасы, 86 б.,)

«Барлығың шопансыңдар және бақкандарыңнан сұраласыңдар... Еркек отбасының шопаны және сол тұрғыдан сұралады. Әйел де өз отбасының шопаны және сол тұрғыдан сұралады» *(Бұхари, уасая 9; Мұслим, имара 20).*

Дін мен ақыретке байланысты хақылардан соң, бұл дүниеге қатысты мұқтаждықтар келеді. Мұауия бин Хайда t былай дейді:

— «Уа, Аллаһ Расулы! Әйелдеріміз алдындағы міндеттеріміз қандай?», — деп сұрап едім, Аллаһтың Елшісі r былай деп жауап берді:

— *«Өз жегендеріңнен тамақтандыру, өз кигендеріңнен кем қылмай киіндіру, жүздерінен ұрмау, оларды ісі немесе көркі туралы айыптамау, қарғамау және балағаттамау...»* (Әбу Дәуіт, неке 40-41/2142; 3).

Сондай ақ Аллаһтың Елшісі r отбасының тіршілік етуі үшін табыс тауып, жұмыс істеудің ғибадат пен инфәққа саналатындығын айтып кеткен[44].

Жылдың кез-келген уақытын барынша ояу көңілмен өткізу керек. Осы ақиқат төңірегінде айтылған мына бір: «Әр көрген адамыңды Қызыр, әр түніңді Қадір деп біл» деген сөз салиқалы мүминдер үшін өмірлік қағидаға айналған.

44. Қрңз: Бұхари, иман 41; Мұслим, зекет 39

Отбасы мүшелері өз жаратылыстарына сай міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлісуі керек. Расулұллаһ r өз отбасы ішінде Хазіреті Фатимаға үй шаруаларын, күйеу баласы Хазіреті Әлиге сыртқы шаруаларды мойнына алуын насихаттаған болатын[45].

Үйдің отағасы өз жарына хабар бермей, алыс сапарға шықпауы керек. Сондай-ақ, үйге бейтаныс бөтен қонақтарды әкелмеуі тиіс. Жұбайынан шариғат рұқсат беретін жағдайлардан тыс бөтен ерлермен араласып отыруын немесе оларға қызмет етуін талап етпеуі қажет. Өз отбасын мүмкіндігінше әйел-еркек араласып жүретін жерлерден барынша аулақ ұстаған абзал.

Әкенің отбасы мүшелеріне өзінің әдептілігімен үлгі болуы және жұмсақ мәміле жасауы — ең баста тұратын міндеті.

Расулұллаһ r әйел затының міндеттері жайында былай дейді:

«Салиқалы әйел жүзіне қараған кезде жұбайын қуан-

Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Ибраһимге түсірілген он парақтан мыналарды баян етеді:

«Ақылды жанның белгілі сағаттары болуы керек:

- Уақытының бір бөлігін Раббысына дұға мен мінәжатқа,

- Бір бөлігін Ұлы Алланың Шеберлігі мен Құдіретін тәфәккур етуге,

- Бір бөлігін өмірінде жасағандарын есепке тартуға және келешекте істейтіндерін жоспарлауға,

Бір бөлігін адал жолмен күн көріске арнауы керек» *(Әбу Нұғайым, хилия, I, 167; Ибн Әсир, әл-кәмил I, 124)*

45. Қрңз: Қасани, бәдәиғус-санаиғ, IV, 24, Бейрут 1982

тады, күйеуінің адал қалауларын орындайды және ол болмаған кезде оның малы мен намысын қорғап отырады» (*Ибн Мәжә, неке 5\1857*).

Хаулә бинт Хаким жақсы киінетін әйел кісі болатын. Бір күні тозығы жеткен киіммен Хазіреті Айшаның үйіне келеді. Айша анамыз с:

«Мына халің не?», — деп сұрайды. Ол:

«Күйеуім түнімен намаз оқиды, күндіз ораза ұстайды, маған еш көңіл бөлмейді», — деді.

Сол кезде ішке Расулұллаһ r кірді. Хазіреті Айша с жағдайды оған түсіндірген соң Расулұллаһ Хауләнің күйеуі Османмен сөйлесіп:

«Осман! Бізге рухбандық әмір етілген жоқ. Мен сен үшін ең тамаша үлгі емеспін бе? Араларындағы Аллаһтан ең көп қорқатын да, Оның әмірлеріне ең көп бағынатын да менмін», — деді (Ахмет, VI, 226; Ибн Хажар, әл-исаба IV, 291).

Уақыт Аллаһтың қойған заңдылықтарының талабымен ағып өтіп кетеді. Бұл дүние тіршілігінде көп нәрсені сатып алуға болады немесе қайтарып алуға болады. Бірақ өткен уақытты қайтарып алу, сатып алу мүмкін емес. Өткен уақытты қарызға алып, беруге де болмайды.

«Күйеуі өзінен разы болып дүниеден қайтқан әйел Жәннатқа кіреді» (Термези, радағ 10/1161; Ибн Мәжә, неке 4).

Отбасы мүшелері нәпсі мен шайтанның және айналадағы жаман пиғылды адамдардың қулық-сұмдықтарына көзі ашық болып, үнемі Аллаһтың көмегіне жүгініп жүруі керек. Өйткені бұлар ең киелі қауымдастық болып табылатын отбасыны қирату үшін қолдарынан келгенін жасауға тырысып бағады. Егер отбасыны күйрететін болса, қоғам этикасын және дінді де жыға алатындықтарын олар жақсы біледі.

Расулұллаһ r бұл маңызды мәселеге назарымызды аударады:

«Ібіліс тағын теңіздің үстіне құрып, сол жерді орталық етеді. Сосын әскерлерін дүниенің әр тарабына жұмсап отырады. **Ең үлкен бүлікті шығарған сарбаз — оның ең жақын көретін, ең сүйікті сарбазы.**

Сарбаздарының бірі келіп:

«Мен бүгін пәлен-түген іс істедім», — дейді. Ібіліс оған:

Мысырда қатты қуаңшылық билеп алған жылдары Юсуфтан (а.с.) былай сұрайды:

«Сен мемлекеттің қазыналарына үкімін жүргізетін билеушісің. Неге өзіңді аш қалдырдың?». Ол кісі былай жауап берді:

«Қарным тоқ болса, ашыққандардың халін түсіне алмаймын-ау деп қорқамын!».

Бір сауда керуені келіп, Мәдина қаласының маңына қонақтайды. Халифа Хазіреті Омар t бұл бөтен адамдардың қандай да бір бәлеге араңдап қалуына алаңдап, Абдуррахман бин Ауфқа:

«Қолың бос болса, мына керуенді бүгін түнде қарақшылардан қорғап, күзетіп қайтайық!», деді. Екеуі керуеннің айналасын түні бойы қарауылдап шығады. Бір жағынан бос жүрмей, нәпіл намаздарын оқып қояды.

Бір кезде Хазіреті Омар t бір сәбидің жылаған дауысын естіді. Дауыс келіп жатқан жаққа қарай барып, баланың анасына:

«Аллаһтан қорықсаң қайтеді, балаңа жөндеп қарамайсың ба?», деді. Осы жағдай бірнеше рет қайталанды. Соңында Хазіреті Омар t ашуланып барып:

«Сен өзі қандай анасың, түні бойы балаңды неге жылатып қойып отырсың?», деп кейіді. Оның халифа екендігін білмейтін әйел былай деп жауап берді:

«Ей, Аллаһтың құлы! Бүгін менің мазамды алып біттің ғой! Мен баламды емшектен шығаруға тырысып жатырмын. Ол болса, көнбей жылап сұрап жатыр», деді. Омар t :

«Оны неге емшектен шығармақсың?», деп сұрады. Әйел:

«Өйткені халифа Омар тек емшектен шыққан балаларға ғана төлемақы шығартады», деді. Бұл жауапты естігенде түсі өзгерген Хазіреті Омар баланың қанша айлық екенін сұрағаннан кейін:

«Аллаһ саған мейірін төксін, оны емшектен шығаруға асықпа!», деді.

Таң намазында Хазіреті Омар t намазда имам болып тұрып, көзінен жас моншақтары ағылып жатты. Жылағандықтан артындағы жамағат оның не оқығандығын да түсіне алмады. Сәлем берген соң:

«Омардың t сорының бес елісін-ай! Кім біледі, қанша мұсылман баласын қиындыққа салып қойғанын!», деді. Сосын хабаршысына былай деп әмір берді: «Нәрестелеріңді емшектен шығаруға асықпаңдар! Өйткені дүниеге келген әр мұсылман баласына төлемақы шығарылатын болады», деп жар салып шықты. Содан соң осы бұйрықты қағаз бетіне түсіріп, бүкіл Ислам аймақтарына жеткізді.

(Ибн Сағд III, 301; Ибн Жәузи, мәнәқиб 77 б.)

«Сен ештеңе бітірмепсің!», — дейді. Тағы біреуі келіп:

«Мен біреудің жағасына жабыстым да, жұбайы екеуінің арасын араздастырғанға дейін жібермей қойдым», — дейді. Сонда Ібіліс оны өзіне жақындатып, құшақтап тұрып:

Имам Ағзамның көршілерінің арасында бір жынды сүрей жігіт бар болатын. Ол жігіт таңның атысы кештің батысы арақ ішіп, кешкісін тыныш тұра алмай, айқайға басып, елдің бәрін балағаттап шығатын.

Түндердің бір түнінде жігіттің айқайы естілмей қалады. Имам Ағзам бірдеңе ұрынып қалды ма екен деп, сұрастырып көріп еді, жолдастары оның ішіп алып төбелесіп, абақтыға қамалғанын айтады. Әбу Ханифаның бұған көңілі түсіп кетті. Түрмеге барып, оны жібере салуларын өтінді. Бірақ түрме қызметкерлері кепілдік берсе ғана шығаратындарын айтқан соң кепілдік беріп шығарып алады.

Жағдайды түсінген жас жігіт дереу Имам Ағзамның алдына барып, жылап тұрып, өкінішін білдірді. Бұдан былай ішімдікке жоламайтынын айтып тәубе етті. «Осы күннен бастап, саған жақсы көрші және шәкіртің боламын!», деді. Имам шапқат толы жанарымен қарап тұрып:

«Ай, жігітім! Негізінде кінә бізден, сені өзімізге қаратуға күш-қайрат жұмсамаған екенбіз. Сен бізді кешір!», деді.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Көршісі аш болып, өзі тоқ жатқан Адам мумин емес»,- деп бұйырған.

(Хаким, II, 15/2166а)

Хазіреті Әли ؓ Мысыр билеушісіне жіберген қарарнамасында былай деп жазған:

«Адамдарға малдың үйіріне қарағанындай қарама! Жүрегіңде оларға мейірім, сүйіспеншілік және жақсылық жасау ниеті болсын. Өйткені барлық адамдар я сенің дін бауырың, я болмаса жаратылысы бір туысың...».

"Сен қандай кереметсің, жарайсың!", — деп айтады» (Мүслим, мунәфиқун 67).

Олай болса отбасы ішінде әркім өз міндетін білсе және бір-бірінің хақысын қорғаса болғаны.

Сылатұр-рахим (туыстардың ақысы)

Хақ Тағала «рахим» деп аталатын туыстық қатынастарға Өзінің Рахман сипатымен түбірлес сөзден атау беріп:

«...Оны сақтағандарға Мен де жақсылық жасаймын. Оны үзіп тастағанды Мен де өз мейірімімнен мақрұм қалдырамын», — деген (Әбу Дәуіт, зекет 45/1694).

Әр адамның өз туыстары және жақындарымен қатынастарын жалғастырып, оларға арқа тосуы Ислам дінінің өте маңыз беретін әмірлерінің бірі болып табылады. Тіпті,

бұл — тікелей иманға қатысы бар мәселе. Өйткені Аллаһтың Елшісі r:

«...Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген адам туыстарына ізгілік жасасын!..», — деп бұйырған (Бұхари, әдеп 85; Мүслим, иман 74, 75).

Хақ Тағала туыстарды бір-біріне мұрагер қылып, араларына көптеген жауапкершіліктер жүктеген.

Туыстық қатынастар Аллаһтың **Рахман** сипатының көрінісі ретінде мейірім мен шапқат негіздері үстіне қалануы керек. Мына хадис шәриф бұл тұрғыда маңызды ой салады:

«*Туыстарының жасаған жақсылығын дәл солай қайтарған қатынасты жалғаған болмайды. Туыстарымен қатынасын жалғайтын адам — өзімен қатынастарын үзіп тастаған кездерінде де, оларға ізгілік жасауын жалғастыратын адам*» (Бұхари, әдеп 15; Әбу Дәуіт, зекет 45; Термези, Бирр 10).

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Ахіретте алатын жазасынан бөлек, дүниеде дер кезінде Аллаһ Тағаланың жазасына ұшырататын күнәлар — зұлымдық пен туыстық қатынастарды үзу»

(Әбу Дәуіт, әдеп 43; Термези, қиямет 57; Ибн Мәжә, Зуһд 23).

«Туыстарымен қатынасын үзген адам Жәннатқа кіре алмайды» *(Бұхари, әдеп 11; Мүслим, Бирр 18, 19).*

Мұсылмандардың бір тобы Жағфар бин Әбу Тәлібтің бастауымен Хабешістанға һижрат етіп барғанда Хабешістанның христиан патшасы Нежәши Құран Кәрім тыңдауға қызығып, бірнеше аят оқып беруін сұрады. Жағфар ﷺ керемет парасаттылық үлгісін көрсетіп, кәпірлерге атой тастайтын аяттарды емес, ішінде Хазіреті Иса ﷺ және Оның мүбәрак анасы мақтаумен еске алынған Мәриәм сүресінен оқып берді. Құран Кәрімді хушуғ сезімімен тыңдаған Нежәши көзі жасаурап:

«Шүбәсіз, мына тыңдағандарым мен Хазіреті Исаның әкелген ақиқаттары бір шырақтан шыққан екі нұрға ұқсайды», деді де, көп ұзамай, Исламға кіру абыройына ие болды.

(Ибн Хишам, I, 358-360)

Бір сахаба ізгі амалдардың мәртебелісі жайында сұраған кезде Расулұллаһ ﷺ өзімен туыстық қатынастарын үзген туыстарды іздеп барудың өте бағалы істердің бірі екенін айтқан екен[46].

Осылай туыстарына сыла-түррахим жасап, қатынастарын жалғаған адамға Аллаһ Тағала былай ілтипат айтады:

«**Олар — Аллаһтың жалғастырылуын әмір еткен нәрсесін жалғастырып, Раббыларынан қорқа отырып, есебінің жаман болуынан қауіптенетіндер**» (Ра'д сүресі, 21-аят).

Бір құдси хадисте Аллаһ Тағала былай деген:

«*Туыс, дос-жарандарымен қатынасын үзбегендер және Менің разылығым үшін араласқандар — Менің махаббатыма лайық жандар*» (Ахмет V, 229).

Пайғамбарымыз ﷺ жақсылық жасау барысында қандай кезек ұстану керектігін былай баян етеді:

---

46. Қрңз: Ахмет IV, 148,158

«Инфәғыңды өзіңнен баста! Артылғанын бала-шағаңа жұмса. Отбасыңнан артылғанын жақын туыстарыңа бер. Олардан артылғанын оң, солыңдағы көршілеріңе тарат!» (Қрңз: Нәсәи, зекет 60, Бұюғ 84; Мүслим, зекет 41).

Туыстарға жасалған инфәқтың әрі садақа ретінде әрі туыстық қатынастарды жалғау ретінде сауабы мол (Термези, зекет 26).

Туыстық қатынасты жалғап тұрудың қиын тұстары да болып жатады. Бірақ оған уәде етілген сыйлар ол қиыншылықтардан да артық. Сүйікті Пайғамбарымыз r сол сыйлардың екеуі жайында айтады:

«Ризығының артуы мен ұзақ ғұмыр сүруді қалаған адам туыстық қатынастарын жалғасын!» (Бұхари, әдеп 12; Бұюғ 13; Мүслим, Бирр 20, 21).

Бұған керісінше, туыстарымен қатынасын үзіп, оларға қарамай кеткен адамдарға мынадай қатаң ескертулер мен Аллаһтың қаһары бар:

«**Олар Аллаһқа берген серттерін бекіткеннен кейін бұзғандар және Аллаһтың, бірлесуін бұйырған нәрселерді бөлгендер**

Шах әл-Кирмани былай дейді:

«Кім көзін харамнан сақтап, нәпсісін шәһуаттан аулақ ұстаса, сүннет ізіне еріп, адал аспен қоректенетін болса, оның парасаты ешуақытта қателеспейді!».

(Құшәйри, рисәле, Әбу Осман ӘЛ-Жәбри бөлімі)

әрі жер жүзінде бұзақылық істегендер, міне, лағынет осыларға. Сондай-ақ мекеннің жаманы солардікі» (Ра'д сүресі, 25-аят).

Дәл осы тақырыпта Расулұллаһ r былай дейді:

«Ақыретте алатын жазасынан бөлек, дүниеде дер кезінде Аллаһ Тағаланың жазасына ұшырататын күнәлар — зұлымдық пен туыстық қатынастарды үзу» (Әбу Дәуіт, әдеп 43; Термези, қиямет 57; Ибн Мәжә, Зуһд 23).

«Туыстарымен қатынасын үзген адам Жәннатқа кіре алмайды» (Бұхари, әдеп 11; Мүслим, Бирр 18, 19).

Бұл аят пен хадистер сылатұр-рахим деген қандай маңызды шаруа екендігін айқын көрсетіп тұр.

«Мұсылман Аллаһтан бір нәрсе тілейтін болса, тілеген нәрсе күнә іс болмайынша немесе туысымен қатынасын үзбейінше, Аллаһ оның тілегін қабыл алып орындайды немесе сол тілегеніне тең бір жамандықты басынан аулақтатады» (Термези, дағауат 115/3573; Ахмет III, 18).

Олай болса, адамдардың туыстарына көңіл бөліп, олардың жәрдеміне асығуы — Хақ Тағала мен Пайғамбарымыздың баса назар аударған мәселелерінің бірі екен. Оларға жасалатын ең үлкен жәрдемге келетін болсақ, ол — үнемі хақ пен қайырды үгіттеп, рухани тұрғыдан дем беріп отыру.

Одан соң, рухани, материалдық болсын, қажеттіліктеріне көмектесіп, қуанышты да, қайғыны да бөлісіп, үнемі қастарынан табыла білу.

Аллаһ Тағаланың туыстар арасын жалғауға осыншалықты маңыз беруінде адамдар біле бермейтін көптеген хикметтер жасырулы. Біздің міндетіміз Раббымызға шын көңілден бас иіп, туыстық қатынастарымыздың бірлігін жарастырып, түтінін түтетіп, сауабын тек Аллаһтан күту ғана.

ИСЛАМДЫ ЖЕТКІЗУ

Расулұллаһ r былай дейді:

«Бір адам сенің себепкер болуыңмен һидаятқа келсе, ол — қызыл түйеге (ең бағалы дүниеге) ие болуыңнан да қайырлы» (Бұхари, жиһад 143).

Адамдары иманға, хаққа және салиқалы ізгі амалдарға шақырып, жамандықтан қол үзулеріне демеу болу — ең ізгі амал. Өйткені бұл оларды мәңгілік бақытқа жетелеу деген

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Раббым маған үнсіздік күйімнің де тәфәккур болуын әмір етті (мен де сендерге соны өсиет етемін)».

Ибраһим Жанан, Хадис энциклопедиясы XVI, 252, хадис нөм: 5838

сөз. Хақ Тағала мұндай киелі істің құндылығын былай баян етеді:

«**Аллаһқа шақыратын, өзі де ізгі амал істейтін және "Мен мұсылманмын" деп жар салатын адамның сөзінен артық көркем сөзді жан бар ма?**» (Фұссиләт сүресі, 3-аят).

Расулуллаһ r былай дейді:

«Тура жолға шақырған адам оның ізінен ергендердің сауабындай сауап алады. Бірақ ізінен ергендердің сауабы одан кемімейді. Жаман жолға шақырған адам болса, оның артынан ергендердің күнәсіндей күнә табады. Бұл да оның артынан ергендердің күнәсін кеміт-пейді...» (Мүслим, ілім 16; Әбу Дәуіт, сүннет 6; Термези, ілім 15).

Хақ Тағала бүкіл тіршілік иелеріне сондай ерекшеліктер беріп қойған. Бірдей азықпен қоректенсе де олар әртүрлі өнім өндіріп шығарады. Мысалы, тұт ағашының жапырағын сиыр немесе қой жесе, одан ет, сүт және жүн береді. Ал қоңыз жесе, одан жібек өріп шығарады. Жануарлар шөп жеп, ет пен сүт беріп жатқанда бүгінгі заманның ең дамыған озық технологиясын пайдаланса да зертханалық жолмен тонналаған шөптен бір грамм ет немесе сүт шығара алмайды. Араның шешек тозаңдарынан жасайтын балын өндіру де адамның күші жететін дүние емес. Қарапайым бір шөп болып көрінген түрлі гүлдердің топырақ астынан тауып алып шыққан реңдері, хош иістері мен ою-өрнектері еш адам қолымен жасалмайтын керемет жаратылыстар.

Исламды жеткізу және діни қызметтердің құлағынан ұстау — қызмет етушілерге де, оның қызметін көрген адамдарға да нәпсіге бейімділіктен қорғайтын дәрмендей болып, екі жақты да қателіктерден қорғап тұрады.

Хазіреті Расулұллаһ r мәңгілік бақыттың дағуатын адамдарға естірту жолында үлкен күрес жүргізген кісі. Оның үмметі болу абыройына ие болудың шүкірлігі ретінде біздер де дәл солай күрес жүргізуіміз керек. Өйткені Расулұллаһ r үмметінің бұл міндетті жалғастырып әкетуін қалаған. Хадистерінде ол кісі былай дейді:

«Менен бір аят болса да, адамдарға ұластырыңдар» (Бұхари, әнбия 50).

«Бізден бір нәрсе естіп, оны дәл сол күйінде басқаларға жеткізген адамның Аллаһ Тағала жүзін жарқын етсін! Өйткені өзіне жеткен білімді тікелей естіген адамнан да артық түсініп, амалға асыратын көптеген жандар бар» (Термези, ілім 7).

Хақ Тағала біздерге Өзінің нұрын тәмамдайтынын, яғни Исламның түбінде тамырын терең жайып, үстемдік құратынын

Мынаны ойлау керек: өмір атты қызметтің мәні мен хикметі неде? Бұл дүние неліктен адам баласының өміріне берілді? Екі ғана есігі бар бұл жаһанға қайдан кіріп, қайда сапар шегіп барамыз? Қияметтің қорқынышқа толы күнінде паналайтын қорғанышымыз не болмақ?..

Бұл әлемдегі әр зәрре жүрегі тірі адаммен сөйлесе алады. Барлық жаратылғандар өзінің күйімен тілдесе алады. Ғаламда өз Жаратушысын көрсетпей тұрған еш зәрре жоқ. Барлық мақлұқат өзін жоқтан бар етіп жаратқан Хақ Тағаланың мөрін паш етуде. Ал адамның міндеті — иләһи құдірет туындыларын тәфәккур мәселесінде тереңге бойлап, иләһи мөрлерді ғибрат көзімен оқи білу.

уәде еткен. Біз үлес қоссақ та, қоспасақ та Аллаһ Тағала өз уәдесін, шүбәсіз, орындайды. Бірақ ақылды мүмин Исламды жеткізу жолында тер төгіп, айқын жеңістен өз нәсібін алып қалуға тырысары хақ.

Белгілі уақыттарда немесе мекендерде діни түсінік әлсіреп, адамдар бұрыс жолға қарай тайып бара жатқан жерде уағыздау қызмет иман мен парыз амалдардан кейінгі ең маңызды жауапкершілікке айналады. Мұндайда уағыздау жолында кейбір басқа шариғи амалдарды шетке қоя тұруға болады. Мысалы, ана үшін өз нәрестесін емізу өте мүбәрак, киелі іс деуге болады. Алайда үйі жанып жатқанын көрген ана нәрестесін емізуін жалғастырса, бұл ісі үлкен қателік болар еді. Өйткені өртке қарсы шара қолдану сол сәтте бала емізуден гөрі әлдеқайда маңыздырақ.

Бір таңқаларлығы қоштасу қажылығында жүз жиырма мың (120,000) сахаба тыңдаған болатын. Соншама сахабаның тек жиырма мыңға жуығы

(20,000) Мекке мен Мәдина маңайында жерленген екен. Ал қалғандары Исламды жеткізу және Аллаһтың сөзін ұлықтау үшін бүкіл дүниеге жайылып, ең соңғы аяқ баса алған жерлері қабірлері болған екен.

Уағыздау қызметін лайықты түрде орындап жүрген адамның табысы дүниенің ең бағалы қазыналарынан да артық болмақ.

Әнәс t былай дейді:

Бір күні Расулұллаһ r былай деді:

— *«Аллаһтың құлдарының арасында сондай ерекше адамдар бар. Олар нәби де емес, шейіт те емес. Алайда нәбилер мен шейіттер қиямет күнінде олардың Аллаһтың қасындағы дәрежелеріне қарап, қызығады*[47]*. Жүздері нұр шашады, өздері де нұрдан болған мінбенің үстінде болады. Адамдар оларды содан танып, ажыратады»*.

Сахабалар:

— Олар кімдер, о, Аллаһ Расулы!», — деді. Расулұллаһ r :

«Бізден бір нәрсе естіп, оны дәл сол күйінде басқаларға жеткізген адамның Аллаһ Тағала жүзін жарқын етсін! Өйткені көптеген жандар бар, өзіне жеткен білімді оны тікелей естіген адамнан да артық түсініп, амалға асырады»

(Термези, ілім 7).



47 Бұл сөздің мағынасы тәблиғке көңіл бөлген адамдардың қадірін түсіндіру. Әйтпесе олардың шын мәнінде нәбилер мен шейіттерден үстем болуы мағынасына келмейді. Өйткені пайғамбарлар мен шейіттердің өзі өз өмірлерін тәблиғ жолына қиған кісілер.

— «Олар — Аллаһты құлдарына сүйдірген, құлдарға Аллаһты сүйдірген кісілер. Жер бетінде насихат етіп, Исламның ұлылығын айтып жүреді», — деді. Мен:

— «Уа, Аллаһтың Елшісі! Аллаһты құлдарына сүйдіруді түсіндік, ал Аллаһқа құлдарын қалай сүйдіреді?», — сұрадым. Ол кісі:

«Адамдарға Аллаһтың сүйетін нәрселерін бұйырып, сүймейтін нәрселерінен сақтандырады. Адамдар бұларды орындаған кезде Аллаһ Тағала оларды шексіз сүйетін болады» (Әли әл-Муттақи, III, 685-686; Бәйхақи, Шуаб I, 367).

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар».

(Әлу Имран, 105)

Дарға асылғалы тұрған бір сахаба өзіне үш минут берген мүшрікке рахметін айтып, былай қуанған еді:

«Демек, саған уағыз айту үшін үш минут уақытым бар екен! Бәлкім үгіт аларсың».

Суфиян Сәури былай деген екен:

«Хорасанға барып, Исламды түсіндіру — Меккенің әзиз тұрғыны болудан әлдеқайда артық».

Ал уағыздау қызметін елемеу, бүкіл қоғамның құрдымға кетуіне апаратын үрейлі нәтижелерге жол ашары анық. Сондықтан Пайғамбарымыздың мына қатаң ескертуіне құлақ түруіміз қажет:

«Жанымды алақанында ұстаған Аллаһқа ант етемін, не жақсылыққа бұйырып, жамандықтардан бас тартасыңдар, я болмаса Аллаһтың азап жіберуі жақын болады. Сол кезде жалына, жалбарына дұға етесіңдер, бірақ дұғаларың қабыл болмайды» (Күтүбү ситтә 92 б.; Термези, Фитән9).

Адамдарды ақиқат пен қайыр амалдарға шақырудың және жамандықтан тыюдың қаншалықты маңызды екеніне мына бір оқиға дәлел бола алады:

Қызылтеңіздің жағалауындағы Әйлә кентінде

Еуропадан келген бір елші Мажарыстан жазығының бірінде Жұмаға тоқтаған Осман империясы әскерінінің ұжымбен намаз оқығанын бақылап тұрып, таңырқай былай деген екен:

«Керемет саптарға түзілген елу мың адам имамның бір дауыс бұйрығымен қолын байлап, бір денедей қақиып тұра қалады. Сосын тағы да бір ауыз бұйрығымен елу мың адам бірден Аллаһтың алдына сәждеге жығылуда. Мұндай керемет қоғамның алдына бишара христиан әскерлері қалай шыдап бақсын?».

(Ахмет Ерсөз, білім берудің сілкінген жылдары 70 б., Стамбул 1993)

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Шайтан адамдардың қасқыры. Дәл отарынан ажыраған қойды аңдыған қасқыр секілді. Олай болса топтарға бөлінуші болмаңдар. Жамағаттан, халықтан және мешіттерден айрылмаңдар!».

(Ахмет, II, 400; Хаким I, 73/59)

Исраил ұлдарының бір тайпасы өмір сүрген екен. Сенбі күні олар барлық дүниелік тіршілігін тоқтатып, ғибадат етулері парыз болса да, иләһи әмірді аттап өтіп, балықтарын аулай береді. Сол себепті олар Асхабу сәбт (сенбі халқы) деп аталып кеткен.

Ол жердегі адамдар екі топ болатын:

1) Харамды аттап, күнәһар болған адамдар.

2) Діндар, абзал жандар.

Діндар адамдар дұрыс пен бұрысты үгіттегенімен бас көтерген күнәһарларға сөздері өтпейтін. Соңында екінші топтың өзі өз ішінде екіге бөлінді:

1) Харам істеп жүргендерге насихат етуге ерініп, үмітсіздікке түскен адамдар. Бұлар көп ұзамай, тәблиғді тастай салған болатын.

2) Үмітсіздікке берілмей бүкіл қиындықтарға төзіп, адамдарға насихат пен үгіттерін жалғастырған абзал жандар.

Құран аяты олар жайында былай сөз қозғайды:

«**Сонда олардан бір топ адам: "Аллаһ** (дүниеде) **типыл қылатын немесе** (ахіретте) **бек қатты жазалайтын бір қауымға не үшін насихат айтасыңдар?" — дегенде** (үгіт айтушылар да "Міндетімізді орындап) **Раббыларыңа** (айтар) **себеп-сылтауымыз** (бен кешірім тілеуге бетіміз) **болсын және бәлкім, олар Аллаһтың әміріне сай өмір сүріп, қарсы келуден сақтанар деп** (үгіт айтамыз)" **деді»** (А'раф сүресі, 164-аят).

«Және (ей, иман келтіргендер!) **сондай фитнәдан** (күнәлардан) **сақтаныңдар** (және өзгелерді сақсындырыңдар. Өйткені) **Оның жазасы тек зұлымдық істегендерге ғана тиіп қалмайды** (бүкіл қоғамды пұшайман етеді). **Һәм** (тағы да) **біліп қойыңдар: Аллаһтың азабы тым қатты»** (Әнфәл сүресі, 25-аят).

Біраз уақыттан соң, иләһи әмірлерге бағынбағандар маймылға айналып, жазаланды. Кейбір тәфсіршілердің айтуынша, уағыздау міндетін атқармағандар да азапқа ұшырады.

Бір кезде маймылға айналған бетбақтар азаптан аман қалған туыстарына көз жастарын көл қылып келеді. Туыстары оларға:

Хасан Басри Хазіреті истишара жасаудың пайдасы жайында:

«Уаллаһи истишара жасайтын адамдар мәіндетті түрде алдарында тұрған шешімнің ең бағыттандырылады» деген екен.

(Бұхари, әдәбұл-муфрад, нөм 258)

«Біз сендерге ескертіп, күнәдан сақтандырмап па едік?», — деген кезде жылап тұрып бастарын изейді. Үш күннен кейін маймылға айналған сол күнәһарлардың бәрі өліп кетеді.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Аллаһ Тағала көпшіліктің істеген күнәсінің кесірінен кінәсіздерді жазаламайды. Тек араларында күнәнің істеліп жатқанын көріп, күштері бола тұра, оған кедергі болуға тырыспағандар өз жазасын алатын болады» (Ахмет V, 192).

«Бәрін түсініп, бәрін ұғынатын ақылдың өзі достарынан айрылған кезінде садағы сынған мерген секілді абдырап қалады». *(Хазіреті Мәуләнә)*

Дінді уағыздау жолында ең маңыздысы — Аллаһтың разылығын табу үмітімен барынша күш-қайрат жұмсау. Қажетті себептерді қанша пайдаланғанмен, кейде ол нәтиже бермеуі мүмкін. Ондай жағдайда қатты қапаланып, үмітсіздікке балап, шарасыз отыру дұрыс емес.

Өйткені һидаятты беретін тек Аллаһ. Құлдың міндеті — жалықпай, үмітсіздік сылтауына жармаспай, уағыздауын жалғастыру және нәтижесін Аллаһқа тапсырып, тәуекел ету.

«Олар иман келтірмеді деп, өзіңді тауыса жаздайсың!» (Шұара 3).

Дін уағыздаудың маңызды тұстары

Әр істің әдебі мен әдісі болатыны секілді уағыздаудың де өзіндік өте маңызды қағидаттары бар. Уағыздауды әдісімен жүргізудің маңыздылығы оның өзінен кем емес. Өйткені қате әдіспен жасалған уағыздаудан пайда күту қисынсыз. Бұл тіпті, ауыр обалдың астында қалдыруы ғажап емес. Өйткені мұндай әрекеттер «артық қыламын деп тыртық қылудың» кебін келтіруі мүмкін.

Уағыздаудың маңызды қағидалары мыналар деуге болады:

1) Хақты уағыздап, ізгілікке шақыру үшін әуелі хақ пен ізгілікті дұрыс үйреніп, өз өмірімізде амалға асыра білуіміз керек. Өйткені наданның жасаған уағыздауы әдісі жағынан да, ілімдік мазмұны жағынан да қателіктерге толы болары сөзсіз.

2) Дұрыс уағыздау үшін сезімтал көңіл және Исламның шашатын нұрын сезінетін жұмсақ дидар қажет. Өз өмірімен үлгі болып, мейірім таратқан тілімен жұмсақ

Расулұллаһ ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«Истихара жасаған адам қасірет көрмес, истишара жасаған өкінбес, үнемдеген алақан жайып қалмас».

(Һәйсәми, II, 280)



сөйлеуді ұмытпау керек. Өйткені адамдар қатты және дөрекі сөздерді ұната бермейді.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Бір қателігіңді көріп, ұрысқан кезде әкең де жабайы жануар секілді немесе шағып алатындай, тістеп алатындай көрінеді...».

«Бұл оның ұрысуының арғы жағында жатқан уайымы мен алаңдаушылығының әсері негізінде. Яғни әкенің ескертуі сенің жақсылығың үшін болғандықтан, арғы жағындағы мейірімнің себебінен оның ұрысқан сөздері сүйегіңнен өтіп, оны саған жануардай етіп көрсетуде...».

«Жастардың айнадан көргендерінен артығын қариялар кірпіш сынығынан ақ көре алады».

(Хазіреті Мәуләнә)

3) Адам қандай күнә мен қателік жасаса да, уағыздау мен дағуаттан мақрұм қалмауы керек. Тас пен дуалдың ішінен де небір гүлдер мен ағаш бұтақтарының өсіп шығатынын ойлап, ешкімді жатсынбау қажет. Өйткені Аллаһтың рақымы, расында, соңсыз.

Мұнда да ең кемел өнегеміз — Аллаһтың Елшісі r болмақ. Өйткені Ол сүйікті қызы Зейнепті түйеден құлатып, өліміне апаратын сырқатына себеп болған Хаббар бин Әсуадқа;

Меккенің алынуына дейін дұшпандықтың барлық түрін істеп келген Икримә бин Әбу Жәһілге;

Немере ағасы Хазіреті Хамзаны шейіт еткен Уахшиге;

Қала берді сол Хамзаның өкпе-бауырын шикідей шайнаған Әбу Суфиянның әйелі Хиндке де тәблиғ есігін жаппаған болатын.

Аллаһ Тағала Мұсаға ﷵ өзінен құтылу үшін мыңдаған жазықсыз нәрестенің қанын төгіп, өзін тәңір деп жариялаған Перғауынға жұмсақ тілмен тәблиғ жасауын бұйырған болатын.

4) Насихат ететін адам ескіні жөндейтін ұсталар секілді болуы керек. Ұстаға заттардың бұзылғаны келеді, егер бұзылған заттар болмаса және оның ұстаханасына келмесе, ол кәсібін жалғастыра алмайды. Сол себепті бұзылған заттар ұста үшін бағалы нығмет. Олай болса, күнәһарларды да сөгіп, менсінбей, есіктен тысқары қудалау өте қате іс болмақ. Шынайы уағыздау майталманы күнәһар адамдарды қудды жаралы

«(Ей, Расулым! Сол кезде) ***сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң, әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді. Енді*** *(бұдан кейін де)* ***оларға кешірімді бол және оларға*** *(Аллаһтан)* ***кешірім тіле, олармен әр іс туралы кеңес құр. Ал,*** *(кеңескеннен кейін)* ***бір іске бел бусаң, онда Аллаһқа сүйен. Аллаһ өзіне сүйенгендерді сөзсіз сүйеді»*** *(Әлу Имран, 159).*

құстай көріп, оларға шапқат толы жүрегімен және жұмсақ саусақтарының ұшымен үркітіп алудан қорқып, көңіл сарайына қабылдап алып, емдеуге тырысуы керек.

Адамдарға ізгілікті үйретіп, жамандықтан тыю арқылы Хаққа және ақиқатқа шақыру — оларға жасалатын ең ізгі және өмірлік маңызы бар қызмет. Кітап пен сүннеттің өміріміізден орын алуы үшін, әуелі көкейімізде, санамызда Хақты жеткізу мен халыққа қызмет жауапкершілігі орнығуы керек...

«Әли, інім! Аллаһтың сенің қолыңмен бір адамды һидаятқа жеткізуі сен үшін күн шуағы түсіп жатқан барлық нәрседен қайырлы»

(Хаким, Мүстәдрак III, 690).

Тәжірибелі дәрігер емдейтін кезде науқасты «сен неге ауырып қалдың?» деп жағасынан алмайды ғой. Өз міндетін атқарып, оны емдейді. Өзін оны емдеуге міндетті санайды. Бар болғаны сол. Жүректерді емдеу де дәл солай болғаны жақсы. Иманды жастар қоғам ішін емдейтін жан іздеп, аралап жүретін дәрігерлердей болуы тиіс. Оның іс-әрекеттерін осы сезім баурап алатын болса, жас уағыздаушілер жолдан тайғандар үшін құтқарушы балондай ауадай қажет болады.

5) Уағыздаушы белгілі бір адамның рухына терең бойлау үшін ыңғайлы жол іздеуі керек.

Жас мұсылман Құран Кәрім бұйырған көркем, тура сөздер қолдануы керек.

«Қаулул-хасән» (Исра, 23), яғни ең көркем сөзді,

«Қаулән-кәримә» (Бақара, 263), яғни, сый-сияпатқа толы ілтипатпен сөз айтуды,

«Қаулән-мәйсура» (Исра, 40), яғни көңілін аулайтын, рухты шаттандыратын, жұбататын сөз айтуды,

«Қаулун мағруф» (Зәрият,8), яғни жылы сөз айтуды,

«Қаулун мағруфа» (Ниса, 148), яғни көркем сөзбен, тәтті тілмен сөйлеуді,

«Қаулән мағруфа» (Ахзаб, 32), яғни орынды және үйлесімді сөз айтуды,

«Қаулән ләййинән» (Таһә, 44), яғни жылы сөз айтуды,

«Қаулән бәлиға» (Ниса, 63), яғни көңілге әсерлі көркем сөз айтуды бұйырған.

Міне, жас мұсылман осыларға мұқият қарауы керек.

Әр адамның өзіндік табиғат ерекшелігі болғандықтан, бәріне бір сөз әсер етпеуі мүмкін.

Бұл тұрғыда ең қысқа да нұсқа сөз Аллаһтың Елшісінің r мына сөзі:

«Жеңілдетіңдер, қиындата көрмеңдер! Сүйіншілеңдер, бездірмеңдер!..» (Бұхари, ілім 11).

Әрине, діннің өзегіне залалын тигізбестей және тура жолдан айнымайтындай етіп жеңілдету керек.

«Харамдар от секілді. Оған тек (жүрегі) өлілер ғана қол созады. Егер қол созғандар тірі болғанында, ол оттың ыстығын сезінген болар еді».

(Омар бин Абдулазиз)

ХАЛАЛ-ХАРАМҒА МҰҚИЯТТЫЛЫҚ

Адам баласының қолындағы барлық нығметтер Жаратушының оған берген сыйы. Бірақ оның барлығы күндердің күнінде есебін беруге тура келетін аманаттар екенін әсте ұмытпаған абзал. Өйткені адам баласы **«жәйдан-жай жаратылмаған»**. Бір күні **«Аллаһтың құзырына қайтарылып, есеп беретін болады»**[48].

Сондықтан да қолымыздағы материалдық және рухани нығмет-

48. Қрңз: Мүминун, 115

терді қолданар кезде, толық ерікті емес екенімізді ескерейік. Оларды біз Аллаһтың разылығына сай етіп қолдануға мәжбүрміз. Ұлы Раббымыз бұл жауапкершілігімізді былай ескертеді:



«**Ақыры ол күні (**дүниеде пайдаланған**) нығметтерден әлбетте, сөзсіз, есепке тартылатын боласыңдар!**» (Тәкәсур сүресі, 8-аят).

Себебі Жаратқан Аллаһ бізге тарту еткен нығметтерін кәсіп етіп, табу барысында да, қолдану барысында да өз қағидаларын орнатып, оларды «халалдар мен харамдар» деген санаттарға бөлген.

Құранда бұл жайында былай делінеді:

«**Ей, адамдар! Жер бетіндегілердің халал** (алал)**, пәк болғандарын жеңдер. Шайтанның ізін баспаңдар. Өйткені, ол сендердің қас** (белгілі) **жауларың.!**» (Бақара сүресі, 168-аят).

Харамның азабы болса, халалдың сұрауы бар. Халал жолмен табылмаған дүние секілді, Аллаһтың разы болмайтын әрекетімен алынған халал нығметтер де ақыретте иесін үлкен обалға қалдыруы мүмкін. Халал мен харамға мұқият болу — адам өмірінің

«Ібілістің Жаратушысының босағасынан қуылуы Оның алдында әдепсіз түрде сөйлеп, ақымақтық танытқанынан болды...

Егер Шайтанды езіп өткің келсе, көзіңді ашып әуелі қара: Шайтанды қарғысқа ұшыратқан әдепсіздігі еді. Адам баласында әдеп болмайтын болса, ол шын мәнінде адам емес. Өйткені адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық — әдептілік».

(Хазіреті Мәуләнә)

агысына қатты әсер ететін себептердің бірі. Өйткені халал халалды шақырса, харам да басқа бір харамға жол ашып береді.

Әбу Бәкір Уаррақ Хазіреті бір сұхбатында:

— «Таңертең тұрған соң адамдардың жүзіне қарап, кімнің халал, кімнің харам жегенін аңғарып қоямын!», — деді. Шәкірттері аң-таң болып:

— «Оны қалай білесіз?», деп сұрады.

— «Егер кімде-кім таңертең тұра салып, тілін бос сөз, ғайбат пен сөгіспен былғап жатса, бұл оның жеген харам асынан болғанын білемін. Ал таңертең тұрғанда кім Аллаһ Тағаланың зікірі, таухид пен истиғфар сөздерін айтса, оның қабылдаған асы да халал болғаны... Өйткені халал да, харам да өз ерекшеліктеріне орай, адамның іс-әрекетіне әсер етеді...».

Қабылданған астың денеге беретін әсерінен бөлек рухани ықпалы да болады. Жеген асыңның халал, харам немесе шүбәлі болуы рухымызды түрліше күйге бөлейді.

«Бүгін таңсәріде маған илхам келуі үзіліп қалды. Дереу тәніме халадығы шүбәлі ас кіргенін түсіндім. Даналық та, парасаттылық та, ғашықтық та, мейірім де халал астан туады. Егер бір жұтым асыңды ғапылдықпен жұтатын болсаң ол жегеніңді шүбәлі ас немесе харам ас деп біл».

(Хазіреті Мәуләнә)

Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Жеген ас еккен тұқым іспеттес. Оның жемісі пікір мен ой, ниеттен тұрады. Ғибадат пен тағатқа құштарлық оятып, рухыңды жігерлендірген ас — халал болғаны. Ғибадат пен тағатқа жалқаулық оятып, жүректі тарылтатын астар — харам ас. Сен өміріңде халал асыңды көбейт. Шүбәлі мен харамдардан қашқақта, сонда ғибадат пен тағаттың дәмін татып, хушуғдың не екенін сезінесің!».

Суфиян Сәури:

«Адамның діндарлығы жеген нанының халалдығы мөлшерінде болады», — деген.

Бір күні ол кісіден:

«Тақсыр! Намазды бірінші сапта оқудың мәртебесі жайында айтып бересіз бе?», — деп сұраған кісіге халал асқа назар аудартып:

«Бауырым! Наныңды қандай жолмен табасың, соған көңіл бөл! Табысың халал болса, қай сапта тұрғың келсе, сонда намазыңды

Хазіреті Әбу Бәкір айтқандай:

«Бұл дүние мүминдердің базары. Күндіз бен түн олардың саудаға салған қаражаттары, салиқалы амалдары сауда тауарлары, саудада көзделген табыс Жәннат, ал зияны Жәһаннам».

оқи бер, мұның ешқандай айыбы жоқ», — деп жауап берген екен.

Халал-харам мәселесінде мұқияттылықты сақтау — ғибадаттың қабыл болып-болмауына да ықпалын тигізетін мәселе. Аллаһтың Елшісі r харам ақшамен қажылыққа барған адамға аспаннан бір дауыс былай үн қататынын баян етеді:

«*Саған ләббәйк те, сағдәйк те жоқ! Өйткені сенің табысың — харам, азығың — харам, мінген көлігің — харам. Еш сауап алмастан, сол күнәһар күйіңде қайтып орал! Өзіңе онша ұнай қоймайтын нәрсе сені күтіп тұрғанына қайғыр!*» (Һәйсәми, III, 209-210).

Түн мезгілі. Хазіреті Омар t өз әдеті бойынша Мәдина көшелерін кезіп жүріп, кенет тоқтай қалады. Қасынан өтіп бара жатқан үйдің әйелі:

Үлкен ғалым әрі талантты ақын Аббас бин Хасан былай деген екен:

«Біліп қой, ақыл ойың барлығын бірдей сыйдыра алмайды. Олай болса, ең маңыздыларын таңдап ал. Барлық адамға көңіл бөле алмайсың, өзіңнің ілтипатыңмен мен көңіліңді ақиқат жолындағы адамдарға арна! Әрі жомарттығың да бәріне жетпейді. Оны да рухы таза адамдарға сақта! Үнемі күш-қайрат жұмсап отырсаң да, күндіз бен түн сенің барлық қажеттіліктеріңе жетпейді. Сол себепті істердің қайсысын істеп, қайсысын қоя тұратыныңды жақсылап сұрыпта!..».

(Әбу Ғудда, уақыттың қадірі, 88-89 б.)

«Қызым, ертеңгі сататын сүтке кішкене су қос!», — деп айтып жатыр екен. Қызы:

«Анашым, халифа сүтке су қосуға тыйым салмап па еді?», — дейді. Анасы қызының сөздеріне қарсылық білдіріп:

«Қызым, жарым түнде халифа сүтке су қосқанымызды қайдан білсін?», — дейді.

Бірақ түла бойын Аллаһ махаббаты мен қорқынышы билеп түрған қыз анасының сүтке су қос дегеніне разы бола алмады:

«Анашым! Мейлі халифа көрмейді. Аллаһ ше, ол да көрмей ме? Бүл қулықты адамдардан жасыру оңай, бірақ бәрін көріп, біліп түрған Әлемнің Жаратушысы — Аллаһтан бірдеңе жасыру мүмкін бе?», — дейді.

Жүрегі раббани ақиқаттарға толы қыздың анасына Аллаһтан қорқатынын жеткізгені Хазіреті Омарды әсерлендіріп жібереді. Мүминдердің әміршісі оны жәй ғана бір сүт сатушының қызы емес, көңіліндегі шексіз тақуалығы үшін таптырмас нәсіп деп көрді де, үлына келін қылып алып берді. Рашид халифалардың бірі болуға

Жастық шақты ойнап, күлу мен ойын-сауық шағы деп ойлайтындар қатты қателеседі. Жастық шақ адамға мәңгілік қажет болатын мықты сенім мен көркем тәрбиені меңгерудің ең ыңғайлы мезгілі.

лайық болған Омар бин Абдулазиз осы салиқалы әйелдің немересі еді (Крңз: Ибн Жәузи, сифатус-сафуа II, 203-204).

«Әке-шешенің өз перзенттерін тозақ отынан қорғауы дүниеде оттан қорғауынан да маңыздырақ. Ал тозақ отынан қорғау оларға иманды, парыздарды, харамдарды үйретумен, ғибадатқа әдеттендірумен, дінсіз және тәрбиесіз достардан аулақ ұстаумен болады. Өйткені бар жамандықтың басы жаман достан басталады».

(Мұса Ефенді -рахматуллаһи әләйһ-)

Киінуде мұқияттылық

Тек ішіп-жеуде және сауда-саттықта емес, киім-кешек секілді бүгінде тым маңызсыз болып көрінетін мәселелерде де халал-харам шекарасына үлкен көңіл бөлу қажет.

Адам баласы Аллаһ Тағаланың берген адамдық қасиеті, ұяты мен салмақтылығын сақтап қалу үшін киініп жүруге зәру. Әйтпесе, адамгершілік қасиеттерінің бәрі желге ұшып кетеді. Дін белгілеп берген киім-кешекке байланысты шарттарға көңіл аудармаған жағдайда адам өзінің абыройы мен қадірін өзінен бір саты төмен тұратын жануарлардың дәрежесіне түсірген болады. Өйткені киіну — ұятқа тікелей байланысы бар дүние. Ал тек адамға ғана тән болып табылатын ұялу қасиеті — иманның бір бөлімі болып саналады[49].

49. Крңз.: Бұхари, иман 3

Құран Кәрімде әйелдердің сыртқа шығар кезде үстілеріне жамылғы (жилбәб) киіп, ерлер мен әйелдер өз көздерін харамнан сақтаулары, ар-намыстарын қорғаулары, орамалдарын омырауларының үстіне түсіріп тағулары бұйырылған (Ахзаб сүресі, 59-аят; Нұр сүресі, 30-31, 60-аяттар).

Хазіреті Адам u мен Хазіреті Хауа анамыз Жәннаттағы тыйым салынған ағашқа жақындаған кезде киімдері үстілерінен сыпырылып түсіп қалған. Сонда олар қастарында ешкім болмаса да, ұяттан жерге кіре жаздады. Сасқандарынан сол жерде жатқан жапырақтармен әуреттерін жаба бастады. Осыдан ұғатынымыз, әдеп пен ұят — адамзаттың табиғатына берілген ең негізгі сипаттар мен тақуалық белгісі.

Сол себепті жас мұмин киіну мәселесіне әсте маңызсыз деп қарамауы керек. Осы тұрғыдағы иләһи әмірлерге бағынып, әурет жерлерін жауып жүруге мұқият көңіл бөлуі қажет. Әрі бұл тұрғыда шектен тыс сәнқойлық пен ысырапқа берілмей, мұсылманға жарасар қарапайымдылықты ұстануы тиіс.

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Ахіреттің қасында дүниенің жағдайы сендердің біреуің теңізге саусағын матырып, қайта суырғанындай-ақ. Саусағымен теңізден қанша су шығарса, (ахіретпен салыстырғандағы) дүние сондай-ақ.

(Хаким, Мұстәдрак, 4/319)

Әйелдер қолдары, жүздері мен аяқтарынан тыс бүкіл денелерін, ал ерлер тізесі мен кіндігінің арасын қымтап жауып жүруі әмір етілген. Әурет жерін көрсететіндей жұқа киім, дене бітімін көрсетіп тұратындай тар киіну де дұрыс емес. Ал жалпы алғанда әркім шариғи талаптардың шегінен шықпай, өз қалауы мен талғамына, мәдениетіне қарай киінуіне болады.

Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Айшаның әпкесі Әсманың

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Тозақылардан мен көрмеген *(кейінгі уақыттарда пайда болатын)* ***екі топ бар: олардың бірі сиыр құйрығы секілді қамшылармен адамдарды ұратын топ. Екіншісі, киінген болса да, жалаңаш болып көрінетін, басқаларды да өздері секілді киінуге мәжбүрлейтін және бастары түйенің өркешіне ұқсайтын әйелдер. Міне, осы әйелдер Жәннатқа кіре алмайды. Тіпті, оның алыстан сезіліп тұратын иісін де иіскей алмайды».***

(Мүслим, жәннат 52)

Хадистегі «киінген жалаңаштар» сөзі тек сәндік үшін киінетін, сыртқа шығатын кезде еркектің назарын өзіне аударатын киімдер киетін және дене бітімі көрініп тұратындай етіп тар және мөлдір киімдер киген адамдарды ғана айтып отыр.

жұп-жұқа киініп жүргенін көріп теріс қарады да:

«Әсма! Балиғатқа толған соң әйелдердің (жүзі мен қолдарын көрсетіп) мына, мына жерінен басқа жерлерінің көрінуі дұрыс емес!», — деген (Әбу Дәуіт, либәс 31/4104).

Расулұллаһ r киіну үлгісінен бастап, барлық тұрғыда әйелдер мен ерлердің бір-біріне ұқсауына тыйым салып, әйелге ұқсап киінген еркектер мен ерлерге ұқсап киінетін әйелдер Аллаһтың рақымынан алыс болатынын айтып кеткен[50].

Зина

Ислам діні көздейтін асыл мұрат-мақсаттарының бірі — нәсілді қорғап, ұрпақты дұрыс тәрбиелеу. Ал бүгінгі заманның ең үлкен мәселелерінің бірі — тәрбиесіздіктің етек алуы.

«Ажал періштесі ғапылдықта өмір сүрген бай адамның жанын алу арқылы оны ұйқысынан оятады. Сонда ол адам шынында өзінікі емес болған мал үшін дүниеде қаншама азап тартқанына қайғырып ах ұрады, мың бір өкінеді. Бірақ болары болды, бояуы сіңді..».

(Хазіреті Мәуләнә)

50. Қрңз: Бұхари, либәс 61; Әбу Дәуіт, либәс 28

Жеңіл жүріс ұрпақты, отбасын күйретеді және адамзаттың тәрбиесі мен руханиятына орасан зор ықпал етеді. Ол, сонымен қатар, көптеген рухани ауруларға да себепкер.

Некенің бақытын жеңіл жүрістің ластығына айырбастап алудан асқан ақымақтық пен нағандық бола ма?!..

Адамның харамға былғанып, күнәға түсіп кететін шақтары қашан да Раббысын ұмытқан кезінде болады. Абайсыз немесе біле тұра істелген күнәлар рухани орталық болып табылатын жүректің тат басып, кірленуіне себеп болады. Нәтижесінде жүрек дым сезбейтін, жақсы нәрселерге құштар болмайтын, жаман нәрселерден де жиренбейтін халге жетеді, өз ғапылдығын ақылдылық деп санайтын болады.

Сондықтан Адам атадан бері бүкіл пайғамбарлар ұрпағының амандығы үшін некелесуге ерекше мән беріп келген. Өйткені ұрпақтың аман сақталуы отбасы босағасының мықты болуымен ғана мүмкін. Отбасы ішінде тәрбие көрмеген, некесіз өсіп жетілген ұрпақ қоғам өмірінің сәнін бұзып, әлеуметтік тәртіпке кері әсер етеді.

Миғраж түнінде **Жәбірейіл** u **Расулұллаһқа** r азап көріп жатқан адамдарды көрсеткен болатын. Олардың алдында дәмділеп пісірілген ет тағамдары мен шикідей сасып кеткен өлекселер

тұр екен. Олар керемет дәмді кәуапты қойып қойып, лас, сасық өлекселерді жеп жатыр екен. Аллаһтың Елшісі r таңырқап, олардың кім екендігін сұрайды. Жәбірейіл u былай деп жауап береді:

«Олар — өздерінің халал жұбайы бола тұра харам әйелдерге барған еркектер. Және күйеуі тұрғанда өздеріне харам еркектерге барған әйелдер» (Һәйсәми, I, 67-68).

Зина қаупінен қорғану үшін Аллаһ Тағаланың:

«**Зинаға жоламаңдар ! Өйткені ол — анық арсыздық әрі жаман жол!**» (Исра сүресі, 32-аят) бұйрығын мұқият орындап жүруіміз керек.

Зина жасау былай тұрсын, оған жақындататын қылықтарға да тыйым салынып отыр. Яғни зинаға бару түгілі, оған ниеттену де, оған апаратын себептерді орындауға да жақындамаңдар!

Зинаның жиркеніштi де бетке таңба бастыратын арсыздық екенін баяндаған аят тек зинаға тыйым салумен ғана шектелмей, жеке адамдар мен қоғамға зинаға апаратын себеп-салдарды да

Қиямет адамдардың көзі көретін ең қорқынышы мол үрейлі күн. Өйткені ол күн бүкіл ғалам басқа кейіпке енеді. Сол үрейлендірер күннің қиындығынан жеті топ адам есендікте болады. Солардың бірі сұлу және мансапты бір әйелдің зинаға шақыруына «Жоқ, мен Аллаһтан қорқамын!», деп жауап қайырған жас жігіт.

(Бұхари, азан 36, зекет 16, риқақ 24; Мүслим, зекет 91)

жоюын бұйырған. Ислам дінінің жастарды үйленуге ынталандыруы, үйленудің жеңіл, оңай болуына кеңес беруі, сонымен қатар, мас қылатын ішімдіктерге тыйым салуы — зинаға бөгет болатын іс-шаралардың бірі болып саналады.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Аллаһ Тағаладан бар жүрегімен шейіттік сұрап тілеген адам төсегінде жатып өлсе де,. Аллаһ Тағала оған шейіттік мәртебесін сыйлайды».

(Мүслим, имара 157; 36)

Бір жас жігіт Расулұллаһтың алдына келіп, зина жасағысы келгенін айтып, Хазіреті Пайғамбардан рұқсат сұрады. Расулұллаһ r Мырзамыз оны жанына отырғызып, өз анасымен, қызымен, қарындасымен, апайымен, тәтесімен зина жасалса, оған разы болып-болмайтынын бір-бірден сұрады. Әлгі жігіт ондайға ешкімнің разы болмайтынын айтқанда, сол жігіттің кешірілуі, жүрегінің арылуы және намысы мен абыройының қорғалуы үшін Аллаһқа дұға етті (Ахмед бин Хәнбәл, Мүснәд, V, 256-257).

Зинаның қоғам берекесін қашыратын өте жиіркенішті іс екені туралы адамдарды үгіттеп, тәрбиелеу және жастардың үйленуін жеңілдету — қоғамның басты міндеті.

Мысалы, харамға қарау — солардың бірі.

Жәрир t былай дейді:

«Пайғамбарымыздан қарауға болмайтын нәрсеге байқамай қарап қойса, үкімі не болатынын сұрадым:

«*Дереу көзіңді басқа жаққа бұр!*», — деді (Мүслим, әдеп 45; Әбу Дәуіт, неке 43; Термези, әдеп 28).

Өйткені харамға қарайтын адам **«көз зинасын»** жасаған болады. Дәл сол сияқты құлақтың зинасы — тыңдау, тілдің зинасы — сөйлеу, қолдың зинасы — қол тигізу, аяқтардың зинасы — жүріп бару, ал жүрек пен нәпсінің зинасы — ойлау мен құмарту арқылы харамға беттейді.[51]

Расулұллаһ r бұл жайында былай дейді:

«*Харамға қарау — Ібілістің улы оқтарының бірі. Егер кім Аллаһтан қорыққандықтан ғана зинаға қараудан бас тартса, Аллаһ оған жүрегінде ләззатын сезінетін иман сыйға тартады*» (Хаким IV, 349/7875).

Осман империясының Патшасы Фатих Сұлтан Мехмет жорықтар мен жеңістерге толы өмірін тағы бір жорық барысында аяқтады. Үш жүз мың кісілік әскер жолға шығып, бірақ ешкім жорық қайда болатынын білмейтін. Бірақ жолдың басында-ақ уланып, Гебзеде дүниеден озды. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ улы сүйіншісіне қоса шейіттік мәртебесіне қол жеткізіп барып Раббысына қауышты.

51. Қрңз: Бұхари, истиғзан 12, қадар 9; Мүслим, қадар 20-21

Өкінішке орай, бүгінгі таңда жазбаша және бейне басылымдар мен ақпарат құралдары арқылы әсіресе, теледидардың залалы көп бағдарламалары мен интернеттің зиянға толы сайттары арқылы зина күнәсі адамдардың үйлеріне дейін оңай кіріп, қоғамды жайлап алған. Жас ұрпағымызды бұзғысы келетіндер осы құралдарды барынша пайдаланудан тайынбауда.

Ең жиіркенішті харам істердің осыншама кең тарап бара жатқан және өмірге қауіпті күнә-лар оңай болып кеткен мына дәуірде өзімізді қорғаудың жалғыз ғана жолы бар:

Ол – Раббымызды ешуақытта жадымыздан шығармау...

Хазіреті Пайғамбар ﷺ айтады:

«Адам баласының сөздері өз пайдасына емес, зиянына. Жақсылықты әмір етіп, жамандықтан тыю үшін айтқан сөздері бұдан тысқары» *(Ибн Мәжә, Фитән, 64).*

«Ей, Хафса! Көп сөйлеуден сақ бол. Айтылған сөз зікірұллаһ болмайынша, жүректі өлтіреді. Аллаһты еске көп ал. Міне, жүректі сол тірілтеді» *(Әли әл-Мүттәқи, № 1896).*

«...Жақсы нәрселер айту – үндемегеннен жақсы. Жаман нәрселер айтудан үндемеген жақсы» *(Хаким, III, 343; Бәйхақи, Шуаб, 256/4993).*

Өйткені адамның харамға былғанып, күнәға түсіп кететін шақтары қашан да Раббысын ұмытқан кезінде болады. Абайсыз немесе біле тұра істелген күнәлар рухани орталық болып табылатын жүректің тат басып, кірленуіне себеп болады. Нәтижесінде жүрек ештеңе сезбейтін, жақсы нәрселерге құштар болмайтын, жаман нәрселерден жиренбейтін халге жетеді, өз ғапылдығын ақылдылық деп санайтын болады.

Абдұллаһ бин Мәсғуд ؓ былай деген екен:

«Мумин өзінің күнәсін төбесіне төніп, басына құлап кетейін деп тұрған үлкен жартастайдай көреді. Мына тау үстіме құлап кетер ме екен деп қорқып жүреді. Ал күнәһар өз күнәсін мұрнының үстінен ұшып өткен шыбын құрлы көрмейді.

Ішімдік – барлық жамандықтың анасы

Ислам өзінің әмірлері мен тый-ымдары арқылы мына бес негізді қорғауды мақсат тұтады:

Дін, ақыл, жан, нәсіл және мал.

Адам өмірінде ең маңызды орынға ие болатын осы бес негізге зиянын тигізетін әр

іс-әрекет Хақ Тағала тарапынан жария етілген.

Спирттік ішімдіктер адамның дініне, ақылына, жанына, малына және ұрпағына, яғни бәріне зиянын тигізеді. Жеке адамдарды да, қоғамды да күйретіп жіберетін күшке ие. Сол себепті оны үзілді-кесілді харам деп жариялайтын Құран аяттары былай дейді:

«**Ей, иман келтіргендер! Ішкілік/арақ-шарап, құмар,** (табынуға арналып) **тұрғызылған тас/пұттар, бал/бақ/шанс оқтары — шайтанның жиіркенішті істерінен.** (Дүниеде һәм ахіретте) **бақытқа жетеміз десеңдер, одан** (шайтани істерден) **аулақ болыңдар. Расында, шайтан арақ, құмар арқылы араларыңа тек дұшпандық пен араздық салуды және сендерді Аллаһты еске алудан, намаздан тосуды ғана қалайды. Енді** (бұлардан толығымен) **тыйылдыңдар емес пе?**» (Мәидә сүресі, 90-91-аяттар).

Бұл аяттар түскен кезде сахабалардың бірі Расулұллаһтың r бұйрығымен Мәдина көшелерін аралап:

«Хабарлаймыз, ішімдік харам деп танылды!», — деп айқайлап естіртіп шығады. Сол күні ыдыстарынан төгіліп, ағызылған ішімдіктер

Пайғамбарымыз ﷺ былай деді:

«Аллаһ ішімдікке, оны сығып шығарғанға, сығылған жеріне, ішкенге, ішкізгенге, тасығанға, сатқанға, сатып алғанға, оның табысынан ішіп-жегендерге лағынет етті!»

(Қрңз: Ахмет I, 53; II, 351; Нәсәи, әшрибә 1-2; Хаким II, 305/3101).

Мәдина көшелерінде селдей болып ағады. Қолында шарабы бар мұсылмандар бәрінің көзін жойып, будан әрі ішпейтін болды.

Содан соң Пайғамбарымыз r былай деді:

«Аллаһ ішімдікке, оны сығып шығарғанға, дайындаған жерге, ішкенге, ішкізгенге, тасығанға, сатқанға, сатып алғанға, оның табысынан ішіп-жегендерге лағынет етті!» (Ахмет I, 53; II, 351; Нәсәи, әшрибә 1-2; Хаким II, 305/3101).

Бұл оқиға Аллаһ Тағаланың әмірі мен тыйымдарына сахабалардың қандай бағынышты болғанының керемет мысалы. Бір ауыздан еш сылтау немесе уәж айтпай-ақ, дер кезінде иләһи әмірді орындауға жарысып, Аллаһтың ризалығына жүгірген болатын.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Адамды масайтатын барлық нәрсе харам. Көп ішсе масайтатын нәрсенің азы да харам» (Ибн Мәжә, әшрибә10; Нәсәи, әшрибә 24, 48).

«Ішімдік — бар жамандықтың анасы» (Ахмет V, 238).

«Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген адам ішімдік қойылған дастарханға отырмасын!» *(Термези, әдеп 43/2801).*

***«Адамды масайтатын барлық нәрсе харам. Көбі масайтатын нәрсенің азы да харам»** (Ибн Мәжә, әшрибә10; Нәсәи, әшрибә 24, 48).*

Ислам жамандыққа апаратын жолдың барлығын жауып қойған. Жамандыққа себеп болатын кішкене бір істің өзіне тыйым салады. Құмарды харам қылды дегенің, құмар құралдары мен ойындарын өндіруге тыйым салады деген сөз.

«Үмметімнің кейбірі ішімдікке басқа бір атау беріп, оны ішетін болады!» (Ахмет IV, 237).

Пайғамбардың осы ескертулерін білетін жас мұсылманның міндеті — сахабалар көрсеткен мойынсұнушылықты өздеріне мұра қылып алу. Әсіресе, Пайғамбарымыздың «...ішімдікке басқа атаулар беріп, оны ішеді» сөзіне қатты көңіл бөліп, түрлі атаулармен сатуға шығып жатқан харам ішімдіктерден аулақ тұруы керек.

Ең үлкен табыстар мен жеңістер қашан да үлкен әрі оңды қиялдар құра білген адамдардың қолынан келген.

Спирттік ішімдік немесе есірткіге тәуелді болып қалған адам дұрыс ойлау мен шешім қабылдау секілді қабілеттерін жоғалтып алады. Нәтижесінде жанұя бақытын және қоғам өміріндегі абыройын қоса жоғалтып, қылмысқа бейім адам болып шыға келеді.

Құмар

Адамның еш бейнетін тартпай, оңай жолмен ақша таба салу құмарлығының нәтижесінде пайда болған құмар ойындары — ең қатерлі харамдардың бірі. Мынаны естен шығармау керек, тізгінделмеген құмарлық, өз иесін қашан да бір пәлеге қарай сүйрейді.

Құмар деген — саз балшық іспеттес. Бұл ойында ешкім жеңбейді. Өйткені харам табыстан ешуақытта қайыр келмейді. Сырттай қарағанда ұтып шыққан сияқты болған адамдар біреудің көз жасы мен қарғысын алып, ақыретке үлкен обалды өз мойындарына арқалап кетеді.

Мынаны естен шығармау керек: Ислам қашан да харам істің орнына одан гөрі таза, адал түрін ұсынады. Сол себепті алдамшы әуестер мен қиялдар соңына түсіп, сондай кең халал шеңберінің сыртына шығып, харамдардан бірдеңе іздеудің түк қажеті жоқ.

Аллаһтың өзіне берген материалдық мүмкіншіліктерімен қайырымдылық жасаудың орнына құмарға салған адам әрі Аллаһқа қарсы бас көтерген болады, әрі өзімен қоса отбасын күйретіп, басқа да көптеген адамдардың обалына қалады.

Бүгінгі қоғамымызда құмар ойындарының етек алғаны соншалық, тіпті, заңды

Ағылшын үкіметінің ресми мәлімдемесі бойынша, спирттік ішімдіктің кесірінен болатын ұрыс, керіс, жаралану, аурухана шығындарының ағылшын экономикасына келтірген залалы жылына 20 миллиард стерлинг (яғни 30 миллиард доллар) құрап отыр.

Sean COUGHAN, The Guardian, Saturday, March 27, 2004; "Sobering thoughts about a claim".

кәсіпке айналуда. Кейбір құмар ойын түрлері көңіл көтеру және ойын-сауық кейпінде басқа орталық деп көрсетіліп, соның салдарынан халық оның күнә екенін ұмытып бара жатқандай. Алайда Расулуллаһ r құмар жайында әңгімелесудің өзін ауыр күнә санап, оған да тыйым сала отырып, былай дейді:

«...Кімде-кім жолдасына: "Кел екеуіміз құмар ойнайық!", — деп жәй ғана айтса, сол сөзіне кәффарат ретінде (құмарға тігетін мөлшерде ақшасын) пақырларға садақа қылып таратсын!» (Бұхари, әдеп 74).

Құмар ойындары бүгінде оңайластырылып, бақылаудан шығып бара жатқаны соншалық, тіпті, балаларға дейін жеткен сыңайлы. Бұл жағдай болашағымыз үшін үлкен қауіп-қатер тудыруда. Өйткені құмар ойындарына үйреніп алып, оңай жолмен ақша таба салуға әуестенген балалар өскен кезде де дәл солай еңбексіз ақша табудың жолдарын іздейтін болады. Осыған шарттанып алған жастар ересек өмірге аяқ басқанда егер саудагер болса — әп-сәтте байып кетуді, саясатта — дереу патша болуды және барлығының шыңына ең қысқа жолмен, еңбектенбей-ақ

***««Ей, иман келтіргендер! Ішкілік/арақ-шарап, құмар,** (табынуға арналып) **тұрғызылған тас/пұттар, бал/бақ/шанс оқтары — шайтанның жиіркенішті істерінен.** (Дүниеде һәм ахіретте) **бақытқа жетеміз десеңдер, одан** (шайтани істерден) **аулақ болыңдар.»** (Мәидә 90).*

жетуді ойлайтын болады. Ең жаманы табысқа жету жолының шариғатқа сай немесе қайшы болуына қарамай, күнәға тайып кетуі мүмкін. Ал мақсатына жете алмаған жағдайда үмітсіздікке түсіп, өмірге өкпелейтін болады.

Бүгінгі қоғамымыздың иман мен Ислам ахлағы саласында бастан кешіріп жатқан кері кетушілігіне қатысты ең бірінші кезектегі мәселе — құмар ойындары екені ащы болса да шындық. Өйткені ол тіпті, заңды кәсіпке айналып барады. Ол мінез-құлықты бұзумен қоймай, иманға да үлкен залал тигізетінін және қауіпті індет екенін ұмытпайық.

Мәдинадағы Нәбәуи мешіті құрылысы кезінде барлығы бір-бір кірпіштен тасып жатты. Тек Аммар бин Ясир ғана біреуі өзі үшін, екіншісі Пайғамбар үшін деп екіден тасыды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оны көрген кезінде үстіндегі шаңын қағып беріп:

«Ей, Аммар! Сен неге жолдастарың секілді бірден тасымадың?», деп сұрады. Ол:

«Аллаһтан мұның сауабын күтемін!», деді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оның арқасын қағып:

«Ей, Сүмәйияның ұлы! Басқаларға бір сауап бар, ал саған сауап екеуден!», деді.

(Ахмет III, 91; Ибн Кәсир, әл-бидәя III, 256)

УАҚЫТ НЫҒМЕТІ

Өмір — әр адамға тек бір рет қана берілетін өте бағалы және шектеулі нығмет. Соған қарамай, адам баласының ең көп алданып, бот өткізетін нығметі де осы **«уақыт»**.

Уақытты ең бағалы істерге жұмсау қажет. Өйткені бұл өмірде біздің таңдауымызға көптеген істер ұсынылған. Солардың ішіндегі ең маңыздысын кейінгі қалдырмай, бірінші кезекте іске асыру аса маңызды. Ал қалғандарын өз дәрежелеріне қарай кезекке қою — уақытты ең тиімді түрде қолданудың маңызды қағидасы болмақ.

Аллаһ Тағала Ғасыр сүресінде былай дейді:

«**Ғасырға** (уақытқа) **серт! Негізінен, адам баласы зиянда. Бірақ сондай иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты және сабырды үгіттескендер ғана бұдан тыс**» (Ғасыр сүресі, 1-3-аяттар).

Уақытқа серт етумен басталған бұл сүреде иман, ізгі амал, шындық пен сабырды үгіттеумен өтікізілмеген уақыт ысырап етілгенмен тең болып, қасіретке себеп болатындығы айтылған. Сонымен бірге, уақыт

Хазіреті Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Кез-келген қауымның мырзасы — оларға қызмет еткендер!» *(Байхақи, Шұаб I, 334; VI, 334).*

Қызмет мейірімнің көрініс тапқан түрі. Ал иманның ең үлкен жемісі саналатын мейірім қолда барды мақрұмдармен бөлісуді және олардың жоқ-жітігін түгелдеуге тырысуды талап етеді.

тұрғысында алданып жататын адамдардың көп екенін де осы сүреден аңғаруға болады.

Расулұллаһ r уақыттың бағалы екенін керемет түсіндіреді:

«Адам баласы туылған күнінен бастап, шашына ақ түсіп, қартайғанға дейін Аллаһтың разылығын табу жолында бетімен жер сүзіп жүрсе де (яғни, түрлі қиындықтарға төзіп, ғибадат пен қызмет деп шапқыласа) қиямет күні сол істегенін өте аз көреді (одан да көп істеген болсам ғой дейді)» (Ахмет, IV, 185; Байхаки, Шуаб I, 479; Һәйсәми I, 51; X, 225, 358).

Мүмин адам ұзақ өмір сүріп, ғибадатпен, қайырлы, ізгі амалдармен күн кешіп, соның жолында көп қиындыққа төзсе, ақыреті үшін өте үлкен қазына сауап жинаған болар еді. Бірақ ақыретте ақиқатты көргенде, парыз бен нәпіл ғибадаттарға беріліп жатқан сауаптар мен олар арқылы қолы жететін нығметтерді білгенде қайта оянып, әлгі істеген ғибадаттары мен ізгі амалдарын тым аз көре бастайды. Көбірек істемегені үшін өзін-өзі айыптайды. Ол туралы **Мұхаммед бин Әбу Үмәйра**ның риуаятында былай делінген:

Осыншалықты бағалы қазынамызды бос және зиянды істермен ысырап етіп өткізу ахіреттегі жағдайымызды қатерге тігеді. Сондықтан да ғапылдық пердесінен шыға алғандар үшін уақыт ештеңемен салыстыруға келмейтін дәрежеде ең бағалы қазына.

«...Сыйы мен сауабын арттыру үшін дүниеге қайтарылуды армандайды» (Ахмет IV, 185; Һәйсәми I, 51; X, 225).

Расулұллаһ r қиямет күніндегі осындай өкініштің болатынын былай хабарлайды:

«Жәннат халқы басқа нәрсеге емес, тек дүниеде Аллаһты зікір етпей өткізген сәттеріне ғана қасірет пен өкініш сезінетін болады» (Һәйсәми X, 73-74).

Исламда бос уақыт және ештеңе істемей өткізетін демалыс деген түсінік жоқ. Жұмыс істеп шаршаған адамның өзі басқа бір іспен шұғылдана отырып, демалуы керек. Аллаһ Тағала бұл жайында былай дейді:

«Бір істі тындырсаң, дереу келесі іске жармас! Осылай Раббыңа одан әрі жақында!» (Инширах сүресі, 7-8-аяттар).

Имам Ғаззали былай дейді:

«Балам! Бүгін өлдім деп ойла. Өміріңде ғапылдықпен өткізген сәттеріңе қандай өкінесің. "Шіркін ай, қайран өмірім ай!",- дейсің, бірақ амалың не!»

«Әр мұмин таң намазын оқыған соң өзіне мынаны ескертуі керек:

"Менің бар қазынам өмірім. Өмірім таусылса, қазынам да таусылады, оны қайта табуға мүмкіншілік те қалмайды. Бүгін жаңа бір күн басталып келе жатыр. Аллаһ Тағала бүгін де маған өмір сыйлады. Егер жанымды алғанында, әлбетте, бір күнге болса да бұл дүниеге қайтарылып, ізгі амалдар істеуді өтінер едім ғой! Олай болса, қазір өлдім, сосын дүниеге қайтуыма бір күн мұрсат берілді деп ойлағын! Бүгін күнәлі істердің маңына жуыма, бір сәтін де босқа өткізбе. Өйткені әр алып-шығарған тынысың — баға жетпес нығмет!».

Яғни, ғибадат пен ізгі амалдың бірін бітірсең, дереу екіншісіне кірісу керек. Өйткені бұл дүние тіршілігі бізге ақыретті еңбектеніп табуымыз үшін берілген қысқа ғана мерзімнен тұрады. Ақын бұл ақиқатты екі ауыз сөзбен қандай керемет жеткізеді.

Бір ғұмырың сағат тең,
Өткіз оны тағатпен!

Осыны ұғынатын жас мұсылман **«Ибнул-уақт»** болуы керек. Яғни, әр секундтың қадірін біліп, оны ақыретке әзірлену жолына жұмсаудың амалдарын ойлауы тиіс. Олай болмаған жағдайда уақыт текке кеткен болады. Ал уақыттың босқа жұмсалуы — ең үлкен өкінішке жеткізер жолдардың бірі.

Уақытыңды сондай керемет тиімді пайдалан. Тіпті, «Ертең өлесің!» деген хабар жетсе де, күнделікті іс-амалдарыңа ештеңе алып-қосудың қажеттілігі сезілмейтін болсын!..

Әр арайлап атқан таңында өмір күнтізбеңнің бір парақшасы ашылады. Сол өмір парағын қалай толтырамыз? Кирамән Кәтибиндер бүгінгі ақырет файлымызға нелер жазады? Мүмин, міне, осы ақиқаттар жайын қатты ойланып, жүрегімен есебін жасап, заманын ең пайдалы іспен өткізсе игі.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Бес нәрсе келмей тұрғанда бес нәсені ғанибет деп біл! Олар:

Қартаймай тұрып, жастық шағыңды;

Ауырмай тұрып, денсаулығыңды;

Пақыр болмай тұрғанда, байлығыңды;

Жұмысқа кіріспей тұрғанда, бос уақытыңды;

Өлімнен бұрын өміріңді!» (Хаким, Мүстәдрак, IV, 341; 3; 25).

Қызметжанды адам — басқаларын ойлайтын адам. Өзінің ахіретте құтылуының басқалардың құтылуы жолында қызмет пен еңбек етумен болатындығын жақсы түсінген адам. Өйткені тек өз пайдасын ойлайтын, дөрекі, менменшіл, сараң адам үлгісін Раббымыз қаламайды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, кешегі ғұламаларымыз өз уақыттарын тиімді пайдалана білгеніне көз жеткізе аламыз. Олар Құран және намаз оқумен, зікір етумен, ілім үйретумен және ілімдерін арттырумен айналысып, көптеген баға жетпес, пайдалы еңбектер қалдырып кеткен.

Уақытты қалай болса солай өткізіп, өмірін текке өткізгендердің ақыреттегі бишара халін баяндайтын мына аят қандай ғибратты:

«**Олар тозақта: "Бізді тозақтан шығар! Істеген амалдарымыздан басқа жақсы амалдар істейік!",— деп шыңғырады. "Сендерге үгіт алғысы келген кісі үгіт алатындай өмір бермедік пе? Әрі сендерге ескертуші де келген еді. Енді азапты татыңдар! Залымдардың еш көмекшісі жоқ!"**» (Фатыр сүресі, 37-аят).

Хақ досы **Рабиғ бин Һәйсәм**нің мына халі уақытты ең пайдалы түрде өткізу тұрғысында өзін есепке тартып отырудың жақсы мысалы:

Рабиғ бин Хайсем өз бақшасына қабір қазып қойған екен. Жүрегі қатайып бара жатқанын сезген уақытында сол қабірге кіріп, соның ішінде біраз жатады. Кейде дүниемен қош айтысып, мазарға кіретінін және сол кезде бір истиғфар мен садақаға зар болатынын тәфәккур етіп, ақыретін ойлап, өзін-өзі есепке тартады екен. Сосын:

«**Ақыры олардың біріне өлім келіп жеткен кезде: «Раббым! Мені кері қайтар, босқа өткізген дүние тіршілігімде ізгі амалдар істейін!»,— дейді**..» (Мүминун сүресі, 99-100-аят) аятын оқып, мазардан шыққаннан кейін өзі-өзіне:

«Ей, Рабиғ! Қара, бүгін кері қайтарылдың. Бұл талабың қабылданбайтын, дүниеге кері қайтарылмайтын уақытың да келеді. Қазірден қамданып, ізгі амалдарыңды Аллаһ жолындағы талпынысыңды және ақыретке әзірлігіңді арттыр!», — дейді екен.

Бүкіл фәни нығметтері бір адамның қолына берілсе және сол байлық пен рахат өмірмен мың жыл жасаса не пайда?! Соңында барып

Күннің айналасын жылытпауы қалай мүмкін емес болса, рухының шоқтығы биік адамдардың да жанашыр болмауы, қызметтен қашуы, азап пен зұлымдық көргендерге аяусыз болуы және айналасына жақсылық таратып тұрмауы да солай мүмкін емес.

кіретін жері біз басып жүрген мына қара топырақтың асты емес пе? Адам баласы ғибрат алмай ма, әр фәни тіршілік иесінің жастығы солып, жаңасы ескірмей ме?!

Расулұллаһ r бір күні:

«*Өлген соң өкінбейтін ешкім болмайды*»,— деді. Сахабалары:

Мұхаммед Иқбал қызмет жолындағы жанкештілік пен пида ету туралы мынадай мысал айтады:

«Бір киік басқа бір киікке дертін ашады:

«Бұдан кейін Қағбада (*аң аулауға тыйым салынатын*) Харамның айналасында өмір сүремін. Сол жерде қонып, сол жақты жайыламын. Өйткені жазықта аңшылар тұзақ құрып, күндіз-түні біздің ізімізде жүр. Ендігәрі аңшы мәселесінен аулақ болғым келеді. Көңілім біраз тыныш тапсын!...».

Мұны тыңдап болған екінші киік оған былай деп жауап береді:

«Ей, ақылды достым! Жасағың келсе, қауіп-қатер ішінде жаса. Өзіңді үнемі қайрап, жауһары таза қылыштан да өткір болып жаса! Қауіп-қатер құдіретті сынақтан өткізеді. Тән мен жанның неге күші жететіндігін бізге сол үйретеді».

«Ол нендей нәрсеге өкінеді, о, Аллаһ Расулы!», — деп сұрады.

Сонда Пайғамбарымыз ﷺ:

«Өлген адам жақсы мұсылман болса, амалдарын тағы да арттыра түспегеніне, ал жаман адам болса, сол жамандығынан бас тартпағанына өкінеді», — деді (Термези, Зуһд 59).

Барлық нығметтер секілді уақыт ысырабының да басты себебі өлім атты ақиқатты тиісінше түсіне алмаудан туындайды. Өйткені нәпсінің бойында жаратылысынан бері фәниликті мойындамау қасиеті бар. Сол себепті адам баласы өзін қашан да өлімнен алыс көреді.

Расулұллаһ ﷺ Хазіреті Ибраһимге түсірілген он парақтан мыналарды жеткізген:

«Ақылды жанның әр минуты есеппен өтуі керек:

— Уақытының бір бөлігін Раббысына дұға мен мінәжатқа;

— Бір бөлігін Ұлы Аллаһтың Шеберлігі мен Құдіретін тәфәккур етуге;

— Бір бөлігін өмірінде жасағандарын есепке алуға және келешекте істейтіндерін жоспарлауға;

Расулұллаһ ﷺ былай дейді: Бұл дүние мен ондағы нәрселердің бәрі түкке тұрғысыз. Тек Аллаһты зікір ету мен Оған жақындататын нәрселер және ілім үйрететін ғалым мен үйренгісі келетін талапкерлер бұдан тыс».

(Термези, Зуһд, 14)



— Бір бөлігін адал жолмен күн көріске мал табуға арнауы керек» (Әбу Нуғайым, хилия, I, 167; Ибн Әсир, әл-кәмил I, 124) .

Уақыт Аллаһтың қойған заңдылығы бойынша ағып кете барады. Бұл дүниеде көп нәрсені сатып алу немесе қайтарып алу мүмкін. Өткен уақыт та солай. Ол қайтып келмейді, сатылмайды, қарызға берілмейді, уақытша алынбайды...

«Моладағылар өкініп жатқан нәрселерге жер бетіндегілер таласып бір-бірін жеп жатыр!»

Мазар тастарының тілін түсіну — жүректің ең керемет өнері..

Сол үшін де әр мезетімізді дұрыс пайдалануымыз керек. Өйткені уақыт ешкімді, ешқашан күтіп тұрмайды. Өткен уақыт ендігәрі қайта айналып келмейді. Ол болашақ сырлар мен белгісіздіктерге толы. Тек қана қазіргі тыныс алып тұрған сәті ғана адам баласының мүмкіншілігі. Сол мүмкіншілік бар кезде уақытты Аллаһ разы болатындай етіп пайдалану ең ақылды іс.

Бүгін кішкентай көзге көрінер көрінбес алтын сынығын ешкім қоқысқа тастамайтыны мәлім. Бірақ миллиондаған алтын беріп сатып алуға болмайтын уақыт ысырабына көп адам мән бермейтіні қандай өкінішті.

Хасан Басри Хазірет былай дейді:

«Көпті көрдім, сендер сияқты ақша мен малдың соңынан жүргендерді де, уақыттың артынан қуатын адамдарды да көрдім».

«Ей, адам баласы! Сен күндерден, яғни, уақыттан тұрасың. Бір күнің өткенде сенің бір бөлігің сынып түскендей болады»[52].

Имам Шафии былай дейді:

«Суфилермен жолдас болып көрдім және олардан екі маңызды қағидат үйрендім:

1) Уақыт қылыш секілді, сен оны бөлшектемесең, ол сені бөлшектейді;

2) Нәпсіңді Хаққа қарата алсаң, жарадың, әйтпесе ол сені жалғанға қаратады».

Кей аяттар мен хадистерде бір уақыттың басқа уақытқа қарағанда артықшылығы бар екені айтылады. Осы арқылы адамдар өмір атты қазыналарын ең тиімді жолмен қолдануға және уақыт тұрғысында көкірегіне көп нәрсені түюіне шақырылады.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жалғыздық жаман достан қайырлы, салиқалы дос жалғыздықтан жақсы...»

(Хаким, III, 343; Байхаки, Шуаб 256/4993)

52. Әбу Ғудда, уақыттың бағасы, 26-27б., Стамбул 2006

Жақсы адамдарды сүйіп, жаман адамдардан жирену адамды рухани өрлетеді. Бұған керісінше, сүюге лайықты емес адамдарды сүйіп, түзу адамдарды ұнатпау адамды бетбақтыққа апарады. Сол себепті адам кімдерге махаббат сезініп, кімдерді жек көргендігіне барынша абай болуы керек.

Имам Хасан бин Рушәйк былай дейді:

«Тәфәккур дариясының құлпыларын ашу үшін таңсәріде ұйқыдан тұрып, іске кірісуден асқан жақсы кілт жоқ. Өйткені адам сол уақытта сыртқы қатынастардан дүниенің уайымдары мен құмарлықтарынан алыс болады. Раббысымен бірге болуға дайын, денесі тың, ақыл ойын, есін жинап, жаңарып, тыныққан болады. Сондықтан да ауасы кең, самал желдер жағымды есетін, күндіз бен түннің арасындағы ең ыңғайлы уақыт — таңсәрі мезгілі. Өйткені таңсәріде жарық нұр қараңғының үстін басып келе жатады. Ал ақшам уақыты мұның керісінше бейнесі, қараңғылық жарықтың үстін басып келе жатады» (Әбу Ғудда, уақыттың бағасы, 86 б.).

Кейбір айлар мен кейбір күндер тіпті, кей сағаттар басқа уақыттарға қарағанда ерекше болады. Аз уақытта көбірек пайда тауып, өмірді табысты қылу үшін сол күнды уақыттардың мүмкіншіліктерін де пайдалану керек. Үш айлар әсіресе, Рамазан айы өзге айларға қарағанда өзгешелеу. Шәууәл айының алғашқы алты күні, Зилхиджжаның алғашқы он

күні, Мұхаррам айы мен ашура күні, қамари айлардың 13-14-15 күндері, дүйсенбі мен бейсенбі күні, әрине, Жұма күні және таңсәрі мезгілдері..

Хақ Тағала заман тұрғысында үнемі ояу жүруіміз үшін өте құнды мезгілдердің кейбірін жасырып қойған. Мың айдан да қадірлі Қадір түні, жұма күні және әр түнде дұғалардың қабыл болатын бір сағаты сол мақсатпен жасырылған бағалы мезгілдер.

Бұл дүниеде көп нәрсені сатып алу немесе қайтарып алу мүм-кін. Бірақ өткен уақытты емес. Өткен уақыт қайтып келмейді, сатып алына алмайды, қарызға берілмейді, қарызға алынбайды..

Ислам үйреткен уақыт тиянақтылығы

Германияға тіл үйренуге барған бір кісі әңгімелейді:

«Неміс тілінен сабақ беретін мұғалім уақыт мәселесіне келгенде өте тиянақты болатын, ешкімге жеңіл қарамайтын. Кімнің қанша минут кеш келгенін белгілеп отырып, дәрістен соң, оларды сонша минут оқытып жіберетін. Әрине, оның бұл ісі бізге онша ұнай қоймайтын.

Бір күні он сегіз минут сыныпта қалып дәріс оқу жазасын алған бір жолдасымыз ұстазға қарсы шығып, ашуланды. Ұстаз оған былай деді:

«Жолдастар! Сендер уақытты дұрыс пайдаланбайсыңдар. Онымен коймай маған ренжисіңдер. Бірақ мен дұрыс істеп жатқаныма сенемін».

Сосын сөмкесінен пойыз кестесін шығарды.

«Өтінемін, мынаған назар аударыңдар!», — деді.

Пойыздардың қозғалу мен жету уақыттары 7:17, 11:43, 15:19, 19:33 секілді қысыр сандар болатын. Бұл уақыттардың неге бұлай жарым-жарты қылып белгіленгенін сұрап едік, ұстаз былай деді:

«Пойыздың жүру кестесі Исламның уақыт түсінігіне байланысты түзілген. Біз уақытты пайдалануды мұсылмандардан үйренгенбіз. Сендердің құлшылықтарыңда орын онша маңызды емес. Таза болса, болғаны. Дүниенің кез келген бұрышында құлшылық жасауға болады. Бірақ уақыт өте маңызды. Өйткені әр ғибадаттың өзіне арналған белгілі уақыты бар. Тіпті, уақыт

Ақылды әйелмен үйленген адам көп нәрсеге қол жеткізгені. Ақылды әйел баға жетпес қазынадай. Оған иелік еткен адам оған мейірімді болсын және нәзік қарым-қатынаста болсын, оны қадір тұтсын....

Ақылды әйел деп отырғанымыз Аллаһты және Пайғамбарды лайықты түрде таныған әрі өз құлшылық міндеттерін тиянақты атқаратын, жұбайына құрмет көрсету керектігін білетін және оның шариғатқа сай әр талабын орындайтын әйел» (Мұса Әфенді рахматуллаһи аләйһи).

ғибадаттың шарты болып саналады. Яғни, уақытсыз, бейуақта ғибадат етсеңіз, ол қабыл болмайды. Ғибадаттардың уақыты да пойыздың кестесі секілді ылғи 18:17, 13:10 сияқты қысыр санды болып келеді.

Адам баласы өзінің бүкіл қолындағы дүниесін бодау қылып берсе, ажал келісім-шартының мерзімін бір секундқа да ұзарта алмайды, оны кері жылжыта да алмайды.

Оның үстіне бұл сағаттар үнемі ауысып отырады. Бүгін таң намазын 6:21-ге дейін оқуыңызға болады. Бірақ ертең 6:22-ге дейін оқуыңызға болады. 23 минут өткенде оқи алмайсыз. Тек намаз ғана бұлай емес. Оразаның басталу мен біту сағаттары да осы секілді.

Ал енді бұл неге осылай? Мұның қандай пайдасы бар? Осының арқасында мұсылман күн сайын ауысып отырған уақытқа көңілі ояу болып жүреді. Осы арқылы заманның қадірін біліп, оны тиімді етіп пайдалануға әзірленеді. Ғибадаттарын үнемі тәртібімен орындап жүрген әр мұсылман күнделікті ауысып отыратын уақытпен бірге жүріп, өмір

Үйленетін жас жұбайлар арасында теңдік пен үйлесімділік өте маңызды мәселе.

Хазіреті Мәулана айтқандай: «Аяқ киімнің біреуі тар болса, екеуі де іске жарамайды».

сүруге мәжбүр. Міне, біздің уақытқа деген көзқарасымыздың қайнар көзі — Исламның осындай сезімталдығынан бастау алған».

Олай болса, уақытты барынша тиімді қылу үшін, ең алдымен, **«ерік-жігер»** қуатын ең жақсы түрде қолдана білу керек. Өйткені адамның бойындағы ерік-жігер — өзге рухани қуаттардан жоғары болады. Ерік-жігер қуатының әрекетке көшуі үшін өз білгендерін амалға асыратындай тірі «иман» керек.

Хақ Тағала заман тұрғысында үнемі ояу жүруіміз үшін өте құнды мезгілдердің кейбірін жасырып қойған. Мың айдан да қадірлі Қадір түні, Жұма күні және әр түнде дұғалардың қабыл болатын бір сағаты сол мақсатпен жасырылған бағалы мезгілдер.

Сонымен қатар уақыттың ең лайықты түрде пайдаға асуы көңілдерге себілген күшті **мағрифатұллаһ** пен **жауапкершілік сезімі**не байланысты.

ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕЗІМІ

Адам баласы — жаратылғандардың арасындағы ең абыройлысы және жаһанның көз қарашығы. Хақ Тағала адам баласына өзге мақлұқаттарына бермеген сансыз нығметтер мен қабілеттер тарту еткен. Осының сұрауы ретінде Аллаһ Тағала ғаламды және оның ішіндегілерді адамға аманат етіп, оларды билеп, басқаруға жауапты қылып қойған.

Адам байлық, ұрпақ, денсаулық, мансап, абырой секілді өзіне аманатқа тапсырылған нығметтерді терең сезініп, оған шүкіршілік етуге аянбауы қажет. Бұл тек Аллаһ разылығына сай пайдалану арқылы мүмкін болады.

Хақ Тағала дүние сынағының шарты ретінде әр құлына өзіндік ерекше өмір қағидаларында тіршілік етуді жазып қойған. Бүкіл адамдарға бірдей кәсіптік қабілет, рухани әрі материалдық ерекшеліктер берілсе, тепетеңдік болмас еді. Сол үшін де адамдар бірі-бірін ысқылап жуатын екі қолдай болып, бір-біріне мұқтаж жаратылған.

Бұл жағдай мүминдерге иман мен ұждан жауапкершілігін артады. Аллаһ Тағала адамдардың арасынан әлсіз және мақрұм құлдарының тағдырына разы болып, бастарына түскен қиындықтарға сабыр етіп, оның сауабына қол жеткізулерін қалаған. Күшті, бақуатты және қабілетті құлдарына менменсінбей шүкіршілік етіп, мұқтаж бауырларына жәрдем етуін бұйырады.

Физика бостықты қабылдамайтыны секілді көңілдер де бостықты қабылдамайды. Имам Шәфии айтқандай «Сен нәпсіңді хақпен айналыстырмасаң жалған сенімен айналысады».

Өткен уақытты қайтарып әкелу мүмкін емес. Сондықтан да салиқалы амалдар жасаудың күні бүгінгі осы күнің. Бойымыздағы аманаттың бәрін Шын Иесіне табыстаудың күні бүгінгі осы күнің. Сол үшін ғой «Ертең істеймін!» дейтіндер құрыды.

Жас мұсылман өзіне ұдайы мына сұрақты қойып отыруы керек емес пе? *«Менің дені-қарным сау, он екі мүшем түгел, бірақ ана пәленше неге мүгедек, неге ауырады? Менің жағдайым бар, ал пәленше неге пақыр болды екен?»*.

Алайда бұл сұрақтардың жауабы негізінде алдын-ала мәлім:

«Аллаһ Тағала оны саған аманат етті және сені оған жауапты қылды. Олай болса, қолыңдағы мүмкіншілік-терді мақрұм жандармен бөлісуге мәж-бүрсің!..».

Пайғамбарымыз r: *«Мүмин бауыры-ның дертіне қам жемеген адам бізден емес»*, — ескертеді (Хаким, IV, 351; Һәйсәми I, 87).



Пайғамбарымыз r, сон-дай-ақ мүминдердің бір-біріне жауапты екенін де ескерткен. Оның айтуынша, мүминдер бір дуалдың кірпішіндей бір-біріне байланысып тұрулары керек. Немесе бір дененің ағзалары секілді бірінің сезін-генін, екіншісі түйсінуі тиіс. Көршісі аш болып, өзі тоқ жату Ислам ахлағына сай еместігін, бүкіл мүминдер

бір-біріне аманат екенін айтқан.

Аллаһ Тағала өз құлына қаншалықты мол мүмкіншіліктер беретін болса, оған соншалықты мол жауапкершілік артады. Аятта айтылғандай:

«**Аллаһ ешкімге шамасы жетпейтін істі жүктемейді...**»(Бақара сүресі, 286-аят).

Бұл аяттың мағынасына көз жүгіртетін болсақ, құл күші жететін нәрселерді орындамаса, оған жауапты болады деген сөз.

Осы жерде мүминдерге өте маңызды бір мәселе сұрақ болып туындайды. Мысалы, малымыздың зекетін берер кезде оның мөлшері белгілі. Бірақ қолымыздағы өзге нығметтерде мұның есебі белгіленбеген. Яғни, жауапкершілігімізді толық орындағанымызды, я болмаса орындай алмағанымызды өлшей алмаймыз. Сондықтан оқыған намазымыз бен жасаған қайырымдылықтарымызға сеніп отыра алмаймыз. Өйткені біздің мойнымыздағы жауапкершілік одан да кең болуы мүмкін. Ал біздің жасаған азғантай амалдарымыз оның ішінде көрінбей қалуы ықтимал.

Ардақты сахаба **Абдұллаһ бин Үмму Мәктум** t зағип болғандықтан жорықтан

Жетімханалардағы ешкімі жоқтардан, көше қаңғып кеткен балалардан және есірткіге байланып қалған жастарға жауаптымыз. Әлі буыны толық қатпаған қаншама бүлдіршін деуге болатын жастарымыз көз алдымызда қоғам қоқысындай шетке итеріліп тасталуда.

босатылған болатын. Бірақ ол қарап отырмай: «Мен ең болмаса, байрақты көтеріп жүрейін!», — деп Кадисия соғысына қатысты.

Өйткені ол қаншалықты көп нәрсе пида етсең, сауабы соншалықты еселеп артатытын жақсы түсінетін. Олай болса, кейбір нәрседен мақрұм болсақ та, «Не істей аламын, осындаймын» деп отыра бермей, жолымыздағы кедергі асулардан асып өтіп, жауапкершілік жүгін сезіне білуіміз керек.

Жетімханалардағы ешкімі жоқтарға, көше қаңғып кеткен балаларға және есірткіге байланып қалған жастарға жауаптымыз. Әлі буыны толық қатпаған қаншама

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ Әслем тайпасынан оқ ату жарысын ұйымдастырып жатқан екі топтың қасына барып оларға:

«Ей, Исмаил ұлдары! Оқ атыңдар! Сөзсіз, сендердің аталарың мерген болатын. Мен де жарысқа мына топпен бірге қатысқым келеді», деп бір топты таңдап қосылады. Алланың Елшісінің бұл сөздерін естіген екінші топтағылар оқ атудан қолдарын тартып алды. Расулуллаһ ﷺ:

«Сендер неге атпай қойдыңдар!», деді. Олар:

«Уа, Расулаллаһ! Сіз қарсы топтың арасында тұрғанда біз ол жаққа қарай қалай оқ атайық?», десті. Сонда Расулуллаһ ﷺ:

«Кәне, атыңдар! Мен сендердің бәріңмен біргемін!», деді. (Бұхари, әнбиә 12)

бүлдіршіндер мен жастар көз алдымызда қоғам қоқысындай шетке ығыстырылып тасталуда. У түтінмен өкпелерін өртеп, ми қыртыстары мен жүректерін тоздыруда. Халыққа дұшпан болып, түрлі мафияның қолында қолшоқпар болуда. Оларға дін, ахлақ және Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін бере алмағанымыз үшін өз ұжданымызды қаншалықты жауапты сезіне алдық?

Имам Ағзамның көршілері арасында бір жігіт бар болатын. Ол жігіт таңның атысы, кештің батысы арақ ішіп, кешкісін тыныш тұра алмай, айқайға басып, елдің бәрін балағаттап шығатын еді.

Түндердің бір түнінде жігіттің айқайы естілмей қалады. Имам Ағзам бірдеңеге ұрынып қалмады ма екен деп сұрастырып көріп еді, жолдастары оның ішіп алып төбелесіп, абақтыға қамалғанын айтады. Әбу Ханифаның бұған көңілі түсіп кетті. Түрмеге барып, оны жібере салуларын өтінді. Бірақ түрме қызметкерлері жайдан-жай жібермейтінін айтты. Ақыры заң бойынша кепілдік беріп, шығарып алады.

Жағдайды түсінген жас жігіт дереу Имам Ағзамның алдына барып, жылап тұрып

Аллаһ Расулы ﷺ бізге, үмметіне мына даналыққа толы насихатын айтқан:

«... Сендерге бес қасиетті өсиет етемін. Аллаһ олар арқылы сендердің жақсылық қасиеттеріңді кемеліне жеткізсін:

— Жей алмайтын нәрселеріңді жинамаңдар,

— Ішінде тұра алмайтын ғимараттар тұрғызбаңдар,

— Ертең тастап кететін нәрселерің үшін басқалармен дауласпаңдар,

— Оған қауышып, құзырына жиналатын Аллаһтан қорқыңдар,

— Баратын және онда мәңгі қалатын жер үшін дайындық жасаңдар»

(Әли әл-Мұттақи, Кәнзул-Үммәл, № 1363).

Ақтық демін тапсырарда алданып қалғанын аңғарып, дүниені кінәлау пайда бермейді. Адам дүние нығметтерінің артынан қуып жүріп, иман мен ізгілік өміріне кірмегені үшін тек өзіне ғана зиян еткені. Бітпес қалаулар, өткінші әуестер мен фәни ләззаттар үшін шексіз болашақты құртып алу нендей өкінішті.

өкінішін білдірді. Бұдан былай ішімдікке жоламайтынын айтып, тәубе етті. «Осы күннен бастап, саған жақсы көрші және шәкіртің боламын!», — деді. Имам шапқат толы жанарымен қарап тұрып:

«Ай, жігітім! Негізінде кінәлі болған біз-біз, сені өзімізге қаратуға күш-қайрат жұмсамаған екенбіз. Сен бізді кешір!», — деді.

ПАРАСАТТЫ БОЛУ

Пайғамбарлар ақылымен, зейінімен, парасаттылығымен және басқа да қасиеттерімен өзге адамдардан оқ бойы озық жандар. Олардың есте сақтау қасиеті күшті, түсінігі терең, ойлау және көндіру қабілеті жоғары болады. Бұларды бір сөзбен **«фәтәнәт»** деп атайды.

Пайғамбарлардың осы сипатынан мұсылмандар да өз үлесін алып, «көкірегі ашық, көзі ояу», парасатты адам болуы тиіс.

Хазіреті Пайғамбар r :

«Мүминнің парасатынан сақтаныңдар! Өйткені ол көз салғанда

Аллаһтың нұрымен қарайды», — деп айтқан (Термези, тәфсир 15/3127).

Пайғамбарлық қасиеттердің бірі — парасат — өте нәзік зейін қабілетін қолдана отырып, адамдардың ақыл дәрежесіне қарай сөйлей білу. Өйткені біреуді қуантатын бір сөз, басқаны ренжітуі де мүмкін.

Парасатты мұсылман кімге, нені, қашан және қалай айту керектігін, қандай жолмен мәміле жасайтынын жақсы біледі.

Сүлеймен u балалық шағынан бастап түсінігі терең, көреген болып өскен кісі. Расулұллаһ r ол туралы былай деген:

«...Сонау ерте заманда балалы екі әйел бірге жол жүреді. Жолда қасқыр жасы үлкен әйелдің баласын алып қашып кетеді. Ол дереу кіші әйелдің баласын иемденбек болып:

«Қасқыр сенің балаңды алып кетті», — деп айта салады.

Екінші әйел:

Малымыздың зекетін берер кезде оның мөлшері белгілі. Бірақ қолымыздағы өзге нығметтерде мұның есебі белгіленбеген. Жауапкершілігімізді толық орындап, орындамағынымызды өлшей алмаймыз. Сондықтан оқыған намазымыз бен жасаған қайырымдылықтарымызға сеніп отыра алмаймыз. Өйткені біздің мойнымыздағы жауапкершілік одан да кең болуы мүмкін. Ал біздің жасаған азғантай амалымыз оның ішінде еріп жоқ болып кетуі де мүмкін.

«Жоқ, ол сенің балаңды алып кетіпті!», — деп мұнысына көне қоймайды.

Ақыры бұл екі әйел араларына үкім берсін деп, Хазіреті Дәуіттің алдына келеді. Хазіреті Дәуіт баланың жасы үлкен әйелдікі екеніне үкім шығарады. Екі әйел ол жерден шығып Хазіреті Дәуіттің ұлы Хазіреті Сүлейменге келіп жүгініп, әкесінің берген үкімін айтады. Сүлеймен u *сонда:*

«Маған пышақ әкеліңдерші! Баланы мына екі әйелге қақ бөліп берейін!», — деді. Кіші әйел сол жерде шырылдап:

«Айналып кетейін, өйтпей-ақ қой! Аллаһ саған рақымын төксін! Баланы мына әйелге бере сал!», — деп жалбарынады.

Сонда Сүлеймен u *баланың кіші әйелдікі екеніне көзі жетіп, солай үкім шығарады»* (Бұхари, әнбия 40).

Парасат тұрғысында тағы бір керемет мысал:

Йылдырым Баязидті Анкарада жеңіліске ұшыратқан Ақсақ Темір Осман империясына

Пайғамбарлардың осы сипатынан мұсылмандар да өз үлесін алып, көкірегі ашық, көзі ояу парасатты адам болуы тиіс.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Мүминнің парасытынан сақтаныңдар! Өйткені ол қарағанда Аллаһтың нұрымен қарайды», деп айтқан *(Термези, тәфсир 15/3127).*

салық салып қойған болатын. Бірнеше жылдан соң, Илхандықтар өздерін Темірдің мұрагері деп жариялап, салық жинамақшы болады. II Мұрат Сұлтанның уақыты болатын, әбден күш жинап, аяғынан тік тұрып кеткен Османлы мемлекетінің қолбасшылары Сұлтанға:

«Төрем! Бұларға неменеге әлі күнге дейін салық төлейміз? Енді жетер, бұлардың көзін құртайық басымыздан аулақ!..», — десті.

Сұлтан II Мұрат хан бұл талапқа мынадай ғибраты мол жауап қайырды:

«Олар біздің өркендеуімізден және қазіргі құдіретімізден бейхабар. Егер біз қазір сұраған салықтарын оларға бермесек, қайдан болса да әскер жинап келеді. Иә, олар жеңіледі, бірақ мұсылман қаны ағады-ау деп алаңдаймын. Сондықтан сендер оларға сұраған ақшаларын қазірше бере тұрыңдар. Өйткені ақша үшін мұсылман қаны аққанын қаламаймын!

Бірақ Илханның елшілеріне әскеріміздің мықтылығын көрсетіп, қолымыздағы күш-қуатымызды байқатыңдар. Олар біздің мықтылығымызды аңғарып,

Шах әл-Кирмани былай дейді:

«Кім көзін харамнан сақтап, нәпсісін шәһуаттан аулақ ұстап, сүннет ізіне еріп, адал аспен қоректенетін болса, оның парасаты ешуақытта қателеспейді!».

(Құшәйри, рисәле, Әбу Осман әл-Жәбри бөлімі)

өздерінен әлдеқайда қуатты мемлекеттен салық жинау батылдығы қалмасын!..».

Шынында да, мұның нәтижесі Сұлтан ІІ Мұрат айтқандай болып шығады. Олай болса, парасат пен көрегенділік мұмин үшін ауадай қажет қарулар.

ТӘФӘККУРГЕ ТЕРЕҢ БОЙЛАУ

Тәфәккурде тереңдеудің алғашқы қадамы айналаға ғибрат назарымен қараудан басталады. Өйткені Құран Кәрімде Аллаһтың нығметтері аталып, адамдарға сан рет: «**Ей, көзі мен ақылы бар жан!..**»[53] деп үндеу тастау арқылы ғаламға ғибрат көзімен қарауымыз бұйырылады.

Соған ұқсас көптеген аяттарда «**Ойланбайсыңдар ма? Ақыл жүгіртпейсіңдер ме? Олар ұғынбай ма?**»[54] деліне отырып, адам

Хазіреті Әбу Бәкір былай дейді:

«Не айтқаныңды, қай уақытта айтқаныңды және кімге айтқаныңды жақсы ойлан!».

53. Қрңз: Әлу Имран 13; Нұр 44; Хашр 2
54. Қрңз: Әнъам 50; Бақара 219, 266; Мұхаммед 24; Ниса 82; Ясин 68.

баласын ғаламға тек назар салып қана қоймай, көреген көзбен, парасаттылықпен қарауға шақырады.

Адам баласы шапақ уақытында басын көкке көтеріп, күнге бір көз салып, көк аспанның жиегінде түрлі-түсті реңге боялып жайнаған көрініске зер салуы керек. Шебер суретшінің салған суретін көріп таңданып жатамыз. Алайда ғаламның шебер ұстасы — Аллаһ Тағаланың әр сәт сайын өзін-өзі жаңартып отыратын табиғат атты керемет суретіне қалай таңданбаймыз?

Түрлі-түсті раушан мен қызғалдақ гүлдеріне көзіңізді бір салыңызшы, олар сол керемет реңдерін топырақтың қай жерінен алды екен? Ал қызыл қалампыр гүл ше? Күншуақ астында күлімдеп шешек атқан өзге де көк, жасыл, күлгін түсті гүлдер мен шешектер ше? Тіпті, санап тауыса алмайтын әсемдіктер. Терең сезімталдығы бар жүрекке айналаның барлығы таңқалдырар кереметтер көрмесіндей. Гүл-шешектердің күлімсіреген реңі, ара мен көбелектердің шыр айналып билегені, жынды көбелектің күйіп-пісуі, бұлбұлдың әсем әніне көз салып, құлақ

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Еш ойланбайсыңдар ма? Ақыл жүгіртпей ме? Түсінбей ме? Миларына қонбай ма?» сияқты сұрақтармен мүмин құлдарын жиі ескертеді.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Раббым маған үнсіздік күйімнің тәфәккур болуын әмір етті (мен де сендерге соны өсиет етемін)»

Ибраһим Жанан, Хадис энциклопедиясы XVI, 252, хадис нөм: 5838.

түріп, әрі өзімізге бұрылып бір қарауымыз керек. Осының барлығы әсемдіктің ең әуелгі бастауы болған Жаратушымыздың теңдесі жоқ жамалынан мақлұқаттарына шағылысқан әдемі сынықтары ғана.

Айналасына күн шуағын шаша атқан таң да өзінің сәулелерімен жаңа күннің сәлемін әкеліп, кекілімізден сипай:

«Оянбайсың ба?!» — деп, бізді ойлануға шақыратындай.

«Қарашы, саған бүгінгі таңда өмір дәптерінің жаңа бір беті сыйға тартылды. Қияметте алдыңа айқара ашылып қойылатын осы парақтарды бүгін немен толтырасың? **"Оқы Кітабыңды! Бүгін сенен есеп алушы ретінде өз нәпсің жеткілікті болады!"**[55] деп айтылатын сол үрейлі күнге бүгін не дайындамақсың?»

Кеш батып, көк жүзі алдымен қызыл бояуға, сосын толқынды бұйра-бұйра қара түске боялғанда, түн келіп өзінің тілсіз тілімен адамға былай дейтіндей:

55. Исра, 14

«Бір күнің тағы өтті. Өлімге тағы бір адым жақындай түстің. Енді қаншама жерден ах ұрып күрсінсең де, өткен күнді қайтара алмайсың. Қазір сен өлімнің кіші бауыры ұйқының қолына өзіңді табыстамақсың. Не істеуің керек еді, ал сен не істедің? Бүгін жасағандарың мен жасай алмағандарыңды алдыңа қойып ойлан!.. Бәлкім, арайлап атқан таңның күншуағын енді көре алмайтын шығарсың!».

Ғаламға осындай тәфәккур сезімталдығымен жақындай білген жандар бұл дүниенің өткінші сынақ мекені ғана екенін, мәңгі тұрақтайтын панамыз еместігін және жалған дүниенің опасыз болатынын аңғарып, нәтижеде жалғыз шынайы дос — Аллаһты іздеп табады.

Аллаһ Тағала былай дейді:

«Раббың бал арасына уахи етіп "Тауларға ағаштарға және адамдардың** (арнайы жасаған)* ***тұрақтарына ұяла! Одан соң мәуелердің әрбіреуінен же және Раббыңның саған қолайлы қылған жайылым жолына түс!" — деді. Оның қарнынан адамдарға шипа болатын түрлі-түсті ішімдік** (бал)* ***шығады. Шынында, ой жүгірте алатын қауым үшін мұнда да ғибрат бар» *(Нахл, 69).*

Аллаһ Расулы ﷺ былай деген:

«Мүмин бал арасына ұқсайды. Таза ас жейді, таза зат өндіреді, таза жерге қонады, қонған жерін сындырмайды, ренжітпейді» *(Ахмед, II, Хаким, I, 147).*

Мынаны ойлау керек: өмір деген нығметтің мәні мен хикметі неде? Бұл дүние неліктен адам баласының өміріне берілді? Екі ғана есігі бар бұл жаһанға қайдан кіріп, қайда сапар шегіп барамыз? Қияметтің қорқынышқа толы күнінде паналайтын қорғанышымыз не болмақ?!

Иләһи хикмет пен ғибраттардың көрмесіндей болған бұл әлемде тәфәккурден алыс жүрек қандай аянышты халде десеңізші! Гүлдердің, ағаштардың, құстардың хал тілінен ғапыл болу, теңіздерде, тауларда, көктерде паш етіліп жатқан қаншама құдірет нақыштарының тілін ұғынбау жүрек көзінің, көкірек көзінің соқырлығынан болады.

Хазіреті Мәуләнә осы орайда тәфәккур мен хикмет есіктерін айқара ашып, көздер мен көңілдерді жақсылап жұмыс істетуге шақырады:

«Сен диірмен тасының қозғалғанын көреді екенсің. Абайлап қарап, үңіліп, оны айналдырып тұрған ағын суды да көрсең етті! Топырақтың, тозаңның ауада қалқып жүргенін көрдің. Оларды ауаға көтерген желді көр! Пікір шөлмегінің қайнап жатқанын көресің. Оны қайнатқан отқа да көреген көзбен қара! Мынау зәулім үйлер менен сарайларды салған усталардың бар болуы, әлде жоқ болуы ақылға сия ма?! Мынау көріп тұрған жазуыңды жазған жазушы бар екенін мойындау дұрыс па, әлде дуалдарды

безендірген және кітап беттерін толтырып тұрған жазулардың жазушысы жоқ па, ей, шырағым?!

Ей, адам! Бұл әлемде өздігінен пайда болған бірде-бір нәрсе көрсете аласың ба? Өзінен-өзі шымданып, гүлденіп, топырақ астынан өсіп шыққан өсімдікті топырағынан ажыратып көрші, өздігінен өсіп пе екен?!».

Расулуллаһ r пайғамбарлығынан бұрын Нұр тауындағы Хира үңгіріне ара-тұра оңаша барып, тәфәккур әлеміне сүңгитін. Пайғамбар болғаннан кейін Рамазан айының соңғы он күнінде иғтикафқа кіретін. Бұдан ұғарымыз – мұсылман адам кейде оңаша отырып, өз нәпсісін есепке тартып, ғалам жайында ой жүгіртуі керек. Осылай істемесе, толық мағынада кемелдікке жете алмайды. Әсіресе өзге адамдарға жолбасшы болып жүрген жандар осындай тәфәккур мен өзін есепке тарту ісіне қатты мұқтаж.

Түрлі-түсті раушан мен қызғалдақ гүлдеріне көзіңізді бір салыңызшы, олар сол керемет реңдерін топырақтың қай жерінен алды екен? Ал қызыл қалампыр гүлі ше? Күншуақ астында күлімдеп шешек атқан өзге де көк, жасыл, күлгін түсті гүлдер мен шешектер ше?

Қысқасы, иләһи патшалық әлемінің қасында бұл дүниенің ғарышты жүзіп жүрген миллиардтаған, триллиондаған тозаңның біреуі ғана екенін көзі ашықтар ғана көре алады. Таулар, жазықтар, мұхиттар мен адамдар сол тоздың ішіндегі тозаңдар. Осы әлсіздігін ұғынған адамға өзінің жасаған құлшылығынан басқаның бәрі **«еш»** болып көрінуі керек.

Бұл әлемдегі әр зәрре жүрегі тірі адаммен сөйлесе алады. Барлық жаратылғандар өзінің күйімен тілдесе алады. Ғаламда өз Жаратушысын көрсетпей тұрған еш зәрре жоқ. Барлық мақлұқат өзін жоқтан бар етіп жаратқан Хақ Тағаланың мөрін паш етуде. Ал адамның міндеті — иләһи құдірет туындыларын тәфәккур мәселесінде тереңге бойлап, иләһи мөрлерді ғибрат көзімен оқи білуде.

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ

Ислам діні мүминдердің тұлғасын жетілдіріп, дамытумен бірге, қоғамның да татулығы мен есендігін қамтамасыз ететін киелі қағидаттар алып келген. Ислам жекелеген адамдардың бір-бірімен дін бауырластығы шатырының астында махаббатпен иық түйістіруін қалайды. Баршаны, яғни өзінен бұрын басқаны ойлауға шақырып, пида ете білуді үйрету арқылы қоғамды бір дененің ағзасындай етіп тәрбиелейді. Осындай халге жеткен орта ғана бірлік пен татулық рухымен биікке

өрлеп, «үлгілі қоғам» дәрежесіне көтеріліп, «мәдениет шыңын» көрсетіп отырған.

Қоғам үшін ең үлкен қауіп-қатер келіспеушілік, түсініспеушілік және бөліну мен бағынбаушылық нәтижесінде туындайтын лаңкестік. Мұсылмандардың фитнә мен бүліктерден құтылуы үшін бауырластық сезімін күшейтулері керек. Бұл да, әрине, өз алдына Құран Кәрім мен Пайғамбар Сүннетіне қос қолдап жармасу арқылы ғана мүмкін болады.

Хақ Тағала былай бұйырады:

«**Шын мәнінде, мүминдер бір-біріне бауыр. Сондықтан екі бауырдың арасын жарастырыңдар және Аллаһтан қорқыңдар. Сонда ғана игілікке бөленерсіңдер**» (Хұжурат сүресі, 10-аят).

«**Олай болса, "Егер,** (шын) **сенген болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар да,** (таласқа түспей) **араларыңды түзетіңдер, Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар!"— де!**» (Әнфәл, сүресі, 1-аят1).

«**Барлықтарың, түгелімен Аллаһтың жібін**

«Адамдармен дос бол! Өйткені керуен негұрлым топырлап жүрсе, жол кесушілердің сағы соғұрлым сынады».

(Хазіреті Мәуләнә)

бекем ұстаңдар, бөлшектеніп, айрылмаңдар. Сондай-ақ Аллаһтың сендерге берген нығметін де естеріңе түсіріңдер. Бір кезде сендер бір-біріңмен дұшпан едіңдер, Аллаһ жүректеріңді (Исламға бұрып) жақындатқан еді. Міне, Оның (осы) нығметінің арқасында (дін-дес) бауырлар болып едіңдер. Тағы да сендер от апанының жиегінде тұрғанда, сендерді одан Аллаһ құтқарған еді. Мінеки, тура жолға түсерсіңдер деп, Аллаһ өзінің аяттарын осылай айқын баяндайды» (Әлу Имран сүресі, 103-аят).

«Өздеріне ашық дәлелдер келгеннен кейін сондай бөлініп, қайшылыққа түскендер тәрізді болмаңдар. Міне, соларға зор азап бар»

(Әлу Имран, 105).

«(Ей, иман келтіргендер!) Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар! Өзара талас-тартысқа түсіп, керіспеңдер! Әйтпесе үрейде қаласыңдар да, (айбындылық соқтырған) желдерің (күш-қуаттарың мен дәулеттерің) кетеді. Сондықтан сабырлы (да төзімді) болыңдар. Өйткені Аллаһ сабырлылармен бірге» (Әнфәл сүресі, 46-аят).

Ұлы Раббымыз бір жүректей бірлік пен

татулық сезімінде болуымызды қалайды. Бұл жайындағы бұйрықтарын Аллаһ Тағала бұрынғы пайғамбарларға да уахимен жеткізген[56].

Нәпсі мен шайтан адамдардың дүниеқоңыздығын, көре алмаушылығы мен пайдақұмарлығын арттырып, сол арқылы араларын бұзғысы келеді. Бұл екі ежелгі дұшпанымыздың қолындағы ажырату қаруы өте мықты, әрі оның қалдыратын жарасы да тым ұзаққа созылады. Сондықтан мұсылмандардың бауырмалдық сезімін жоғалтпай, ренжісу мен ұрысуға және бір-бірінен бөлінуге жол бермеулері керек.

Пайғамбарымыз r :

«Мұминнің мұминге деген қарым-қатынас құрылысы бірін-бірі сүйеп, ұстап тұратын ғимарат бөлшектері секілді», — деген сөзін түсінікті болуы үшін екі қолының саусақтарын бір-біріне айқастырып тұрып көрсеткен екен (Бұхари, Саләт, 88, мазалим 5; Мүслим, Бирр 65).

Енді бір хадисінде ол кісі мұны бұйрық райында айтады:

56. Шура, 13

Пайғамбарымыз ﷺ:

«Мұминнің мұминге деген қатынасы құрылысы бірін-бірі сүйеп, ұстап тұратын ғимарат бөлшектері секілді», деген сөзін түсінікті болуы үшін екі қолының саусақтарын бір-біріне айқастырып тұрып көрсеткен екен.

(Бұхари, Саләт, 88, мазалим 5; Мүслим, Бирр 65).

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Шайтан адамдардың қасқыры. Дәл отарынан ажыраған қойды аңдыған қасқыр секілді. Олай болса, топтарға бөлінуші болмаңдар. Жамағаттан, халықтан және мешіттерден айрылмаңдар!».

(Ахмет, II, 400; Хаким I, 73/59)

«...Жамағат күйінде болып, бөлініп, бытырап кетуден сақтануларыңды қалаймын. Өйткені шайтан жалғыз басты өмір суретіндермен бірге. Тіпті, екі кісі бірге тұрса, шайтан олардан алыс тұрады. Жәннаттың ортасында болғысы келетін адам жамағатқа баруды жалғастырсын...» (Термези, Фитән 7/2165).

«Мұсылмандар бірін-бірі сүйіп, өзара жанашыр мен қорғаныш болу тұрғысынан бір денеге ұқсайды. Сол дененің бір ағзасы ауруға шалдыққан кезде өзге ағзалар да соның себебінен ұйқысыздыққа тап болып, ыстығы көтеріледі» (Бұхари, әдеп 27; 66).

Расулуллаһ r бірлік пен татулыққа сызат түсірмеу үшін өз халқының ішіндегі мұнәфиқтардың кімдер екенін біле тұра есімдерін жария етпеген. Оларды өмір бойы жақсы түрде басқарып, бүкіл қиындықтарына төзді.



Мұсылмандардың ынтымағын нығайту үшін оларды күніне бес мезгіл бас қостырыпып, бір жерге жинайтын намаз арқылы қарым-қатынасымызды күшейтуіміз керек. Аллаһ

Тағала қажылық, зекет, намаз, құрбан секілді құлшылықтармен мұсылмандар арасын жақын қылуды мұрат еткен болса керек. Аяттарда былай делінеді:

«**Намазды толық өтеңдер, зекет беріңдер, рүкуғ етуші** (муминдермен) **бірге рүкуғ етіңдер** (жамағатқа қатысыңдар)» (Бақара сүресі, 3-аят).

«**Аллаһ Өз жолында берік қалаған дуалдай сап болып соғысқандарды жақсы көреді**» (Сафф сүресі, 4-аят).

Истишара

Истишара бір істі бастамай тұрып, білімі мен тәжірибесіне, адалдығына сенетін адамдарының пікірін алып, кеңесу деген сөз.

Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«...**Олармен әрбір іс туралы кеңес құр**..» (Әлу Имран сүресі, 159-аят).

Қанша ақылды болса да, жалғыз адам барлық нәрсені білуі мүмкін емес. Олай болса, жас мұсылман алдынан шыққан мәселелерде сол істің маманының ақыл-кеңесіне жүгінбей шешім қабылдамауы керек.

«(Ей, иман келтіргендер!) ***Аллаһқа және Оның Расулына бойсұныңдар! Өзара талас-тартысқа түсіп, керіспеңдер! Әйтпесе үрейде қаласыңдар да,*** *(айбындылық соқтырған)* ***желдерің*** *(күш-қуатта-рың мен дәулеттерің)* ***кетеді. Сондықтан сабырлы*** *(да төзімді)* ***болыңдар. Өйткені Аллаһ сабырлылармен бірге»***

(Әнфәл, 46).

Хасан Басри Хазіреті истишара жасаудың пайдасы жайында:

«Уаллаhи, истишара жасайтын адамдар мәіндетті түрде алдарында тұрған шешімнің ең жақсысына бағыттандырылады» деген екен.

(Бұхари, әдәбұл-муфрад, нөм 258).

«Раббыларының шақырғанына үн қосатындарға, намазды (баппен) **оқитындарға, істерін бір-бірімен кеңесіп бекітетіндерге, өздеріне арнаған ризықтарымыздан** (қайыр үшін) **жұмсайтындарға тән»** (Шура сүресі, 38-аят).

Демек, истишара жасау — мұсылмандардың өте маңызды сипаттарының бірі екен. Пайғамбарымыздың r өмірбаянына қарап отырсақ, Оның әр ісінде истишара жасап отыратынын көруге болады.

Әбу Һурайра t былай дейді:

«Расулуллаhтан r *асқан истишара жасайтын адам көрген емеспін»* (Термези, жиhад 35/1714).

Көп ақыл біріксе, бір ақылға қарағанда дұрыс шешім шығаратыны, сөзсіз. Расулуллаh r бұл шындықты былай баян етеді:

«Истихара жасаған адам қасірет көрмес, истишара жасаған өкінбес, үнемдеген алақан жайып қалмас» (Һәйсәми, II, 280).

Қанша ақылды болса да, жалғыз адам барлық нәрсені білуі мүмкін емес. Олай болса, жас мұсылман алдынан

шыққан мәселелерде сол істің маманының ақыл-кеңесіне жүгінбей, шешім қабылдамауы тиіс.

Өйткені адамның ақылы кем, нұқсан ақыл деп қабылданады. Мұның мағынасы ақылдың жеке өзі хақ пен қайырға жетуге жеткіліксіз дегенді білдіреді. Ақылды деген адамдардың өзі қылмыс жасап қоятынына қарағанда пенде баласы жалғыз өзі қате іс-әрекеттен қорғана алмайтынын аңғаруға болады.

«Бәрін түсініп, бәрін ұғынатын ақылдың өзі достарынан айрылған кезінде садағы сынған мерген секілді абдырап қалады».
(Хазіреті Мәуләнә)

Сол себепті де басқа кісілердің ақыл-ойынан үлес алып, қуатталуы керек. Өйткені «ақылдан да асқан ақыл болады».

Әсіресе жасы кіші адамдардың ересек, көпті көрген тәжірибелі адамдармен ақылдасуы өте қажет. **Хазіреті Мәуләнә**ның айтқанындай:

«Жастардың айнадан көргендерінен артығын қариялар кірпіш сынығынан ақ көре алады».

Ықыласты пейілмен жасалған истишара ақылын қосқан адамдардың пікіріне құрмет

көрсету тұрғысынан да маңызды. Мұндай пейіл тараптардың бір-біріне деген құрметінің артуына дәнекер болары анық.

Сонымен бірге истишара кезінде жағдай анық-айқын ортаға салынуы керек. Бұлай істелінбейтін болса, ондай ақылдасудан жаңылыс нәтижелер шығуы мүмкін.

Бірақ истишараның маңызды тағы бір түсы бар: Нағыз білгірлермен ақылдасу керек. Истишара жасайтын адам, шын мәнінде, сол істің бүге-шүгесін білетін, ақылы мен парасаты түзу болуы шарт.

Расулуллаһ ﷺ бір хадисінде былай дейді:

«Истихара жасаған адам қасірет көрмес, истишара жасаған өкінбес, үнемдеген алақан жайып қалмас».

(Һәйсәми, II, 280)

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Истишара жасайтын адам сенімді адам болуы керек, (дұрысын жасырып, жолдасына қиянат жасамауы керек)» (Термези, әдеп 57/2822).

Ардақты сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Құран мен Сүннетте шешімін таппаған мәселелерге жолықсақ, не істейік?», — деп сұраған кездерінде Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп жауап береді:

«Оны фақиһтер мен салиқалы кісілерден сұрап, ақылдасыңдар. Ол мәселеде жеке көзқарастарыңмен амал етпеңдер!» (Һәйсәми I, 178).

Перғауынның кеңес мәжілісі пайда мен бүлік іздеген адамдардан құралғаны үшін ақылдасу нәтижесінде Хазіреті Мұсамен күресу қарары алынған болатын[57]. Осы сәтсіз кеңесу нәтижесі Перғауынның мәңгілік түбіне жетіп тынды.

Хазіреті Әли t Мысыр әкімі **Мәлік бин Харис әл-Әштар**ға жіберген бұйрықнамасында былай дейді:

«Байқа, сені қиындыққа түсіп кетесін деп, сескендіріп, жақсылықтан қайтарып жібергісі келетін сараңды, ұлы істерге деген жігеріңді тежеп тастайтын қорқақты және зұлымдыққа бет бұру мен саған құмарлықты жақсы көрсеткісі келетін тоғышарларды Кеңес мәжілісіңе кіргізуші болма! Өйткені сараңдық, қорқақтық пен тоғышарлық жаман қасиеттер болғаны соншалық, ол тек Аллаһты сүймейтіндердің ғана бойынан табылады...».

«Жастардың айнадан көргендерінен артығын қариялар кірпіш сынығынан ақ көре алады».

(Хазіреті Мәулəна)

57. Қрңз: Шура 35-37

«Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ:

«Истишара жасайтын адам сенімді адам болуы керек,** (дұрысын жасырып, жолдасына қиянат жасамауы керек)» **деген

(Термези, әдеп 57/2822).

Сондықтан да өзінен кеңес сұрап келген кезде ақыл беретін адам абай боулы керек. Аллаһтың Елшісі r былай дейді:

«Егер мұсылман бауыры бір мәселесімен ақыл сұрап келгенде, онымен истишара жасап, бұрыс жолды нұсқап жіберетін болса, ол адамға қиянат жасаған болады» (Бұхари, әл-әдәбұл-мүфрад 259).

Олай болса, истишара Исламның негізгі және көркем Сүннеттерінің бірі. Сондықтан діни істерімізбен бірге дүниелік тіршілігімізде де айналамызбен ақылдаса отырып әрекет етуіміз — ең дұрыс жол.

Хазіреті Омардың истишарасы

Хазіреті Омар t қоғамға қатысты мәселелерде шешім қабылдайтын кезінде мұсылмандармен үнемі истишара жасайтын. Жасы кіші болса да, ғалымдар Хазіреті Омардың истишара мәжілісіне қатысатын (Бұхари, тәфсир 7/5, 110/4; Иғтисам 2).

Ол, ең алдымен, мұсылмандар бауырларының пікірін сұрап, содан соң Құрайыштың ақылын сұрайтын. Ең артынан сахабилермен

ақылдасып, соңында ең дұрыс деп тапқан ойды шешім деп бекітетін.

Хазіреті Омар t қиын мәселеге тап болған кезде, тіпті, жастармен және балалармен де ақылдасатын. Осылайша олардың өткір де алғыр пікірлерінен ой түйіп алуға тырысатын (Бәйхаки, Сүнәнүл-кубра X, 113).

Омар бин Абдулазиз халифа болып сайланған кезде бірінші кезекте үнемі хақ пен қайырлы істі насихат етіп отыратын истишара/ақылдастар алқасын құрған болатын. Олар халифаға өз ақыл, насихаттарымен жәрдем беріп отыратын (Бәйхаки, сунәнул-кубра X, 110).

*«(Ей, Пайғамбарым!): **"Егер, Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда ғана Аллаһ сендерді сүйеді және барлық күнәларыңды кешіреді. Аллаһ — Ғафур-дүр** (асқан кешірімшіл), **Рахим-дүр** (ерекше мейірімді)" **деп айт!»** (Әлі Имран, 31).*

ӘДЕП

Әдептің Ислам дінінде маңызды болғаны соншалық, тіпті, қысқаша «Ислам әдептен тұрады» деп айтуға да болады. Өйткені Ислам әмірлерінің барлығы негізінде әдептіліктің жолдары. Ал оның тыйымдары әдепке қайшы болатын амалдар ғана.

Ибн Аббас ﷺ былай дейді:

«Бүкіл әдептердің басы кеңшілікте де, таршылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне мұқият болып, тыйым салғандарынан сақтануда».

Мүминнің әдебі мен ахлағының көркем болуы иманының мықтылығының көрсеткіші болып табылады[58]. Демек, әдеп деген — кемел иманның айнасы. Ол — көркем ахлақтың жоғарғы шыңы, Аллаһтың беретін нығметтерінің арасындағы ең қайырлысы және құндысы — көркем ахлақ[59]. Қиямет күні ең ауыр тартатыны да осы — көркем ахлақтың сауабы[60].

Аллаһ және Оның Расулы қатты жақсы көретін және Жәннатта Пайғамбарымызға ең жақын болатын — ахлағы мен әдебі көркем адамда[61]. Олай болса, көркем ахлақ — адамдардың мәңгілік бақытқа кенелулері үшін берілген Жәннаттың кілті іспеттес ұлы сый[62].

Әдеп — хайуани сипаттардан арылып, адамгершілік қасиеттерімен безену. Ол — барлық істің негізі. Әдеп нұқсандығымен шынайы адамгершілік дәрежесіне жету мүмкін

58. Қрңз: Әбу Дәуіт, сүннет 15/4682
59. Қрңз: Ибн Мәжә, тыбб 1 (83) (53)
60. Қрңз: Әбу Дәуіт, әдеп 7/4799
61. Қрңз: Термези, Бирр 71/2018
62. Қрңз: Термези, Бирр62/2004

емес. Өйткені кісі баласы өзінің тәнімен емес, шын мәнінде рухани сипаттарымен адам болады. Осыған сүйене Хазіреті Әли t :

«**Адамның әдебі алтыннан да қымбат**»[63] — деген екен. Яғни, адамның әдепті болуы қолындағы дүние байлығының барлығынан артық болып табылады.

Әдеп — шайтанның жауы. Сол себепті баласына әдептілікті үйретпеген ата-ана шайтанға бір дос тәрбиелеп берген болады. Әдепті адам рухани және материалдық тұрғыдан барлық пәледен және шайтанның жаманшылығынан сақтанған болады. Бір ақынның жырлағанындай:

Әдеп — тәж екен,
Келген бізге Тәңірден,
Киіп ал, сол тәжді,
Есендікте бол әр қилы бәледен!...



Сол үшін де ғасырлар бойы медреселер мен мектептердің дуалдарын сәндеген ескерту маңдайшаларының бірі үнемі «*Әдеп, я, Һу*!» деген сөз болған екен.

Аллаһтың достары былай дейді:

«Ғибадат адамды Жәннатқа апарады, ал ғибадатта әдеп пен тағзым Аллаһқа апарады, Хаққа жақындатады».

63. Доц.док. Абдулазиз Хатип, «Хазіреті Әлиден Хикмет Сәулелері», 22 б., Стамбул 2006

«Ақылым жүрегіме жүгініп: «Иман деген не?»,-деп сұрады. Ал жүрегім болса ақылымның құлағына сыбырлап: «Иман әдептен тұрады», деді.

(Хазіреті Мәуләнә)

Сүфиян Сәури:

«Көркем әдеп — Аллаһ Тағаланың қаһарын сөндіреді», — дейді.

Ахлақтың кемелі және ең үстемі — діндегі әдеп. Яғни, Аллаһ Тағалаға көрсетілген әдеп, тасаввуфтың да ең басты мақсаты осы.

Аллаһ алдындағы әдептіліктен кейін, Оның Расулына әдепті болу келеді. Осылай ол ұстазға, ата-анаға, мүминдерге және рет-ретімен бүкіл мақлұқаттарға жалғасып кете береді.

Бұрынғы мұсылман ата-бабаларымыз паш еткен әдептілік, ізеттілік пен намысқойшылық кезінде бүкіл дүниені қайран қалдырған. Протестант папасы **Соломон Швейгер** мұсылмандардың әдебі жайындағы өз бақылауын «Саяхатнама» атты еңбегінде былай келтіреді:

«Бұл адамдар моншада да денелерін жауып жүреді екен. Қандай әдепті жандар. Бұл әдеп пен намысқойлықты осы жабайы (деп жүрген) адамдардан үйрену керек» (Илбер Ортайлы, Османлыны қайта ашу, 88 б.).

«Адамның әдебі алтыннан да қымбат»

(Хазіреті Әли)

Жас мұсылман өз сөйлеу мәнерінде, іс-әрекетінде, адамгершілік қарым-қатынастарында Пайғамбарымыздың әдебіне сай әдеппен безенуі керек. **Әнәс бин Мәлік** t **Расулұллаһтың** r әдебі мен ахлағын былай суреттейді:

«Ардақты Пайғамбарымыз r ешуақытта ешкімді жәбірлемейтін, мүбәрак ауызынан дөрекі сөз шықпайтын және ешкімді қарғамайтын. Біреумізге ренжіген кезінде тек:

«*Аллаһ ізгілігін берсін, оған не болды?*», — деп қана айтатын» (Бұхари, әдеп 38, 44).

Хазіреті Әли t былай дейді:

«Арсыз айтылған сөзге жауап берейін деп әуреленбе! Өйткені ол адамда одан асып түсетін қаншама арсыз сөздер бар. Саған соларды тағы жаудырады».

Әдепті ұмыту адамды хайуаннан да төменге түсіріп жіберетін, ақырында құздан құлататын үлкен ғапылдық. Өйткені әдепсіздік түпсіз терең құдықтай, түңғиығына бойлау мүмкін емес. Адам барған сайын тереңге

Хазіреті Омар ﷺ *айтады:*

«Төрт нәрсе ешуақытта қайта айналып келмейді:

1) Айтылған сөз,

2) Атылған оқ,

3) Өткен өмір,

4) Жіберіп алған мүмкіншілік».

«Жастық шағын күліп-ойнаумен өткізген қартайғанда жылаумен өткізер күнін».

бата береді. Нәпсісінің бір әуесі мен қиялын қанағаттандырған соң, одан да жаман қиялға беріледі. Осылай нәпсісінің артынан жүгіріп жүргенде адам құрып кете береді. Өйткені Расулұллаһ r айтуы бойынша:

«*Аллаһ Тағала жағымсыз қылық жасайтын, жаман сөз сөйлеуге әуес адамды жек көреді*» (Термези, Бирр 62/2002).

Юсуф Хас Хажиб былай дейді:

«Адамдарға дөрекі сөйлеме! Дөрекі сөз — алаулап жанған өрт. Оны аузыңнан шығарған кезде ең бірінші өзің күйесің!».

Қысқасы, алтын мен күміс өмірлік қазына қана, ал әдеп — мәңгілік байлық. Сондықтан жас мұсылман бәрінен бұрын әдептілік қағидаларын үйренуі тиіс. Оларға көңілін бұрып, өн бойына әдептілікті дарытқаны абзал.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫ ДҰРЫС ӨТКІЗУ

Раббымыздың өз құлдарына берген мүмкіншіліктері мен нығметтері Оның

рақымының адамзатқа деген махаббатының айқын нышаны. Бұл иләһи сыйлар ешқандай өтеу төлемесек те, жұмыс істеп, маңдай тер төкпесек те, бізге тегін тарту етіліп отыр. Бірақ бұл жағдай нығметтерді ешқандай шартсыз, қалай болса солай қолдануымызға болады деген мағынада емес. Берілген нығметтерді Аллаһтың қойған заңдылықтары аясында қолдануымыз керек.

Адам баласына санаулы күндер түрінде сыйға тартылған ең бағалы нығмет — жастық шағы. Ақылы бар адам бұл бағалы да шектеулі мүмкіншілікті ең тиімді түрде өзінің мәңгілік пайдасына өткізудің жолдарын іздейді.

Алайда жастықтың қадірі көбіне кәрілікте ғана аңғарылып жатады. Тәжірибесі мол, көпті көрген ақсақалдардың бірауыздан айтар шындығы:

«Байқаңдар, жастық шақтарыңа алданып қалып жүрмеңдер! Өйткені ол жылдам өте шығады екен».

Имам Раббани екі ауыз сөзбен қандай тамаша жеткізген:

«Дәуіріңнің ең бағалысы болып табылатын жастығыңды тиісінше ең бағалы амалдармен өткізуің керек».

«Ібілістің Жаратушысының босағасынан қуылуы Оның алдында әдепсіз түрде сөйлеп, ақымақтық танытқанынан болды... Егер Шайтанды езіп өткің келсе, көзіңді ашып әуелі қара: Шайтанды қарғысқа ұшыратқан әдепсіздігі еді. Адам баласында әдеп болмайтын болса, ол шын мәнінде адам емес. Өйткені адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық — әдептілік»

(Хазіреті Мәуләнә).

Хазіреті Әбу Бәкірдің айтқанындай:

«Бұл дүние мүминдердің базары. Күндіз бен түн — олардың саудаға салған қаражаттары, салиқалы амалдары — сауда тауарлары, саудада көзделген табыс — Жәннат, ал зияны — Жәһаннам».

Мәуләнә Халид Бағдади өз шәкірттеріне жазған хаттарының бірінде былай дейді:

«Барлық адамдар қолынан келгенінше Раббысына бет қаратуы керек!.. Сүйгендерімізге тілеріміз ертең Хақтың алдына барғанда жүздері жарық болатындай салиқалы амалдармен шұғылдануларының. Жүздерді сарғайтып жіберетін сол үрейлі күндерден сақтасын! Біле жүріңдер, салиқалы амал да, жаман іс те — істеген адамның өзіне қалады».

Ақырет күніне иманы бар мұсылман амал дәптерін қайырларға толтырып апару үшін өмір атты салымын ең тиімді саудаға салуы керек. Алдынан шығатын қайырлы амалдардың барлығын дұрыс бағытта пайдаланып, оларды Аллаһ жіберген мүмкіншілік деп көруі тиіс. Адамдардың дін мен қайырымды амалдарға мойын бұрып қарамайтын болып бара жатқанына алданбау қажет. Сонымен бірге, тәкаппарлық пен менмендіктен барынша сақтану керек. Өйткені нәпсі мен Ібіліс әрдайым: «Сен тым көп қайыр жасап жібердің, бәрі сен сияқты мәрт болса ғой шіркін!», — деп, құлағына сыбырлайды.

Хақ Тағала былай бұйырады:

«**Бір істі тындырсаң, дереу келесі іске жармас! Осылай Раббыңа одан әрі жақындас!»** (Инширах сүресі, 7-8-аяттар).

Егер біреу ешқандай себепсіз қайырымдылық қызметінен қол үзіп кетсе, Жәннатқа кірген күннің өзінде қоржынында сауабы аз болатындықтан төменгі мәртебелерде орын алады[64]. Әрі ұмытпау керек, адам баласы ақырет күнінде тозаңдай қайыр амалына мұқтаж болады.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Қиямет күні адамдар қатар-қатарымен болады. Жәһаннамдық адам Жәннаттық адамға жолығып: «Ей, пәленше! Есіңде ме, сен су сұрап едің ғой, мен сол кезде саған су берген едім!», — дейді. Сонда мүмин ол адамға шапағат етеді.

(Жәһаннамдық тағы) біреу Жәннаттық адамның қасына барып оған: "Есіңде ме, саған бір күні дәрет алатын су берген едім!", — дейді, сонда ол оған шапағат етеді.

Жастық шақты ойнап, күлу мен ойын сауық шағы деп ойлайтындар қатты қателеседі. Жастық шақ адамға мәңгілік қажет болатын мықты сенім мен көркем тәрбиені меңгерудің ең ыңғайлы мезгілі.

64. Қрңз: Әбу Дәуіт, Салат 232/1108; Мүслим, Салат 130; Әбу Дәуіт, Салат 97/680.

«Байқаңдар, жастық шақтарыңа алданып қалып жүрмеңдер! Өйткені ол жылдам өте шығады екен».

Тағы да Жәһаннамдық біреу Жәннаттық біреудің қасына барып:

"Ей, пәленше! Мені осындай-осындай бір жұмыспен жіберген күнің есіңде ме, мен сен үшін сол істі бітірген едім", — дейді. Сонда Жәннаттық адам оған шапағат етеді» (Ибн Мәжә, әдеп 8).

Әрине, Аллаһ Тағала қалап, рұқсат берсе, мүминдердің шапағаты пайда береді.

Ақыретте өзімізді Аллаһтың қаһарына ұшырап қалудан қай амалымызбен, қандай ерекшелігімізбен құтқара алатынымызды біле алмаймыз. Сондықтан мынау үлкен немесе кіші демей, ізгі амалдың барлығына назар аударып, уақытымызды ұтымды пайдалануымыз және бұл дүниеде біраз шаршап, тер төгуіміз керек. **Е.М. Грай** табысқа жеткен адамдардың ортақ қасиеттерін зерттеп жазған мақаласында былай дейді:



«Табысты адамдар қашан да жолы болмаған адамдар ұнатпайтын амалдарды әдетке айналдырғандар. Өмірде табысқа жету көбіне уақыттың ұтымды жоспарланып, тиімді қолданылуына байланысты» (Өзжан Хыдыр, Уақыт тәртібі 78 б.).

Мынаны естен шығармау керек, үлкен табыстар мен жеңістер қашан да нәпсіге ауыр көрінетін істердің артына барып жасырынады. Мысалы, ардақты сахабалардың бірі **Абдұррахман бин Ауф** t былай дейді:

«Ислам нәпсіге онша жаға қоймайтын кейбір әмірлерді әкелді. Біз ізгіліктердің ішіндегі ең ізгісін сол нәпсімізге жақпаған істерден таптық. Мысалы, Расулұллаһпен бірге Меккені тастап шығып, һижрат еттік. Нәпсімізге бастапқыда жақпаған осы ісіміз арқылы бізге жоғары дәрежедегі абырой мен жеңістердің жолы ашылды. Сондай-ақ, Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімдегі:

«(Қалай соғыс ғанибетін бөлу туралы кейбіреулер разылық білдірмеген болса,) **Раббың сені үйіңнен хақ іске** (соғысқа) **шығарғанда да** (жағдай осылай еді). **Өйткені** (сол кезде) **мүминдердің бір бөлігі** (соғысуды) **жақтырмаған болатын. Хақ** (жолда соғысу шындығы) **айқындалғаннан кейін де олар бейне көпе-көрнеу өлімге айдап апара жатқандай-ақ,**

Үлкен ғалым әрі талантты ақын Аббас бин Хасан былай деген екен:

«Біліп қой, ақыл ойың барлығын бірдей сыйдыра алмайды. Олай болса, ең маңыздыларын таңдап ал. Барлық адамға көңіл бөле алмайсың, өзіңнің ілтипатыңмен мен көңіліңді ақиқат жолындағы адамдарға арна! Әрі жомарттығың да бәріне жетпейді. Оны да рухы таза адамдарға сақта! Үнемі күш-қайрат жұмсап отырсаң да, күн мен түн сенің барлық қажеттіліктеріңе жетпейді. Сол себепті істердің қайсысын істеп, қайсысын қоя тұратыныңды жақсылап сұрыпта!..».

(Әбу Ғудда, уақыттың қадірі, 88-89 б.)

(соғысқа шығу мәселесі хақында) **сенімен сөз таластырып жатты**» (Әнфәл сүресі, 5-6-аяттар) аятында сипаттаған халде біз Расулұллаһпен бірге Бәдір соғысына шықтық. Ол кезде де Аллаһ Тағала оны біздердің пайдамыз бен жеңісімізге айналдырды.

Қарап отырсам, ең үлкен жеңістер мен табыстарға ылғи да осындай өзімізге ауыр көрінген істермен жеткен екенбіз» (Һәйсәми, VII, 27 -27).

Егер де жаңа ұрпақ өздерінің жастық күш-жігерлерін нәпсіқұмарлықтары мен қиял-әуестерін қанағаттандыру жолында ғана пайдаланатын болса, Аллаһ Тағаланың рақымы мен кеңшілігінен мақрұм қалары, сөзсіз. Мұндай бақытсыздыққа душар болған ұрпақ барлық тұрғыда артта қалады.

Расулұллаһ ﷺ былай деген:

«Аллаһ Тағала жағымсыз қылық жасайтын, жаман сөз сөйлеуге әуес адамды жек көреді» *(Термези, Бирр 62/2002).*

Дүниенің бір күні ақыреттің мың күнінен асып түседі

Бұл дүние еңбектенудің, ақырет жемісін көрудің мекені. Ақыретте бір нәрсе табу немесе жоғалту деген болмайды. Сол себепті бұл дүниедегі уақыттың құны тым жоғары.

Жүнәйд Бағдади Хазіреті былай дейді:

«*Дүниенің бір күні ақыреттің мың жылынан да артық. Өйткені табу мен жоғалту ісі тек бұл дүниеде ғана бар. Ал ақыретте құтылудың ешқандай мүмкіншілігі болмай қалады*».

Ілияс ﵇ Әзірейілге жолыққан кезінде біраз үркіп қалады. Сонда Әзірейіл ﵇ айтады:

«Сен пайғамбарсың ғой, ей, Ілияс! Сонда өлімнен қорыққаның ба?»

Бұған Хазіреті Ілиястың жауабы мынадай болады:

«*Жоқ! Өлімнен үркігенім жоқ. Бірақ өмірімнің таусылғанына қорықтым. Өйткені өмірімді Хаққа ғибадатпен, Хақты жеткізу мен өткізетінмін. Көркем ахлақты өміріме енгізуге тырысып, құлшылықтан ләззат алатынмын. Өлген кезімде осы ләззаттар мен табыс көздерінен мақрұм болып, қабірде қияметке дейін тұтқындаламын. Соған қайғырдым*».

Ардақты Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Ахіреттің қасында дүниенің жағдайы сендердің біреуің теңізге саусағын матырып, қайта суырғанындай-ақ. Саусағымен теңізден қанша су шығарса, *(ахіретпен салыстырғандағы)* ***дүние сондай-ақ.***

(Хаким, Мүстәдрак, 4/319)



«*Дүниенің бір күні ахіреттің мың жылынан да артық. Өйткені табу мен жоғалту ісі тек бұл дүниеде ғана бар. Ал Ахіретте құтылудың ешқандай мүмкіншілігі болмай қалады*».

Жақсылыққа асығу

Қайырымдылық істеріне асығу — нағыз мүминнің нышаны. Хазіреті Мәуләнә қандай жақсы айтады:

«Ғибадаттардың қабыл болуының белгісі — бірін аяқтай салысымен басқасына кірісу, бірінен соң бірін жасап, ізгіліктердің артынан жүгіріп қуалауда».

Қайырымдылықтың абыройы оның кешіктірілмей жасалуында. Осы тұрғыда мына бір мысал қандай ғибраты мол десеңізші:

Расулұллаһ r Бәдірде сахабаларын жиһадқа талпындырып, Жәннатты естеріне салған болатын. Жау әскері барынша жақындағанда сахабаларына:

«*Кәнеки, кеңдігі көктер мен жердей болатын Жәннат үшін түрегеліңдер!*», — деп бұйырған еді. Сонда Ұмәйр бин Һұмәм t атылып шығып:

«О, Аллаһтың Елшісі! "Кеңдігі көктер мен жердей болатын Жәннат!",— дейсіз бе!», деді. Пайғамбарымыз r :

«*Иә!*», — деп еді.

Ұмәйр бин Һұмәм:

«Қандай керемет, қандай тамаша!», — деді. Пайғамбарымыз одан:

«*Мұны неге айттың?*», — деп сұрап еді:

«Уаллаһи, я, Расулаллаһ, басқа нәрсе үшін емес, тек Жәннаттық болсам ба деп айттым!», — деді.

Сонда Аллаһтың Елшісі r оған:

«*Сен Жәннаттықсың!*», деп сүйіншіледі.

Бір дәруіш Хасан Басри Хазіретіден қайыр сұрайды. Сонда ол дереу түрегеліп, үстіндегі көйлегін шешіп дәруішке береді.

Дәруіш: «Тақсыр, үйіңізге барып асықпай, сол жерден-ақ берсеңіз, болмас па еді?», деп сұрағанда Хазірет былай деп жауап береді:

«Бірде қайырмыдылыққа мұқтаж бір кісі мешітке келіп: «Қарным аш!», деп өтінген еді. Ғапылдық танытып, дер кезінде оған ас тауып бермедік. Таң намазына келіп қарасақ, байқұс өліп қалған екен. Кепендеп жерледік. Ертесі күні сол пақырды ораған кепеніміздің михрапта ілініп тұрғанын көрдік. Үстінде: «Кепендеріңді алыңдар, қабыл етілмеді!», деген жазу бар. Сол күні мен:

«Бұдан кейін мұқтаж жан қасыма келгенде оны күттірмей, дереу сұрағанын беремін!, деп өз-өзіме ант бердім».

Қрнз: Дарир Мұстафа Ефенди, «Жүз хадис жүз хикая, 157 2001

Ұмәйр t жиһадқа күшті болып кірісу үшін дорбасынан бірнеше құрма шығарып, жей бастады. Бірақ кешігуге одан ары сабыр ете алмай:

«Бұл құрмаларды жеп болғанша өмір сүретін болсам, бұл шын мәнінде ұзақ ғұмыр болып кетеді. Құрмалар бітсін деп отыратын болсам, дүниеқұмарлық танытқан боламын!», — деді де, қолындағы құрмаларды шетке тастай салып, қылышын суырып алды да, дұшпанмен соғысып кетті. Соңында шейіттік мәртебесіне қол жеткізді (Бұхари, мағази 17; Мүслим, имарат 145; Муатта, жиһад 42).

Амал дәптерін ізгі амалдарға толтырып, Жәннатта жоғары дәрежеге ие болғысы келетін мүмин асығып, уақытын тиімді пайдалануы керек. Мүмкіншілігін толық пайдаланып, күші жететін ізгі амалдың бәрінің мүлт жібермеуі керек. Бірақ қайырымдылықта жарысамын деп жүріп, кем-кетік, шала-пұла істей салу дұрыс емес. Өйткені Хақ Тағала істелген әрбір істің дұрыс және тиянақты жасалғанын қалайды. Мысалы, атақты ғалым Алийулқари бұл жайында мынадай түсініктеме береді:

«Ажал періштесі ғапыл күйде өмір сүрген бай адамның жанын алу арқылы оны ұйқысынан оятады. Сонда ол адам шынында өзінікі болмаған мал үшін дүниеде қаншама азап тартқанына қайғырып ах ұрады, мың бір өкінеді. Бірақ болары болды, бояуы сіңді...»

(Хазіреті Мәуләнә).



«Аллаһтың әмірлеріне бет бұру тұрғысында асығу мен оларды орындау кезінде асығыстық жасау — екеуі екі түрлі нәрсе. Бұлардың біріншісі — жақсы, мақтаулы іс, ал екіншісі — датталған іс».

Соңғы демге дейін талпыну

Мүмин — соңғы тұрағы Жәннат болғанға дейін ешбір қайырымды ісіне тоймайтын адам. Аяттар да осыны бұйырады:

«**Саған яқин (**өлім**) келіп жеткенге дейін Раббыңа құлшылық қыл!**» (Хижр сүресі, 99-аят).

Осы сезіммен жасайтын мүминдер үшін өмірдің әр сәті — Аллаһтың жолында қызмет пен талпынудың мезгілі. Мына мысал осы ақиқатты жақсы ашады:

Өз кезіндегі сансыз жорықтары мен жеңістерінің көбіне тікелей қолбасшылық жасаған **Кануни Сұлтан Сүлеймен**нің **Зигетвар жорығы**нда қартайған шағы еді. **Соқұллу Мехмет Паша**:

«Тақсыр, сіз өмір бойы қызмет еттіңіз. Исламның байрағын талай мәрте асқақ-таттыңыз. Әлемге үлгі, өнеге болдыңыз. Сіз Стамбулда қалыңыз, Зигетвар Австрияға дейін

Хадисте былай делінеді:

«Мүмин адам соңында баратын жері Жәннат болғанға дейін қандай да қайырымдылық істі істеуден жалықпайды».

(Термези, ілім, 19/2686)

жол жүріп шаршамаңыз. Біз бүкіл уәзірлер мен генералдар болып әскердің басын бастап барамыз. Сіздің саулығыңыз бен амандығыңыз үшін осында қалуыңызды сұраймыз» — деді. Кануни Сұлтан Сүлейман: «Тыңда, бас уәзірім. Падишаһ қашан да алда жүруі керек. Бұл әскерге дем беріп, шабыттандырады. Сонымен бірге біздің тәжірибеміз — орайы түссе, шайқастың тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін. Сол үшін менің кәрілігіме, екі бүктеліп жүргеніме қарамаңдар, мен де барамын. **Егер сарайда қалып төсегімде өлетін болсам, ертең махшарда жеңімпаз аталарымның бетіне қалай қараймын?!**» — деп, қартайған жасына қарамай жорыққа шықты.

Арбалардың барлығы Зигетварға қарай жорық сапарына шықты. Жолда зеңбірек арбалары балшыққа батып қалды. Кануни Сұлтан Сүлейменге хабар берілді.

— Тақсыр! Зеңбірек арбалары батып қалды, шығара алар емеспіз, әскердің күші жеткіліксіз болып жатыр.

Кануни Сұлтан Сүлеймен батпақ саздың қасына барып:

Бұл дүниеден кеткендер мейлі құл, мейлі падишах болсын, ол жердегі барлық байлық-қазыналары не апарса сол болады. Ол жер — бидай сабынан ажыратылатын, қаншама мақрұмдар қазыналарына қауышып, қаншама ғапыл байлар мәңгілік пақырлыққа, махшардың қайыршысына айналатын жер. Ол жерде тек Хаққа берілген құлдардың пейілдері мен таза жүректерінің ғана құны болады.

— «Бүкіл уәзірлер, генералдар! Барлығың балшыққа түсіңдер, иық тіресіңдер!», — деп бұйырды. Барлығы балшыққа түсіп, зеңбірек арбаларына иықтарын тосып көтерісті. Осылай арбалар саздан шығарылды. Батыр Кануни Сұлтан Сүлеймен патша сол жорық кезінде қаза тауып, шейіттік мәртебесіне жетті...

Тарихқа із қалдырған өлім мысалдары

Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде былай делінген:

«Қалай өмір сүрсеңдер, солай өлесіңдер, қалай өлсеңдер, солай тірілесіңдер!..» (Мүнәуи, фәйзүл-қадир V, 663).

Өз өмірлерін осы сезіммен өткізген өнегелі мүминдердің тарих беттеріне нақышталып қалған ғибрат пен хикметке толы өлімдерінен бірнеше мысал:

Ислам тарихына сансыз жеңістер тарту еткен, Мутә соғысында қолында тоғыз қылышы сынған[65], үш мың адамдық Ислам

Мүмин — өзінің соңғы тұрағы Жәннат болғанға дейін ешбір қайырымды ісіне тоймайтын адам. Аяттар да осыны бұйырады:

«Саған яқин (өлім) келіп жеткенге дейін Раббыңа құлшылық қыл!» *(Хижр 99).*

65. Қрңз: Бұхари, мағази 44.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Аллаһ Тағаладан бар жүрегімен шейіттік сұрап тілеген адам төсегінде жатып өлсе де, Аллаһ Тағала оған шейіттік мәртебесін сыйлайды».

(Муслим, имара 157; 36)

әскерімен жүз мың кісілік дұшпанның көзін қорқытқан, Ярмук шайқасында дастан болған, Сирияны жаулап алған, Пайғамбардың тілімен айтқанда «Аллаһтың қылышы!» атына лайықты болған **Халид бин Уәлид** t һижраттың 21 жылында Хұмұста сырқаттанып қалады. Қасында бірге қару сілтеп жүрген жолдастары бар болатын. Өлім үстінде жатып, қылышын сұрады. Қынын ұстап тұрып, алақанымен сипалады да:

«Қаншама қылыш қолымда сынып еді. Мынау менің өлімімді көретін соңғы қылышым екен-ау. Өмірім түгелдей соғыс майданында өтіп, төсек жастанып көрмеген Халидтің жатып өлетініне қынжыламын. Расулұллаһтың сахабаларының ешбірі төсегінде рахат жатып өлмеді. Не соғыс майданында, не болмаса алыс жол, бөтен елдерде дін Исламды жайып жүріп, жырақта шейіт болған.

Ах, Халид! Шейіт бола алмаған Халид! Соғыс менің етімді турай алмады, шейіттік мәртебесінен басқа алмаған мәртебем де қалмап еді. Денемде қылыш немесе найза жарақаты қалмаған қарыс жер жоқ. Өмір бойы дін Исламды жаю жолында ат терлеткен адамның соңы да төсегінде болады екен ау!?

Өлімімді соғыс ошықтарында, атымның үстінде, дұшпанға Аллаһ үшін қылыш сілтеп жүргенде табатын шығармын деп күтуші едім!», — деді...

Сосын:

«Өсиетімді білдіргім келеді, мені тұрғызыңдаршы!», — деген соң оны сүйеп тұрғызды.

«Мені жіберіңдер, бүгінге дейін арқалаған қылышым енді мені арқаласын!», — деп қылышына сүйенді.

«Өлімді соғыста жүргендей болып, тік тұрып күтіп алғым келеді. Өлген кезде атым-ды соғыстарда қауіптің бетіне қарай сүңги алатын бір қаһарман жігітке беріңдер. Атым мен қылышымнан басқа ештеңем жоқ күйде өлемін. Мазарымды мына қылышыммен қазыңдар. Қаһармандар қылыштың шақырлауынан ләззат алады», — деді де құлап түсіп, шәһәдәт кәлимәсін айтып барып рухын тәсілім етті[66].

Осман империясының Патшасы Фәтих Сұлтан Мехмет жорықтар мен жеңістерге толы өмірін тағы бір жорық барысында аяқтады. Үш жүз мың кісілік әскер жолға шығып, бірақ ешкім жорық қайда болатынын білмейтін. Патша жолдың басында-ақ уланып, Гебзеде дүниеден озды. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ ұлы сүйіншісіне қоса шейіттік мәртебесіне қол жеткізіп барып Раббысына қауышты.

66. Қрңз: Садық Дана, Ислам қаһармандары, I том, 68-69 б.

Халид бин Уәлидтің ұлы Абдұррахманның қолбасшылығында Ислам әскері **Аллаһтың Елшісінің** r :

«Стамбул қаласы әлбетте алынады, оны жаулап алған — неткен жақсы қолбасшы, оны жаулап алатын — қандай тамаша әскер!»[67] деген сүйіншісі мен ілтипатына бөлену үшін жорыққа шыққан еді.

«Ыстанбул қаласы әлбетте, алынады, оны жаулап алған қолбасшы — неткен жақсы қолбасшы, оны жаулап алатын әскер — қандай тамаша әскер!»

(Ахмет IV 335; Хаким IV, 468/8300).

Расулұллаһты r алты ай бойы үйінде қонақ қылып, Онымен бірге соғыстардың бәріне қатысқан, өмір бойы Аллаһ жолындағы қызметтердің ешбіреуінен қалмаған Әбу Әйюб әл-Ансари t жасы келіп қалғанына қарамай, әскер қатарында болды. Өйткені бұл сахаба өз амалдарын ешуақытта жеткілікті санамайтын, құлшылық жауапкершілік сезімі өте жоғары кісі болатын. Сексеннен асқан жасына қарамай, үлкен иман толқынысымен Константинополь қамалына жасалған жорыққа екінші рет қатысты. Сол машаққаты мол жорық кезінде дертке шалдығып, қайтыс болатынын сезген кезде жолдастарына былай деді:

«Егер өлсем, мені өздеріңмен бірге Рим жерінің бара алған жерлеріңе дейін апарың-

67. Ахмет IV 335; Хаким IV, 468/8300.

дар. Дұшпан әскерімен беттесіп, ары қарай бара алмайтындай болып қалсаңдар, мені сол аяқ басқан жерлеріңе көміп кетіңдер!..» (Қрңз: Ахмет, V, 419, 416).

Әбу Әйюб Хазіреті осы соғыста қаза тауып, шейіт болып, сүйіншіленген жерлерге алғаш болып аяқ басқан болды. Өз өсиетіне сай Стамбул қамалының қойнына, бүгін өзінің атымен Әйюб ауданы деп аталатын жерге жерленді. Осылай өмір бойы Аллаһ жолында жиһадтар мен қызметтерге жүгіргені секілді қайтыс болуынан кейін де өз қабірімен өзінен кейін келетін Ислам әскеріне одан ары баруларына жігер мен дем беріп, қызметін жалғастырып жатты.

Аллаһ жолында қызметке өзіңді атай білуің үшін иман тебіренісің соңғы деміңе дейін тірі болып тұруы қажет. Ол үшін көңіл үнемі Аллаһ Тағаламен бірге болуы керек. Сахабалар дәуірінен кейінгі Исламның ең даңқты шарапатты дәуірі болған Осман империясының өркендеу дәуірінде падишасынан қарапайым халқына дейін бүкіл қоғам рухани ізденіс пен толқыныстың шыңын көрсеткен еді.

Әбу Әйюб Хазіреті ақтық демін берерде «Егер өлсем, мені өздеріңмен бірге ала барыңдар және Рим жерінің бара алған жерлеріңе дейін апарыңдар. Дұшпан әскерімен беттесіп, ары қарай бара алмайтындай болып қалсаңдар, мені сол аяқ басқан жерлеріңе көміп кетіңдер!..» деді.

(Қрңз: Ахмет, V, 419, 416).

Күнделікті жұмысында, жанұя ішінде, пенделік қарым-қатынастарында, құлдық міндеттерінде Құран мен Сүннет етегінен ұстап тәухид кәлимәсінің төңірегінде болып қыбыласын тапқан жандар — көбіне соңғы демінде де қыбыласына бет қаратып барып кетеді.

Сондай-ақ Османлы мемлекетін сегіз жылдай билеп кеткен **Явуз Сұлтан Сәлім** бұл шындықтың керемет мысалы болып табылады. Ол кісі Мысыр жорығынан қайтып оралғаннан кейін 1520 жылы жаңа жорыққа әзірленіп жолға шығады. Бір ауылда қонақ болып түскен жерлерінде арқасына шыққан шиқанды ескертулерге құлақ аспай, қанатып жұлып алып тастайды. Бұл оқиғаны Явуздың уәзірі **Хасан Жан** былай әңгімелейді:

«Бір күні Явуздың арқасына шиқан шықты. Ол қысқа уақыт ішінде үлкейіп, тесік болып үңірейіп қалды. Үңірейгендігі соншалықты, жараның ішінен Явуздың өкпе-бауыры көрініп тұрды. Өзі көп қиналды. Құдды жаралы арыстандай болып қалды. Өз әлсіздігіне көңгісі келмей, айбатты әскеріне бұйрық пен тапсырма беруін тоқтапады. Қасына жақындап барып едім, маған өзінің жағдайы жайында:

«Хасан, мына түрім не менің?», — деді.

Оның енді фәни сапарының соңғы аялдамасына жетіп, бақилық әлемнің босағасына таяп қалғанын сезініп, қайғылы үнмен:

«Тақсыр! Енді Аллаһпен бірге болу уақытыңыз жеткен сияқты», — дедім.

Сұлтан бұрылып, менің бетіме тесірейе қарады да:

«**Хасан, Хасан! Сен мені осы уақытқа дейін кіммен бірге деп ойлап едің? Жаратқан Иеме бет бұруым тұрғысында бір кемшілік байқадың ба?**», — деді.

Мен ұялғанымнан:

«Жо, жоқ, Сұлтаным! Олай дегім келген жоқ. Тек мына жағдайыңызға қарап, жәй ғана есіңізге салып қоюды жөн көріп едім!», — дедім.

Бар ойы басқа бір әлемге сүңгіп бара жатқандай кейіпте Сұлтан маған соңғы рет Ясин сүресін оқып беруімді өтінді. Көзімнің жасын сүртіп отырып оқи бастадым. Сүренің 58-аятындағы «**Сәлем**» деген сөзге келген кезімде әзиз рухын Раббысына тәсілім етті».

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу,

Қаһарман Сұлтан Явузды қорқынышты Сина шөлінде арыстандай айбатты, Мысырға кіргенде кішіпейіл, көзіне жас алып шүкіршілік еткен мұмин, Үскүдарда өзін есепке тартатын, рухани ләззаттарға терең бойлайтын дәруіш ретінде көреміз.

Өлімді қасірет деп көрмей, оны мәңгілік жеңіс тойына айналдыра білу, оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс...

оны қаралы күн емес, беташар күніне теңей білу — өлімнен кейінгі қалаулы мекен-жайға әзірлене алғандардың қолынан келетін табыс... Осындай түзу бағытта өткізілген рухани әрлі өмірдің артынан Раббысына қауышқан бақтияр құлдардың бірі Османлы тарихына теңдесіз естелік қалдырып кеткен өнеге тұлға Забит Мұзаффар атты сарбаз болатын.

Чанаккала соғысында көрсеткен ерен ерлігіне қоса көкейі иманға толып, тасыған бұл жас жігіт Чанаккала соғысынан кейін де қарап отырмай, бұл жолы Отан қорғау үшін Шығыс шепке қарай жүгіреді. Қанды соғыс кезінде қатты жараланған ол өзінен кейін келетін ұрпаққа ұлы естелік қалдырып барып, шейіттіктің шәрбетін ішеді. Былай болды:

— Қардай бораған оқ астында шайқасып жүріп, міндетінің басында оқ құшқан Забит Мұзаффар Бек соңғы демінде дауысы да шықпай, көздері де іске жарамай бара жатқан сәтте қалтасынан бір қағаз шығарды. Сосын жерден бір қурай алып, жарасынан аққан қанға батырып алып, жаза бастады:

«**Сарбаз! Қыбыла қай жақта?**».

Айналасындағылар оның Бәйтуллаһ жаққа бұрыла жан тапсырғысы келгенін аңғарып, соңғы қалауын орындап, қыбылаға қарай қаратады. Сол жерде жүзіне Раббысымен қауышудың қуанышы ұялаған күйде ол әзиз рухын шейіт ретінде Раббысына тәсілім етеді.

Міне, құл өмір бойы қандай мамандықты кәсіп етпесін, қыбыла бағытынан айнымаған болса, соңғы демінде де Аллаһ Тағала бір себеппен қыбыланы табуын нәсіп етеді. Күнделікті жұмысында, отбасы ішінде, пенделік қарым-қатынастарында, құлдық міндеттерінде Құран мен Сүннет етегінен ұстап, таухид кәлимәсінің төңірегінде болып қыбыласын тапқан жандар көбіне соңғы демінде де қыбыласына бет қаратады.

Алға үлкен мақсаттар қою

Мұсылманмын деген адамның алға қойған үлкен мақсаттары болып, ол осы жолда тер төгуі тиіс. Мақсатына жете алмаса да еңбегінің сыйын Аллаһ Тағала міндетті түрде береді.

Хазіреті Осман t өзінің қолбасшыларына Жәбәлу-тарикты (Гибраалтарь) өтіп барып,

«Өлуге тұратын мақсаты болмаған адамның өмір сүруге тұратындай мақсаты да болмас».

Ең үлкен табыстар мен жеңістер қашан да үлкен әрі оңды қиялдар құра білген адамдардың қолынан келген.

Андалусияға кіру бұйрығын береді. Өйткені ол Стамбулды Батыс жағынан қыспаққа алып, басып алу ісін оңайластырғысы келген еді. Андалусия жорығына қатысқандарға ол мынадай хат жазған:

«Стамбулды тек Андалусия жағынан ғана басып ала аласыңдар. Егер Андалусияны алатын болсаңдар, ақыр заманда Стамбулды алатындардың сауабына сендер де ортақ боласыңдар, уәссәләм!»[68].

Осылай Хазіреті Османның дәуірінде Солтүстік Африканы алу аяқталып, Исламның қарсы алдында тұрған ең ұлы күш Византия батыс жағынан қыспаққа алына бастады.



Табиғун нәсілінен **Ұқба бин Нәфи** t Әмәуилер тұсында Африкаға жорыққа аттандырылып, ол Қайрауан аймағын жаулап алады. Зүһәйір бин Қайсты сол жерге әмірші етіп тағайындап, оған:

«Мен өз жанымды Аллаһ Тағалаға саттым. Сол себепті Оны жоққа

68 Ибн Кәсир, «әл-Бидәя» VII, 144; Ибн Әсир, «әл-Кәмил» III, 93; Мұхаммед Хамидулла, «Фәтхул-Әндүлүс(Испания) фи хиләфәти сәйидинә Осман сәнә 27 лилхижра», VII, 221-225, Ыстанбұл, 1978.

шығарушылармен күресімді өмір бақи жалғастырамын!», деп, өсиетін қалдырып, жолға жүріп кетті.

Ұқба t жиһадын жалғастырып жүріп, ол теңізге дейін жаулап алып барып, сол жерге барғанда тіреледі. Атын теңізге қарай айдап барып ол:

«**Уа, Раббым! Мына теңіз болмағанда, Сенің жолыңда жиһад етуімді жалғастырып, алға қарай жүре берер едім!**», — деді (Қрңз: Ибн Әсир, әл-кәмил, IV, 105-106).

Османлы тарихының адал да тақуа әрі қаһарман билеушілерінің бірі Явуз Сәлім хан 10 Қыркүйек 1517 жылы Каирден Стамбулға қайтып келе жатып, тарихқа жазылар мына сөздерімен кемел мүминнің бойындағы шоқтығы биік мақсаттың кеңдігін көрсеткен болатын:

«**Африканың солтүстігінен Андалусияға өтіп, сосын Балкандардың үстін басып өтіп Стамбулға қайтып келуді қалар едім!**».

Мысыр жорығынан кейін Үндістан мен қиыршығыс мұсылмандарына да көңіл бөле бастаған Явуз Сұлтан

«Уа, Раббым! Мына теңіз болмағанда, Сенің жолыңда жиһад етуімді жалғастырып, алға қарай жүре берер едім!», деді

(Қрңз: Ибн Әсир, әл-кәмил, IV, 105-106).

бас уәзірі Пири Мехмет Пашаны жанына шақырып алып, оған кейіннен ашылатын Суәйш каналының орнын көрсетіп тұрып:

«Мына жерден Ақтеңізді Қызылтеңізге жалғап, дариядан өтіп Үндістанға барамын!» — деген екен.

Бұл сөзімен Португалияның сол кездегі Үндістанға көрсетіп жатқан зұлымдығына бөгет болу ниетін көрсеткен Явуз хан талай әзірліктерін де жасаған. Тіпті, Пири Паша бұл мақсатқа қажетті зеңбірек топтарын да құйдырып әзірлеген екен.

Жаһангер падишах бірде жер бетінің қаншалықты кеңдігін білгісі келген екен. Оның алдына дүниежүзі картасы әкелінеді. Таңырқап әрі азсына қараған ол:

«Бір билеушіге қайдам, екі патшаға мынау аздау болар!», — деп картаны атының аяғының астына тастаған ол атына қамшы басқан екен.

Осы тұста мынаны да айтпасқа болмайды, ел жаулап алу тек топырақты қанға бояу үшін ғана жасалатын болса, бұл барып тұрған қылмыс, зұлымдық болады.

«Уаллаһи, кірпіктерің қимылдап тұрғанда, Расулуллаһты ﷺ дұшпандарынан қорғай алмай, басына бір іс түсуіне жол берсеңдер, Аллаһтың алдында айтатын ешр сылтауларың болмайды!»

Өйткені қылыш дегенің темір қару ғана. Егер ұлы мақсатта сермелмеген болса, онда ерлік жоқ. Қылыш тек зұлымдықты тоқтату және һидаяттың жолын ашу үшін ғана қолданылуы керек. Ең бастысы жүректердің алынуы.

Қызмет

Жастық жігердің қолданылуына ең лайықты іс — Аллаһ разылығы үшін жасалатын қызметтер. Дін жолындағы қызмет Хақ Тағаланың біздерді жауапты қылып қойған қоғамдық құлшылық міндетіміз болып табылады. Мұминнің өмірі бүкіл жаратылғандарға қызмет саясында береке мен мәнмағынаға ие болады. Шынайы бақыт Аллаһ үшін басқаларға қызмет етіп, қуантуда жасырылған.

Пайғамбарымыз үмметіне үнемі махаббат сыйлады. Дерті барлардың дертіне ортақ болып өтті. Бишаралардың қолынан ұстап, мұқтаждардың жанынан табылды. Осылай Аллаһтың ғинаятымен өзін жанынан артық көретін сахаба нәсілін тәрбиелеп шығарды.

Хақ Тағала құлдарына сансыз нығметтер сыйлаған. Бұл нығметтер өзге мақлұқаттарға қызмет көрсетуіміз үшін берілген. Өздеріне берілген нығметті өз уысына қысып алып, өз жанының рахатын ойлап, қызметке жүгірмейтіндер жемістен тиылған ағашқа ұқсайды.

Аллаһ Тағала қызметтің ішіне үлкен сыр жасырып қойған. Аллаһқа ғибадат ету мақсатымен жаратылған

Шейх Сағди қызметті нығмет деп білу керектігін қандай майда тілмен жеткізеді:

«Сені қайырымдылық жасауға бағыттағаны үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ет! Өйткені Аллаһ сені өз кеңшілігімен бос отырғызбады. Падишаға қызмет еткен адам қызметін оған міндет ете алмайды. Керісінше, сені қызметіне алғаны үшін сен оған қарыздарсың!».

адамның қызметі де Аллаһқа ғибадат есебіне жатады.

Аллаһ Тағала Өз дініне қызмет ететін және құлдарының азабына ортақ болып жүретін адамдардың қиыншылықтарына кепіл болады. Ал енді барлық әуре сарсаңы өз басынан аспайтындарды қиыншылықтарымен қалдыра салады.

Аллаһ жолында жасалуы тиіс қызметтен аяну — адамның рухани күйреуіне апарады. Мысалы, Әбу Хайсама t Тәбук сапарының қиындығынан сескеніп, әуелі Мәдинада әскерден қалып қойған ол өз бақшасында әйелдері әзірлеп қойған дастарханның басында отырып, Расулұллаһ пен сахабалардың қандай күйде жол жүріп бара жатқандығын ойланды. Жүрегі сыздап кетіп, өз-өзіне:

«Олар мына ыстықта Аллаһ жолында қиындықтарға төзіп бара жатқанда, менің мына ісіме не жорық?», — деді де, дастарханға қол тигізбестен, дереу жолға шықты. Тәбукте Ислам әскерін қуып жетті.

Оны көргенде Расулұллаһ r қуанышын жасыра алмай разы болып:

«Ей, Әбу Хайсама! Енді болмағанда құруға аз қалған едің!..», — деп қарсы алып, кешіріміне тілеулес болып, Аллаһқа жалбарынған болатын (Ибн Хишам, IV, 174; Уақиди III, 998).

Аллаһтың жолында тер төгу әркімнің мүмкіншілігі мен қабілетіне қарай түрлі болуы мүмкін. Барлық адамның жауапкершілігі де бірдей емес. Біреу малымен, біреу жанымен, біреу ілімімен, біреу шешендігімен, енді біреуі білек күшімен Аллаһ жолына пайдасын тигізе алады.

Аллаһтың жолында тер төгу әркімнің мүмкіншілігі мен қабілетіне қарай түрлі болуы мүмкін. Барлық адамның жауапкершілігі де бірдей емес.

Османлы мемлекетінің билеушілерінің бірі **Фәтих Сұлтан Мехмет**тің жастық шағы бұл тұрғыда жастар үшін жақсы өнеге бола алады. Балалығынан бастап оның ақыл-ойын үнемі жаулап алудың айла-тәсілдері билеген Ұлы Сұлтан елу үш күнге созылған керемет қоршаудың артынан Ыстанбұлды жаулап алған болатын.

Стамбулды алғаннан кейін үлкен шеру ұйымдастырылып, орталық алаңда оқ ату жарыстары өтіп, мейрам үш күнге созылады. Фәтих өз әскерлеріне арнаған осы сауық күндерінде Хазіреті Пайғамбарымыздың: *«Әр қауымның мырза азаматтары — оған*

қызмет еткендер»[69] — хадисін оқи отырып, тікелей өзі қызмет жасаған екен. Артынан көптеген сый-сияпаттар таратылады. Сол күні Ақшәмседдин Хазіреті орнынан тұрып былай дейді:

«Ей, қаһарман Ислам әскері! Жақсылап біліп алыңдар, Расулұллаһтың мына хадис шәрифі сендер жайында:

«*Стамбул қаласы, әлбетте, алынады. Оны жаулап алған қолбасшы — неткен жақсы қолбасшы, оны жаулап алатын әскер — қандай тамаша әскер!*» (Ахмед, 4, 335).

Қолдарыңа түскен олжаларды ысырап етпеңдер, оларды жақсы орындарға, тек қайырға жұмсаңдар. Осы елдің халқына инфақ жасаңдар. Сұлтандарыңның сөзін тыңдап, оған бас иіңдер!».

Сосын Сұлтан Фәтихқа бұрылып:

«О, сұлтан! Османлының көзінің қарашығына айналдың. Аллаһ жолында тек осылай мұжәһид болып көп жаса!», — деді де, тәкбір айтты[70].

Хазіреті Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Кез-келген қауымның мырзасы оларға қызмет еткендер!» *(Байхаки, Шуаб I, 334; VI, 334)*

Қызмет мейірімнің көрініс тапқан түрі. Ал иманның ең үлкен жемісі саналатын мейірім қолда барды мақрұмдармен бөлісуді және олардың жоқ-жітігін түгелдеуге тырысуды талап етеді.

---

69. Бәйхаки, Шуаб, 1, 334; Дәйләми, Мүснәд, 2, 324.
70 .Мұстафа Рунюн-Осман Кескиоғлу, Фатих дәуіріндегі ілім және ғалымдар, 18-19 бб.

Фәтих ешқашан бұл ұлы жеңіспен мақтанған емес. Он сегіз күндей Стамбулда болып, қала тыныштығын орнатқан соң атына ер салып, Фәтих Сұлтан Мехмет тағы бір мақсаттың жолында кете барды.

Отыз екі жылдық салтанат тағында Стамбулда тек бірнеше ай болған. Қалған өмірін үнемі жорықтан-жорыққа жүгірумен өткізген екен. Соның нәтижесінде, 200 қамал, 14 мемлекет және 2 императорлыққа тізе бүктірді.

Мына бір оқиға да оның Аллаһ жолындағы табандылығын және оның астарында тұнып тұрған рухани күшін анық байқатады.

Ана — медреселердің анасы. Яғни ана — бір мектеп. Мектеп тұғыры мықты болса, оның шәкірті болған бала да мықты болады. Мектеп осал болса, одан шыққан балалар да осал болады. Балаларға әке онша тәрбие бере алмайды. Әке таң кетіп, кеш келеді. Сондай-ақ әкенің оған шыдамы да ананікіне қарағанда аздау болады. Сондықтан бала ананың шапқаты және мейірімімен өседі. Сондықтан да Пайғамбарымыз кімге қызмет етейін деп сұраған сахабасына үш рет анаңа деп, сосын барып әкеңе деп айтқан болатын.

Аллаһ жолында жиһадтың мақсаты тек қылыш соғысы ғана емес. Қылыш тек зұлымдыққа тосқауыл болып, ақты жаю үшін қолданылатын темір ғана. Нағыз жиһад — жүректерді баурап алу.

Сұлтан Фәтих Трабзонның Рим Императорлығына қарай жорыққа шыққан кезі. Қалаға ту сыртынан соққы беру үшін таулы және ормандық жерлерден өтіп келе жатты. Кейде балташылар алға шығып, жолды ашып-ашып қояды. Жаман жолда келе жатқанда Фәтихтің атының аяғы сүрініп кетеді. Фәтих бір жартастан ұстап қалуға тырысып, тырмысып жатқанда қолдары қанайды. Осыны көрген Ұзын Хасанның анасы Сара Хатун орайы келген сәт осы шығар деп:

«Балам-ау! Ханның ұлы хансың. Ұлы Қағансың! Трабзондай кішкентай бір қамал үшін осыншама қиындық көруіңе тұра ма?», — деп қалады.

Өйткені, Трабзон Рим Императорлығымен туыстық құрған Ұзын Хасан, анасын Фәтих Сұлтанды осы жорықтан айнытуы үшін жіберген болатын. Фәтхи сырылып кеткен қолын ұстап тұрып, бой жазды да, былай деп жауап қатты:

«Ей, қария ана! Білмеуші ме едіңіз, қолымыздағы ұстағанымыз — дін Исламның қылышы. Осыншама қиындықтарды құрғақ топырақ үшін кешіп жүрміз деп ойлайсыз

ба?! Біздің бар мақсатымыз — Аллаһтың дініне қызмет. Адамдарды һидаятқа қауыштыру. Ертең Аллаһтың құзырына шыққан кезімізде жүзіміз қара болмасын деп тырысып жүрміз. Қолымызда Исламды жеткізу мен ұлықтау мүмкіндіктері тұрғанда, кішкене қиындықтарға төзбей, жан рахатының қамын ойласақ, ғази деген атауға лайық болар ма едік? Кәпір еліне Исламды біз апармасақ, олардың азғындықтарына бөгет болмасақ, Аллаһтың алдына не бетімізбен бармақпыз?!»[71].

Фәтих өз әскерлеріне арнаған сауық күндерінде Хазіреті Пайғамбарымыздың «Әр қауымның мырза азаматтары — оған қызмет еткендер» хадисін оқи отырып, тікелей өзі қызмет жасаған екен.

Қызмет жарысы

Расулұллаһ r Бәдірге кетіп бара жатқан жолында Мәдинаға 1 миль қашықтықтағы Буютус-суқяда әскерлерін тоқтатты. Сөйтті де жасы кішілерді кері қайтарды. **Сағд бин Әби Уаққас** t былай әңгімелейді:

«Расулұллаһ r жасы кіші балаларды кері қайтара бастаған кезінде бауырым **Ұмәйір**дің тығылуға тырысып жатқанын көрдім:

---

72. Қрңз: Қыналызада Али Ефенди, Мемлекет пен жанұя ахлағы, әзірлеген Ахмед Кахраман, 191-192 бб.; Мұстафа Нұри генерал, Нәтәижул-уқуғат I-II, 45

«Саған не болды бауырым?»,— деп сұрадым.

«Расулұллаһ мені кіші деп санап, кері қайтарып жібере ме деп қорқамын! Ал мен жорыққа шыққым келеді. Аллаһ Тағала маған шейіттік нәсіп етер деп үміттенемін!», деді. Шынында да, бауырым Расулұллаһтың алдына апарылған кезде оның әлі кішкентай екенін көрді де:

«*Сен кері қайтасың!*», — деп бұйырды. Сонда Ұмәйір жылай бастады. Содан соң Расулұллаһ r оған рұқсат етті. Ұмәйір кішкентай болғандықтан қылышын беліне мен байлап бердім. Бәдірде шейіт болған кезінде ол небәрі он алты жасында болатын» (Уақиди, I, 21; Ибн Сағд III, 149-150)

Ардақты Пайғамбарымыз r Ұхұд соғысына шығып бара жатқан кезде де бір жерге тоқтап, әскерін түгелдеп шығады. Соғысқа қатыса алатын жастағыларға рұқсат беріп, кішілерді кері қайтарып жатты. **Сәмура бин Жундәб** пен **Рафиғ бин Хадиж** де кері қайтарылғандардың арасында болатын. Зүһәйр бин Рафиғ:

«Уа, Расулаллаһ! Рафиғ оқты жақсы атады!», деп оның әскерге қосылуын

Біз бұл жолдағы жетістіктерімізді тек тасаввуф кітаптарын оқумен емес, оқығандарымызды мүмкіндік жеткенше амалға асырып, халыққа қызмет етумен жеттік. Әркімді Аллаһтың разылығына әртүрлі жолдан апарады. Бізге қызмет жолымен баруды нәсіп етті».

(Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті)

қалады. **Рафиғ** t оқиғаның жалғасын былай әңгімелейді:

«Аяғымда мәсілерім болатын. Өкшемді барынша көтеріп, ұзын болып көрінуге тырыстым. Сөйтіп, Расулұллаһ r менің әскерге қосылуыма рұқсатын берді. Сәмура t маған рұқсат етілгенін естігенде өгей әкесі Мурей бин Синанға:

«Әкетай! Расулұллаһ r Рафиғқа рұқсат етіп, ал мені кері қайтарды. Алайда күресетін болсақ, мен оны жеңемін!», — деді. Мурей t жағдайды Пайғамбарымызға ашып айтып еді, Аллаһтың Елшісі r бізге:

«Олай болса, кәне, күресіңдер!», — деді.

Күрестік, нәтижесінде Сәмура мені жеңді. Сонда Расулұллаһ r оған да рұқсат берді» (Табари, тарих II, 505-506; Уақиди I, 216).

Ансарлық Сәлімұлдарының басшысы Амр бин Жумух t аяғы ақсайтын сахаба еді. Төрт ұлы болатын, төртеуі де Аллаһтың Елшісімен бірге соғыстардан қалмайтын. Расулұллаһ r Ұхұд соғысына шыққан кезінде Амр да соғысқа барғысы келді. Ұлдары:

Сағд бин Әби Уаққас ✿ да Пайғамбарымызбен иық тірестіріп тұрып, мүшріктерге толассыз оқ жаудырып жатты. Жаратылыс Нұры Расулұллаһ ﷺ Сағдтың осы ерлігіне қарап тұрып:

«Ат, Сағд ат! Әкем-шешем саған пида болсын!» деген болатын.

Пайғамбарлардың сұлтаны Расулуллаһқа ﷺ көтерілген қолдар басқа кейіптер мен түрлерге еніп, күпірдің кірлі қолы мен у құсқан тілімен бүгінде де ара-тұра бой көрсетіп тұрады.

«Сен кемтар адамсың, жиһад саған міндет емес. Біз сенің орныңа да соғысып жүрміз ғой!», — деді. Амр t :

«Сендер онсыз да Бәдір күнінде менің Жәннатқа кіруіме бөгет болған едіңдер. Уаллаһи, мен бүгін аман қалсам да, шүбәсіз, бір күні шейіт болып Жәннатқа кіремін!», — деді. Сосын әйеліне:

«Бәрі шейіт болып, Жәннатқа кіріп жатқанда мен сендердің қастарыңда қалай қарап отырамын?!», — деп шықты. Сосын қалқанын алып:



«Уа, Аллаһ! Мені үйіме қайтадан қайтарма!», — деп дұға еткен соң, Пайғамбарымыздың қасына барды. Пайғамбарға:

«Ұлдарым мені Мәдинада тастап кеткісі келеді. Менің сенімен бірге соғысқа шығуыма қарсы болып отыр. Уаллаһи, мен мына ақсақ аяғыммен Жәннатты аралағым келеді!», — деді. Аллаһтың Елшісі r :

«*Аллаһ Тағала саған рұқсат етеді, жиһад саған парыз емес!*», — деді. Амр t :

«Уа, Расулаллаһ! Сіз менің Аллаһ жолында өлгенге дейін соғысып, шейіт

болуымды және мына ақсақ аяғыммен Жәннатта жүруімді дұрыс деп көрмейсіз бе?», — деді. Ардақты Пайғамбарымыз r :

«*Иә, дұрыс санаймын*», — деді. Сонан соң Амрдың ұлдарына қарап:

«*Енді әкелеріңе жиһад етуіне кедергі болмаңдар. Аллаh оған шейіттік нәсіп етер деп тілейік!*», — деді.

Амр t қыбылаға бұрылып:

«Уа, Аллаh! Маған шейіттік нәсіп ет! Мені мақрұм қалдырып, құры қол үйіме қайтарып әкелме!», — деп дұға етті де, жиһадқа қатысты. Осы арманымен күн кешкен бұл сахаба ақыры бір ұлымен бірге шейіт болды.

Аллаhтың Елшісі r ол жайында:

«*Жанымды құдіретімен билеп тұрған Аллаhқа ант етейін, Амрдың Жәннатта ақсаңдап жүріп бара жатқанын көрдім!*», — деді (Уақиди, I, 264-265; Ибн Әсир, усдул-ғаба IV, 208).

Мүминге артылар міндет — атқарған жұмыстарымен амалдарына еш уақытта қанағаттанбай, «тағы не істей аламын?», — деген оймен, жаңа, тың ізденісте болуы тиіс.

Өз уақытында сахабалардың өз жандары бағасына Аллаhтың Елшісіне кеуделерін қалқан қылып тосқандары бүгін біздер үшін Пайғамбарымыздың киелі мұрасына ие болу тұрғысында мұқияттылыққа шақыруда. Бұл біздің Мұхаммед үмметінің ортақ борышы.



Қызметтің алтын қағидалары

1) Қызметтің ешбір түрін қор көрмеу керек. Өйткені қызмет ете білудің өзі — үлкен нығмет және маңызсыз болып көрінген қызметтің Аллаһ Тағала үшін өте бағалы болуы мүмкін. Сол себепті Аллаһтың разылығына жету үшін қызметтің барлық түріне асығу қажет.

2) Қызмет ету мұрсаты Раббымыздың бізге берген сыйы. Бірақ бұл сый барлық адамға бірдей нәсіп бола бермейді. Кез келген қызметке қабілетті, жан-жақты, іскер адамдардың қаншамасы әр түрлі себептермен, мысалы, уақыты мен орыны сәйкес келмегендіктен нәсіпсіз қалып жатады.Қызмет жолында қандай да бір нығметке қол жеткізгендер Аллаһқа шүкіршілік айтып, тағы да сол нығметке себеп болғандарға алғыс сезімін жеткізуі тиіс. Өйткені солардың арқасында Хақ Тағаланың разылығына жетіп отыр.

Аллаһ Тағала қызметтің ішіне үлкен сыр жасырып қойған. Аллаһқа ғибадат ету мақсатымен жаратылған адамның қызметі де Аллаһқа ғибадат есебіне жатады.

3) Қызмет адамы алдынан шыққан қиындықтар мен қауіп-қатерлерге мойынсұнбай,қайта керісінше, одан ары жігерлене түсуі керек. Өйткені қызметтің дәрежесі пида етілген күштің мөлшеріндей ғана болады. Қызмет

бідемде өте шығатын сауық емес. Соңғы демге дейін үлкен махаббатпен атқарылуы тиіс киелі жауапкершілік. Сондықтан да қызметжандылардың азығы, сабыр, сүйеніші Ұлы Аллаһ болуы қажет.

4) Қызмет жолындағы мүмин екі нәрсені есінен шығармағаны абзал:

а)Аллаһ Тағаланы.

ә) Өлімді, яғни фәнилікті және екі нәрсені ұмытуы керек;

Ал екі нәрсені де ұмытуы керек:

а) Тәкаппарлыққа беріліп кетпеу үшін жасаған қайырымды істерін ұмытуы керек;

ә) Ешкіммен арасы суып кетпеуі үшін өзіне жасалған жамандықтарды ұмыту, яғни өзгелерге кешірімді болуы арқылы, Аллаһтың кешіріміне лайық болатын халге жетуге тырысуы керек.

Күннің айналасын жылытпауы қалай мүмкін емес болса, рухының шоқтығы биік адамдардың да жанашыр болмауы, қызметтен қашуы, азап пен зұлымдық көргендерге аяусыз болуы және айналасына жақсылық таратып тұрмауы дәл солай мүмкін емес.

Ұмытпайық, Пайғамбарлар дүниелік мұра тастамаған. Расулуллаһтың да ﷺ үмметіне қалдырған асыл мұрасы — Оның ұлық тұлғасы мен өнегелі тақуасы. Ал Оның ең үлкен аманаты — Құран Кәрім мен Сүннеті.

Дүниеге алданбау

Хазіреті Мәуләнә дүние пайдаларына алданып, өмірін тақырға отыруға сүйрелейтіндер жайында былай дейді:

«Адамдарға не болған? Олар алтын мен дүниелік малдың құлы болып барады. Хақ жолын ұстанбаған өмір не болмақ? Оны қалай түсінеміз? Дүние малының құлы болып, қу жыландай бұратылып, жер сүзіп сүмірейгені адамды көкке (яғни ақыретке) құрқол аттандыратын ақымақтық емей немене?!».

Қаншама жандар өмір садағының алтынға бергісіз құнды уақыт атты оқтарын бостан босқа, ауаға атып, ысырап етуде. Дәл кішкентай балалардың ойыншыққа алданып, уақытын өткізуі секілді. Сондықтан да негізгі нәрсені шетке ысырып қойып, қиялдың соңынан қуалау— өмірді босқа өткізіп, құр қалады және жүрегі қараңғылық астында қалудан өзге дәнеңе де емес.

Расулуллаһ r *былай ескертеді:*

«Кімнің қалауы ақырет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлық салып, шаруа-

ларын ретке келтіріп қояды. Ал дүние болса мойнын салбыратып оның артынан жүреді. Бірақ кімнің қалауы осы дүние болса, Аллаһ оның көз алдына пақырлықты қойып, істерін үйлестірмей қояды. Нәтижесінде дүниелік нәрседен оның қолына пешенесіне жазылғаннан артық түспейді» (Термези, қиямет 30/2465).

«Адамдарға не болған, алтын мен дүниелік малдың құлы болып барады. Хақ жолында жұмсалмаған деген не ол? Нені білдіреді?»

(Хазіреті Мәуләнә)

Өмірді белгілейтін таңдаулар

Дос және жолдас таңдау

Адамдардың рухани күйі бірінен— біріне өтіп, беріліп отырады. Кісі баласы қайырлы адаммен жолдас болса, жақсылыққа беттеп, ал жаманмен үзеңгілес болса, кері әсерін алады. Бұл хал — адам психологиясының ең негізгі қағидаларының бірі. Бұрынғылар мұны: «Жүзімге қарап, жүзім сарғаяр» — деген сөздермен жеткізуге тырысқан.

Кез келген адам өзі сүйетін және үнемі жанында серік болған кісіден үлгі алады. Өйткені, кісі баласының адамдық тұлғасы мен мінез-құлқы өзге адамдардікіне ұқсауға, еліктеуге бейім болып келеді. Сондықтан

да адамдар өзі байқамастан немесе әдейілеп жанында бірге жүрген адамның ерекшеліктерін көшіріп ала қояды. Бұл, әсіресе, адамның тұлғалық ерекшеліктері қалыптасатын жастық шақ дәуірінде өте маңызды.

Сондықтан да Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«**Садық жандармен бірге болыңдар!**», (Тәубесүресі, 119-аят) деп бұйырған. Шынында кез-келген адам сүйген жарының сезімдерін, пікірлерін, өмір сүру дағдылары мен бейімдігін

«Асхабу Кәһфтің иті садықтармен бірге болғаны үшін үлкен абыройға ие болып, аты Құран Кәрімге және сол арқылы тарихқа жазылды. Ал Хазіреті Нух пен Хазіреті Лут пайғамбарлардың жұбайлары пасықтармен бір болғаны үшін күпірге душар болып, Жәһаннам жолын бойлады».

«Құмаршылдармен бірге жүріп-тұрған адам бәлкім, құмар ойнай кетпес. Осылай өзін тап-таза болып қалдым деп ойлауы мүмкін. Бірақ құмаршылдармен бірге болып тұрғанында олардан жағымсыз әсерлер алады да, құмар ойнауды уақыт өте келе хош көре бастайды. Алайда бұл рухани құлдыраудың бастауы».

«Аллаһқа ант етемін, жаман жылан жаман достан жақсы. Жаман жылан көп болса, адамның жанын алар, бірақ жаман дос адамды мәңгілік отқа лақтырып, өртейді. Адам сөйлеспегеннің өзінде жаман жолдасынан бір мінез қабылдап алады. Көңілі жасырын түрде оның құлығын көшіреді, әсіресе жаман құлығын тез көшіреді. Туралықтан нәсібі жоқ, қазынасы жоқ жолдас сенің қазынаңды қолыңнан алып кетер!»

қабылдап алып, оны өз бойына сіңіре бастайды. Сондықтан — салиқалы жандармен бірге болу өте оңды нәтижелер береді.

Ғапылдармен, пасықтармен бірге болудан барынша аулақ болу керек. «**Соқырмен жатқан — қыли боп оянар»,** сөзі осы ақиқатты керемет баяндайды.

Ардақты **Пайғамбарымыз** r осы мәселені аша түсетін хадисінде былай дейді:

«Жақсы дос пен жаман достың мысалы иіссу сатушысы мен шоқты қыздыратын темір ұстасы секілді. Иіссу сатушысы саған хош иіс суын я сыйға береді, яки одан сатып аласың.

Шоқ қыздырушыға келер болсақ, я ол сенің киіміңді от ұшқынымен теседі, я болмаса оның жаман иісі киіміңе сіңіп қалады» (Бұхари, зәбәих, 38).

Шейх Сағди Ширази Құран Кәрімдегі Асхабу Кәһф қиссасын мысалға келтіре отырып былай дейді:

«Асхабу Кәһфтің иті садықтармен бірге болғаны

Расулуллаһ ﷺ былай дейді: Бұл дүние мен мұндағы нәрселердің бәрі түкке тұрғысыз. Тек Аллаһты зікір ету мен Оған жақындататын нәрселер және ілім үйрететін ғалым мен үйренгісі келетін талапкерлер бұдан тыс».

(Термези, Зүһд, 14)

үшін үлкен абыройға ие болып, аты Құран Кәрімге және сол арқылы тарихқа жазылды. Ал Хазіреті Нух пен Хазіреті Лут пайғамбарлардың жұбайлары пасықтармен бір болғандығы үшін күпірге душар болып Жәһаннам жолын бойлады».

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Аллаһқа ант етемін, жаман жылан жаман достан жақсы. Жаман жылан көп болса адамның жанын алар, ал жаман дос адамды мәңгілік отқа лақтырып, өртейді. Адам жолдасы сөйлеспегеннің өзінде кем дегенде бір мінезін қабылдап алады. Көңілі жасырын түрде оның бір қылығын көшіреді, әсіресе кемшілігін тез көшіреді. Туралықтан нәсібі жоқ, қазынасы жоқ жолдас— сенің ішкі байлығыңды алып кетеді!»

«Тек мүминмен жолдас бол! Тамағыңды да тек салиқалы тақуа кісілер жесін!»

(Әбу Дәуіт, әдеп 16; Термези, Зуһд 56/2395).

Имам Раббани Хазіреті жаман адамдарды жақсы көрудің және ондайлармен дос болудың зияндықтары жайында мынандай мысал келтіреді:

«Құмаршылдармен бірге жүріп-тұрған адам, бәлкім, құмар ойынға әуес бола қоймас.

Осылай өзін тап-таза болып қалдым деп ойлауы да мүмкін. Бірақ құмаршылдар мен бірге болған кезінде олардан жағымсыз әсер алады да, уақыт өте келе құмар ойынды дұрыс санай бастайды. Алайда бұл рухани құлдыраудың бастауы».

Сол себепті мұсылман қайырлы адамдарды дос тұтып, өзі де жақсы дос болудың үлгісін көрсетуі тиіс. Мұны Расулұллаһ r өз хадисімен бұйырады:

لاَ تُصَاحِبْ إِلاَّ مُؤْمِنًا وَلَا يَأْكُلْ طَعَامَكَ إِلَّا تَقِيٌّ

«*Тек мүминмен жолдас бол! Тамағыңды да тек салиқалы тақуа кісілер жесін!*» (Әбу Дәуіт, әдеп 16; Термези, Зүһд 56/2395).

«*Аллаһ Тағаланың назарында жолдастың ең қайырлысы — жолдасына пайдалы болатын кісі..*» (Термези, Бирр 28).

Тағы бір айтатын маңызды мәселелердің бірі: егер адам — білім мен тәрбие, ақыл секілді рухани тұрғыдан өзіне тең келетін кісімен жолдас болса, жаны жай табады.

Хазіреті **Мәуләнә** былай дейді:

«Құран көп оқып, мағынасына ой жүгірт. Оқып отырғанда ондағы Алланың сүйікті құлдарына берген сипаттарына мұқият мән бер және оларды өз бойыңнан ізде! Құранда жамандалған, Аллаһтың азабына ұшырағандардың бойындағы сол жаман сипаттар мен мінездерді де үйрен, олардан жирен. Өйткені Ұлы Аллаһ кітабында бұларды саған амалға асыруың және сабақ алуың үшін түсіріп, баян еткен. Сол себепті Құран оқылған кезде мазмұнын жақсы ұғу үшін Құранмен етене арала с!».

«Жақсы дос пен жаман достың мысалы иіссу сатушысы мен шоқты қыздыратын темір ұстасы секілді. Иіссу сатушысы саған я сыйға хош иіс береді, яки одан сатып аласың.

Шоқ қыздырушыға келер болсақ, я ол сенің киіміңді от ұшқынымен теседі, я болмаса, оның жаман иісі киіміңе сіңіп қалады»

(Бұхари, зәбәих, 38).

«Құс екеш құс та өз теңімен ұшады. Өз тобынан бөлініп басқа құстармен бірге өмір сүру — олар үшін қабірге кірумен пара—пар. Әрбір тірі жан өз теңіне құштар болады десек те,мысалы әдемі киік — есек немесе өгіздермен қалай өмір сүрсін!?».

«Табиғаты бізге сәйкес келмейтін достардың басымызға салатын бейнетін айт! Олардың жүрегімізге салатын терең жараларын айт! Ей, ұлы тұлғалар! Ей, ұлық адамдар! Естеріңді жиып, өздеріңе қайырлы дос, жақсы жолдас іздеп, табыңдар!».

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Сондай бір заман туады, ол кезде мына үш нәрседен бағалы ештеңе қалмайды: Адал ақша, шын көңілден жолдас болатын бауыр және амал ететін Сүннет»

(Һәйсәми, I, 172).

Мамандық таңдау

Адамның өміріне бағыт беретін таңдаулардың тағы бірі — мамандық мәселесі. Мұсылман баласы Аллаһ Тағаланың разылығына сай келетін және адамдарға пайдасы тиетін мамандық таңдауы қажет. Өйткені бұл тұрғыда қате таңдау жасау адамның мәңгілік бақытына тікелей немесе жанама әсерін тигізеді. Мамандық таңдау барысында адамдар арасындағы оның даңқы мен абыройынан гөрі, алдымен, Аллаһ Тағала алдындағы адалдығы мен адамгершілікке сай болуына қараған абзал. Өйткені, Хақ алдында, ризығын адал жолмен табатын қара жұмысшы — харам, лас жолмен ақша табатын басшылардан немесе жоғары лауазым иелерінен тіпті, салыстыруғада келмейтіндей, еселеп артық тұрады.

Жар таңдау

Аллаһ Тағала барлық тіршілік иелерін жұп-жұбымен жаратып, жалғыздықты тек Өзіне ғана тән сипат етіп қалдырған. Сондықтан да өзге мақлұқаттардың барлығы бір-бірлеріне мұқтаж.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Жалғыздық жаман достан қайырлы, салиқалы дос жалғыздықтан жақсы...»

(Хаким, III, 343; Байхаки, Шуаб 256/4993)

Сонымен бірге, Хақ Тағала өз махаббатына әзірлейтін дәнекер ретінде ер мен әйелге махаббат пен сүйіспеншілік сезімдерін дарытқан. Бұлардың белгілі бір заңдылық пен тәртіп-тәрбиеге сай болуы үшін неке арқылы отбасы құруды үйреткен. Сондықтан да отбасы Аллаһтың махаббатына апарар баспалдақ болуымен қатар, ұрпақтың жалғастығы үзілмеу үшін де иләһи керемет заңдылық. Неке — тек тәннің ғана қажеттілігі емес, ол рухани сезімдердің шарықтауына жеткізер жол.

«Уа, Раббымыз! Бізге көзіміздің нұры болатындай жұбайлар мен ұрпақ сыйла және бізді тақуалы жандарға жолбасшы қыла гөр!»

(Фұрқан, 74).

Үйлену арқылы нәпсілік сезімдер іске қосылып, қайырлы ұрпақтың өсіп-өнуіне себепкер болады. Хақ Тағала осы тақырыпта біздерге мына дұғаны үйретеді:

رَبَّنَا هَبْ لَنَا مِنْ اَزْوَاجِنَا وَذُرِّيَّاتِنَا قُرَّةَ اَعْيُنٍ

وَاجْعَلْنَا لِلْمُتَّقِينَ اِمَامًا

«**Уа, Раббымыз! Бізге көзіміздің нұры болатындай жұбайлар мен ұрпақ сыйла және бізді тақуалы жандарға жолбасшы қыла гөр!**» (Фұрқан сүресі, 74-аят).

Мұндай бақытты отбасы құру үшін ең әуелі жар таңдауда Исламның орнатқан

қағидалары мен принциптеріне сүйене отырып, ең бастысы абай болу. Ол қағидалар мынадай: үйленетін жандар өз жарын сұлулық, байлық секілді өткінші, яғни тек нәпсіге жағатын себептерге қарап, таңдау жасамай, одан гөрі иманы мен тәрбиесі секілді рухани сипаттарына көбірек мән бергені абзал. Бұл жөнінде Хазіреті Пайғамбарымыз r былай дейді:

«Әйел төрт ерекшелігіне, яғни материалдық жағдайы, сұлулығы, тегі мен діндарлығына қарай некеленеді. Сендер діндарларын таңдаңдар, қолдарың қайырға толсын!..» (Бұхари, неке, VI, 123; Мұслим, радаъ, 53).

Бұл хадис шәриф — еркектің бойында болуы тиіс ерекшеліктерді де меңзеп тұр. Өйткені әр мүмин үшін тақуалықтан кейінгі ең бағалысы — үйленетін жарының ізгі амалдарға бойсұнған жан болуы. ***Салиқалы еркек — бақыт сарайының шайқалмас тірегі болса, салиқалы әйел — бақыт бақшасының ең қымбат сәнді безендірушісі немесе жауһары***. Бұл ақиқат хадис шәрифте былай баян етіледі:

«Адамның көркі — иманында, мәрттігі мен абыройы —

Ардақты сахабалар бір күні: «Біздер бірге отырып, бірге тұруға ең қайырлы адамдар кім?», деп сұрағанда Расулуллаһ ﷺ:

«Оны көрген көздеріңде өз күйімен сендерге Аллаһты естеріңе салатын, сөйлеген кезінде ілімдеріңді арттыратын және жасаған амалдарымен сендерді ахіретке бағыттайтын адам», деді.

(Һәйсәми X, 226)

ақылында, тектілігі мен сұлулығы — алған тәрбиесінде жатады».

Және отбасы арасындағы арасындағы теңдік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс маңызды мәселелердің бірі де бірегейі. Ол теңдік — материалдық жағдайы, салт-дәстүр және мәдениеттері бір-біріне жақын болуы секілді түрлі жағдайларына қарай анықталады.

Бәріміз көріп отырғанымыздай, үйлену кезінде қате таңдаулар жасаған жастар уақыт өте келе ажырасу арқылы өздерін де, балаларын да, отбасын да тағдыр тәлкегіне салуда. Одан да қорқыныштысы — қаншама ғапыл жандар үйленуден қашқақтап, талай күнә мен харам істің басын шалып, қор болып жүр.

Ақылды әйелмен үйленген адам көп нәрсеге қол жеткізгені. Ақылды әйел баға жетпес қазынадай. Оған иелік еткен адам оған мейірімді болсын және нәзік қарым-қатынаста болсын, оны қадір тұтсын....

Ақылды әйел деп отырғанымыз Аллаһ пен Пайғамбарын лайықты түрде таныған әрі құлшылық міндеттерін тиянақты атқаратын, жұбайына құрмет көрсету керектігін білетін, оның шариғатқа сай әр талабын орындайтын әйел».

(Мұса Әфенді рахматуллаһи аләйһ)

Үйленетін жас жұбайлар арасында теңдік пен үйлесімділік өте маңызды мәселе.

Хазіреті Мәуләнәның айтқанындай:

«Аяқта аяқ киімнің біреуі тар болса егер, екеуі де іске жарамайды».

Осындай ұлы ниетпен жасалмаған неке-лер мен басқосулар адамның жаратылу мақсатына теріс болғандықтан, үлкен қасірет пен күйреуге апарып соқтырады. Бұл бір отбасын алып қарасақ та, бүкіл бір халықты алып қарасақ та — осылай. Сол үшін де некесіз қосылу дінмен тыйым салынып, Хақ құзырындағы ауыр жазалардың бірі саналып, үлкен күнә ретінде харам етілген.

Бұл — неке атты киелі істі мойнына жауапкершілік жүгі етіп артқан адамдар мен жындарға ғана тән жағдай. Өзге мақлұқаттар бұл тұрғыда еркіндікке жіберілген. Олай болса, адамның қасиетті борышы — адамгершілік абыройы мен шарапатын сақтап қалуы.

Демалыс уақыттарын пайдалы кітаптар оқумен тиімді өткізетін жастардың өмірімен компьютер алдында интернеттің нәпсі қоздыратын сайттарында алтын уақыттарын жоғалтатын жастардың өмірі бірдей сапада болмайтыны анық.

Іс (хобби) таңдау

Исламда бос уақыт пен ештеңе істемей өткізетін демалыс деген түсінік жоқ. Аллаһ Тағала бұл жайында былай дейді:

«**Бір істі тындырсаң, дереу келесі іске жармас! Осылай Раббыңа одан әрі жақында!**» (Инширах сүресі, 7-8-аяттар).

Адам демалуға бөлетін уақытында да бір іспен айналысып, өзіне пайдалы және жағымды хобби таңдай білуі керек.

Расулуллаһ ﷺ мұсылмандарды оқ ату, ат пен түйе бәйгесі секілді хоббилермен айналысуға шақыратын. Әйелдерге де өз табиғаттарына сай тоқыма, тігін, нақыш және үй шаруалары секілді ермектер өсиет ететін.

Адамдар өз әдеттерін өздері жасап алады. Бірақ содан соң, сол әдетінің құлына айналып кетеді. Таза ниет пен, жәй ғана қызығушылықпен басталған істер уақыт өте келе адамның өмірін тұтастай өзгертіп жіберуі бек мүмкін.

Мысалы, демалыс уақыттарын пайдалы кітаптар оқумен тиімді өткізетін жастардың өмірімен компьютер алдында интернеттің нәпсі қоздыратын сайттарында алтын уақыттарын жоғалтатын жастардың өмірін салыстыруға еш келмейді. Пайдалы істермен айналысқан адам — дүниесімен ақыретін байытса, уақыт ысрабы саналатын хоббилердің соңынан ергендер — оның зияндықтары мен өкінішін тартатын болады.

Сол себепті спорт, музыка, ойын-сауық және адамды өзіне басы бүтін тартып алатын хоббилер мен әдеттерге өте абай болу керек.

Хазіреті Мәуләнә адамдардың әдетке айналдырған қате іс-амалдары жайында мынадай мысал келтіреді:

«Сөзі жылы, жұмсақ, бірақ ісі қатты бір адам жол үстіне

тікенді өсімдік егіп қояды. Жолдан жүріп өткендер оған ескертіп, «Мыналарды жұлып таста!», — десе де, ол құлақ аспайды.

Тікен барған сайын ісініп, үлкейе береді. Халықтың аяғы тікенге шырмалып, қанға боялатын болды. Киімдері тікеннен жыртылып, жалаң аяқ кезіп жүрген пақырлардың аяғы тілім-тілім қанға боялды.

Әкім әлгі кісіге: «Мыналарды жұлып тастауың керек!», — деп бұйрық шығарған кезде, ол: «Мейлі, бір күні жұлып тастайын!», — дейді. Біраз уақытқа дейін ол: «Ертең жұламын, әне жұламын, міне жұламын», — деп уақыт созып жүріп алады. Осы уақыт аралығында тікен одан сайын көк салып, тамыры тереңге жайылады.

Бір күні әкім оған: «Ей, сөзінде тұрмаған, уәдесін ұмытып кеткен адам, бері кел, бұйрығымызға ат үсті қарамай, дереу орында!», — деді.



Зиянды тікенді еккен адам: «Тақсыр, алдымызда әлі талай күн бар, қам жемеңіз, күндердің бір

Неке — пайғамбарлардың жолы, Расулұллаһтың сүннеті, ұрпақтың көктемі, ер мен әйелдің абыройы мен ары, намыс пен ізеттің берік қамалы және адамның өзге жаратылыстардан көркем айырмашылығы.

Жас мұсылманның Хақ құзырында адалға жатпайтын хоббимен айналысуы әрине ақылға сыймайды. Сонымен қатар мубах болғанымен адамға пайдасы да зияны да жоқ хоббиге уақыт кетіру де бір жағынан уақыт ысырабы болады. Сондықтан да мұсылманның хоббилері әрқашан шариғатқа сай және пайдалы істер болуы керек.

күні тазалаймын ғой!», — деді. Әкім оған: «Сен мұны ертең істеймін деп жүре бересің, бірақ мынаны біліп ал, күн өткен сайын ол тікендер одан ары күшейіп барады. Ал оны жұлып тастаймын деген адам күн өткен сайын қартайып, қауқары кетіп бара жатыр. Тезірек болмасаң, уақытың өтіп кетеді...».

Міне, сен де әр жаман мінезіңді тікен деп біл. Ол тікендер кім біледі, қанша рет сенің аяғыңа батты, сені жаралап, әлсіретті. Сен өзіңнің табиғатыңа ауру жұқтырдың. Бірақ сезімің күшті болмағандықтан, бұл аурудың себебін ұға алмай жүрсің.

Жаман мінезіңнің басқаларды мазалайтынын, жаралайтынын білмейсің, сенің тіпті, өз жарақаттарыңнан да хабарың жоқ. Бұл күйіңмен сен — өзіңе де, басқаларға да дертсің, азапсың!

Сен не балтаны қолға ал, еркекше ұрып, Хазіреті Әли секілді Хайбар қамалының есігін қопарғандай қопарып таста. Немесе мына тікенді гүл бағына айналдыр. Яғни, оны гүл бұтағымен шағыстыр, сонда ол гүлге айнала бастайды...».

Расулұллаһ r мұсылмандарды оқ ату, ат пен түйе бәйгесі секілді істермен айналысуға шақыратын.

Әйелдерге де өз табиғаттарына сай тоқыма, тігін, нақыш және үй шаруалары секілді ермектер өсиет ететін. Қарап отырсақ, бұлардың бәрі белгілі бір пайдасы бар істер. Сол арқылы адамдар бос уақыттарында жаңылыс жолға түсіп кетуден сақтанып, үнемі дамып отырады. Сөйтіп, Ислам атын ең абыройлы түрде алып жүруге лайық адам болып, тәрбиеленіп шығады. Бірақ мынаған абай болу керек: мұндай ермектермен айналысқан кезде де киім-кешек пен мекен-жайға көңіл бөлу қажет. Ислами киінуге сай келмейтін киімдерді киіп алып, қыз бен ер балалар аралас ортада спорт және басқа да хоббилермен айналысуға Исламда орын жоқ.

Физика бостықты қабылдамайтыны секілді көңілдер де бостықты қабылдамайды. Имам Шәфийдің айтқанындай «Сен нәпсіңді хақпен айналыстырмасаң, жалған сенімен айналысады».

Османлы падишалары мемлекет басқарудан тыс уақыттарында түрлі өнер салаларымен айналысатын. Көпшілігі өлең жазу, әдебиет, көркем сөз және саз әуенінде шебер кісілер болатын. Мысалы, **Фәтих Сұлтан Мехмет**тің бағбандыққа, бақ өсіруге ерекше ықыласы бар еді. Сонымен қатар, ол оқ ату үшін саусаққа тағатын жүзіктер, белбеу және қылыш қындарын да өз қолымен жасағанды ұнататын.

Өткен уақытты қайтарып әкелу мүмкін емес. Сондықтан да салиқалы амалдар жасаудың күні бүгінгі осы күнің. Бойымыздағы аманаттың бәрін Шын Иесіне табыстаудың күні бүгінгі осы күнің. Сол үшін зой «Ертең істеймін!» дейтіндер құрыды», дейтіндері.

Явуз Сұлтан Сәлімнің хоббиі зергерлік екен.

Сұлтан I Махмут жұлдыз зерттеушісі, оюөрнекші және зергер еді. Еңбектерін базарға шығарып саттырып, ақшасын садақа қылып таратады екен. Бір күні уәзірі оған:

«О, мәртебелім! Халықтың қазынасы сіздікі емес пе. Неліктен осыншама әуреге салынасыз?», — дегенде:

«Халықтың қазынасын халыққа жұмсау керек. Екіншіден, адамның маңдай терін төгіп тапқан ақшасының зауқы басқаша болады!», — деп жауап берді[72].

Сұлтан II Абдулхамиттің атқа міну, жүзу, садақ ату секілді өнерлері бар болатын. Сондай-ақ, сәндік және безеу істерінде шебер болуымен қатар, ағаштың да керемет ұстасы. Ара-тұра өзінің шеберханасында жұмыс істеу арқылы демалады екен. Ол жайында ауыздан-ауызға жеткен мына оқиға керемет баяндайды:

— 1897 жылы Түрік-Грек соғысы жеңіспен аяқталған еді. Тек Абдулхамит Ханның қуанышын

72. Қрнз: Зеки Кушоғлу, Кешегі қолөнеріміз және мәдениетіміз, 26 б., Ыстанбұл, 1994

бір мұң көлегейлеп тұрғандай болды. Сұлтан соғыста жараланғандардың бәрін Стамбулға әкеліп, оларды ең жақсы ауруха-наларға және Шишли ауданында жаңадан салдырған ауруханасына, сондай-ақ, көрме ғимараты-ның ішіне де орналастырып, емдеу ісін жүр-гізе бастайды. Жаралылардың халін күн сайын бақылап отырады. Мейірімді сұлтан бір күні шеберханасына барып, Жүзбасы Мехмет Әфәндіге:

«Қане, Мехмет ұста! Жүз елу дана таяқ кесейік!», — деп үн қатты. Жүзбасы таңқалып, қызыға сұрайды:

«Бұйрық тақсырдан, бірақ мұнша таяқты не істейміз?».

Қайырлы бір іс істеудің қуанышы жүзінен байқалып тұрған Сұлтан былай жауап береді:

«Сұрастырып шықтым, әскерлеріміздің көбісі аяқтарынан жараланған екен. Бұлар жазыла бастаған кезде таяқ оларға қажет болады. Оларды ауруханадан шығарып, үйле-ріне аттандырар кезде, бір-бір таяқ сыйға тартқым келеді».

Кануни Сұлтан Сүлеймен көптеген Османлы падишалары секілді талантты жан еді. Қабілеті оны ақындыққа көбірек итермелеген-ді. Көптеген өлеңдер жазып қалдырған оның диуанында шумақтарының саны үш мыңға жақындайды.

Жастық және Гәлім

ПАЙДАЛЫ ІЛІМ ҮЙРЕНУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Ілім — өзіңді тану

Барлық ілімдер — Аллаһ Тағаланың жаратылыс пен табиғи құбылыстарға жасырып қойған заңдылықтарын табудан ғана тұрады. Ал ілімдердің алға басуы — сол ашылулардың көбеюі арқылы жүзеге асады. Бірақ табиғат заңдылықтарын ашып қана қою шынайы мағынада **білім** емес.

Білім — туындыға қарап, авторына жол тауып, ғаламды билеп тұрған осы заңдылықтардың ұлы Иесін тану. Оның құдіреті мен ұлылығын ұғынуға тырысу. Ал нәтижесі Оның разылығына жету үшін еңбектенуге апарады.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Ілім үйрену әр мұсылманның мойнындағы парызы!».

(Ибн Мәжә, муқаддима 17)

Хазіреті Пайғамбар ﷺ құлды ақиқат пен тақуалыққа жетелемейтін, нәпсіқұмарлықтан құтқармайтын пайдасыз ілімнен Аллаһқа сиынып қашқан».



Шынымен пайдалы білім материялдық білімдер мен рухани білімдерді бірлестіре отырып, меңгеріледі. Ілімнің бұл екі жақтылығы қос қанат сияқты. Сіз өмірде бір қанатпен ұшқан құс көрдіңіз бе?..

Білім — иләһи керемет салтанаттың нақыштарына ғашық болып, жаратылыстың тілсіз тілін түсіне бастау. Хикметке ғашық болып, ғалам атты көрменің сөрелеріне қойылған иләһи сырларды тани бастау.

Білім — қажеттілікке жауап беретін амал-шараларды табу. Ал ең басты қажеттілік аятта баяндалғандай: «**Мұсылман болған күйде жан тапсыра білу**»[73].

Ілімді, міне, осы мақсатпен үйренетін, яғни, оны дүниетанымына айналдыра білетін адам ақиқи мағынада «білгір» деп аталуға лайықты.

Хазіреті Юнус Әмре ақынның бұл жайындағы мына шумақтары талай сырды үйретеді:

Білім — білім білгенің,
Білім — өзіңді білгенің.
Сен өзіңді білмейсің,
Оқу сенің не теңің?!..
Оқығанның мәні не?
Кісі ақысын білуде.
Неге оқыдың білмесең,
Босқа кеткен әуре де.

73. Крңз: Әлу Имран 102

Оқыдым, білдім деме,
Көп тағат қылдым деме.
Егер Хақты білмесең,
Құры сөзбен білгенің.

Адам баласы үшін тек дүниелік, материялдық білімдер жеткіліксіз. Олар тек шынайы ілімге көпір қызметін ғана атқара алады. Шын мәніндегі пайдалы ілім материялдық білімдер мен рухани білімдерді бірлестіре отырып, меңгеріледі. Ілімнің бұл екі жақтылығы қос қанат сияқты. Сіз өмірде бір қанатпен ұшқан құс көрдіңіз бе?..

Ақиқи ілімге қол жеткізу былай тұрсын, арзан білімдерінің өзін түкке тұрғысыз құмарлықтарына құрал қылып пайдаланып, адамдарға зұлымдық жасайтындар бар. Бұлар, негізінде, ілімге қиянат, опасыздық жасағандар.

Сол себепті ілімнің бізге пайдалы болуы үшін нәпсінің әлсіз тұстары түзетіліп, ақыл мен ерік-жігердің Құран мен Сүннетке бағынышты етілуі керек. Рухани тәрбиеден жұрдай болып алынған материялдық білім адамды жағымсыз жолға алып кететін алданышқа айнала салуы оп-оңай.

«Қанша жерден оқысаң оқы, білгеніңе сай қылық көрсетпесең надан болғаның!».

(Шейх Сағди Ширази)

Амал етілмеген хикметті сөз қарызға алынған сәнді киім сияқты. Мұны осылай білгейсің!..»

(Хазіреті Мәуләнә)

Бір өкініштісі, бүгінде білім беру салаларында адамның тек зейін қабілетіне ғана назар аударылатын болып бара жатыр. Оның ахлағы, мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттеріне қажетті көңіл бөлінбейтін болып кетті. Алайда, шын туайтында, ілімнің мәні мен мағынасы осы бір рухани қасиеттерге тікелей байланысты. Ілімін дүниетанымға байланыстыра алмаған адам, мысалы, құқық білімін үйренген соң, ақиқат пен әділдікті жақтаудың орнына залым жендет болып кетпеуіне кепілдік жоқ.

Дәл сол сияқты медициналық білім алған адам шипа берудің орнына адамдардың дертін асқындырып, басын қатыруы ғажап емес. Мейірім мен махаббат атаулыдан жұрдай басшы — өз білімін қол астындағыларды езіп-жаншуға ғана жарата алатын қатігез болып шығуы мүмкін. Мұндай жандар надан адамның келтіре алмайтын зиянын ілімінің арқасында еселеп отырып, артығымен жасай алады.

Олай болса, ілім — адамның көңіл әлемін де,

өлімнен кейінгі дүниесін де нұрландыратын жарық сәулесі болуы тиіс.

Ілім — амалға асыру үшін қажет

Ілімнің ақиқаты оның өмірдегі тәжірибесі арқылы көрінеді. Білгендерін ісімен көрсете алмаған ғалым «**Кітап арқалаған есек**»[74] аятында келтірілген мысалдағыдай мәні мен мағынасы жоқ пен тең.

«Ілім ғалымның жаттаған нәрсесі емес, пайдасын көргендері».
(Имам Шәфий рахматуллаһи aләйһ)

Ілім адамды Хаққа, ақиқатқа, тақуалыққа, салиқалы амалдарға жетелейтін болса ғана нағыз ілім болып саналады. Әйтпесе, Шайтанда да ілім болған, Қарұн да ілімі бар кісі еді. Бірақ ілім олардың менмендігін өршітіп, тәкаппарлықтарын арттырған болатын. Сондықтан да ілім лайықты түрде қорытылып, амалға аспайтын болса, мінез-құлыққа игі әсер етпесе, барлық еңбек зая кеткені. Пайғамбарымыз r мұндай ілімнен құтқаруы үшін Аллаһқа жүгінетін:

«Уа, Аллаһ! Пайда бермейтін ілімнен, хұшұғ сезінбейтін жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл көрмейтін дұғадан Сенің қорғауыңа жүгінемін!» (Муслим, зікір 73; 13, 65).



74. Қрңз: Жұма 5.

Имам Ғазали Хазіреті былай дейді:

«Өміріңнің аяқталуына бір апта қалғанын естісең, сол қысқа уақыттың ішінде өзіңе пайдалы болатын біліммен айналысарсың. Дереу өзіңнің жүрегіңді тексеріп, дүниелік арзан құмарлықтардан байланысыңды үзіп тастарсың. Көркем мінезге орануға тырысып бағасың. Алайда адам баласы кез келген сәтте, күн-түн демей бақилық болуы әбден мүмкін.

Олай болса, Аллаһтың ұлылығы алдында сезіміңді оятып, руханиятыңды көркемдейтін іліммен қазірден бастап айналыс!».

«Балам! Саған өсиетім мынау: бүкіл жан күйің ілім мен әдепке, тақуалыққа негізделсін. Өткен халықтардың қалдырған мұраларын зертте, әһлус-сүннет уәл-жамағат жолымен жүр. Фиқһ пен хадис ілімдерін үйрен, надандардан аулақ бол!».

(Абдулхалиқ Гуждувани Хазіреті)

Сәлмән әл-Фәриси t Тигр өзенінің жағасында кетіп бара жатқанда қасындағы жолдасы еңкейіп су ішеді. Сәлман t :

«Кәне, тағы бір жұтым іш!», — деді. Жолдасы оған

«Жоқ, қандым!», — деп жауап берді. Хазіреті Сәлмән:

«Жарайды, ішкен суың өзеннен бірдеңе кемітті деп айта аласың ба?», — деп сұрады. Жолдасы жоқ деген соң, Сәлман t былай деді:

Бір күні Пайғамбарымыздың қасына бір пақыр келіп жейтін бірдеңе беруін сұрайды. Алланың Елшісі r одан:

«Сенің үйіңде ешқандай дүниең жоқ па?», деп сұрайды. Ол кісі:

«Жартысын жамылып, жартысын жерге төсеп жүрген бір киізіміз бен су сақтайтын ыдысымыз бар», деп жауап береді.

Ардақты Пайғамбар r :

«Соларды маған алып кел!», деп бұйырады.

Пайғамбарымыз r оларды қолына алып, айналасындағыларға қаратып:

«Мыналарды кім сатып алғысы келеді?», деп сұрайды.

Сахабалардың бірі оларды бір дирһәмға алатынын айтады. Расулуллаһ r :

«Бұдан артық беретін ешкім жоқ па?», деп бірнеше рет дауыстап көріп еді, екі дирһәм төлейтін адам шығып, соған сатып жіберді. Ақшаны кедей сахабаның қолына беріп:

«Мынаның бір дирһәмына жанұяңа тамақ ал. Қалған ақшаға бір балта сатып алып маған кел!», деді.

Пайғамбарымыз r балтаны өз қолымен саптап беріп:

«Енді мынаумен бар да, отын кесіп әкеліп сат! Он бес күн жұмыс істе де маған қайтып кел!», деп жібереді.

Сол сахаба он бес күннен кейін Пайғамбарымыздың жанына келді. Он дирһәм тауыпты, ол ақшаға өзіне және жанұясына киім мен азық алыпты. Расулуллаһ r бұған қатты қуанып былай дейді:

«Қайыр тілеу қиямет күні жүзіңе қара дақ болып көрініп тұрғанша, мынау сен үшін әлдеқайда қайырлы емес пе?». (Әбу Дәуіт, зекет 26/1641; Ибн Мәжә, сауда 25)

«Міне, ілім де осылай, дәні түгесілмейді. Олай болса, саған пайда беретін ілімді игер!», — деп өсиетін айтты (Әбу Нұғайым, хилия I, 188).

Жан құтқарар ілім

Араб тілінің ғалымы бір кемеге мінеді. Сапар барысында іліміне мастана сөйлеп, мақтанып, кеменің жүргізушісін әңгімеге тартады. Кеме жүргізушісіне араб тілі жайында бірнеше сұрақтар сұрап, оның «білмеймін» дегенін естіген сайын жаны кіріп, мұрынын көкке шүйіріп:

«Обал болыпты, надандығыңнан өміріңнің жартысын босқа өткізіпсің!», — дейді.

Таза жүректі кеме жүргізушісі оның бұл төмендетуінен көңілі қалса да, кемелдік танытып, жаман сөзбен жауап қайырмады. Сөйтіп келе жатқанда үлкен дауыл тұрып, кемені алай-түлей етіп жібереді. Барлығы жан таласып, жанұшыра жүгіреді. Қарбалас ішінде кемеші араб тілі ғалымына қарап:

«Ұстаз! Ал сіз жүзу білесіз бе?», — деп сұрайды.

Хадистердің бірі былай дейді:

«Аллаһ Тағала құлының халал ризық қуалап, шаршап жүргенін көргенді ұнатады».

(Суюти, Жәмиғус-сағир I, 65)

Ғалымның жүзі бір сарғайып, бір қарайып, кекештене:

«Жоқ, білмейді екенмін!», — дейді.

Сонда кемеші көңілі түсіп былай дейді:

«Араб тілін білмегенім үшін менің жарты өмірім босқа өткен болса, жүзу білмейтіндігіңіз үшін сіздің бар өміріңіз босқа кетті дей беріңіз. Өйткені бұл кеменің дауылдан құтылу мүмкіндігі жоқ. Ей, тіл ғалымы! Тіл ғылымынан гөрі жүзу білудің әлдеқайда маңыздырақ екенін білмеуші ме едің?..».

Бұл фәнилік денеміздің кемесі өлім дауылына ұсталған кезде амалға аспаған, дүниетанымға қолданылмаған және тек нәпсінің рахатына үйренілген ілімдер пайда бермейді.

Күнә дауылының тырнағынан құтылудың жалғыз шарасы халалды, харамды білу және соларды амалға асыру. Тек осындай ілім ғана біздерді екі дүниенің бақытына жеткізе алады.

«Өмірімді жаңадан бастай алсам, Хақ пен ақиқатқа ғашық мұғалім немесе елге шипа тарататын дәрігер болар едім. Өйткені екеуінде де адамзатқа қызмет бар».
(Мұса Топбаш, -рахматуллаһи aләйһ-

КӘСІБИ БІЛІМ

Аллаһ Тағаланың адамдарға берген зейін қабілеті мен бейімділігі әралуан

Құран Кәрім Пайғамбарлардың рухани халі мен сипаттарының баяны. Құран Кәрімді хушуғ сезімімен отырып оқып, амалға көшірсең, өзіңді пайғамбарлармен, әулилермен бірге болып келгендей болып есептей бер. Пайғамбарлар қиссаларын оқыған сайын тән қапасы жан құсына тар келе бастайды!».

(Хазіреті Мәуләнә)

болып келеді. Адамдардың осындай қабілеті мен талаптарының нәтижесінде түрлі мамандықтар пайда болған. Қоғам тәртібінің жалғасуы үшін түрлі мамандықтар мен оның мамандары, әлбетте, қажет. Мамандық таңдау барысында назар аударылатын басты мәселе — халал мен харам шегіне абай болу.

Ислам діні жұмыс істеп, еңбек етуді, кәсіп үйреніп, мамандыққа ие болуды және халал жолмен ризық табуды ғибадат санатына жатқызып, бұған ерекше мән береді. Барлық пайғамбарларға қарап отырсақ, бәрі бір-бірден кәсіп меңгерген екен. Зәкәрия u — ағаш ұстасы, Дәуіт u — темір ұстасы, Ыдырыс u — тігінші, Аллаһтың соңғы Елшісі r — қойшылық пен сауданы кәсіп қылған болатын.

Хадистердің бірі былай дейді:

«Аллаһ Тағала құлының халал ризық жолында шаршап жүргенін көргенді ұнатады» Суюти, Жәмиғус-сағир I, 65).

Расулұллаһ r былай дейді:

«Ешкім өз еңбегімен тапқан нәсібінен асқан қайырлы ризыққа кенелген

емес. Аллаһтың Пайғамбары Дәуіт u *өз қолымен, еңбектеніп, тапқан ризығын жейтін»* (Бұхари, Бұюғ 15, әнбия 37).

Барлық істері ілім мен ғибадаттан ғана тұратын Асхабұ Сұффа шәкірттері өз қажеттіліктерін табу үшін жұмыс істейтін. Күш-қуаты жететіндері таудан отын әкелумен, су тасып әкеліп берумен табыс табуға тырысатын. Тапқан ақшаларын инфәққа жұмсап, жолдастарына тамақ алып беретін[75]. Өздерінің абыройы мен ізетін төмендетіп, ешкімнен ештеңе тіленбейтін.

Ұқба бин Амр t былай дейді:

«Садақа жайындағы аят[76] түскен соң арқамызға жүк тасып, тапқан табысымыздан инфәқ жасай бастадық...» (Бұхари, зекет 10; Мүслим, зекет 72).

Хазіреті Омар t пақырлық пен жалқаулықты, уақытты босқа

Әбу Зәр ﵁ былай дейді:

«Уа Расулаллаһ! Маған насихат айтыңызшы!», дедім.

«Саған тақуалықты насихат етемін, өйткені тақуалық — барлық істің басы», деді.

Мен қайталап:

«Уа Расулаллаһ! Маған біраз тағы насихат айтыңызшы!», дедім.

Пайғамбарымыз ﷺ:

«Құран оқуға және Аллаһты еске алуға көңіл бөл! Өйткені Құран — жер бетінде сенің үшін нұр, көк жүзінде саған азық», деді.

(Ибн Хиббан, Сахих II, 78)

75. Бұхари, мағази 28, жиһад 9; Ибн Сағд III, 514
76. Садақа аяты Тәубе сүресінің 103 аяты: «Олардың малдарынан садақа алып, онымен оларды тазарт. Әрі олар үшін қайыр дұғасын жаса. Өйткені сенің дұғаң олар үшін үлкен жұбаныш. Аллаһ естиді, біледі».

жүрумен өткізуді жек көретін:

«Ешбіріңді не дүние ісімен, не ақырет ісімен айналыспай, бос жүргеніңді көру маған ұнамайды», деп айтатын (Әбу Ғудда, Уақыттың қадірі, 97).

Ардақты сахабалар үшін уахидің түсуі көктен түскен және дәміне тойым болмайтын иләһи сыяпат дастарханындай еді. Қашан бір аят түскенін естісе, дереу сол иләһи дастарханға жүгіріп, үлкен толқыныспен «Апыр-ай Жаратқанның ризалығы қай амалда екен?», сауалының жауабын жаңа түскен бұйрықтардан үйреніп-білуге тырысатын.

«Әрекетте берекет бар», — деген сөз бар. Адам баласы әрдайым қайырлы іспен айналысып, бос уақыт қалдырмай, сол арқылы нәпсісі мен Шайтанға еш мүмкіндік бермеуі керек.

Сонымен қатар, босқа отырған адам қажетсіз сандырақтарға кіре бастайды. Сөйтіп, бос мылжыңымен өзіне де, басқаларға да зиянын тигізеді. Сол себепті **Хазіреті Омар** t өз ұлдарына мынадай ескерту жасайтын:

«Таңды атырған соң, бәрің сан-саққа тараңдар (әркім өзіне бір іс тапсын). Бір жерде үймелеп отырмаңдар! Өйткені бір жерге жиналып отырсаңдар, бір-біріңмен келіспей қалып, араларыңда реніш шыға ма деп қорқамын» (Бұхари, әл-әдәбұл-мүфрад 415).

Олай болса, әр жас мұсылман Хақ Тағаланың өзіне берген мүмкіншіліктерін ең жақсы түрде пайдалануы тиіс. Кімнің қай салаға

Әбу Бәкір Уаррақ Хазіретінің кішкентай бір баласы бар еді. Ұстазынан Құран дәрісін алып жүреді екен. Бір күні мектептен өң-жүргасы түсіп, дірілдеп келеді. Әкесі есі кетіп:

«Не боп қалды балам? Мына түрің, мектептен неге ерте келдің?»,деп сұрайды. Ұлы:

«Әке, бүгін ұстазымыз маған Құраннан бір аят үйретті, оның мағынасын ойлаған сайын қорыққанымнан осындай күйге жеттім», деді.

«Балам, ол қандай аят еді?», деп еді, баласы сол аятты оқи бастады:

«Егер күпірлік етсеңдер, балаларды ақ шашты қарттарға айналдыратын сол күннен өздеріңді қалай құтқармақсыңдар?» *(Муззәммил, 17).*

Содан соң буыны қатпаған бұл жас бала сол аяттың үрейі мен айбатынан сары уайымға салынып, төсек тартып, ауырып қалады. Көп ұзамай, рухын Раббысына тәсілім етеді.

Әбу Бәкір Уаррақ ұлының қабірін жиі зиярат етіп, жылап отырып былай дейді екен:

«Ей, Әбу Бәкір! Ұлың Құраннан бір аят үйренді де, Аллаһтан қорыққанынан рухын тәсілім етті. Сен болсаң, қанша уақыттан бері Құран оқисың, бірақ әлі де баланың қорыққанындай қорықпайсың!..».

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жіберілген әр пайғамбарға адамдардың иманға келуіне уәсиле болатын бір мұғжиза міндетті түрде берілген. Маған берілген мұғжиза — ол Аллаһтың жіберген кітабы Құран. Сол себепті Қиямет күні үмметімнің басқалардікінен көбірек болатынынан үміттенемін».

(Бұхари, Иғтисам 1)

қабілеті болса, өзін сол бағытта дамытуға жігер жұмсауы керек. Мысалы, ілімге қабілеті бар адам пайдалы іліммен айналысып, сол салада жоғары дәрежелерге жетуге талпынғаны абзал. Басқару қабілеті бар адам соның іліміне бейімделумен қатар, өз жауапкершіліктерін де үйренуі керек. Өзге кәсіптік қабілеттерге айтарым сол.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Адамдардың ең қайырлысы — өзгелерге пайдасы тиетін жандар» (Бәйхаки, Шуаб VI, 117; Ибн Хажар, мәталиб I, 264).

Осы сүйіншіге қол жеткізу үшін мұсылман жас ең пайдалы кәсіп таңдауы керек.

Жас мұсылманның өмірлік жолбасшысы — ҚҰРАН КӘРІМ

Құран Кәрім бізге былай дейді:

«**Рахман** (мейірімі шексіз Аллаһ) **Құранды үйретті. Адамды жаратты да оған сөйлеуді үйретті**» (Рахман сүресі, 1-4-аяттар).

Аллаһ Тағала алдымен Құранды үйреткенін айтып, сосын адамды жаратқанын баяндайды. Бұдан мына нәтижені шығаруға болады:

«Аллаһ Тағала Құранды үйрету үшін адамды жаратқан. Ал баянды, яғни, сөйлеу мәнерін, шешендік өнерді Құранды түсінуі үшін үйреткен».

Осыған қарағанда адамның дін мен ілім үшін жаратылғанын ұғынып, Құранға деген жауапкершілігін мойындауы керек. Өйткені адамның бар шарапаты мен абыройы Құран көрсеткен бағытпен өмір сүру арқылы ғана мүмкін.

Негізінде мың төрт жүз жылдан бері Ислам әлеміндегі кітапханаларды толтыратындай жазылған еңбектердің барлығы бір ғана кітапты, яғни Құранды түсіндіру мақсатымен дүниеге келген.

Құран Кәрім – Аллаһ Тағаланың мүмин көңілдерге сый еткен тойымсыз ләззат дастарханы. Аллаһпен тілдесуді қалаған мүминдер Оның сол дастарханына қатысып, осы жолда қызмет етулері керек. Ол дастарханнан өзіне тиесілі

Құран Кәрім бізге былай дейді:

«Рахман *(мейірімі шексіз Аллаһ)* ***Құранды үйретті. Адамды жаратты да оған сөйлеуді үйретті»*** *(Рахман, 1-4).*

«Аллаһ Тағала Құранды үйрету үшін адамды жаратқан. Ал баянды яғни, сөйлеу өнерін, шешендік өне-рін Құранды түсінулері үшін үйреткен».

үлесін алу үшін Құран Кәрімге деген махаббат пен тағзымын аянбай көрсетуі керек. Оны жақсылап үйреніп, оқып қана қоймай, тірі Құран болып өмір сүріп, білмейтіндерге үйрету — борышымыз.

1400 жылдан бері ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар дәлелдегендей, Құран үнемі білімнің алдында озық келеді. Пенде ғылымы оны тек растап, түсініктемесін ғана жасап артынан еріп келеді...

Шүбәсіз, Құран — мүминдерге екі дүние бақытын әперу үшін түсірілді. Құранға жармаспаған адам құлдық қасиетіне зиян беріп, адам болып жаратылу нығметіне көргенсіздікпен жауап қайырған болады.

Бірақ Құранның тек сыртқы дауысына құлақ түріп, тереңіндегі хикметтерге жете алмаған жандар оның негізгі берекетінен мақрұм қалады.

Сондықтан да Құран Кәрімді тәфәккур ете отырып оқу, яғни, әмірлері мен тыйымдарының хикметін ойлану, киссаларынан ғибрат алу қажет. **Хазіреті Омар**дың мына сөзі қандай ғибратты:

«Бақара сүресін он екі жылда оқып болдым. Сол үшін шүкіршілік ретінде бір түйе Құрбан еттім!» (Құртұби, тәфсир I, 40).

Өйткені Хазіреті Омардың Құран оқуы тек сөзде-

рінің дыбыстарын қайталаудан ғана тұрмайтын. Ол Құранның сырлары мен хикметтеріне сүңгіп, үкімдерін амалға айналдырып оқитын. Құраннан шынайы мағынада пайда алу тек осылай ғана мүмкін.

Әбу Абдұррахман Сүләми айтады:

«Расулұллаһтың асхабының арасынан біздерге Құран Кәрім үйрететін бір кісі бар еді. Сол кісі бізге былай деп айтқан:

«Біз пайғамбарымыздан он аят алсақ, сол аяттардағы білім мен амалдарды үйренбей, келесі он аятқа өтпейтінбіз. Расулұллаһ ﷺ бізге ілімді амалымен бірге үйрететін» (Ахмет, V, 410; Һәйсәми I, 165).

Ардақты сахабалар үшін уахидің түсуі көктен түскен және дәміне тойым болмайтын иләһи сияпат дастарханындай еді. Қашан бір аят түскенін естісе, дереу сол иләһи дастарханға жүгіріп, үлкен толқыныспен: «Апыр-ай Жаратқанның ризалығы қай амалда екен?», — сауалының жауабын жаңа түскен бұйрықтардан үйреніп-білуге тырысатын.

Құран Кәрімді түсіну, ұғыну, сезіну, сондай-ақ сырларына терең бойлау үшін таза

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды құдіреті қолымен билеп тұрған Аллаһқа ант етейін, сендердің қайсыбірің мені анасынан, әкесінен, бала-шағасынан және барлық адамдардан артық сүймейінше, ақиқи мағынада иман келтірген болмайды».

(Бұхари, Иман, 8)





әрі бейім жүрек қажет. Өйткені, Құран өз сырларын тек таза жүрекпен келгендерге ашады. Күнәлармен қарайған жүрек Құран Кәрімнің сырларынан ештеңені түсіне алмайды.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Құран Кәрімнің аяттарын, Хазіреті Пайғамбардың хадис шәрифтерін оқымай тұрып, өзіңді кішкене ретке келтір! Гүл бақшасындағы хош иістерді мұрның сезбесе, кінәні бақшадан емес, өзіңнің мұрныңнан ізде!..».

«Құран Кәрім пайғамбарлардың рухани халі мен сипаттарының баяны. Құран Кәрімді хұшұғ сезімімен оқып, амалға көшірсең, өзіңді пайғамбарлармен, әулиелермен кездестім деп есептей бер. Пайғамбарлардың қиссаларын оқыған сайын тән қапасы жан құсына тар келе бастайды!».

Құранға селқос қарау — адамның руханиятын қарайтып жіберетін үлкен қателік. Сол себепті өзіміздің және балаларымыздың Құран Кәрім тәліміне атүсті қарауына жол бермеуіміз керек.

Әбу Зәрр ﵁ былай дейді:

«Уаллаһи, Аллаһтың Елшісі ﷺ ахіретке көшіп, бізді қалдырып кеткен кезінде біздің қолымызда қанатын қағып ұшатын құс жайында да мәліметіміз бар еді. Әлемдердің Мырзасы ﷺ бізге:

«Жәннатқа жақындататын, ал Тозақтан алыстататын не бар — соның бәрі сендерге баяндалып, ештеңе қалдырылмады», деп айтқан.

(Ахмет V, 153,162)

Шет тілін үйренсін деп барынша тырысып, университеттен университет жүгіріп, «қайсысы жақсы» деп, жіті көңіл бөлгенімізбен Құран үйрету курстарын кем көріп, балаларды Тәңір сөзін үйренуден мақрұм қылу қандай қасіретті алданыш?!.

Адамдар, отбасылар мен халықтар иләһи аманат саналатын — Құранға бас иген уақытта бақыт пен тұрақтылық табады. Бұған тарих куә.

Құран Кәрімге құрмет көрсетуден бастау алып құрылған Осман мемлекеті ғасырлар бойы құрлықтарға үкімін жүргізіп келді. Құран Кәрімді қабылдамайтын қоғамдардың өзі бүгінгі Батыс елдері секілді өз дүниелік жетістіктері мен рахат өмірлерінің Құраннан екенін білмей, амалға асырған кейбір қағидаларға қарыздар.

Хазіреті Расулуллаһ ﷺ Қоштасу қажылығында былай деген еді:

«...Сендерге аманат қалдырып барамын. Оларға жармассаңдар, жолдарыңнан ешуақытта адаспайсыңдар. Ол аманат — Аллаһтың Кітабы мен Пайғамбарының Сүннеті...».

(Хаким, I, 171/318)

Соңғы Пайғамбардың ең үлкен мұғжизасы

Құран Кәрім белгілі уақытта болып, кейін түгесіліп қалатын мұғжизалар сияқты емес. Ол сөзі мен мағынасы жағынан адамның ақыл-ойы мен көңіліне таңырқау сыйлайтын мұғжиза болып табылады. Ақыл мен ілім болған сайын Құран аяттары тәфәккурмен ұғынылып, ішінде жасырулы қаншама сырлар уақыт өткен сайын жарыққа шыға береді. Әр ғасырда оның мұғжиза екенін қабылдайтын ілім адамдары табыла береді.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

Бір кісі ілім іздеп жолға шығатын болса, Аллаһ ол адамды Жәннаттың жолдарының біріне бағыттайды. Періштелер оның ісіне қуанғандарынан ілім үйренуге шыққан адамға қанаттарын төсейді. Көктегі мен жердегі барлық нәрсе тіпті, су астындағы балықтар да ілім талапкері үшін Аллаһтан кешірім тілейді. Ғалымның өзгелерден артықшылығы басқа жұлдыздармен салыстырғандағы айдың мәртебесіндей. Ғалымдар — пайғамбарлардың мұрагерлері. Ал пайғамбарлар мұраға алтын не күміс қалдырмайды, олар ілімді мирас қылып қалдырады. Сол мирасты кім алатын болса, үлкен нәсіпті уысына қысқан болады».

(Әбу Дәуіт, ілім I/3641; Термези, ілім 19/2682)

Сол арқылы Мұхаммедтің үмметі барған сайын артып, жалғаса береді.

Құран түскеннен кейін арада ғасырлар өтсе де Құран Кәрімнің мұғжизалығын ашылған ғылыми жаңалықтар қайта-қайта дәлелдеуде. Адамның жаратылыс сатылары ғаламның сырлары секілді физикалық, жағрафиялық, медициналық, әлеуметтік салаларда жасалған зерттеулер арқылы уақыт өте келе осы ақиқатты көз алдымызға қайта әкелуде.

Мысалы, 1400 жыл бұрын жұлдыздарды тек бал ашу үшін қолданып, жол табудың құралы ретінде ғана пайдаланатын. Араларындағы қашықтықтар мен оларға тән ерекшеліктер жайында тірі жан білмейтін. Бірақ Хақ Тағала оқиға сүресінің 75-76 аяттарында:

«**Жоқ! Жұлдыздардың орындарына ант етемін. Егер біле білсеңдер, бұл ұлы ант**!», — деп айтылады.

Бүгінгі физика мен астрономия ғалымдары «жұлдыздардың орындары» деген сөздің мағынасы — олар туатын «ақ тесіктері» мен бататын «қара тесіктері» екенін ашып отыр.

Пайғамбарымыз өзінің ардақты сахабаларына ең қиын шақтарда да Құран оқуды үйретіп жүретін.

Әбу Талха ﷺ бір күні Пайғамбарымыздың қасына барады. Расулуллаһтың ﷺ қалқиып тұрып Асхабус Суффаға Құран үйретіп жатқанын көреді. Аллаһ Расулы аштықтан бүкірейіп қалған белін түзеу үшін қарнына тас байлаған екен.

(Әбу Нуайм, Хилия, I, 342)

Әдептің ең мәртебелісі — адамның өз әлін біліп, шектен шықпауы. Сол себепті бұрынғылардан: Ғалымдардың қасында тіліне, әулиенің қасында жүрегіне, дастарханда қолына, қонаққа барғанда көзіңе ие бол!», деген сөз қалған.

«Ақ тесіктер» біздің санамызға сыймайтындай дәрежедегі энергия қоймасы іспеттес. Олардың бойында миллиардтаған жұлдыздарды тудыра алатындай энергия бар. Бұларды басқаша айтқанда ғарыштың бөлшектері деуге болады.

1950 жылдардан кейін ашылған «қара тесіктерге» келсек, олар сырға толы жұлдыз мазарлары сияқты. Олар айналасындағы барлық материяны және уақытты өз құпиясына сорып алып, жоқ қылады.

Сондай-ақ «**Жұлдыздар сөндірілген кезде!**» (Мүрсәләт сүресі, 8-аят) аятында ишара берілгеніндей, «қара тесіктің» өзі жұлдыз емес, сөніп қалған бір жұлдыздың орны. Бұл ақиқат Құранда айтылған сөздердің қандай нәзік таңдаумен және орынды түрде жазылғанын көрсетеді.

Хақ Тағала осы, осыған ұқсас аяттармен жиырма бірінші ғасырдың адамына аспандағы Тәңір құдіретінің белгілерін паш етеді. Бүгінде ілім аспан денелері арасындағы қашықтықтарды тек жарық жылдамдығының жылына шағып қана өлшей алады, бұл да адам ақылына ауыр тиетін мәселелердің бірі.

Уақиға сүресіндегі аяттың үлкен антпен бастаған тақырыбы бүгінгі заманның дамыған білімі арқылы ғана түсінікті болып отыр. Шүбәсіз, бұл аят әлі де ашылуын күтіп жатқан көптеген нәзік хикметтерді жасыруда.

Сондай-ақ, Құран Кәрімде жер бетінің домалақ пішінде екендігіне ишара беретін көптеген аяттар бар. Солардың бірінде:

«**Аллаһ түнді күндізге, күндізді түнге матап орайды**» (Зүмәр сүресі, 5-аят) деп хабарлайды.

Бұл аятта қолданылған «тәкуир» (يُكَوِّرُ) сөзі домалақ пішіндегі бір нәрсеге матап орау, мысалы, сәлдені тақияға орау секілді мағынаға келеді.

Ай мен Күннің қозғалыстары жайында айтылған Ясин сүресінде былай деп айтылады:

«**Күн белгілі шекте әрекеттенеді. Міне, бұл – жеңіс пен ғылым иесі Аллаһтың белгілемесі. Айға жүріп тұратын аралық белгіледік, қашан ол** (ең ақырғы шекке барып) **қураған құрманың бұтағына ұқсап қалғанға дейін. Күннің айды қуып жетуі** (екеуінің қосылуы)**, түннің де күндізді басып**

«Аса ардақты Пайғамбар Мырзамыз үнемі мұңлы, үнемі ойға шомған күйде жүретін. Оның өмірінде рахат деген нәрсе жоқ болған. Бос сөйлемейтін. Ол көбінде үнсіздік сақтап жүретін. Сөзін бастағанда да, аяқтағанда да үнемі Аллаһтың атын айтатын...» (Ибн Са'д, I, 422-423).

Аспанда жаңа телескоптармен көре алатын бірнеше миллиард галактика бар. Галактика – он миллион мен бір миллиард арасындағы жұлдыздар мен бұл жұлдыздардың шикізаттары мен қалдықтарын қамтитын алып жұлдыз үйірмесі. Күн жүйесі орын алған Құс жолы (Млечный путь) бұлардың біреуі ғана.

Бір жерде шоғырланған жүздеген, мыңдаған галактикаларды галактика шоғыры (скопление галактик) дейді. Галактика шоғырларынан тұратын бірнеше шоғырды жоғары галактика шоғыры (скопления верхних галактик) дейді.

Біздің галактикамыз – құс жолы мен жақындағы шоғырланған 30-ға жуық галактика кішкене шоғыр болған жергілікті галактика шоғырын (набор местных галактик) құрайды. Бізге жақын галактика шоғырының бірі Вирго галактика шоғыры (набор галактик дева) болжам бойынша 2000 галактиканы қамтиды. Ал, жоғары галактика шоғырында ондаған галактика шоғыры бар және радиусы 100 миллион жарық жылына жетеді.

Әлемге шағылысқан иләһи салтанат пен айбындылықты көрсеткен екінші бір құбылыс – галактикалардың соғысуы.

озуы (уақытынан бұрын күндіздің орнын басуы) **мүмкін емес. Әр біреуі өз орбитасында жүзіп жүреді»** (Ясин сүресі, 38-40-аяттар).

Құран аяттары түсе бастаған VII ғасырда Ай мен Күннің белгілі бір жолмен ғарышта жүзіп бара жатқан айналмалы әрекеттері жайында ешкімнің ойына кіріп шыққан жоқ. Осының бәрі Құранның үнемі алда екенін, ғылым оның артынан ілесіп келе жатқанын көрсетеді.

Бұл тұрғыдағы **Хазіреті Мәуләна**ның Құран Кәрім жайындағы мына сөздері күн өткен сайын тайға таңба басқандай айдан-анық болып келеді:

Құранда былай делінеді:

«Аспанды өз қолымызбен *(үлкен қуатпен мықты етіп)* ***Біз құрдық және Біз оны сөзсіз кеңейтудеміз».***

(Зәриәт 47)

Ілім адамдарды небулездардың біздің галактикадан барған сайын алыстап бара жатқандығын тек жиырмасыншы ғасырда ғана ашып отыр. Кейінірек осы ашылуға сүйене отырып ғаламның барған сайын кеңейіп бара жатқандығы жайында теория түзілді.

Ақыл адам мен әлем және бұлардағы ақиқаттар айнасы іспеттес Құран Кәрім туралы тәфәккүрі арқылы қол жеткізетін қорытындысы жер астынан шығарылған шикі қазба байлықтары сияқты. Ал бұл шикі заттарды өңдейтін — жүрек.

«Құран Кәрімнің сыртқы бейнесін бір сиясауытпен жазып шығуға болады. Бірақ оның бойында жасырулы сырлардың бәрін айтып жеткізуге бүкіл жағасыз дариялар сия болып, жер бетіндегі бүкіл ағаштар қалам болса да жетпейді».

XIV ғасырдан бері Құран Кәрімнің ілім мен өнерге қайшы келетін бірде-бір аятын көрсетіп бере алатын ешкім шыққан емес. Алайда ғасырдан ғасыр өткен сайын ашылған ғылыми жаңалықтар мен ілімнің дамуы — Құранның ұлылығын ұғынуға septeсуде.

Құран Кәрім XIV ғасырда бәдәуилердің қажеттіліктерін ашып, өмірлерін ең жақсы түрде реттеуге көмектесті. Ал бүгінгі таңда ең жоғарғы дәрежедегі білгірлерді де қанағаттандыратын білімімен ғылым әлемінің ізбасарларын таңқалдыруын жалғастыруда. Өйткені ол — ашылған және қияметке дейін әлі ашылатын ғылыми ашылулардың бәріне бастама жасай алатын ең кемел білімдерге толы Кітап.

«Бастарыңа өлім келіп, "О, Раббым! Ажалымды аз болса да кешіктірсең, садақа беріп, жақсы адам болар едім ғой!" деп (өкініш) айтуларыңнан бұрын, өздеріңе берілген ризық-несібелерден садақа беріңдер. Аллаһ ажалы жеткен жанның ешқайсысын аялдатпайды. Аллаһ істеген істеріңнен толық хабардар»

(Мұнәфиқун, 10-11).

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жіберілген әр пайғамбарға адамдардың иманға келуіне уәсилә болатын бір мұғжиза міндетті түрде берілген. Маған берілген мұғжиза, ол — Аллаһтың жіберген кітабы — Құран. Сол себепті Қиямет күні үмметімнің басқалардікінен көбірек болатынынан үміттенемін» (Бұхари, Иғтисам 1).

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды құдіреті қолымен билеп тұрған Аллаһқа ант етейін, сендердің қайсыбірің мені анасынан, әкесінен, бала-шағасынан және барлық адамдардан артық сүймейінше ақиқи мағынада иман келтірген болмайды».

(Бұхари, Иман, 8)

СИЯР мен ХАДИС ШӘРИФТЕРГЕ ТЕРЕҢ БОЙЛАУ

Махаббаттың алғашқы шарты — сүйгеніңді ұмытпау, оның сөзіне, ісіне, сезімдері мен ой-пікірлеріне еліктеу. Сонымен бірге, өмірдің әр сәтінде сүйгеніңнің ізінен бір адым кері қалмай, одан ажырап қалудан қорқу.



Пайғамбарымызға деген махаббатқа толы жүрекке ие болуымыз үшін, ең әуелі,

Құс жолында 200 миллиардқа жуық жұлдыз бар. Күн — бұл жұлдыздардың біреуі ғана. Құс жолы галактикасының радиусы 100,000 жарық жылы. Бір секундта 274 шақырым жылдамдықпен айналады және 900,000 шақырым жылдамдықпен Вега жұлдызына қарай жылжиды.

Оның мақтаулы сүннетін жақсылап үйреніп, амалға асыруымыз қажет.

Өйткені Оның r өмірін білмей, жүректер оның махаббатымен безенбей Исламды толық білу, ұғыну, жасау мүмкін емес. Өйткені Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігін алудың өзі Пайғамбарға бағынып, бас июге байланысты[77]. Сондықтан **Расулұллаһ** r **Мырзамыз «махаббат»** мәселесіне қатты көңіл бөлетін.

Хазіреті Пайғамбарымыз r — «Ақыр заманның пайғам-бары» әрі «Пайғамбарлардың соңғысы». Сол себепті Ол Қияметке дейін келіп кететін балрық адамдар үшін қайталанбас үлгі өнеге тұлға.

Бұрынғы пайғамбарлардан бүгінге дейін өте аз мәліметтер мен естеліктер жеткен. Алайда Ақыр заман Пайғамбары жайында өте көп істері мен сөздері жайында мәліметтер бүге-шүгесіне дейін жетіп отыр. Сөзбен айтып жеткізудің шекті мүмкіндіктері бойынша өмірінің әр сәті тарих беттеріне алтын әріптермен абырой тақтасы іспетті жазылып қалған. Сол себепті тарихта өмірбаяны егжей-тегжейіне дейін анықталып,

77. Қрңз: Әлу Имран, 30.

зерттелген жалғыз адам — Пайғамбарымыз r. Міне, Ислам ахлағын сөз жүзінен іс жүзіне асырып, өзге мінез-құлық жүйелерінен үстем қылып тұрған да осы.

Бізге артылатын міндет — Пайғамбарымыздың r сол кіршіксіз өмірбаянын және оның киелі өсиеттерін жинақтаған хадистерін ең жақсы түрде оқып, үйренуге, тәжірибеге енгізуге және басқаларға үйретуге тырысу.

Себебі, Пайғамбарымыздың r өмірі мен хадис шәрифтері — Құран Кәрімді түсіну үшін таптырмас білім көзі. Бұлар Құран Кәрімнің ең алғашқы, ең дұрыс тәфсірлері болып табылады. Сондай-ақ, мұсылманның Ислам мәдениетіне сіңісіп, жақындауы да Пайғамбарымыздың өнегелі өмірінен өз үлесін алуына байланысты.

Жас мұсылман өмір атты тылсым дүние жайындағы ең керемет өзі іздеген мәліметтерді Пайғамбар өмірбаянынан таба алады. Осы ақиқатты Батыстың бір ойшылы былай мойындайды:

«Аспанда бұрыштарды** (жұлдыздардың орнын)* ***шамшырақты** (күнді)**, сәулелі айды жаратқан Аллаһ — мол құт береке иесі»
(Фұрқан, 61).

«Ешкім Мұхаммедтің өміріндегі жетістік-те-рінен асып, ілгері бір адым да аттай алмады. Қанша жетістікке жетсе де, Еуропаның заңдары мен жүйелері Ислам мәдениетімен салыстырғанда өте нашар. Біз, яғни, Еуропа халықтары, өзіміздің мәдени мүмкіншіліктеріміз болса да, Хазіреті Мұхаммедтің соңғы баспалдағына дейін көтерілген жолының алғашқы текпіршігінен аса алмай отырмыз. Бұл жарыста Одан ешкім озып шыға алмасы анық. Әрі мына кітап (Құран) барынша өмір шарттарына сай болғандықтан, өз күшін мәңгілікке сақтап, өзге халықтарды өз айналасына шүйіртетін болады» (Johann Wolgang Goethe).

*«Ол жердің қойнауына кіргенді, жерден шыққанды, көктен түскенді, көкке көтерілгенді... — барлығын біліп тұрады. Аллаһ — **Рахим** (төтенше мейірімді), **Ғафур** (аса жарылқаушы)»* (Сәбә, 2).

Білім мен парасаттың мектебі — АСХАБУ СҰФФА

Расулұллаһ r сахабаларының тәлімі мен тәрбиесіне өте үлкен көңіл бөлетін. Ол үшін Нәби өз мешітінің артқы жағынан айналасы ашық, төбесі құрма талының жапырақтарымен жабылған бір суффа (шатыр, баспана) жасатады. Алыстан келгендер және отбасы жоқ адам-

дар сол жерде тұратын. Оларды «Асхабу Суффа» немесе «Әһлү суффа» деп атайтын[78].

Кейбір деректерде Суффалықтар арасында жүзден астам сахабаның есімі аталады. Бұлардың күн көрістеріне Расулұллаһ r жәрдем етіп, қолы тиіп, жағдайы келетіндерді де соларға қарайласуға бұйыратын.

Өзі де Сүффалықтардың бірі болған **Әбу Һүрайра** t былай дейді:

«Сүффалықтар Исламның қонақтары еді. Олар паналайтын отбасы, туыстары да, малдары да жоқ болатын. Бір садақа келгенде Пайғамбарымыз r соларға жіберетін, өзі одан ештеңе алмайтын. Егер келген нәрсе сыйлық болса, өзі бір бөлігін алып, қалғанын Асхабу сүффаға беріп жіберетін. Осылай келген сыйлықтарды да олармен бөліскенді ұнататын» (Бұхари, риқақ 17, 58).

Әбу Һүрайра t тағы былай дейді:

«Мен Сүффалықтардан жетпіс адам көрдім. Ешбірінің үстінде денесін түгел жабатын киімі жоқ еді...» (Бұхари, Саләт 58).

«Сендерді біз жараттық. Мойындауларың керек емес пе? Жатырға тамызған мәни (шәует) суын көрдіңдер ме (ойланыңдаршы!). Сірә оны жаратып адам еткен сендер ме, әлде Біз бе?» *(Уақыа, 57-59).*

78. Қрңз: Ибн Сағд, I, 255.

Әдептің ең мәртебелісі адамның өз әлін біліп, шектен шықпауы. Сол себепті бұрынғылардан: Ғалымдардың қасында тіліне, уәлиенің қасында жүрегіне, дастарханда қолына, қонаққа барғанда көзіңе ие бол!», деген сөз қалған.

Сүффалықтар діннің қайнар көзіне ең жақын, Расулұллаһтың r мәжілісіне ең жақын адамдар болатын. Олар құдды жоғары дәрежелі жылдамдатылған білім алған жандардай еді. Себебі олардың мұғалімдері Расулұллаһ r, **Үбей бин Кағб, Ибн Мәсғуд, Мұғаз бин Жәбәл** және **Үбада бин Самит** секілді жас ғалым сахабалар болатын.

Ең көп хадис риуаят етген сахабалар көбінесе солардың арасынан шығатын. Солардың ішіндегі ең озаты **Әбу Һұрайра** t былай дейді:

«Адамдар Әбу Һұрайра көп хадис риуаят етеді!», деп таң қалады. Мүһажір бауырларымыз базарда саудамен, Ансар бауырларымыз егін алқабында егінмен әуре болып жүргенде Әбу Һұрайра қарын тоқтығына Расулұллаһтың r қасында болып, олар куә болмаған қаншама іске куә болды, олардың жаттай алмағанын жаттап алды» (Бұхари, ілім 42).

Исламды үйрену мақсатымен қысқа уақытқа Мәдинаға келген қонақтар бір жағынан Пайғамбарымызбен жолығып сұхбаттасса, екінші жағынан Асхабу суффадан білмейтіндерін үйреніп алатын. Мәдина сыртындағы

жаңа мұсылман болған тайпаларға Исламды үйрету үшін мұғалім жіберу керек болғанда тағы да сол Суффалықтар арасынан таңдалатын.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Бір кісі ілім іздеп жолға шығатын болса, Аллаһ ол адамды Жәннаттың жолдарының біріне бағыттайды. Періштелер оның ісіне қуанғандарынан ілім үйренуге шыққан адамға қанаттарын төсейді. Көктегі мен жердегі барлық нәрсе тіпті, су астындағы балықтар да ілім талапкері үшін Аллаһтан кешірім тілейді. Ғалымның өзгелерден артықшылығы, басқа жұлдыздармен салыстырғандағы айдың мәртебесіндей. Ғалымдар — пайғамбарлардың мұрагерлері. Ал пайғамбарлар мұраға алтын не күміс қалдырмайды, олар ілімді мирас қылып қалдырады. Сол мирасты кім алатын болса, үлкен нәсіпті уысына қысқан болады».

Суффалықтар діннің қайнар көзіне ең жақын, Расулұллаһтың мәжілісіне ең жақын адамдар болатын. Олар құдды жоғары дәрежелі жылдамдатылған білім алған жандардай еді. Себебі олардың мұғалімдері Расулұллаһ бастаған Үбей бин Кағб, Ибн Мәсғуд, Мұғаз бин Жәбәл және Ұбада бин Самит секілді жас ғалым сахабалар болатын.



ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

«Ғалымның өлімі ғаламның өлімімен тең».

Ұстазға құрмет тәлім-тәрбиенің ең негізгі қағидасы. Мұның ең керемет мысалы ардақты сахабалардың Пайғамбарымызға көрсеткен құрметтері болатын.

Олар Пайғамбарымызды тыңдап отырғанда бастарының үстіне құс қонып тұрғандай, қимылдаса ұшырып алатындай күй кешіп, әдепті болып отыратын[79]. Пайғамбардың жанында ешуақытта дауыстарын көтермейтін, біреу қатты сөйлеп қалса, дереу бірін-бірі ескертетін. Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омар секілді үлкен сахабалардың өзі Пайғамбарымызға бір нәрсе айтатын кезінде қандай да бір құпияны жасырып тұрғандай ақырын бәсең сөйлейтін. Тіпті, құрметтерінің шексіздігін білдіру ниетімен Расулұллаһтың r жүзіне көз құрышын қандырып, қарай алмайтын[80].

Мысырды алған үлкен қолбасшы — Амр бин Ас t былай деген екен:

79. Қрңз: Бұхари, Жиһад 37; Әбу Дәуіт, Тыбб 1, Сүннет 24; Нәсәи, Жәнәиз 81; Ибн Мәжә, Жәнәиз 37
80. Қрңз: Термези, Мәнақиб 16/3668; Дағауат 98/3535; Ахмет IV, 240.

«Ұзақ жылдар Расулұллаһтың r қасында болдым. Бірақ оның алдында тұрған кезде ұялғанымнан және оны қатты құрметтегендіктен бас көтеріп, мүбәрак, нұрлы жүзіне көз жанарымды салып, тойғанша қарай алмадым. Егер бүгін маған біреу «Расулұллаһтың дидарын сипаттап берші», — десе, сенесіңдер ме сипаттай алмаймын» (Мүслим, иман, 192; Ахмет IV, 199).

Ардақты сахаба Пайғамбарымызды мұқият тыңдап, айтқандарын құлақтарына құйып алып, амалға көшіруге және басқалармен бөлісуге асығатын. Мысалы, Аллаһтың Елшісі r бірде құптан уақытында сахабаларына:

«*Ертең намазға бәрің келіңдер, сендерге айтатындарым бар!*»,— деп бұйырды. Сахабалардың бірі жолдасына былай деді:

«Ей, пәленше! Сен Расулұллаһтың айтатындарының басын, сен ортасын, ал сен соңғы жақтарын жақсылап есіңде сақта. Оның айтқандарының ешбірін жіберіп алмайық...» (Һәйсәми I, 46).

Хазіреті Әли былай деген:

«Заңдары мен ережелерін білмей, фиқһсыз жасаған құлшылықта, руханияты мен салмақтылығы жоқ фиқһта, тәфәккур етілмей оқылған Құранда қайыр жоқ»

(Әбу Нұайм, Һилия, I, 77).

Жастар және Ахлақ

КӨРКЕМ АХЛАҚ ИЕСІ БОЛУ

Расулуллаһ ﷺ былай дейді: «Қиямет күні мумин жанның таразысында көркем ахлақтан ауыр тартатын нәрсе болмайды. Аллаһ Тағала дөрекілік істеп, түрпайы сөйлейтіндерді жек көреді».

(Термези, Бирр, 62/2002)

Ахлақ – Аллаһ Тағаланың біз құлдарының бойынан көргісі келетін көркем мінез-құлықтар жиынтығы. Сондықтан көркем ахлақ иесі болу Аллаһқа жақындығымыздың ең айқын нышаны болмақ. Ол құлдық өміріміздің биік шыңын білдіретін, басымыздағы тәж сияқты ұлы құндылық.

Адамның ізеттілігі мен қасиеттерін құрайтын ахлағы оның адамдық ерекшелігін де сыртқа көрсетеді. Сондықтан ахлақ – адам баласының ең айқын сипаты.

Абдуллаһ Ибн Омар V Меккеде аяқ асты науқастанып қалады. Риуаяттарға қарағанда, Хажжаж уландырған. Ибн Омар үлкен азап шегеді. Қарт болса да, оны бір шатырға алып барады. Сол сәтте сөйлей де, еш әрекет жасай алмай қалады. Жанындағыларға бір нәрселер айтқысы келді. Бірақ олар оның не қалағанын түсіне алмайды. Шарасыз күтіп тұрғанда, шатырға Абдуллаһ ибн Омарды жақсы танитын біреу кіріп келеді. Олар оған Абдуллаһ ибн Омардың өздеріне бір нәрселер айтқысы келгенін, бірақ ұға алмағандарын айтады. Ол:

– Сендер алдында оған не жасадыңдар? – деп сұрайды.

Олар:

– Дәрет алдырдық – дейді.

Ол тағы да:

– Жарайды, дәрет алдырғанда құлағын мәсіх еттіңдер ме? – деп сұрайды.

Олар:

– Жоқ, ұмытып кеттік! – дейді.

Ол кісі:

– Сендер оны танымайсыңдар ма? Ол өмір бойы Пайғамбарымыз r Мырзамыз жасаған әр ісін жасауға, сақтанған нәрселерінен сақтануға тырысатын – дейді.

Осымен бірден құлағының арқасына мәсіх етеді. Бұдан кейін Абдуллаһ ибн Омардың көңілі жай тауып, күлімсірейді де, артынша мүбәрак рухын шаттық күйде тапсырады.

Ахлақтың мақсаты — адамға үнемі иләһи бейне бақылауда жүргенін сезіндіріп, оны шикі сипаттардан арылтып, «кемел мүмин» халіне жеткізу. Нәзіктік, әдеп, биязылық, ұяңдық, жомарттық, шапқат, мархамат сияқты ұлы қасиеттерді адам баласының бойына дарыта білу. Сол себепті ахлақ — дін мен иманның бөлінбейтін бөлшегі, тіпті, оның рухы мен өзегі деп айтуға болады.

Адамның тек бет-бейнесімен емес, жүріс-тұрысымен де адам бола білуі тек көркем мінездермен безеніп, жаман қылықтардан тазаруы арқылы мүмкін болады.

Аллаһтың Елшісі r өз ұлы борышы жайында айта келе, оны:

«Мен тек көркем ахлақты кемелдендіру үшін ғана жіберілдім»[81], хадисімен қысқаша жеткізген болатын.

Демек, көркем ахлақ қасиеттерінсіз діни өмір сүру мүмкін емес. Көркем ахлақ құндылықтарымен безендірілмеген иман — сыртында қорғаушы әйнегі жоқ білте шамдай. Ол нәпсі мен шайтан шабуылынан қорғаусыз қалып, әрқашан қауіп-қатерде болады.

---

81. Имам Муатта, хуснул-хулқ, 8.

Кәміл иманның алғашқы жемісі — мархамат. Адам баласы иман кемелдігіне беттеген сайын көңіл әлемі бара-бара кеңейеді, соңында бүкіл мақлұқатты құшағына алатындай мархамат дариясына айналады.

Олай болса, дініміз бен иманымызды құдды бір рухани сауыттай қорғап тұратын көркем ахлақпен қорғауға тиістіміз. Аллаһтың Елшісі r былай дейді:

«Жәбірейіл маған Аллаһ Тағаланың былай бұйырғанын айтты:

«Бұл дін — менің Өзім үшін разы болған дінім. Бұл дінге жарасатыны да тек **жомарттық пен көркем** *ахлақ. Мұсылман күйлеріңде өмір сүрген сайын оны осы екі қасиетпен ұлықтаңдар»* (Әли әл-Мұттақи, Кәнз, VI, 392).

Мына бір оқиға көркем ахлақтың адамды иман мен һидаят есігіне апаратын рухани көпір екендігіне бәлел болады:

Хазіреті Хадиша c анамыздың туысы **Хаким бин Хизам** t көркем ахлақ иесі еді. Бұл кісі мұсылман болмай тұрып-ақ, сондай жомарт, жанашыр, қайырымдылық жасауды ұнататын кісі екен. Қыздарын тірідей көмбек болған әкелерден оларды сатып алып, өмірін құтқарып, қамқорлығына алатын. Надандық дәуірінде ол кісі жүз құлды азат етіп, қажылық

кезінде жүз түйе құрбандыққа шалып, мұқтаждарға тарату секілді садақалар жасаған. Мұсылмандықты қабылдаған соң, тағы да Аллаһтың жолына жүз түйе инфақ етіп, жүз құлға азаттық сыйлады.

«О, Аллаһтың Елшісі! Жәһилдік дәуірде жасаған кейбір садақа беру, құл азат ету, туыстар арасын үзбеу секілді... қайырымдылық істерім бар еді:

Солар үшін маған сауап жазыла ма?»,— деп сұрады. Расулұллаһ ﷺ :

«**Сен өзің сол бұрын жасаған қайырларыңның себебімен Исламды қабылдау сыйына бөлендің**!», — деді (Қрңз: Бұхари, зекет 24, Буюғ 100, ғитқ 12, әдеп 16; Мүслим, иман 194-196).

Кәміл иманның алғашқы жемісі — мархамат. Адам баласы иман кемелдігіне беттеген сайын көңіл әлемі бара-бара кеңейіп, соңында бүкіл мақлұқатты құшағына алатындай мархамат дариясына айналады.

Адамды өмірдегі ең ұлы нығмет болып табылатын «иман» шарапатына бөлейтін көркем ахлақтың Хақ алдындағы құндылығын ойлау — артық етпейді. Ой елегінен өткізу

Хазіреті Пайғамбар ﷺ бір хадис шәрифінде:

«Мейірімді болғандарға Рахман Аллаһ Тағала да мейірім көрсетеді. Жер бетіндегілерге мейірім мен жанашырлық танытыңдар, көктегілер де сендерге мархамат етсін»,— деп айтқан.

(Термези, Бирр, 16/1924)

Расулуллаһ ﷺ айтуы бойынша шөлден тамағы құрғаған итке су берген күнәһар әйел тек сол мейірімінің себебінен кешіріліп, Жәннаттық болған. Бұған керісінше, бір мысыққа аяусыздық көрсетіп, оны аш қалдырып өлтірген ғибадат жасайтын әйел Жәһаннамға душар болған.

(Мүслим, сәлем 151-153)

керек. Кәпірлердің һидаятына себеп болған көркем ахлақ пен иманы бар адамдарды қандай ұлы мәртебелерге жеткізетінін де.

Көркем ахлақты қолға түсірудің жолы, шүбәсіз, Аллаһтың Елшісіне және Оның ізіне ерген салиқалы құлдарға достық құру арқылы өтеді. Мәртебелі жандардың алқасына ілігудің алғашқы шарты осы. Ал олардың достығынан жырақтау — адамды жаман ахлаққа және ғапылдық шұқырына түсіп, құрып кетуге апарары анық.

Мархамат

Мархамат — адамгершілігіміздің осы әлемдегі ең асыл жауһары болғаны сонша, бізді шын жүрегімізбен Аллаһқа жақындатады. Мейірімді мүмин — жомарт, кішіпейіл, қызметсүйер әрі адамдардың жанына өмірлік ем беретін көңіл дәрігеріндей.

Мүминнің бойындағы иманның алғашқы жемісі шапқат пен мейірім болуы керек. Одан жұрдай болған кеудеде жан бар деп айтудың өзі артық. Құран Кәрімді ашқан кезімізде де

алдымызға ең әуелі шығатын Аллаһтың «Рахман» және «Рахим» сипаттары. Одан кейін келетін 300-ден астам аяттарда адам баласын мейірімді болуға шақырады. Раббымыз Өзінің Ұлық Тұлғасын «Мейірімділердің ең мейірімдісі» деп, сүйінші хабарын жеткізе отырып, Өз ахлағын құлдарының бойына дарытуымызды бұйырады.

Хақты сүйген Оның мақлұқатын да сүйеді. Хақпен дос болған Оның жаратқандарымен де достық құра алады. Бүкіл мақлұқатқа Жаратқанның шапқаттымен, мейірімімен қарай білу — иләһи ахлақ жолындағы бір табыс баспалдағы.

Сондықтан Аллаһ Тағалаға деген махаббатқа толы мүмин жүрегі Раббымыздың бүкіл мақлұқатын мейірім құшағына алуы тиіс.

Расулұллаһтың мейірімі мен шапқаты әлемдік деңгейде баршаны құшағына сыйдыратындай дархан еді. Бірде Ол r :

«*Нәпсімді құдірет қолымен ұстап тұрған Аллаһқа ант етейін, бір-біріңе мейірімді болмайынша, Жәннатқа кіре алмайсыңдар*»,— деді.

Сахабалары:

«Уа, Расулаллаһ! Біз бәріміз мейірімді болуға тырысамыз», — деді.

Аллаһ Расулы r оларға:

«Менің айтып тұрғаным, сендер түсінгендей тек бір-біріңе мейірімді болу ғана емес. Бүкіл мақлұқатты қамтитын мейірім, иә, бүкіл мақлұқатты қамтитын мейірім..» (Хаким, IV, 185/7310).

Бір кісі Хазіреті Пайғамбарға:

«Уа, Расулаллаһ! Мен қой сойған кезде оған қатты жаным ашып кетеді!»,— деді.

Расулұллаһ r екі рет:

«Қой екеш қойға болсын мейлі, мейірім көрсетсең, Аллаһ да саған мейірім етеді», деді (Ахмет, III, 436; Хаким IV, 257).

Расулұллаһ r тағы бірде былай деді:

«Құс сойса да, кім жанашырлықпен соятын болса, Аллаһ Тағала оған қиямет күні мейірім етеді» (Табарани, кәбир VIII, 234/7915; Бәйхаки, Шуаб VII, 482).

Мұсылмандар дұшпандары болса да, Аллаһтың құлдарына мейіріммен мәміле жасайды. Мұсғаб бин Ұмәйір-

Имам Шәфий Хазіреті былай дейді:

«Адамдардың арасындағы ең қадірлісі — өзін қадірлі деп санамайтындар!».

Хақ достарының бірі Бахауддин Нақшыбенд Хазіреті қуддисә сирруһ өз кішіпейілділігін мына шумақтарымен танытады:

Әлем бидай, мен сабан!...

Әлем жақсы, мен жаман!...

дің бауыры **Әбу Әзиз** Бәдірде мүшріктердің атойшысы болып келген еді. Соғыстың соңына қарай тұтқынға түскен ол тұтқын болып жүрген күндеріндегі мүминдердің танытқан мейірімділігін тамсана әңгімелейді:

«Ансарлық бір топқа табысталдым. Бәдірден қайтып келе жатқанда таңғы және кешкі астар әкелінгенде нанды маған беріп, өздері құрғақ құрмамен ептеп тамақтана салатын. Өйткені Аллаһтың Елшісі r тұтқындарға жақсы мәміле жасауларын бұйырған екен. Біреуінің қолына бір үзім нан түссе, дереу маған береді. Мен ұялғанымнан нанда өзіне қайтарып берсем, ол нанды қайта өзіме беріп, тіпті, ауыз тимей қоятын..» (Ибн Хишам II, 288; Һәйсәми VI, 86).

Әсмә бинти Әбу Бәкір V былай дейді:

«Жәһилдік дәуірде **Зәйд бин Амрдың** тікесінен тік, жотасын Қағбаға сүйеп тұрып, былай дегенін естігенмін:

«Бір падиша басқа бір падишаға үстем келсе, оны не өлтіртеді, не болмаса зынданға тастатады. Бірақ дәл сол падиша пақыр, міскінді, жаралы бишара біреуді тапса, жарасына дауа беріп, жақсылық жасайды.

Өзіңді үстем санау, падиша болғаның үшін тәкаппарлану у болмағанында жеңімпаз падиша жеңілген патшаны кінәсіз неге өлтіртсін? Өзіне ешқандай қызмет етпеген, бишара дерттіге неліктен жаны ашып көмектессін? Осы екі жағдайға қарап тәкаппарлықтың қандай у екендігін пайымдай бер!».

(Хазіреті Мәуләнә)

«Ей, Құрайыш қауымы! Уал-лаһи, менен басқа ешбірің Ибаһимнің u дінімен жүрген жоқсыңдар!».

Зәйд тірідей топыраққа көмілейін деп жатқан қыздардың өмірлерін құтқарып қалатын. Қызын өлтіргелі жатқан адамға:

«Оны өлтірме! Оның жауапкершілігін өз мойныма аламын!», — дейтін. Қыз үлкейіп, бой жетіп қалғанда әкесіне:

"Қаласаң, оны саған қайтарып берейін, қаласаң, ары қарай баға беремін!", — дейтін» (Бұхари, мәнәқибул-ансар 24).

Зәйдтің бұл мейірімділігі оны шірк пен күпірден сақтап, ақыретке «ханиф» сеніміндегі адам ретінде аттануына себеп болған. Расулұллаһ r ол жайында:

«Ол Қиямет күнінде Менімен Иса u арасында бөлек бір үммет болып тірілтіледі», — деген (Һәйсәми IX, 416).

Хақты сүйген адам — Оның мақлұқатын да сүйеді. Хақпен дос болған адам — Оның жаратқандарымен де достық құра алады. Бүкіл мақлұқатқа

Жомарттық Аллаһтың сипаттарының бірі. Өйткені Оның көркем есімдері арасында «Кәрим» деген есімі «шексіз жомарт, пейілі мен кеңшілігі мол» мағыналарын білдіреді. Сондай-ақ Рахман, Рахим, Уәһһаб, Латиф, Тәууәб, Ғаффар, Афув, Рауф және Һәди секілді иләһи сипаттары да Аллаһ Тағаланың жомарттығын басқа жағынан білдіретін есімдері.

Жаратқанның шапқатты мейірімімен қарай білу — иләһи ахлақ жолындағы бір табыс баспалдағы.

Кішіпейілділік

Мүмин жан кемелдікке жету үшін ең әуелі кішіпейілділіктің не екенін үйренуі керек. Өйткені өзін кереметпін деп ойлайтындар кемшіліктері мен айыптарын түзетуді қажетсінбей, тіпті, олардың бар екенін де мойындамайды.

Құран аяттары адамға өз тәкаппарлығы мен өркөкіректігінен бас тартуын бұйырады:

«**Жер жүзінде дандайсып асқақтап, жүрме! Өйткені сен** (дандайсып жүріп) **жерді де** (тесіп) **жара алмайсың, таулардай биік те бола алмайсың**» (Исра сүресі, 37-аят).

«**Адамдарға паңсып, керденделме әрі жерде керденеп жүрме! Расында, Аллаһ бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді**» (Лұқман сүресі, 18-аят).

Әркім қолынан келгенінше жомарт болуы керек. Бір күні Расулұллаһ ﷺ :

«Бір дирһәм жүз мың дирһәмнан озып кетті»,— деді.

Ардақты сахабалары:

«Бұл қалай болғаны, уа Аллаһтың Елшісі?»,— деп сұрады.

Пайғамбар ﷺ :

«Бір кісінің екі дирһәмы бар еді. Олардың ең жақсысын садақаға берді. *(яғни қолындағының жартысын берген болды).* ***Екінші бір кісі*** *(асқан бай бола тұра)* ***малының қасына барып, ішінен жүз мың дирһәм алып, садақаға берді».***

(Нәсәи, зекет, 49)

Расулұллаһ r хадисінде былай дейді:

«Кім Аллаһ Тағаланың ризалығы үшін бір дәреже кішіпейілдік танытса, Аллаһ Тағала оның абыройын бір дәреже көтереді. Кім Аллаһ Тағалаға қарсылықпен бір дәреже тәкаппарлық көрсетсе, сол себепті Аллаһ Тағала оның абыройын бір дәреже төмендетеді» (Ибн Мәжә, Зүһд 16).

Хазіреті Осман ﷺ *былай дейді:*

«Егер сен өз жаныңның қамын ойлаудан ғапыл болып, өзің үшін дайындық жасамасаң, әлбетте сенің орныңа басқа біреу әзірлік жасамайды. Аллаһтың алдына, сөзсіз, баратыныңды ұмытпа және ол үшін өз жаныңның азығын дайындап ал. Бұл істі басқаға артамын деп ойлаушы болма!».

Расулұллаһ r құлдардың да шақыруларын елеусіз қалдырмай, барып, кейкейде есекке де мінуден арланбайтын. Жануарының артына адамдарды мінгестіріп, асын жерге қойып ішетін. Қампайған жүнді киімдер киіп, отырып, сиыр сауатын, қонақтарына тікелей өзі қызмет ететін. Жесірлер мен пақырлар, бишаралар сұрап келген мұқтаждықтарын солармен бірге жүріп іздесуге арланбайтын, менсінбеушілік әсте танытпайтын[82].

Сәлмән әл-Фәриси t Мәдәин аймағы әкімі болып тұрған кезінде Шамнан інжір арқалаған бір адам келеді. Хазіреті Сәлмән

82. Қрңз: Термези, жәнәиз 32/1017; Ибн Мәжә, Зүһд 16; Нәсәи, жұма 31; Хаким I, 129/205; Һәйсәми, IX, 20.

үстінде жаман киім мен жүн жамылғыш киіп алған екен. Шамнан келген кісі оның бұл күйін көргенде танымай:

«Келіп мынаны арқалап, апарып беріп жіберші!», — деді. Сәлман t барып, оның жүгін арқасына алып кете барды. Мұны бақылап тұрған халайық Шамнан келген адамға:

«Сен жүгіңді арқалатып қойған мына адам қаланың әкімі ғой!», — деді. Шамнан келген кісі:

«Кешірім өтінемін, сізді танымай қалдым!», — дегенмен Сәлмән t :

«Ештеңе етпейді, жүгіңді үйіңе жеткізіп бермейінше, арқамнан түсірмеймін!», деп — жауап берді (Ибн Сағд, IV, 88).

Ақын қандай жақсы айтқан:

Мал-мүлкіңе масаттанып,
мендей бар ма деме!
Қарсы бір жел соғып,
көкке ұшырар сабан сияқты...

Аллаһтың разылығын іздеген адам ешкімі жоқтардың маңайынан іздесін. Риуаят бойынша Мұса (ғ.с.) бірде:

«Раббым! Сені қайдан іздейін?», деп сұрағанда: Аллаһ Тағала оған: «Мені қанаты сынған жандардың қасынан ізде!», деген екен.

(Нұғайм, хилия, II, 364)

Хазіреті Әли ﷺ былай дейді:

«Екі түрлі нығметтің мені қайсысы көбірек қуантатынын біле алмай отырмын:

Біріншісі, біреудің мұқтаждығына көмектесуімді сұрап, алдыма келуі және бар пейілімен менен жәрдем сұрауы.

Ал екіншісі Аллаһ Тағаланың сол кісінің қалауын мен арқылы тауып беруі немесе оңайластыруы...».

Жомарттық

Жомарттық – өзінде бар затты мұқтаж жандармен бөлісу. Ал жомарттықтың шыңы – «Исар». Исар қасиетінің артықшылығын Хақ Тағала қасиетті аят кәримәсінде қандай жақсы ілтипатпен мақтайды:

«Олар өз жандары қалап тұрғанымен жейтін асын пақырға, жетімге және тұтқынға жегізеді. "Біз сендерге тек Аллаһ разылығы үшін ғана беріп жатырмыз, сендерден бір сыйақы немесе алғыс та күтпейміз. Біз қиын сынды бір күннің Раббысынан (Оның азабынан) **қорқамыз** (дейді). **Міне, сол себепті Аллаһ оларды сол күннің жаманшылығынан есіркейді,** (жүздеріне) **сәуле және қуаныш сыйлайды»** (Инсан сүресі, 8-11-аяттар).

Жомарттық – Аллаһ сипаттарының бірі. Өйткені Оның көркем есімдері арасында **«Кәрім»** деген есімі «шексіз жомарт, пейілі мен көңілі кең» мағыналарын білдіреді. Сондай-ақ, Рахман, Рахим, Уәһһаб, Латиф, Тәууәб, Ғаффар, Афу, Рауф және Һәди секілді иләһи сипаттары да жомарттығын басқа қырынан білдіретін Аллаһ Тағаланың есімдері.

Расулұллаһ r сондай жомарт кісі болатын. Өзінен бірдеңе сұрай келген адамдарға «Жоқ!», — деп жауап бермейтін[83]. Ол кісі жомарттықтың және сол ерекшелікке ие болған бақытты жандардың мәртебесін білдіру мағынасында мына хадисін айтады:

83. Қрңз: Бұхари, әдеп 39; Мүслим, Фәдаил 56

Әбу Жәһілдің ұлы Икрима азулы Ислам дұшпаны болғандықтан Мекке алынған кезде бір кемеге мініп, артына қарамай қашып кетеді.
Теңізде дауыл басталып кемедегілер: «Енді ықыластарыңды бір Аллаһқа беріңдер! Өйткені мұнда басқа тәңірлерің пайда бере алмайды», деді.

Сонда барып кеудесі ақиқатқа ашыла кеткен Икрима былай дейді:

«Уаллаһи, теңізде мені тек Аллаһқа ықылас құтқаратын болса, құрлықта да Одан басқасы құтқара алмайды. О, Аллаһ! Саған сөз беремін, егер мені мына пәлекеттен құтқаратын болсаң, Хазіреті Мұхаммедке барып, қолын аламын да, Оның кешірімі мен көңілін табамын».

Дауылдан құтыла салысымен Икрима алған шешімін амалға көшіріп, дереу Пайғамбарымыздың алдына барды да, мұсылман болғанын жариялады.

(Нәсәи, Тахримуд-дәм 14/4064)

Бір жас жігіт патшаның қызының есігіне барып өзінің ғашық болғандығын айтады. Бұл сөз патшаның қызының құлағына жеткен кезде патша қызы есікке барып әлгі жігітке:

«Мына, мың дирһәмды ал да, ендігәрі екеумізге де пәле болатын мұндай сөз айтпа!», дейді.

Жігіт сөзінен қайтпай қойған соң:

«Олай болса, екі мың дирһәм ал!», деп ұсыныс жасайды.

Ақырында саудаласа отырып, баға он мың дирһәмға дейін көтеріліп, жігіт көнеді. Сонда патшаның қызы:

«Сенің мені жақсы көргенің сол ма, көзің ақша көргенде менен бас тарта салдың. Мені басқа нәрсеге айырбастаудың жазасы не екенін білесің бе?», дейді де, жасанды махаббатпен келіп, дүниелік нәрсеге беріле салған жігітті масқара қылып қуып жібереді.

Бұл оқиғаны естіген бір Аллаһ досы есінен танады. Есін жиған соң былай дейді:

«Ей, адамдар! Қараңдаршы дүниеде жасанды сүйіспеншілік танытқандардың басына не келіп жатыр. Ал Хақты жақсы көретінін айтып, басқа нәрселерге көбірек көңіл бөлген адамның ахиретте халі не болмақ?!..»

Хазіреті Мәуләнә бұл қиыссадағы хикметті бір ауыз сөзбен қандай керемет түйіндейді:

«Адамға көздеген мақсатына қарай баға беріледі!».

«Жомарттық бұтақтары дүниеге дейін салбырап созылған Жәннат ағашы сияқты. Кімде-кім оның бұтақтарының біріне жармасса, бұл оны Пейішке апарады. Ал сараңдық бұтақтары дүниеге дейін салбырап созылған Тозақ ағашы сияқты. Кім оның бұтақтарының біріне жармасса, бұл оны Тозаққа апарады...» (Бәйхаки, Шұаб VII, 435).

Жомарттық — иманнан туындайтын мейірім жемісі. Хадисте айтылғандай:

«Шынайы мұминнің бойында мүлде мына екі қасиет бірікпейді. Олар — сараңдық пен жаман мінез!..» (Термези, Бирр 41/1962).

Шәйх Сағди *Бостан* атты еңбегінде былай дейді:

«Қолыңдағы нығметтерді сау тұрғаныңда өзің бер! Сен өлген соң, бұлар қолыңнан кетеді, оларға ие болып қала алмайсың!.. Азығын О дүниеге өзі жинаған адам үлкен табыспен барған болады. Өйткені, ол жақта сенің орныңа ешкім жауап бермейді. Өз қателіктерің мен күнә істеріңе өзің жауаптысың.

«Көңіліңнің дертті болуын қаламасаң, дертті көңілдерді дерттерінен құтқар!».

(Шейх Сағди Ширази)

Босағаңа бір ғаріп жан келсе, қолын бос қайтара көрме! Бәлкім, Аллаһ сақтасын, бір күні сен де ғаріп болып, аула кезіп, қайыр сұрап кетерсің. Бүгін қайыр тіленіп, біреудің есігіне баруға мәжбүр болмағаныңның шүкіршілігі ретінде өзіңнің есігіңе келгендерге пейіліңді тарылтпа!».

Сонымен қатар, жомарт болу дегеніміз — желге шашу емес, ең алдымен, барыңды абайлап, қадірін біле отырып, бөлісу. Мұндағы ең жақсы өлшем не сараң болмау, не ысырапшыл болмау екенін Хақ Тағала бұйырады:

«Қолыңды мойныңа байлап алма (сараңдық істеме)**, оны бүкілдей ашып та жіберме** (ысырап та қылма)**! Әйтсең** (таршылықта қалып), **сөгіс пен өкініште отырып қаласың»** (Исра сүресі, 29-аят).

Жанкештілік және дін бауырыңның дертіне ортақтасу

Мүминмін деген жан дін бауырының дертіне ортақтасуы керек, оның дертіне қам жеуі керек.

Хазіреті Осман* ﷺ *былай дейді:

«Егер сен өз жаныңның қамын ойлаудан ғапыл болып, өзің үшін дайындық жасамасаң, әлбетте, сенің орныңа басқа біреу әзірлік жасамайды. Аллаһтың алдына сөзсіз баратыныңды ұмытпа және ол үшін өз жаныңның азығын дайындап ал. Бұл істі басқаға артамын деп ойлаушы болма!».

«Егер Аллаһқа** (дініне) **жәрдем берсеңдер, Ол да сендерге жәрдем береді» (Мұхаммед, 7)

Тіпті, өзінен бұрын соларды алаңдап отыратын жайы бар.

Махаббаттың ең айқын белгілерінің бірі — пида ету қасиеті. Оның жолында пида етілген нәрсеге қарап сүйіс-пеншіліктің қаншалықты үлкен екенін білуге болады. Олай болса, Аллаһтың дініне махаббаты бар мүминдер Аллаһ жолында инфақ жасап, кейбір машақаттарға көңіл ризалығымен көндіге білуі тиіс.

Аллаһ жолында малды, жанды пида ету — Жәннатқа кірудің ең маңызды шарттары. Мына риуаят бізге осыны аңғартады:

Бәшир бин Хассасия t айтады:

Бәйғат беру үшін Расулұллаһтың r алдына бардым. Маған Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етуімді, намазды, зекетті, қажылық-ты, Рамазан оразасын және Аллаһ-тың жолында жиһад етуімді шарт қылып қосты. Ал мен былай дедім:

«Уа, Аллаһтың Елшісі! Уалла-һи, атағандарыңыздың екеуіне менің

Әнәс бір күні Хазіреті Османға бара жатып, жолда бір әйелді көреді. Әйелдің сұлулығы ақыл-есін жау-лап, сол оймен аяңдап келіп Хазіреті Османның алдына кіреді. Оны көрген Хазіреті Осман :

«Ей, Әнәс! Көздеріңде зинаның ізі бар!»,— дей-ді. Бұған қатты абдырап қалған Әнәс :

«Аллаһтың Расулынан ке-йін де уахи келе ме?!», дейді. Хазіреті Осман болса:

«Жоқ, бұл — жәй ғана көрегендік пен мүминнің парасаты», деді.

(Кұшәйри, Әр-рисәлә238 б., Бейрут 1990)

күшім жетпей ме деп қорқамын. Олар — жиһад пен садақа. Адамдар жиһадтан қашқан адамдарға Аллаһтың қаһары төнетіндігін айтып жүр. Мен болсам, жиһад майданына барған кезде жанымды өлім қорқынышы билеп, қашып кетем бе деп, сескене-мін. Садақаға келер болсақ, менің малым бірнеше қой үш-төрт түйе ғана. Олардың өзі менің отбасымның жеп отырған азығы және мінетін көлігі».

Расулұллаһ r алақанын жұмып, қолын сілтеді. Сосын былай деді:

«Жиһад жоқ, садақа жоқ, сонда немен Жәннатқа кірмексің?!».

Сонда мен:

Осман Империясының патшасы Кануни дәуірінде Францияда ұятсыз элементтері бар би түрі шыға бастаған еді. Мұны естіген Кануни дереу Франция патшасына мына бұйрығын жібереді:

«...Естуімше, мемлекеттерінде әйел мен еркектердің биі деген атаумен бір-бірінің мойнына асылу арқылы халық алдында ұяттан жұрдай, тәрбиесіздік түріндегі сауық шығыпты. Бұл масқара шекаралас көрші ел болғандығымыздан менің де еліме жұғып кете ме деп алаңдаймын. Сол себепті мына бұйрықнамам қолдарына тиер тимес, дереу бұл масқара доғарылсын! Әйтпесе өзім келіп, ол сұмдықты жойып жіберуге әлбетте құдіретіміз жетеді».

Атақты тарихшы Хаммер бұл хаттан соң Францияда бұл тәрбиесіздіктің дәл жүз жылға тыйым салынғандығын жазады.

«Уа, Расулұллаһ, мен бәйғат еттім», — дедім де, Аллаһтың Елшісі қойған шарттардың бәріне бәйғат еттім» (Ахмет V, 224).

Чанаккале соғысында иман әскерінің ержүрек ерлері Пайғамбарымыздың ерен тәрбиесін көрген сахабалардың ахлағына еліктеген. Солардың бірі Хұсайын қатты жараланып, ем алып жатқан. Жағдайының өте нашар екенін өзі де жақсы түсініп жатты. Сондықтан жолдастары әкеліп қолына ұстатқан нанды алып, тістей бергені сол-ақ еді, кенет кілт тоқтап қалды да, мүмин бауырларын өзінен бұрын ойлап, үлкен иман тебіренісімен былай деді:

«Жан достарым! Мына нанды мен жегенім дұрыс емес шығар. Өйткені менің ажалым онсыз да тым жақындап қалды. Мынаны алып, жазылатын жаралы жігіттерге беріңдер!..», — деді.

Қолындағы нанды қарулас досы Мұстафаға созды. Қанша жерден тырысса да, ешкім нанды жеуге көндіре алмады. Ақыры көп өтпей-ақ, кеудесі иманға

Әнәс бин Мәлік ﷺ былай дейді:

«Нәби ﷺ бізге үнемі былай деп айтатын:

«Аманаты (сенімділігі) жоқ адамның иманы да жоқ. Уәдесіне берік болмаған адамның діні жоқ!».

(Ахмет III, 135, 154)

Хазіреті Әбу Бәкір ﷺ былай дейді:

«Аллаһ Тағала құлының амалсыз сөзінен разы болмайды».

толып, сарбаз тасыған және бейне бір жанкештіліктің ерекше ескерткішіндей болған өзіне нәсіп болған рухани азықтарға тойған күйде шейіттік шербетін ішті.

Олай болса, Хақ Тағалаға қуанышпен қауышуды армандайтын мүмин көңілдер қиналған бишара жандардың қасынан табылып, олардың дертіне қаймығуды өздерінің әдетіне айналдырулары керек. Аллаһтың құлдарына қызмет етуді Аллаһқа ғибадат деп біліп, үмметіне қызмет етуді Пайғамбарымызға қызмет деп білу қажет.

Ықылас пен шынайылық

Расулұллаһ ﷺ:

«Амалдар ниетіне қарай бағаланады...», — деген (Бұхари, иман 41).

Осыған орай, ғибадаттардан бастап, барлық ізгі амалдардың Аллаһтың разылығына негізделіп жасалуы қажет.



Міне, ықылас — амалдарды тек Аллаһтың ризалығын көздеп орындау және оларға нәпсіні араластырмау, тіпті, көлеңкесін де түсірмеу болып табылады.

Ықылас — жүрегімізді рия мен көзге ұру, мақтаныш секілді жаман қасиеттерден тазарту. Өйткені олар жүректі бұлыңғырлатып, кірлететін рухани аурулар.

Аллаһтың құзырында амалдардың қабыл болуының негізгі шарты — ықылас. Рух дене үшін қандай маңызды болса, ықылас та амалға сондай қажетті.

Хорасан билеушісі үлкен қаһарман **Амр бин Ләйс**ті қайтыс болуынан кейін салиқалы бір адам түсінде көреді. Араларында мынадай әңгіме болады:

— Аллаһ саған қалай мәміле жасады?

— Аллаһ мені кешірді.

— Аллаһ сені қай амалың үшін кешірді?

— Бір күні бір таудың шыңына шықтым да, төбеден әскеріме қарадым. Қаптаған әскерімнің санының көптігіне көңілім толып:

«Мүминдер арасында Аллаһқа берген сөзіне берік болған қаншама ерлер бар. Олардың кейбірі уәдесін орындап, сол жолда жанын берді, ал кейбірі уақытын күтуде. Олар өз серттерін әсте өзгерткен емес».

(Ахзаб 23)

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Нағыз балуан дегенің күресте қарсыласын жеңген адам емес, нағыз балуан ашуланған кезінде ызасын жеңген адам», деген.

(Бұхари, әдеп, 76; Мұслим, Бирр, 107,108)

«Шіркін-ай, Расулұллаһтың r кезінде өмір сүріп, Оған жәрдем етіп қасында болғанымда ғой!», — деп көңілім босап кетті. Сол ниетім мен арманым үшін Аллаһ Тағала мені мағфиратына бөледі» (Қады Ияз, Шифа II, 28-29).

Бірақ мұндай көркем ниетке оңайлықпен қол жеткізіле бермейді. Оған жету үшін қуатты ықылас пен пейілге ие болу керек.

Хақ достарының бірінен:

«Ақсақал, сіздің ықыласыңызға қатты әсер еткен бір уақиғаңызды айтып бересіз бе?»,— деп сұрайды. Ол:

«Иә, айтып берейін!», — деді:

«Бірде Меккеде жүргенімде ақшам толы әмиянымды жоғалтып алдым. Басрадан ақша сұратып едім, бір түрлі ұзақ кешікті. Сол арада шашым мен сақалым өсіп кеткен соң шаштаразға бардым да:

«Ақшам болмай тұр, Аллаһ разылығына шашымды қысқартып бересің бе?», — деп өтіндім.

Ол кезде шаштараз біреудің шашын қысқартып жатқан болатын. Дереу қасындағы бос орынды көрсетіп, отырғызды да, әлгі адамды күткізе тұрып менің шашымды қысқарта бастады. Әлгі адам ренжіген сыңай танытып еді, шаштараз:

«Ренжімеңіз, өтінемін! Сіздің шашыңызды ақшаға қысқартып жатқан болатынмын, ал мына кісі Аллаһ разылығы үшін шаш қиюымды өтінді. Аллаһ үшін жасалатын істер әрқашан бірінші орында болуы тиіс әрі оның материалдық құны да жоғары. ***Аллаһ үшін жасалатын істердің бағасын құлдар бұл дүниеде біле алмайды да, өтей де алмайды***», деді.

Шаш қиып болғаннан кейін шаштараз қалтама күшпен бірнеше алтын салып берді:

«Ең қажеттеріңе жаратарсың, жағдайым осыған ғана жетті, ренжіме!», — деді.

Біраз күннен соң Басрадан күткен ақшам келді. Шаштаразға бір кесе алтын апарып едім:

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Сендерден бұрынғы үмметтердің бірінен бір кісі есепке тартылды. Оның қанжығасында ешқандай жасаған қайырлы ісі табылмады. Бірақ бұл адам адамдармен жақсы араласатын бай кісі екен. Қызметшісіне тарыққан пақырлардың қарыздарын кешіре салуын бұйырады екен. Әзиз және Жәлил Аллаһ: «Біз кешіруге одан да лайықтымыз, оның күнәларын жабыңдар!», деп бұйырды».

(Мүслим, мусақат 30; Ахмет IV, 120)

«Жо, жоқ, алмаймын! Аллаһ үшін жасалған қызметтің бағасын құлдар әсте өтей алмайды!», — деді. Қанша тырыссам да ақшаны алмай қойды.

Сосын алғысымды айтып кеттім. Бірақ қырық жыл болды, әлі күнге дейін түндерде тұрып оған дұға етемін».

Міне, осындай ықыласпен, тек қана Аллаһтың разылығы үшін жасалған ізгі амалдар мен қайырлардың сыйын Аллаһ Тағала өз ұлылығына сай түрде бағалап, беретін болады.

«Әділет деген не? Әділдік дегенің жеміс ағаштарын суару. Зұлымдық деген не? Тікендерді суару. Әділетті білмейтін адам қасқырдың бөлтірігін емізіп жүрген ешкіге ұқсайды. (Өзі асырап өсірген залым күндердің күні өзін талап тастайды)».

(Хазіреті Мәуләнә)

Ар-ұят пен намыс

Ар-намыс — адамның шәһуаттың шақыруынан және хайуани құмарлықтардан өз-өзін сақтауы. Бұл тек адамға ғана тән ерекшелік болғандықтан, бұл оны өзге мақлұқаттардан айырып тұратын басты сипаты. Ар-намыстан ажырау — адамгершілік қасиеттерді жоғалтумен тең және өзге мақлұқаттың дәрежесіне түсіріп жібереді.

Иманның бір бөлігі болып табылатын ұят сезіміне келер болсақ, ол жаман және жағымсыз нәрселерден аулақ тұру, іс-әрекеттеріне ие болу және шектен шықпауды білдіреді.

Ұялу сезімі барлық жақсылықтың бастауы және барлық жамандықтың дұшпаны.

Аллаһ Тағала өзінің ар-намысты құлдары жайында былай дейді:

«**Олар ұятты жерлерін қорғайтындар. Тек жұбайлары немесе меншіктілері болса, оларға сөгіс жоқ. Сонда кім бұлардан басқаны іздесе, міне, солар шектен шығушылар**» (Мүминун сүресі, 5-7-аяттар).

Расулұллаһ r ар-ұятқа мән-маңыз бергені соншалық — әйелдерден арнайы түрде ар-намыстарын қорғауы жөнінде бәйғат алған болатын[84]. Сондай-ақ барлық мүминдерге қарап:

«*Кім маған екі жағы мен екі аяғының арасындағысын қорғайтынына уәде берсе, мен оған Жәннатты уәде етемін!*»,— деген болатын (Бұхари, риқақ 23).

Әнәс t бір күні Хазіреті Османға кетіп бара

Расулұллаһ ﷺ бір күні:

«Қиямет күні** (ыстықтан және қиыншылықтардан құтылып, алғаш болып**) көлеңкеге жүгіретін сабиқундар кім екенін білесіңдер ме?», деп сұрады. Ардақты сахабалары:

«Аллаһ және Оның Расулы жақсы біледі!», десті.

Пайғамбарымыз ﷺ сонда:

«Олар өздеріне хақы берілгенде оны қабыл алған, хақ сұралған кезде оны мәрттікпен берген және адамдар арасында үкім беретін кезінде өздеріне үкім шығаратындай болып мәміле жасаған адамдар», деді. *(Ахмет VI, 67,69)*

84. Қрңз: Мумтахинә, 12.

Еркектер мен әйелдер арасында қарым-қатынастар ұят, иззеттілік, әдеп пен көркем тәрбиеге негізделуі керек. Ер мен әйел арасында шариғатқа қайшы қарым-қатынастар көбіне ұрлана қараумен басталады.

жатып, жолда бір әйелді көреді. Әйелдің сұлулығы ақыл-есін жау-лап, сол оймен аяңдап келіп Хазіреті Осман-ның алдына кіреді. Оны көрген Хазіреті Осман t :

«Ей, Әнәс! Көздеріңде зинаның ізі бар!»,— дейді. Бұған қатты абдырап қалған Әнәс t :

«Аллаһтың Расулынан кейін де уахи келе ме?!», дейді. Хазіреті Осман болса:

«Жоқ, бұл — жәй ғана көрегендік және мұминнің парасаты», — деді[85].

Расулұллаһ r ұятқа байланысты былай дейді:

«Ұялу — иманнан және ұяты бар адам Жәннаттық. Ал ұялмау жүректің қаттылығынан. Жүрегі қаттылар Жәһаннамда болады!..» (Бұхари, Иман, 16).

«Ұят пен иман бірге болады. Біреуі кеткен жерден екіншісі де кетеді!» (Табарани, әл-Муғжәмул-Әусат, YIII, 174; Байхаки, Шуабул-иман, YI, 140).

---

85. Кушәйри, Әр-рисәлә238 б., Бейрут 1990.

Еркектер мен әйелдер арасында қарым-қатынастар ұят, ізеттілік, әдеп пен көркем тәрбиеге негізделуі керек. Ер мен әйел арасында шариғатқа қайшы қарым-қатынастар көбіне ұрлана қараумен басталады. Сол себепті мұсылман ер адам мен әйелдердің бір-біріне шәһуатты назарларын салмауы, жақсылап оранып жүрулері бұйырылған. Бір-бірімен сөйлесу қажетті болған жағдайда бастарын алдыға иіңкіреп, бір-бірін елеңдететін сөздер мен қылықтар жасаудан сақ болуы керек[86].

Ұятсыздықтың қоғамда белең алуын көздейтіндер отаны мен халқына ең үлкен қиянат пен опасыздықты жасаған болады. Ондайлардың өздері де зиянның ең үлкеніне ұшырайды. Өйткені ұятсыздық Аллаһтың Елшісі білдіруі бойынша үлкен пәлекеттің себебі болары сөзсіз:

«Шүбәсіз, Әзиз, Жәлил Аллаһ бір құлын күйреткісі келсе, оның тұла бойынан ұятты суырып алады. Ұятты алған соң ол құл тек қаһарға ұшыраған біріне айналады. Қаһарға ұшыраған кезде оның бойынан

Хазіреті Омар ﷺ былай дейді:

«Жаман істің ең жасырын куәсі ар-ожданымыз».

Ар-ожданымыз адамдығымыздың дәрежесін көрсетеді.

86. Қрңз: Нұр, 30-31.

Сахабалардың бірі Расулуллаһтың ﷺ алдына келіп:

«Уа, Аллаһтың елшісі! Менің қызметшілерім бар. Олар маған ылғи өтірік айтып, қиян тжасайды, айтқанымды орындамайды. Сосын мен оларды ұрсып, ұрып жазалаймын. Менің халім не болады, ә?», деп сұрайды.

Расулуллаһ ﷺ былай деді:

«Олардың жасаған қиянаттары, бассыздықтары мен өтіріктері және сенің оларға берген жазаларың есептеледі. Егер сенің берген жазаларың олардың қылмыстарына сай болса, саған ешқандай пайда-зияны болмайды. Жоқ егер сенің берген жазаларың олардың кінәсінен аз болса, бұл сенің пайдаңа, сенің жақсылығың болады. Ал егер жазалауың олардың қылмысынан асып түссе, ол үшін жауап бересің. Бұл қисас жолымен сенен алынатын болады».

Әлгі кісі шетке барып отырып еңкілдеп жылай бастайды. Мұны көрген Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді:

«Аллаһ Тағаланың "Қиямет күні, туралық таразысын қоямыз . Сонда ешкім әділетсіздікке ұшырамайды. Мейлі (іс) ұрық түйірінің салмағындай болса да оны әкеліп (таразыға) қоямыз. Есеп көруде Біз жеткіліктіміз" , деген киелі аятын оқымап па едің?».

Сонда ол кісі былай деді:

«Уаллаһи, я, Расулаллаһ! Мен үшін де, олар үшін де бір-біріміздең ажырудан басқа қайырлы жол қалмағандай. Куә болыңыз! Олардың бәрін азат еттім!».

(Термези, тәфсир 21/3165; Әнбия 47)

аманат алынады. Аманат алынған соң ол тек қиянат-шыл болады. Қиянатшыл болған кезінде оның бойынан рақым алынады. Рақымдылық бойларынан кеткен соң ол лағынетке ұшырап, малғұн болып шыға келеді. Лағынетке ұшыраған малғұн болған кезінде оның Исламмен байланысы да үзіледі!» (Ибн Мәжә, Фитән 27).

Қай мәселеде болмасын дініміздің киіну мәдениеті мен түсінігіне және өлшемдеріне абай болу керек. Аллаһтың Елшісі r былай дейді:

«Жалаңаштықтан сақтаныңдар! Жандарыңда

«Мойны бардың мойнын қылыш шабады... Көлеңке жерге төселгендіктен ешбір қылыш соққысы оны жаралай алмайды».

«Кішіпейілділігіңмен сырт көзге қор болған сияқты көрінсең де, Аллаһ сенің көзіңе тура көру парасаттылығын сыйлайды. Бұдан кейін әр нәрсенің ақиқатын ашық көретін, "Аллаһым, бізге барлық нәрсенің ақиқатын көрсет!" хадисінің сырына қанық боласың».

«Құл сияқты кішіпейіл бол да, ат сияқты жерде жүр. Иықтарда жүрген табыт сияқты жоғарылауға тырыспа. Нәпсі өте көп мақтану себебінен Перғауындай болды. Сен тек қарапайым, көңілді бол,** (қаншалықты ұлы болсаң да) **ұлықтық көрсетпе!»

(Хазіреті Мәуләнә)

сендерден еш ажырамайтындар (періштелер) бар. Бұлар тек әжет өтеуге шыққан және жұбайларыңа жақындасқан кездеріңде ғана сендерден ажырайды. Олардан ұялыңдар және оларға жақсы мәміле көрсетіңдер!» (Термези, әдеп 42/2800).

Осман мемлекетінде адамдардың ар-намыстары кепілдікке алынған болатын. Мысалы, Фәтих Сұлтан Босналың алынуынан кейін шығарған үкімінде: «*Абайлаңдар! Серб қыздары су алуға құдық бастарына келген кезде әскерлер ол жерде айналып жүрмесін!..*», — деген болатын.

Фәтих бұл бұйрығымен әскерін де, өз қарамағына кірген христиан халқының ар-намысын да қорғаған болды.

Әбу Мұса t былай дейді:

«О, Аллаһ Расулы! Мұсылмандардың ең мәртебелісі кімдер болады?», деп сұрадым.

«Тілі мен қолынан өзге мұсылмандар жәбір көрмейтін адам», деп жауап берді.

(Бұхари, иман 4, 5, риқақ 26; Мұслим, иман 64, 65).

Нәпсілік қалау мен құмарлықтардың қайнар көзі қиял мен әуестен келіп туындайды. Сол себепті жүректі үнемі көркем сезімдермен айналдырып, зейінді киелі ойлардан босатпау керек. Сондай-ақ бұл тұрғыда жаман жолдастардан сақтану де өте маңызды қағида.

Шыншылдық пен уәдеге беріктік

Адалдық пен шыншылдық, уәдеге беріктік — мұсылманның ең басты сипаттарынан болып табылады. Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«...**Берген уәделеріңді де орындаңдар! Өйткені** (әркім) **берген сөзінен** (қайткенде де) **сұралады**» (Исра сүресі, 34-аят).

Сондай-ақ Хақ Тағала ахіреттерін құтқаратын мүминдердің сипаттары жайында айта келе:

«**Тағы олар аманаттарына және уәделеріне берік сенімді болады**», — дейді (Мүминун,сүресі, 8-аят).

Әбу Мұса t былай дейді:

«О, Аллаһ Расулы! Мұсылмандардың ең мәртебелісі кімдер болады?», — деп сұрадым.

«*Өзге мұсылмандар тілі мен қолынан жәбір көрмейтін адам*», — деп жауап берді (Бұхари, иман 4, 5, рицақ 26; Мүслим, иман 64, 65).

Хазіреті Омар ﷺ айтады:

«Күш көрсетпей мықты, әлсіздік көрсетпестен жұмсақ бол!».

Өйткені қаттылық шектен асса, кек тудырады. Тым жұмсақ, босаң болу да абыройдан жұрдай етеді. Табыс осы екеуінің арасынан тепе-теңдікті ұстай білумен мүмкін болады.

Мынаны ешуақытта ұмытпау қажет, адамдарға берілген сөздер мен жасалған келісімдер, сонымен қатар, Аллаһқа берілген сөздер мен келісім есебіне жатады. Аллаһтың құзырында жасалған келісімдер мен берілген сөздерге міндетті түрде берік болып, мұқият орындалғанша тыным таппау керек.

«Мүминдер арасында Аллаһқа берген сөзіне берік болған қаншама ерлер бар. Олардың кейбірі уәдесін орындап, сол жолда жанын берді, ал кейбірі уақытын күтуде. Олар өз серттерін әсте өзгерткен емес».
(Ахзаб 23)

Әлемдердің Мырзасы r сенімділік пен сөзге беріктіктің шыңында болатын. Оның бұл халін ең азулы дұшпандарының өзі мойындауға мәжбүр болды[87]. Аллаһтың Елшісі r ешуақытта жалған сөйлемеген, тіпті, қалжыңдайтын кездерінде де тек шындықпен қалжыңдасқан екен.

Ал сенімділігі жоқ, тұрақсыз, жеңілтек мінезді адамдарға Пайғамбарымыз r мынадай қатал ескертулер жасайды:

«Мына төрт сипат кімнің бойынан табылатын болса, ол адам барып тұрған мұнәфиқ болады. Егер кімде бұл сипаттардың біреуі болса, оны тастағанға дейін ол адамның бойында мұнәфиқтықтың

---

87. Қрңз: Бұхари, бәдул-уахи 6; Муслим, жиһад 74; Табари, тәфсир VII, 240; Ибн Кәсир, әл-бидәя III, 113.

бір белгісі тура береді. Олар: өзіне бірдеңе аманат етіліп табысталғанда, оған қиянат жасайды, сөйлеген кезде өтірік айтады, сөз берсе, уәдесінен тайып кетеді, дұшпандықта шектен шығады, кісі ақысын бұзады» (Бұхари, иман 24, мазалим 17; Мүслим, иман 106).

Егер де адам айналасына сенімділік ұялатпайтын болса, онда ол өз иманын әлсіретіп, адамгершілік қасиетін жоғалтып, Ислами түсінігін жоғалтқандығының белгісі болып табылады. **Хазіреті Омар** t мұны жақсы айтқан:

«Біреудің оқыған намазына, ұстаған оразасына ғана қарамаңдар. Сөйлегенде тура сөйлей ме, өзіне табысталған аманатқа берік бола ма, дүниеге араласқан кезінде халал мен харамға мұқиятты ма, соларға қараңдар!» (Бәйхаки, кубра VI, 288; Шуғаб IV, 230, 326).

Кешірімділік

Адамдардың қателіктерін кешіре білу және кемшіліктерін бетіне баспау — әрі қиын әрі қиындығына тең маңыздылығы бар нәрсе. Хақ

Көңіл ал, бұл саған қажылықтан абзалырақ!
Бір көңіл мыңдаған Қағбадан бағалырақ
Қағба деген Әзерұлы Ибраһимнің құрылысы,
Ал көңіл Жәлил, Әкбәр Аллаһтың назар құтысы.

(Молла Жәми)

Тағала тым қатты жақсы көретін осы бір қасиет иман мен ахлақ кемелдігінің белгісі болып табылады. Өйткені, Аллаһтың көркем есімдерінің бірі — Оның шексіз кешірімділігін білдіретін **«әл-Афуу»**. Құран Кәрімде де:

«(Пайғамбарым!) **Сен** (қиындықты емес) **жеңілдік жолы — кешірім жолын ұстан,** (адамдарды) **жақсылыққа бұйыр, надандардан бет бұр** (өз шегін білмейтіндердің сөзі мен ісіне қарсылық берме)**!»** (А'раф сүресі, 199-аят),— деп бұйырылған.

«Күллі аспан мен жерді, бұл екеуінің арасындағы нәрселерді тек хақ (бір мақсатпен, хикметпен) **жараттық. Әрине,** (қиямет) **сағаты қалайда келеді. Міне, сондықтан сен** (ей, Пайғамбарым!) **әзірше оларға мүләйім мәміледе бол!»** (Хижр сүресі, 85-аят).

«Ұялу — иманнан және ұяты бар адам Жәннаттық. Ал ұялмау жүректің қаттылығынан. Жүрегі қаттылар Жәһан-намда болады!..»

(Бұхари, Иман, 16).

Шын кешірімділік дегенің — жазалауға күші жетіп тұрса да, өзінің алдында кінәлі адамды кешіре салу. Шын мәрттік те — осы.

Расулұллаһ r былай дейді:

«Өшін алуға күші жете тұра ашуын жеңе алатын адамды Аллаһ Тағала Қиямет

күнінде бәрінің көз алдында шақырып алып, хор қыздары арасынан қалағанын таңдауға ерік береді» (Әбу Дәуіт, әдеп 3/4777; Термези, Бирр 74, 48; Ибн Мәжә, Зүһд 18).

«...Құл басқалардың қателерін кешірген сайын Аллаһ та оның абыройын жоғарылата береді...» (Мүслим, Бирр 69; Термези, Бирр 82).

Кешірімнің шын Иесі Аллаһ Тағала. Мүминдер өз жүрегіндегі Аллаһқа деген махаббаттарының мөлшеріндей кешірім жасай алады. Ойлап қарасақ, Аллаһтың құлдарын кешіруді ойламаған

Абдуллаһ бин Зубәйрің Амир деген ұлы пақыр құлдарға жәрдем еткісі келген кезінде оларды ренжітпеу үшін ең жақсы жолын іздейтін: Жәрдем ететін адамы намазда сәждеде жатқан кезінде ақша толы кесесін оның аяқкиімінің қасына сезетіндей етіп жақындатып қойып, көрінбей кетіп қалады екен.

Ол кісіден:

«Неліктен жәрдеміңді біреуден беріп жібермейсің?», деп сұрағандарға былай жауап береді екен:

«Олардың мен жіберген адаммен немесе менімен жолығып қалған кезде жерге қарап қысылуын қаламаймын, сол үшін осылай істеймін!».

(Ибн Жәузи, сифатус-сафуа, II, 411)

пайдақор адамдар мен қара басын ойлаған мейірімге сараң жандар ертең Аллаһтың алдында қай беттерімен кешірім сұрай алады?! Сондықтан өзгелерді кешіре отырып, Аллаһтың кешіріміне бөлену өте маңызды.

Мұнда да ең кемел өнегеміз Аллаһтың Елшісі r болмақ. Өйткені ол немере ағасы Хазіреті Хамзаны шейіт еттіріп, өкпе-бауырын шикідей шайнаған Әбу Суфиянның әйелі **Һиндті** Меккенің алынуы күні тәухид кәлимәсінің құрметіне **кешірген** болатын.

«Бір адам өз болмысынан өтіп, шын мәніндегі жоқтық халіне жетіп, сол жоқтық халі ол адамға рухани әшекей болса, ол адамның көленкесі қалмайды».

Сүйікті қызы Зейнепті түйеден құлатып, өліміне апаратын сырқатына себеп болған **Хаббар бин Әсуәдке** иман келтірген кезінде **кешірім** береді. Кешіріммен ғана шектелмей тіпті, ондай адамдарға бұрынғы істегендерін беттеріне басып, мазалаудың өзіне де тыйым салған болатын[88].

Расулұллаһ r өз жеке басына қарсы жасалған кінәні еш мүдірмей, кешіре салатын. Бірақ көпшілікке қарсы қылмыстарда, ақиқат пен әділдік тұғыры биік болғанға дейін Оның алдына ешкім бөгет бола алмайтын. Өйткені кешірімділік тек өзіңе жасалған кінә мен

88. Қрңз: Уақиди, II, 857-858

айыптарға қатысты нәрсе. Егер ол кінә қоғамға қарсы жасалған болса, үмметке байланысты болса, онда қоғамның құқықтарын қорғау керек. Өйткені ондай қылмыскер кешіріле салатын болса, одан да үлкен қылмыстарға жол ашылары сөзсіз.

Әділет

Әділет Иесі және әділеттің дәл өзі деген мағыналарға келетін «**әл-Адл**» – Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің бірі (Термези, дағауат 82/3507).

Ислам барлық жағдайда әділдікпен жүріп-тұруды бұйырады. Адамдар өз араларында әділетті болса, Аллаһ разы болатындай бақытқа кеніліп, руханиятқа толы өмір сүре алады. Осылайша дүние мен ақыреттің бүкіл қайырларына қол жеткізіп, мәңгілік бақытқа ие болады.

Әділеттілік соншалықты маңызды болғандықтан, әділдікке жақ болған кәпір болса да,

«Күллі аспан мен жерді, бұл екеуінің арасындағы нәрселерді тек хақ** (бір мақсатпен, хикметпен) **жараттық. Әрине,** (қиямет) **сағаты қалайда келеді. Міне, сондықтан сен** (ей, Пайғамбарым!) **әзірше оларға мұләйім мәміледе бол!»

(Хижр, 85).

дүниеден материалдық тұрғыдан жоғарылап, алға шығады. Әділетке қарсы әрекет еткен адам мүмин болса да, дүниеде артта қалып, рухани және материалдық тұрғыда мазасыз өмір сүреді және ақыретте мұның арнайы жазасын тартатын болады.

«Ей, Иман келтіргендер! Өз бастарыңның немесе ата-аналарыңның не жақын туғандарыңның зиянына тура келсе де, әділдікті берік орнататын және Аллаһ үшін куәлік етуші (адамдар) **болыңдар.** (Куәлік алушы) **бай болса да, кедей болса да... Өйткені Аллаһ** (сендерден гөрі) **оларға жақынырақ** (олардың күй-жайын жақсы біледі)**. Енді әділдіктен бет бұрып, әуесқойлыққа бой алдырмаңдар. Егер** (куәлік етерде) **тілдеріңді бұралаңдатып, қиыс кетсеңдер немесе** (куәліктен) **бас тартсаңдар,** (біліп қойыңдар) **Аллаһ істегендеріңнен хабардар»** (Ниса сүресі, 135-аят).

Расулұллаһ r былай дейді:

«Қиямет күнінде адамдардың

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

Досыңды жақсы көргенде шегімен жақсы көр, өйткені күндердің күнінде дұшпаның болып кетуі мүмкін. Дұшпаныңды да шегімен жек көр, өйткені күндердің күнінде досың болып кетуі мүмкін».

(Термези, Бирр 60/1997)

Аллаһ Тағалаға ең сүйкімділері және ең жақын болатындары — әділдікпен басқарғандар. Ал қиямет күнінде Аллаһ Тағалаға адамдар арасында ең сүйкімсіз және Оған ең алыс болатындар — залым билеушілер» (Термези, ахкам 4/1329; Нәсәи, зекет 77).

Мұсылман баласы тек үкім беретін кезде ғана емес, таразы өлшегенде, куәлік бергенде, қысқасы, барлық істерінде әділдікті ұстануы тиіс. Ашулы кезінде де, сабырлы уақытында да әділеттен айнымауы қажет[89].

Расулұллаһ r бір күні:

«*Қиямет күні (ыстықтан және қиыншылықтардан құтылып, алғаш болып) көлеңкеге жүгіретін сабиқундар кім екенін білесіңдер ме?*», — деп сұрады.

Ардақты сахабалары:

«Аллаһ және Оның Расулы жақсы біледі!», — десті.

Пайғамбарымыз r сонда:

Хазіреті Омар былай дейді:

«Көрмеген адамдарымның ішінен маған ең жағымдысы есімі жақсы болғандар. Көргендерімнің арасынан маған ең ұнамдысы ахлағы жақсылар. Ал сынап көргендерімнің арасынан маған ең сүйікті жандар сөйлегенде тура сөйлейтіндер».

89. Қрңз: Һәйсәми I, 90.

Бераа ﷺ пайғамбарымыздың ﷺ батырлығы жайында былай дейді:

«Уаллаһи біз соғыс қызған шақта Расулуллаһтың ﷺ арқасына өтіп кетер едік. Аллаһ Расулымен бір қатарда тұруға шыдайтындар арамыздағы ең батылдар саналатын»

(Муслим, жиһад, 79)

«Олар өздеріне хақы берілгенде оны қабыл алған, хақ сұралған кезде оны мәрттікпен ұсынған және адамдар арасында кесім айтатын кезде өздеріне үкім шығаратындай етіп мәміле жасаған адамдар», — деді (Ахмет VI, 67,69).

Сонымен бірге, әділетті ешуақытта кешіктірмеуге тырысу керек. Өйткені, ең жаманы — кешіккен әділет. Соңында тура үкімді берсе де, айналып келгенде әділетті кешіктірудің өзі зұлымдықтың бір түрі болып табылады.

Кейбір адамдар шешен тілдері мен өткір тапқырлықтарының арқасында жасаған зұлымдықтарының бетін жауып, құтылып кетуі мүмкін. Бірақ ақиқатында олар ешуақытта оның жазасынан құтыла алмайды[90].

Бұ дүниеде пенделердің әділетінен мың бір түрлі қулықпен сытылып кеткендер де, бір күні **«Төрешілердің Төресі»** — Аллаһ Тағаланың алдында шарасыз мойын салбыратып, есеп беруге мәжбүр болады және нәтижеде соның қасіретін тартатын болады.

90. Крңз: Бұхари, шәһадет, 27 хиял, 10 ахкам 20; Муслим, ақдиә 4

Расулұллаһ r үмметіне бұдан да сақтануды ескертіп кеткен:

«Кімнің мойнында дін бауырының ар-намысы немесе малына қатысты жасаған зұлымдығы болса, алтын мен күміс деген өтеу болмайтынын түсініп, Қиямет күні келмей тұрғанда ол адамның кешірімін алсын! Әйтпесе өзінің ізгі амалдары бар болса, жасаған зұлымдығының мөлшеріндей алынып, ақысы желінген адамға беріледі. Егер істеген ізгіліктері де жоқ болса, зұлымдық көрген бауырының күнәларынан алынып, оның мойнына артылады» (Бұхари, Мазалим 10; рықақ 48).

Үхұд шейіттер қабірстаны, Мәдина

Хазіреті Омар ***былай дейді:***

«Жаман істің ең жасырын куәсі ар-ожданымыз».

Ар-ожданымыз адамдығымыздың дәрежесін көрсетеді.

Үммү Сәләмә t былай дейді:

«Пайғамбарымыздың соңғы өсиеттерінің бірі мынау болатын:

«Намазға абай болыңдар, қалай да намазға бекем болыңдар! Қол астыларыңдағы адамдардың ақысына абай болыңдар!».

Расулұллаһ r бұл сөздерін көп қайталады, тіпті, мүбәрак тілі сөйлей алмайтын халге түскен кезде де бұл сөзін ішінен қайталап жатты (Ахмет VI, 290, 315).

Бір кісі Хақ достарының бірінің қасында отырып, залым билеуші Хажжажды сөгіп, тым қатты тіл тигізеді. Хақ досы оған былай деп, ақылын айтады:

«Оны сөгуде тым қатты кетпе! Өйткені Аллаһ Тағала малы мен жанына қиянат еткен адамдары атынан Хажжажға жазасын беретін болады. Бірақ іс мұнымен бітпейді. Аллаһ Тағала, сонымен қатар, Хажжаждың ақысын қорғап, оның ар-намысына тіл тигізгендерге жазасын береді».

«Батылдық адамды жеңіске, ал қарарсыздық қауіпке, қорқақтық болса өлімге апарады!».

(Явуз Сұлтан Сәлим)

Яғни, бір құл зұлымдыққа ұшырап, бірақ өзіне зұлымдық қылған адамды қатты сөгіп, аузына келгенді айтатын болса, сол залымның күнәсінің дәрежесіне жетеді. Тіпті, одан да қатты кетіп қалса, керісінше, залым одан хақысын алып, сол себепті оған жаза берілуі мүмкін[91].

Жаратушы Иеміз былай бұйырады:

«**Егер жаза беретін болсаңдар, сендерге жасалған қылмыстың мөлшеріндей ғана**

91. Бабанзаде Ахмет Наим, Ислам ахлағының негіздері, 86 б., Ыстанбұл.

беріңдер! Бірақ сабыр ететін болсаңдар, әлбетте, бұл сабырлылар үшін одан да қайырлы» (Нахл сүресі, 126-аят).

Сондықтан да зұлымдық жылтыр болып көрінсе де, оның соңы шырттай қараңғылық. Ал әділдік қандай қиын болып көрінгенімен — ол сары алтын. Әрқашан, барлық жерде, кез-келген жағдайда, баршаға әділ бола білген мұсылман — Аллаһтың да, Оның сүйікті құлдарының да сүйіспеншілігін тауып, екі жаһанда бақытты болады.

Жұмсақтық

Аллаһ Тағала өзінің **«әл-Халим»**, яғни хилм (жұмсақ мінezділік) иесі екендігін білдіреді. Аллаһтың сүйікті сипаттарының бірі — хилм пайғамбарлардың да сипаты болып табылады.

Мархамат, шапқат пен махаббат секілді көркем қасиеттердің ең табиғи нәтижесі болып табылатын хилм және жұмсақ мінез — пенделер арасындағы қарым-қатынастың ең маңызды бөлігі болып табылады. Хақ Тағаланың әмірі мен Сүйікті

Расулуллаһ ﷺ былай бұйырады:

«Сақ болыңдар! Көре алмаушылық жасамаңдар. Оттың отынды тауысқанындай ол сендердің сауаптарың мен ізгіліктердің жеп тауысады».

(Әбу Дәуіт, әдеп 44; Ибн Мәжә, Зуһд 22)

Пайғамбарымыздың табиғаты да дәл осындай еді.

Аллаһ Расулы r былай дейді:

«Жұмсақ мінез қай жерде болса, сол жерге көрік береді. Жұмсақтық болмаған әр іс пен қылық сүйкімсіз болады» (Мүслим, Бирр 78, 79).

«Мүләйімдіктен нәсібі барларға қайырлы нәсіп берілгені. Ал мүләйімдіктен нәсібі жоқтар қайырдан мақрұм қалғаны» (Термези, Бирр, 67/2013).

Хазіреті **Әнәс** Ғалам Мақтанышы Асыл Пайғамбарымызды r еске алып былай дейді:

«Мен Расулұллаһтың r киелі тәнінен жұмсақ атлас та, жібек те көрмедім. Аллаһ Расулының иісінен өткен хош иісті мұрным иіскеген емес».

Оны тыңдап отырған шәкірті Сәбит:

«Әнәс аға, сіз әрқашан Расулұллаһты r көріп отырғандай және сол кісінің мүбәрак дауысын естіп отырғандай күй кешіп жүресіз!?», — деді.

Әнәс t былай деді:

Ахмет бин Ханбәл Хазіреті айтады:

«Адамға азғантай мал жеткілікті. Ал көп мал оған жетпей бастайды».

Байлықтың ең жақсысы — қанағат. Адам малымен емес, қанағатымен бай болады.

«Иә, уаллаһи, қиямет күні Онымен қауышуды армандаймын. Қасына барғанымда: «Уа, Расулұллаһ! Кішкентай қызметшің келді!», — деп айтамын. Пайғамбарға Мәдинада тура он жыл қызмет жасадым. Мен ол кезде кішкентай бала едім, әр істеген ісім Пайғамбарымыздың қалағанындай бола бермейтін. Сонда да Расулұллаһ маған бір рет те «түу!», — деп кейімеді. Бір нәрсе істегенімде: «Неге мұны бұлай жасадың?», — демеді. Қолымнан келмеген іске де: «Былай істесең, болмас па еді?», — деп айтқан емес» (Бұхари, саум, 53; Мәнақиб, 23; Мүслим, фәдаил, 82).

Мұауия бин Хакәм t былай әңгімелейді:

«Расулұллаһтың r артында намаз оқып тұрғанбыз, кенет біреу түшкіріп кеп қалды. Мен де алаңсыз «Ярхамукаллаһ!» — деп айтып жіберіппін. Жамағат маған ала көзімен қарай бастады. Сонда мен:

«Сорлы басым ай! Маған неге сонша ала көздеріңмен қарадыңдар?!», — деп айттым. Енді олар қолдарымен тізелерін ұра бастады. Олардың менің үнімді

«Дүниеге құныққандар үшін өмір теңіздің суы секілді. Ішкен сайын шөлдейді, шөлдеген сайын ішеді».

(Мухиддин Араби)

«Бір-біріңнің сырыңды тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Қайсың өлген туысының етін жеуді жақсы көреді? Әрине оны жек көресіңдер. Расында, Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді».

(Хужурат 12)

өшіруге тырысып жатқандарын түсініп ашуым да келді, бірақ үндемей тұра бердім[92].

Әке-шешем ардақты Расулыма құрбан болсын!. Одан бұрын да, кейін де Ол кісіден асқан керемет мұғалім көрген емеспін. Уаллаһи, ұрысқан да, ұрған да жоқ. Намазын бітірген соң, жұмсақ тілімен:

«Бұл ғибадаттың аты — намаз. Намаз оқып тұрғанда дүниелік сөз айтылмайды. Өйткені намаз тәсбих, тәкбир және Құран оқудан тұрады», — деді. Немесе осыған ұқсас сөздер айтты. Мен:

«Уа, Расулаллаһ! Мен жаңа ғана мұсылман болған едім...», — дедім..» (Мүслим, Мәсәжид 33).

Барлық қасиеттердегідей мүләйімдіктің де белгілі шегі бар. Жұмсақ мінезді боламын деп жүріп, зұлымдыққа бас ию немесе Аллаһтың заңдарының аяққа тапталуына көз жұмуды дұрыс деп ойламау керек. Хилм химари (есек жуастығы) деп аталатын мұндай

92. Намазда ғибадаттан тыс, басқа әрекеттер жасауға болмайды. Бірақ бұл мысалдағы сахабалардың әрекеттеріне түсініктікпен қарау керек. Өйткені ол кезде Ислам әлі жаңа келгендіктен адамдар ғибадат әдебін жаңа үйреніп жүрген кездері.

момындық жаман ниетті адамдардың зұлымдық істеу пиғылы мен батылдығын арттыра түсетіні бұл үлкен қателік.

Хазіреті Айша ﷺ айтады:

«Бір қызығы, адам баласы мұсылман бауырын жамандап лас сөздер айтқаннан кейін емес, адал, таза ас жегеннен кейін ауызын жуады!».

(Ахмет бин Ханбәл I, 59)

Биязылық (ренжітпеу әрі ренжімеу)

Адам баласы – мақлұқаттың ең абыройлысы, жаратылғандардың ең кемелі және шарапаттысы. Ал оның жүрегі Аллаһтың назары түсетін орын. Яғни, адамның көңілін қалдырып, жүрегін жаралау қандай ауыр күнә-қылмыс екені айдан-анық байқалады.

Мұсылман – сезімтал және биязы болып, ешкімді ренжітуге дәті бармауы керек. Өйткені Аллаһтың Елшісі сипаттаған және ұнатқан мүмин бәрімен көңілі жарасқан, дархан пейілді адам болуы тиіс[93].

Расулұллаһ r мұсылманды былай сипаттайды:

«Нағыз мұсылман – тілі мен қолынан өзге мұсылмандар есендікте болған адам. Нағыз мұһәжір – Аллаһтың тыйым салғандарынан безген адам» (Бұхари, иман, 4,5; Риқақ, 26).

93. Қрңз: Ахмет, II, 400, V, 335.

Расулуллаһ ﷺ айтады:

«Абай болыңдар! Ашу адам баласының жүрегінде жататын от. Ашуланған адамның көздері қызарып, көмірдек тамырлары ісігенін көрмедіңдер ме? Кім ашулана бастағанын сезінетін болса, дереу отырсын немесе жатсын!».

(Термези, Фитән 26/2191; Ибн Мәжә, Фитән 18)

Хазіреті Мәуләнә көңіл қалдырудың қауіптілігін былай айтып жеткізеді:

«Егер сен көреген және ақылды болсаң, көңіл Қағбасын тауаф ет! Батпақтан жасалған деп ойлап жүрген Қағбаның негізгі мағынасы — көңіл. Мынаны біліп ал! Аллаһтың назары түсетін көңілді ренжітіп, жаралайтын болсаң, Қағбаға жаяулатып барып келсең де, алған сауабың қалдырған көңіліңнің күнәсін тазалай алмайды».

«Сен сабан құрлы көрмей жүрген жаралы көңіл Арштан да, Күрсіден де, Ләухтан да, Қаламнан да маңызды!. Ешқандай көңілді қор көрме. Қор болған көңілдің өзі бәрінен де үстем болуы мүмкін. Аллаһтың назары жаралы көңілге түседі. Көңілі қалған адамның ойын аулап, қайта қалпына келтіре алған жан мүбарак болып табылады.

Сынып, екі жүз бөлшекке шашылып кеткен көңілді қалпына келтіру Аллаһ разылығы үшін жасалған талай қайыр мен ізгіліктен де маңызды...

Үндеме тілім! Әр қылыңда екі жүз тілің болса да, көңіл атты әлемді айтып түсіндіре алмассың!».

Шәйх Сағди:

«*Біреудің көңілін қалдыратын хабарды жеткізу керек болса, сен үндеме, басқалар жеткізсін!*», — деп насихат айтады.

Хақ достарының мына сөздері өте хикметі мол:

«*Адамдардың көңілін қалдыратын залымнан артық бетбақ жан жоқ. Өйткені басына бәле төнгенде және қаралы күнде оған ешкім жар болмайды*».

«*Күз келді деп, гүл ағашын жұлып тастасаң, көктемде оның көркем бейнесін тамашалаудан махрұм қаласың!*».

Отқа түскен жанды нәрсе өртеніп, соңғы демін сонда беретіні секілді, жүрекке түскен ашу оты да ақылды сол жерде жан тапсыртады.

Ешкімді ренжітпеу қаншалықты қиын болса да, ол адамның өз қолында. Бірақ одан да қиын шаруа бар, ол ешкімге ренжімеу. Өйткені, бұл жүрек ісі, ал жүрекке әмір жүргізу — тым ауыр іс. «Ренжітпеу» үшін тілдің үнін өшіруге болады.

Бірақ жүрек үнсіз сөйлеп тұра береді. Ал ренжімеу үшін «тіл мен жүректің үнін бірге өшіру керек. Ал жүрекке билік жүргізу тек кемел муминдердің қолынан ғана келетін өнер. Сондықтан ренжітпеу — жолдың басы болса, ренжімеу — аяғы. Ал екеуінің арасында жүріп өтуді қажет ететін ұзақ қашықтық бар.

Расулуллаһ ﷺ былай дейді:

«Нағыз сабыр — басқа бәле келген алғашқы сәтінде сабыр ету!»

(Бұхари, жәнәиз, 32).

Олай болса, ешкімнің көңілін қалдырмай әрі өзіңді ренжітпей үлкен иман ләззатымен ғұмыр кеше білу — Ислам ахлағының ең шыңындағы ұлық қасиеттердің бірі.

Сабыр

Сабыр — ауыспалы өмір кезеңдерінде тепе-теңдікті сақтау, басқа түскен қиындықтарға шағымданбай, төзімділік таныту, нәпсіні құлдық міндеттерін орындауға және харамдардан етек-жеңін тартуға мәжбүрлеу.

Ахлақ көркем қасиеттердің барлығын қамтитын болғандықтан, Ислам дінінде орны өте ерекше. Хақ Тағаланың көркем есімдері арасында да «әс-Сабур» сипаты бар. Себебі Аллаһ Тағала құлдарына мүмкіншілік

береді. Өмірінің соңына дейін өзіне көргенсіздік жасағандарға да ризық беруін жалғастырады. Егер де Раббымыз бұл дүниеде күнәһарлардан кегін дереу алып отырса, мынау әлем қандай күйге түсетінін ойлап, көріңізші?!

Сабыр — иманның жартысы, жан тыныштығының кілті. Бұл дүниеде ол бейнетті іс болғанымен, ақыретте оның зейнеті мол. Аллаһ Тағала сабырлы жандармен бірге. Сабыр Жәннат нығметімен қауыштыратын үлкен қазына. Қайыр мен табыстың барлық түрі сабырдың ішінде болғандықтан, бүкіл пайғамбарлар мен Хақ достары оны өздерінің табиғи мінезіне айналдырған.

Құран Кәрім жетпістен астам жерде сабыр туралы айтады. Сабыр түрлі аяттар арқылы Пайғамбарымызға және Оның атымен бүкіл үмметке насихат етіледі. Сол аяттардың бір-екеуіне тоқтала өтсек:

«Ей, мүминдер! (Дұшпандарыңа қарсы) **төзімді болып, сабырлылық жарысына кірісіңдер** (оларды жеңіңдер) **және мұрабыт болып** (шекараларда күзетте

Жомарттық және пида ету Ислам мақтайтын ұлы қасиеттер. Жеке бастың рахатынан, үйлердің сәнді үлгідегі жөндеуінен және күнделікті қыруар жұмсаулардан тиылып, кішкене болса да, жан рахатын пида ету қасиетінен әркім үлес алуға тырысуы керек. Тек өз басының рахатын ойлап, басқа адамдарға жаны ашымауы, басқаша айтқандай залымдарша өмір сүру мұсылманның ахлағы бола алмайды.



тұрып, отандарыңды тап-таптаңдар). **Аллаһтан қорқыңдар,** (сонда ғана) **құтылып рахатқа бөленерсіңдер»** (Әлу Имран сүресі, 200-аят).

«**Ей, мүминдер!** (Маған құлшылық істеуде және басытарыңа түскен бәлеге қарсы) **сабырлықпен және намаз оқумен** (Менен) **жәрдем тілеңдер. Ақиқатында Аллаһ сабырлылармен бірге»** (Бақара сүресі, 153-аят).

«**Сабырлылық танытқандарға сыйлары есепсіз берілетін болады»** (Зүмәр сүресі, 10-аят).

Расулұллаһ r сабырдың түрлері мен мәртебелерін білдіретін хадисінде былай дейді:

«Сабырдың үш түрі бар:

1) Басқа төнген қиындықтарға сабырлы болу,

2) Құлшылықта сабырлы болу,

3) Ккүнәға қарсы шыдамды болу.

Кім басына төнген қиындықтарға мүмкіндігінше сабырлы болса, Аллаһ оған үш жүз дәреже жазады. Әр екі дәреже арасында аспан мен жердей қашықтық болады.

Кімде-кім құлшылық пен тағатта сабырлылық танытса, Аллаһ оған алты

«Кәпірлер мен мұнафиқтарға бойсұнба! Олардың салған жәбір-жапасын елеме! Аллаһқа сүйен! Жар болуға Аллаһ жеткілікті»

(Ахзаб, 48).

жүз дәреже жазады. Әр екі дәреженің арасында жер беті мен жеті қат көк арасындай қашықтық болады.

Ал кімде-кім күнә істемеуде сабырлылық көрсетсе, Аллаһ оған тоғыз жүз дәреже жазады. Әр екі дәреже арасында жер мен ғарыш арасындай қашықтық болады» (Сүюти, әл-жәмиғус-сағир II, 42; Дәйләми II, 416).

Тепе-теңдік пен ұқыптылық

Ислам діні дүниелік болсын, діни болсын барлық тұрғыда шектен тыс кем немесе артық кетпей, тепе-теңдікпен әрекет етуді бұйырады. Яғни, бәрінің орта жолын тауып, барлығын ең жақсы түрде орындауды және өлшем мәселесінде парасатты болуды үгіттейді.

Ұлы Раббымыз бүкіл ғаламды ақыл жетпес керемет тепе-теңдікпен жаратқан. Құран Кәрімде оны сақтап, оған абай болу әмір етіледі. Олай болса, өмірде тепе-теңдікті ұстаудың ең айнымас тура жолы – Аллаһтың әмірлеріне мойынсұнып өмір сүру.

Материалдық жағдайы қанша жерден өрге басып тұрса да, адам ақшасын шаша беруден, ысыраптан тыйылуы керек. Өйткені әр нығметтің есебі берілетін күн туады. Мұны көкейімен терең ұғынатын мұмин өз қажеттілігінен артығына шашылмайды. Қолынан келгенше қарапайым өмір үлгісін таңдайды, ал үнемдеп алып қалғандарын Аллаһ разылығы үшін басқалардың көмегіне жұмсайды.

Аллаһ Тағала белгілеген шек-шекарадан сыртына шығатын болса, тепе-теңдік жоғалып, бүлік пен бұзушылыққа жол беріледі. Осыған меңзейтін аят кәримәда былай делінеді:

«**Аллаһ аспанды көтеріп, өлшемді белгіледі. Олай болса, шектен шығып, өлшемді бұзбаңдар!**» (Рахман сүресі, 7-8-аяттар).

Расулұллаһ r :

«*Істердің ең қайырлысы тепе-теңдікпен жасалғандары*», — деп айтқан (Бәйхаки, Шұғаб V, 261).

Кез келген істің жалғасымды болуын ондағы

Бәһлул Дана Хазіреті жолының үстінде құлауға таяп, бір жағына қисайып тұрған бір дуалды көріп өзінің тағдыры жайында тәфәккүрге түсіп кетеді екен. Дәл солай бір күні тәфәккүр әлеміне шомып тұрған кезінде дуал қисайып тұрған жағына қарай жығылып, құлап қалады. Бәһлул Дананың жүзінде сол сәт қуаныш пайда болды. Оның бұл қуануының мәнін түсіне алмаған адамдар таң қалып, себебін сұрағанда:

«Дуал қисайып тұрған жағына қарай құлады!»,— деді.

«Жығылсын, ал онда тұрған не бар?», деп сұрағандарға мына хикметке толы жауабын берген екен:

«Бұл дүниедегі барлық нәрсе қай жаққа бейім болып тұрса, солай қарай жығылады екен. Ал менің көңілім Хаққа бұрылып, бейім болғандықтан мен де өлгенде Хаққа қауышамын. Ей, халайық! Рукуғ және сәжделерімізбен Хаққа бейімділігімізді арттырайық, басқа жаққа қарай жығылып жүрмейік!».

тепе-теңдік қамтамасыз етеді. Тепе-теңдіктен ажыраған кезде ол істің мән-мағынасы, мазмұны қалмайды. Өйткені, бір-біріне қарама-қарсы екі тараптың біреуіне өтіп кету оп-оңай. Бұл тұрғыда:

«Сөздері мен іс-әрекеттерінде шектен шыққандар құрыды!» (Мүслим, ілім 7) хадисі ескертеді.

Олай болса, мұсылман өз сезіміне, сөздеріне және іс-әрекеттеріне өлшем белгілей білуі керек. Өйткені, тепе-теңдік — барлық істің ең тура нұсқаушысы.

Хақ Тағаланың жақсы көретін осыған ұқсас көркем сипаттарының тағы бірі — ұқыптылық. Ол — бір іске білек сыбанған кезде асығыстық жасамау, істің басы мен соңын ойластырып алу және мұқиятты болу деген сөз. Бұл қателесу мүмкіндігін барынша азайтып, адамды өкініштің уын ішуден сақтайтын жақсы қасиет.

Ислам діні бәріне дайын, мұқият, ұқыпты болуға үлкен мән береді. Өйткені бір қарағанда маңызы жоқ болып көрінген нәрселер үлкен келеңсіздіктерге жол ашуы мүмкін. **Хазіреті Мәуләнәның «Мәжәлису сәбғә»** атты еңбегінде келтірген мына мысалы өте мағыналы:

«Ешбір заманда адамзаттың түзетілуі Хазіреті Мұхаммедтің дәуіріндегіден қиынырақ болған емес. Бірақ ол кісі қайтыс болған кездегі артына қалдырып кеткен бақыт мұрасынан асқан кемел түзу қоғам да көрген емеспіз».

(Сэр Муир)

Шөл даладан келген көргенсіз бәдәуи дөрекілікпен:

«Ей, Мұхаммед! Ей, Мұхаммед!» деп бірнеше рет айқайласа да, Ол әр жолы оған жұмсақтықпен:

«Мархамат! Не қалайсыз?» деп, үн қатып жатты. Яғни алдындағы адамдар қанша дөрекілік танытса да, Ол ешқашан нәзіктік өлшемдерінен тыс кеткен жоқ.

(Мүслим, Нүзүр, 8; Әбу Дәуіт, Әймән, 21/3316; Термези, Зуһд, 50; Ахмед, IV, 239)

«Бидайды көрген бейшара құс тұзақ бар ма екен деп, алдынан, артынан, оң жақтан, сол жақтан келіп, тексеріп көреді. Құстың ақыл-ойы үнемі теріс ойлағандықтан, оның жаны жемнен де тәтті».

Ардақты Расулұллаһ r Абдулқайсұлдарының адамы **Әшәж** t деген кісіге қарап:

«Сенің бойыңда Аллаһ Тағала сүйетін екі ерекшелік бар:

1. Хилм (жұмсақ мінез) және

2. Тәәнни (ұқыптылықпен және өлшеммен жүру), — деген екен» (Мүслим, иман, 25-26; Әбу Дәуіт, Әдеп, 149; Термези, Бирр, 66/2011).

Сондай-ақ Пайғамбарымыз r :

«Тәәнни (ұқыптылық) — Аллаһтан, ал асығу — Шайтаннан», — деп айтқан (Термези, Бирр 66/2012).

Сонымен қатар, қайыр мен ізгі амалдарға асығу керек. Бірақ мұндағы асығу дегеніміз шешім қабылдап, кірісу тұрғысынан айтылып отыр. Алайда іске кірісу барысында асығыстық жасап, мұқияттылықты жоғалту дұрыс емес.

Батылдық

Батылдық, ержүректік, қаһармандық пен жүрек мәрттігі және қауіп кезінде қорықпаудың бәрі де мұсылманның ажырамас сипаттары.

Батылдықтың негізі Аллаһ Тағаланың тағдырына көну және тәсілім болудан бастау алады. Сол себепті, тағдырға иман келтірген, Аллаһқа тәуекел ететін мұсылманға қорқақтық пен жүрексіздік әсте жарасар қылық емес.

Расулұллаһ r бір жолы:

«Бөтен халықтар сендерді бас салу үшін етке үймелеген қасқырлардай бірін-бірі шақыратын заман жақындап қалды», — деді. Сол жерде отырғандардың бірі:

«Ол күні санымыз аз болғандықтан басымызға осындай іс түсе ме, уа, Расулаллаһ?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз r :

«Жоқ! Керісінше, ол кезде сендер көп боласыңдар. Бірақ сендер селмен аққан шыбық, қурайлар секілді ешқандай салмағы жоқ әлсіздерге айналасыңдар. Аллаһ дұшпандарыңның жүрегінен қорқу сезімін

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Жанымды Өз құдіретінің уысында ұстаған Аллаһқа ант етейін, Аллаһ жолында соғысып шейіт болуды, сосын тірілтіліп, соғысып, қайта шейіт болуды, сосын қайты соғысып қайты шейіт болуды қалар едім..!».

(Мұслим, имара 103)

«Айдың қараңғы түннен қашпай, сабыр етуі оны нұрландырады, жарықтандырады. Гүл тікеннің жолдастығына төзіп, сабыр сақтағаны үшін хош иісті де әдемі түсі болды».

Бүкіл пайғамбарлар өздеріне иман етпегендер мен нададар көрсеткен жәбір-жапаға төзіп, сабыр сақтағандары үшін олар Хақтың ерекше құлдары болды. Рухани тұрғыдан жеңіске жеткен сұлтандар сияқты болды».

«Сабырлы бола білсең, ол саған қанат болады да биікке көтерілесің! Хазіреті Мұстафаға қара! Сабыр Оған Бұрақ болды, Миғраж болды, Сидрәтүн Мүнтәһә болды да Оны аспанның арғы жағына көтерді, Хақпен кездестірді».

өшіріп, сендердің жүректеріңе әлсіздік береді!», — деді.

«Әлсіздік деген қалай болады уа, Аллаһтың Елшісі?», — деп сұрап еді:

«Дүниені сүю және өлімнен қорқу!», — деді (*Әбу Дәуіт, мәләхим4; 22 5/4297*).

Пайғамбарымыздан асқан ержүрек батырды елестету қиынның қиыны. Өйткені Ол кісінің қорыққаннан сасқалақтап, ыңғайсыз әрекет жасағанын ешкім өмірінде көрген емес. Сондай қиын шақтарда да сабыр мен төзімділіктің керемет үлгісі болатын.

Хазіреті Әли t айтады:

«Бәдір соғысының ең сұрапыл кезеңдерінде, кейбір сәттерде біздер Пайғамбардың r арт жағына өтіп алып, Оны пана тұтатын едік. Ол дұшпан шебіне ең жақын жерде соғысып жататын. Адамдардың ішінде ең батыры да, мықтысы да Сол болатын» (Ахмед, 1, 86).

Ол кісі Аллаһтың сөзі мен дінін асқақтату жолында үнемі

алдыңғы қатарларда соғысатын. Хұнайн соғысының басында Ислам әскері біраз бытырап, шегінген кезі болды. Бірақ Ол кісі өз батылдығын бір сәтке де жоғалтқан жоқ. Мінген жануарын үнемі алдыға айдап, асхабының батылдығын арттырды және түбінде Аллаһ Тағаланың жәрдемімен жеңіс нәсіп етті[94].

Хазіреті Әли t айтады:

«Мүһәжірлерден жасырын көшпеген ешкімді білмеймін. Тек **Омар бин Хаттаб** t бұдан тыс. Ол һижрат ететін кезінде қылышын асынып, садағын, жебелері мен найзасын алды да, Қағбаға тартып отырды. Құрайыш мүшріктерінің алдыңғы қатарлы ақсүйектері сол кезде Қағбаның жанында болатын. Омар t Қағбаны тауаф еткеннен кейін олардың жанына барып:

«Міне, мен де Мәдинаға кетіп барам! Анасы жоқтау айтып, қатыны жесір, балалары жетім қалуын қалайтындар болса, артымнан еріп, мына жазықта алдыма шығып көрсін!», — деді.

«Бұл көңіл деген үйдің ішінде Кімнің бар екенін білсеңдер, сол көңілдің иесінің есік алдында жасап отырған тәрбиесіздіктеріңе жол болсын! Ақымақтар адамның қолымен жасалған мешіттерге ғана құрмет көрсетіп, адамдардың көңілдеріне пысқырып та қарамай, көңілдерді ренжітіп, қиратады».

(Хазіреті Мәуләнә)

94. Қрңз: Мүслим, жиһад 76-81.

Бірақ ешкім оның соңына түсіп, артынан баруға дәті бармады» (Ибн Әсир, Усдул-ғабә IV, 152-153).

Әйел сахабалардың арасынан Үммү Ұмара c Ұхұд соғысына қатысып, дұшпанға оқ атып, найза сермеген қаһармандардың бірі болатын. Соғыстан кейін Мәдинаға қайтып келгенде Расулұллаһ r:

«*Соғыс кезінде оңыма қарасам да, солыма қарасам да ылғи Үмму Ұмараның дәл қасымда шайқасып жүргенін көрдім*»,— деген екен (Ибн Хажар, әл-Исаба IV, 479).

Сол себепті мүминдер тәуекелге бел байлап, Аллаһтан өзге ешкімнен қорықпайды[95]. Аллаһтың әмірлерін алаңсыз орындау үшін де батылдық қажет. Мүминдер батылдық пен парасаттылықты қатар ұстанып, қай жерде қалай әрекет ету керектігін жақсы білетін.

95 Қрңз: Ахзаб 39

Расулуллаһ ﷺ былай бұйырды:

«Сақ болыңдар! Көре алмаушылық жасамаңдар. Оттың отынды таусқанындай, ол сендердің сауаптарың мен ізгіліктердің жеп тауысады».

(Әбу Дәуіт, әдеп 44; Ибн Мәжә, Зуһд 22)

ЖАМАН МІНЕЗДЕН САҚТАНУ

Көркем ахлаққа керісінше сипаттар жаман мінез-құлықты құрайды. Әділеттілік, жомарттық, шыншылдық болмаған жерде зұлымдық, бассыздық, ысырапшылдық пен сараңдық және қиянат секілді жаман қасиеттер жүреді.

Жаман ахлақтан сақтану адамды мәңгілік бақытқа апарады. Аллаһ Тағала былай дейді:

«**Ішкі әлемін тазартқан** (жаман мінезден арылғандар) **жанын құтқарғаны»** (Шәмс сүресі, 9-аят).

Көркем ахлақ тұрғысынан адамзаттың ең жоғарғы өнегесі Расулұллаһ r былай бұйырады:

«*Шынайы муминде мына екі қасиет ешуақытта бір жерге келмейді: Сараңдық пен жаман мінез!..*» (Термези, Бирр 41/1962).

«*Аллаһ Тағала Жәууәд, яғни кеңшілігі мол, жомарттық Иесі, сол себеті жомарттықты сүйеді. Сондай-ақ ол көркем мінезді жақсы*

Дәруіш көңілсіз болуы керек.

Сөккенге тілсіз болу керек,

Тиіскенге қолсыз болу керек,

Халыққа есесін қайтармау керек.

(Юнус Әмре)

«Және олар — Раббыларының ризалығын тілеп, (ұшыраған қиыншылыққа) сабыр қылғандар, намазын дұп-дұрыс оқығандар, өздеріне берген несібемізді көрнеу және көмес (Аллаһ жолына) жұмсап отырғандар және жамандықты жақсылықпен қайтарғандар. Әне, олар бар ғой, дүние жұртының (көркем) соңы солардыкі» — делінген.

(Ра'д, 22).

көреді, ал ***жаман құлықты ұнатпайды****».* (Суюти, әл-жәмиғус-сағир I, 60)

Аллаһ Тағала разы болмайтын, Аллаһтың Елшісі ұнатпайтын жаман, жағымсыз қылықтардың бәрінен аулақ болу керек. Солардың кейбіріне тоқталып өтейік.

Сараңдық пен көре алмаушылық

Шын мәнінде сараңдық пен көре алмаушылық — барлық күнәнің бастауы. Пайғамбарымыз өз хадисінде бұл шындықты да айналып өтпеген:

«Үш нәрсе бар, олар бүкіл жамандықтың бастауы. Олардан қалай да сақ болыңдар!

1) *Ібілісті Адамға* ﴾u﴿ *сәжде етуден бөгеген* **тәкаппарлығы**.

2) *Адамды* ﴾u﴿ *Жәннаттағы тыйым салынған ағаштан жеуге итермелеген* **құмарлығы**.

3) Адамның ұлы Қабылдың өз бауыры Хабылды өлтіруіне себеп болған **көре алмаушылығы**».

Қызғаныш — құлдың өз тағдырына жазылған нәрсеге разы болмауы деген сөз. Бұның арғы жағында Аллаһтың еркіне қарсы болу секілді үлкен күнә жатары сөзсіз. Ал шын мәнінде, өз құлдарын жақсы көретін Аллаһ Тағала олардың әрбіріне түрлі нығметтер беріп қойған. Адам басқаларға тарту етілген артықшылықтарды қызғанудың орнына өз бойындағы нығметтерге шүкіршілік етуі керек. Өйткені біздің қолымыздағы нығметтерден де мақрұм қалған қаншама жандар бар. Сондықтан сараңдық пен қызғаныштың жалғыз ғана емі — қанағат пен ризашылық.

Аллаһтың Елшісі ﷺ:

«*Қанағат — таусылмас қазына*», — деп айтқан (Дәйләми, муснәд III, 236/4699).

Аллаһтың ұлылығын және Ол берген нығметтерді

«Раббыларыңның жарылқауына және тақуа жандарға әзірленіп қойған, кеңдігі аспан мен жер аралағындай келетін жәннатқа асығыңдар! Олар (*тақуалар*) **— кеңшілікте де, таршылықта да инфақ жасап** (*Аллаһтың жолына жұмсап*) **тұратындар,** (*кек алуға құдіреті жете тұрып*) **ашу-ызасын баса алатындар, адамдарды кешіре білетіндер. Аллаһ** (*мұндай*) **жақсылық істегендерді ұнатады»**

(*Әлу Имран, 133-134*).

тәфәккур ету — мүминді көңіл тыныштығына апарады. Жылан, шаян, тасбақа секілді жәндіктерді көрген кезде: «Мен де осындай болып жаратылуым мүмкін еді», — деп ойлау керек. Мұндай тәфәккур Аллаһтың бізге бере салған нығметтерінің қадірін үйретеді. Мысалы, «Көздеріңді бер, оның орнына саған бүкіл дүние байлығын берейік!», — десе, адам баласы бұған келісер ме еді?.

«**Аллаһтың нығметтерін санауға кіріссеңдер, оларды санап тауыса алмайсыңдар!..»** (Нахлс үресі, 18-аят) делінген.

Ал ең үлкен нығметке келер болсақ, ол — мақлұқаттың арасынан адам болып жаратылуымыз, Құран Кітабымыз және ардақты Пайғамбарымыздың үмметі болу құрметі.

Қызғаныштты алғаш бастаған Шайтан болатын. Оттан жаратылғаны үшін өзін топырақтан жаратылған Адамнан жоғары санап, Жаратушы Иесіне қарсы шыққан болатын.

Риуаят бойынша, Мұса u Тур тауына шығып бара жатқанда отын арқалап күнін

Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Досыңды жақсы көргенде шегімен жақсы көр, өйткені күндердің күнінде дұшпаның болып кетуі мүмкін. Дұшпаныңды да шегімен жек көр, өйткені күндердің күнінде досың болып кетуі мүмкін».

(Термези, Бирр 60/1997)

көріп жүрген бір қарияға кезігеді. Ол кісі Хазіреті Мұсаға:

«Пәлен көршімнің есегі бар. Ол отындарын сонымен тасиды. Ал мен болсам, шал басыммен арқалап тасимын. Аллаһқа мен үшін жалбарынып көрші, маған да бір есек берсін!», — деп өтінеді.

Мұса ⓤ Тұр тауынан қайтып келе жатқанда шалдың талабына мынадай жауап әкеледі:

«Аллаһ Тағала саған бір есек береді. Бірақ әлгі көршіңе тағы бір есек береді!..».

Мұны ести сала шал:

«Жоқ! Керек емес!.. Маған да бермесін, оған да бермесін..», — депті.

Қызғаныштың қандай жаман нәрсе екенін көрсететін осыған ұқсас хикаялар көп. Қызғаншақтықтың бар зияны қызғанған адамның өзіне ғана болады. Бұл басқаға тас лақтырып, бірақ лақтырған тасы өзіне айналып тиіп кететін адамның халіне ұқсайды.

Бірақ ғыпта/құштарлық мұндай емес. Өйткені ғыпта/құштарлық рухани көркем сипаттарға қарап қызығу.

«Біліп қой, Аллаһтың мейірімі әрқашан қаһарынан үстем. Сондықтан барлық пайғамбарлар өзіне қарсы шыққан дұшпандарына қарсы жеңіске жеткен»

«Бәлені жоюдың шарасы зұлымдық ету емес. Оның жолы — кешіру, бағыштау және жомарттық жасау. "Садақалар бәлекетті жояды" — деген пайғамбар ескертуі сені оятсын. Бұдан былай кесел мен жамандықтарды ем-деу әдісін жақсы ұғып ал!»

(Хазіреті Мәуләнә)

«Қайда болсаң да Аллаһтан қорық! Жамандыққа қарсы жақсылық жаса да, жамандықтың түбіне балта шап. Адамдарға да көркем мінез-құлық арқылы мәміле жаса»

(И. Жанан, Кутубус-Ситтә, V, 304).

Пайғамбар ﷺ былай дейді:

«Тек мына екі топ адамға ғана құштамалықпен қызығуға болады:

***Біріншісі** — өзіне Аллаһ Құран нәсіп еткен адамдар. Ол адамдар күні-түні Құранмен амал етеді. **Екіншісі** — Аллаһ өзіне дәулет беріп, күні-түні сол байлығын инфәқ ететіндер»* (Мүслим, мүсәфирин, 266, 267).

Ғайбат

Ғайбат — мұсылманның басқа біреудің артынан жамандап, естісе ренжитіндей, көңілі қалатындай сөздер айтуы. Жағымсыз сөздерді іс-әрекетпен немесе қас-көз қимылымен ишара немесе пародия жасау арқылы жеткізу де ғайбатқа жатады.

Расулұллаһ ﷺ бір күні:

«Ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?»,—деп сұрады. Ардақты сахабалар:

«Аллаһ және Оның Елшісі жақсы біледі!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ:

«Ғайбат — дін бауырыңды жағымсыз сөзбен сыртынан жамандауың», — деді.

«Ал егер айтылған нәрсе шынымен оның бойында бар болса ше?», — деп сұрады сахабалар. Ол r :

«Егер айтылған сөз оның бойында бар болса, ғайбат болады. Ал жоқ болса, жала жапқан болады», — деді (Мүслим, Бирр, 70; Әбу Дәуіт, әдеп 40/4874).

Хазіреті Айша c айтады:

«Бір қызығы, адам баласы мұсылман бауырын жамандап лас сөздер айтқаннан кейін емес, адал, таза ас жегеннен кейін ауызын жуады!» (Ахмет бин Ханбәл I, 59).

Аллаһ Тағаланың өз құлдарын бағалайтындықтан болар, олардың сыртынан кемшіліктерін айтуды да күнә деп жариялаған.

Ғайбат — жүректерге кек пен дұшпандық уын шашатын, Ислам бауырластығына балта шабатын, бірлік пен татулықтың рухын өлтіретін — үлкен қылмыс. Аяттарда ол туралы былай дейді:

«**Өсекшілер мен бетке мазақ қылушыларға нендей өкініш!**» (Һүмәзә сүресі, 1-2-аяттар).

Расулуллаһ ﷺ айтады:

«Абай болыңдар! Ашу адам баласының жүрегінде жататын от. Ашуланған адамның көздері қызарып, кеңірдек тамырлары ісігенін көрмедіңдер ме? Кім ашулана бастағанын сезінетін болса, дереу отырсын немесе жатсын!».

(Термези, Фитән 26/2191; Ибн Мәжә, Фитән 18)

Хақ достарының бірі **Фұдайыл бин Ияз**:

«Ғайбат кірген жерден бауырластық шығып кетеді», — деген екен.

Дін бауырының айыбын елге айтып, кемшілігін самамалап жүретін адамдардың көп ұзамай сол қателіктерді өзі жасап қоятыны — өмірлік тәжірибемен анықталған шындық. Аллаһтың Елшісі r :

«*Кім өзінің дін бауырының күнәсін ашып, жамандаса, сол күнәні өзі істемей өлмейді*», — дейді (Термези, Қиямет 53/2505).

Ғайбаттың түбінде тәкаппарлық, менмендік, басқаларды төмен санау, қызғаныш, кек секілді көптеген жаман қасиеттер жатады. Осының өзі ғайбат ауруынан айыға алмай жүрген жүректердің қандай қорқынышты халде екенін көрсетуге жеткілікті болар.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ «Жәннат бақшаларына қарап тұрған сарайлар көрдім және Жәбірейілден:

"Бұлар кімдер үшін?" — деп сұрадым. Ол:

"Әртүрлі кек, жақтырмау мен өкпесін басып ішіне көмгендерге және адамдардың кемшіліктеріне шыдап кешіргендер үшін" — деді».
(Әли әл-Муттәқи, №7016; Ауариф, 253 б).

Ашу

Ашу — адамды әп-сәтте бұзып, өзгертіп жіберетін өте қатерлі, жаман қасиет. Ол ақылды тоқтатып, көңіл көрегендігін перделеп тастайтын қозба ауру. Тіпті, адамның есінен

айырып, жындануға дейін апара алады. Түрмелерді толтырып жатқандардың көбіне қарасақ, бір сәттік ашумен қылмыс жасап қойған адамдар екенін көреміз.

Ашулы адамның ішкі әлемі «кек, өш алу, сөгу, ұрып-соғу және қылмыс» секілді жамандықтарға толы болады.

Өмір кітабының «ашу» атты бөлімі қашан да қорқынышты нәтижелерге толы болады. Сол қауіпті індеттен құтылудың жолы — қарама-қарсы бауырмалдық, кешірім, сабыр секілді қаруларға жүгініп, тепе-теңдікті сақтауға тырысу.

Әбуд-Дарда t Аллаһ Расулынан r :

«Маған Жәннатқа кіруім үшін бір нәрсе үйретіңізші!»,— деп сұрады. Ғалам Мақтанышы оған:

«*Ашуланба!*»,— деді (Бұхари, әдеп, 76; Термези, Бирр, 73).

Басқа бір хадисінде Пайғамбарымыз r былай деп бұйырады:

«*Абай болыңдар! Адамдардың кейбірі бар, баяу ашуланып, ашуы баяу тарқайды.*

Хазіреті Айша анамыз Пайғамбар ﷺ Мырзамыздың бұл мәселедегі ұстанымын былай баян етеді:

«...Расулуллаһ ﷺ өзіне жамандық жасаған адамнан кек алмады (яғни жазаламады). Бірақ Аллаһ тыйым салған нәрселер тапталса, тыйымды бұзған адамнан Аллаһ атынан кегін алып (жазалайтын)»

(Муслим, Фәдәил, 79; Әбу Дәуіт, Әдеп, 4).

Кейбірі лезде ашуланып, тез тарқайды. Бұл екі қасиет бірін-бірі тепе-теңдікте ұстайды. Сондықтан да жамандау немесе мақтау қажет емес.

Бірақ кейбіреулер тез ашуланып, ашуы баяу тарқайды. Олардың ішіндегі ең қайырлысы — сирек ашуланып, ашуы тез тарқайтын адамдар. Олардың ең жаманы — тез ашуланып, кеш тыныштылатындар» (Термези, Фитән 26/2191; Ибн Мәжә, Фитән 18; Хаким IV, 551/8543; Байхаки, шуғаб VI, 309).

Отқа түскен жанды нәрсе өртеніп, соңғы демін сонда беретіні секілді, жүрекке түскен ашу оты — ақылды сол жерде жан тапсыртады.

Ашу шайтанның ісін оңайлататын ең маңызды адами кемшілік екені сөзсіз. Адам ашуланған кезде баланың доппен ойнағаны секілді Шайтан да адаммен ойнай бастайды.

Ең ақылды адам ашуына билік жүргізе алатын адам. Өйткені ашу мен ақыл бір-біріне дұшпан. Мына сөздің төркіні сол ақиқатты астарлы түрде меңзейді:

«Іштеріңдегі шарапат, бақ-дәулет дарығандар жақындарына, жоқ-жітіктерге, Аллаһ жолында қоныс аударғандарға** (бір нәрсе) **бермеймін деп серт етпесін.** (Олардың қателігін) **ғапу етіп кешірсін. Аллаһтың өздеріңді жарылқауын қаламайсыңдар ма? Аллаһ аса кешірімшіл, өте мейірімді» (Нұр, 22).

«Ашу келгенде — көз қарауытады, кеткенде — бет қызарады».

Расулұллаһ r тек хаққа қарсы нәрсе істеліп, ақиқат тапталып жатқанда ғана болмаса, басқаға ашуланбайтын. Ақиқат аяққа тапталып жатқанда ешкім байқамаса да, ол байқап ашуланатын және сол ашуы ақиқат орнын тапқанға дейін басылмайтын. Тек хақты орнатқан соң ғана жаны тыныш табатын. Өз басы үшін ешуақытта ашуланбайтын. Өзін ақтап, ешкіммен салғы-ласпайтын.

Аллаһ Тағала ашуларын жұтып, адамдарды кешіре білетін адамдар жайында былай мақтау айтады:

«Олар (тақуалар) **— кеңшілікте де, таршылықта да инфәқ жасап** (Аллаһтың жолына жұмсап) **тұратындар,** (кек алуға құдіреті жете тұрып) **ашу-ызасын баса алатындар, адамдарды кешіре білетіндер. Аллаһ** (мұндай) **жақсылық істегендерді ұнатады»** (Әлу Имран сүресі, 134-аят).

Ашуланған адамға Расулұллаһ r мынаны насихат етеді:

«Кім болса да ашуланған кезде тік тұрған болса, басылып, отырсын, ашуы

Хазіреті Мәуләнә:

«Топырақ сияқты бол!» — дейді. Топырақ өзін аяқ асты етіп езіп жүрген барлық жан иесіне жомарттықпен сый тартады. Топырақ мақлұқаттың нәжістерін тазалап, оларды қайта барлық тіршілік иелеріне таза, дәмді және пайдалы азықтар етіп ұсынады.

тарқаса жарайды, ал тарқамаса, жатсын» (Әбу Дәуіт, әдеп 3\4782; Ахмет, V, 152).

Әбу Уайыл айтады:

«Бір күні біз Ұруа бин Мұхаммедтің үйіне бардық. Ол жерде бір кісі біраз жағымсыз сөздер айтып, Ұруаны ашуландырды. Бірақ Ұруа орнынан тұрды да, барып дәрет алып, қасымызға қайтып келді де, Расулұллаһтың r былай дегенін жеткізді:

«Ашу — шайтаннан. Ал шайтан — оттан жаратылған. Отты сумен сөндіреді. Олай болса, біреу ашуланатын болса, дереу дәрет алсын!» (Әбу Дәуіт, әдеп 3\4784; Ахмет IV 226).

Бірақ осы орайда мынаны да айта кету керек, ашу нәпсі мен Шайтаннан болса, ол — жаман, ал егер Аллаһ разылығы үшін шақырылған ашу болса, онда ол мүминнің көркем сипаты болады. Аллаһ разылығын алу үшін жаман ашуды жеңу қандай маңызды болса, қажет болған жағдайда Аллаһ разылығы үшін ашулану да сондай.

«Күлкісі көбейген адамның айбындылығы азаяды. Көп әзілдейтін адам елдің күлкісіне, ойынның құралына айналады. Бір нәрсені көп орындаған адам сонысымен танымал болады. Көп сөйлеген көп қате жібереді. Көп қате жасаған адамның ұяты азаяды. Ұяты азайған адам күмәнді нәрселерден қашпайды. Күмәнді нәрселерден сақтанбаған адамның жүрегі өледі»

(Ихя, III, 288).

Байлардың өміріне құмарту және ысырап

Адам өз нәпсісіне ие болып, жаны сүйген әр нәрсені сатып ала беруге құмартпауы керек. Өйткені, ол ақыр-аяғы түптің түбінде жүк арқалап, өмір тыныштығының бұзылуына апарары хақ. Бүгінгі таңда несие алу орталықтары көбейгені соншалық адамдар қалағанын затын оңай сатып ала беретін болған. Бұған алданған талай адам қанша жұмсағанының есебіне жете алмай, қарыздар мен пайыздардың тырнағына ілігіп, сан соғып, опық жеп жүрген жайы бар. Осының кесірінен бақытты отбасылардың қаншауы қирап, қаншауы қирауға таяу тұр.

Жомарттық және пида ету — Ислам мақтайтын ұлы қасиеттер. Адамдар жеке бастың рахатынан, үйлердің сәнді үлгідегі жөндеуінен және күнделікті қыруар жұмсаулардан тиылып, әркім кішкене болса да жан рахатын пида ету қасиетінен үлес алуға тырысуы керек. Тек өз басының рахатын ойлап, басқа адамдарға жаны ашымауы, басқаша айтқандай залымдарша өмір сүру мұсылманға сай ахлақ бола алмайды.

«Жәннатта тұрған адамның жылағаны қалай түсініксіз болса, барар орнын (жәннат па, тозақ па) білмейтін адамның дүниеде шектен артық күлгені де сондай таңғалатын нәрсе».

«Мүмин адам өзгелерге жүзімен қуанышты екенін көрсетеді. Бірақ, өзі қайғылы... Мүминнің ойлауы, жылауы көп, күлкісі аз. Күлімсірей тұрып, жүрегіндегі мұңды жасырады. Сырттай күнкөрісін қамтамасыз етумен шұғылданған болып көрінеді. Алайда, жүрегі Раббысын еске алуымен болып тұрады. Бала-шағасын ойлаған болып көрінеді, бірақ жүрегі Раббысымен бірге»

Материалдық жағдайы қанша жерден өрге басып тұрса да, адам ақшасын шаша беруден, ысыраптан тыйылуы керек. Өйткені әр нығметтің есебі берілетін күн туады. Мұны көкейімен терең ұғынатын мүмин өз қажеттілігінен артығына шашылмайды. Қолынан келгенше қарапайым өмір үлгісін таңдайды, ал үнемдеп алып қалған нәрселерді Аллаһ разылығы үшін басқалардың көмегіне жұмсайды.

«Шектен асқандарға бойсұнбаңдар! Олар жер жүзінде жамандыққа жармасып, ескі салттан жазбайды» (Шұара сүресі, 151-152-аяттар).

Хақ Тағала былай бұйырады:

«Туыстарға, жоқ жітіктерге, жолда қалып қойған жолаушыға (қол ұшын беріп, тиісті) **ақысын бер! Бірақ,** (малыңды) **ысырап қылып, шашпа! Өйткені** (мал-мүлкін) **шашып төккендер — шайтанның бауырлары. Шайтан босла, Раббысына қарсы тым опасыз»** (Исра сүресі, 26-27-аяттар).

Өнеге таңдауда қателесу

Әркімнің бойында жаратылысына сай өзіне ұнаған, қайран қалдырған адамдарды үлгі тұтып, өз қабілеті жеткенше соларға ұқсап, еліктеуге тырысатын табиғаты бар. Әсіресе адамдық тұлға мен адамгершілік қасиеттері орнығып, қалыптасатын жастық шақ дәуірінде бұл мәселе өте маңызды рол ойнайды. Яғни, артынан еруге болатын өнеге тұлғаларды дұрыс таңдау, бұл, шын мәнінде мәңгілік бақыттың кілті әрі бастамасы десек артық болмас.

Адам баласы үшін ең кемел өнеге тұлғалар, әрине пайғамбарлар және олардың ұстанған жолымен жүріп өткен салиқалы жандар. Өйткені пайғамбарлар Аллаһтың уахиіне сүйенетіндіктен, ұдайы бір-бірін қоштап, растап, қуаттап келген тура жол бастаушылары. Ал адамдарға жол көрсетпек болып, ақыл айтуға тырысқан фәлсафашылар тек өз білгендеріне ғана сүйеніп, әрекет ететіндіктен қашан да бір-бірін сынап, бірінің сөзін бірі жоққа шығарып келген. Сондықтан олар қоғамды жолға салмақ түгілі, өздері де жол таба алмаған.

«Хазіреті Пайғамбардың таңдайы көрінетіндей қарқылдап күлгенін еш көрмедім. Ол күлімсіреп қана қоятын»

(Бұхари, Әдеп, 68; Мүслим, Иистисқа, 16).

«Анар алатын болсаң, күліп тұрған, жарылған анар ал. Ол күлкі саған ішін-дегі дәндерден хабар береді. Арифтің күлкісі нендей құтты күлкі десеңізші. Ол күлкі жан құтысындағы інжу сияқты аузынан көңілді көрсетеді. Күлген анар бау-бақшаны да күлдіреді. Арифтердің сұх-баты сені де арифтердің қатарына қосады. Сен қатты тас пен мәрмәр бөлшегі болсаң да бір көңіл иесіне жармаса білсең, жауһар боласың».

Мысалы, Аристотель ахлақ фәлсафасына қатысты біраз қағидалар айтып кеткенімен, оның айтқанымен жүріп, бақытқа кенелген бірде-бір жанды көре алмаймыз. Өйткені фәлсафашылардың жүректері тазартылмаған, нәпсілері тәрбие көрмеген, пікірлері мен пиғылдары уахидің ерекше шуағынан нәр алып, жетілмеген.

Бәһлүл Дана Хазіреті жолының үстінде құлауға таяп, бір жағына қисайып тұрған дуалды көріп, өзінің тағдыры жайында тәфәккурге түсіп кетеді екен. Дәл солай бір күні тәфәккур әлеміне шомып тұрған кезінде дуал қисайып тұрған жағына қарай жығы-лып, құлап қалады. Бәһлүл Дананың жүзін-де сол сәт қуаныш пайда болды. Оның бұл қуануының мәнін түсіне алмаған адамдар таң қалы-сып, себебін сұрағанда:

«Дуал қисайып тұрған жағына қарай құлады!»,— деді.

«Жығылсын, ал онда тұрған не бар?», — деп

сұрағандарға мына хикмет толы жауабын береді екен:

«Бұ дүниедегі барлық нәрсе қай жаққа бейім болып тұрса, солай қарай жығылады екен. Ал менің көңілім Хаққа бұрылып, бейім болғандықтан, мен де өлгенде Аллаһпен қауышамын. Ей, халайық! Рукуғ және сәждемерімізбен Хаққа бейімділігімізді арттырайық, басқа жаққа қарай жығылып жүрмейік!».

Өмір бойы тәфәккурмен айналысқан фәлсафашылардың өзі адамға толық жолбастаушы болуға жарамай тұрғанда, бос қиял мен ойын-сауықпен жүріп, өмірін өткізіп жатқан неше түрлі филм жұлдыздары, өнердегілер, спортшылар секілді адамдардың жастарға жол көрсете алуы мүмкін бе? Олардың артына ерген нәсілдің соқпағы қай жерге барып тірелер екен?!

Жас мұсылманның өз өміріне жолбасшы етіп сайлайтын адамдарының ең басында, бірінші орында – **Аллаһтың Елшісі** ﷺ тұруы керек. Сосын Оның **ардақты сахабалары**, одан кейін **Аллаһтың салиқалы құлдары**...

Хадис шәрифтерде былай делінген: «Дін бауырыңды күлімсіреген шырай танытып қарсы алудан тұрса да, ешбір жақсылықты қор көрме!» *(Мұслим, Бирр, 144).*

«Әр жасылық – садақа. Бауырыңды күлімсіреп қарсы алуың және өз ыдысыңдағы судан бауырыңның ыдысына су құйып беруің де жақсылық болып саналады»

(Термези, Бирр, 45) 1970; Ахмед, III, 344; Бұхари, Әдәбұл-Муфрад, №304).

Мырзамыз ﷺ айтады: «Кімнің қалауы ахірет болса, Аллаһ оның жүрегіне байлығын қояды және істерін жинақы етеді. Енді дүние мойнын иіп, оның арқасынан келеді. Ал, кімнің мақсаты дүние болса, Аллаһ оның екі көзінің арасына кедейлікті қояды, істерін де тиянақсыз етеді. Ақыры дүниеден қолына өзіне тағдыр етілгенінен артығы түспейді» *(Термези, Қиямет, 30/2465).*

Себебі бөтен мәдениеттен шыққан қаншама адамдар (оның ішінде Әбу Жәһил секілді Аллаһты жоққа шығарған адамдар да бар) Хазіреті Мұхаммедтің ұлық тұлғасын мойындауға мәжбүр болған. Солардың бірі —

Америка ғалымы **Майкл Харт**. Бұл кісі 1979 жылы жер бетінде өмір сүрген. Ол әлем тағдырына, адамзат өміріне ең көп әсерін тигізген. Ерекше 100 ұлы адамды таңдау бағытында жұмыс жүргізеді. Ұлы адамдарды таңдап алып, олардың күрестерін, істеген істерін және жеткен жетістіктерін компьютер жадына көшіреді. Ұзақ айларға созылған еңбектен кейін өзіне жүктелген ақпарат бойынша компьютер автоматты түрде талдау жасап, әлемнің ең ұлық есімін таңдады. Ол — Хазіреті Мұхаммед Мұстафа r ...

Зерттеу жұмысының артынша Француз журналы **«Ле Пойнт»** Хазіреті Мұхаммедті r 1979 жылы «Жыл адамы» деп жариялады. 1979 жылы, 29 желтоқсанда шыққан газеттер мұны басып шығарған кезде оның себебін мына жайтпен түсіндіреді:

«Хазіреті Мұхаммед 571-632 жылдар арасында өмір сүріп кеткеніне қарамастан, бүкіл дүние жүзінде оның әсері күннен-күнге артып, миллиондаған адам Оның көрсетіп берген жолымен әлі күнге дейін жүріп келеді» (Зафер журналы 97/3-8).

Өйткені Оның көрсеткен жолымен жүру адам баласы үшін бақыттың, рақымның және мәңгілік құтылудың жалғыз ғана есігі...

ولسوف يعطيك ربك فترضى

Зұлқарнайн عليه السلام ***өлмей тұрып, былай өсиет еткен екен: «Мені жуып, кебінге ораңдар! Кейін табытқа қойыңдар! Тек екі қолым ғана сыртта жатсын! Қызметшілерім соңымнан келсін! Қазыналарымды да қашарларға жүктеңдер! Халық менің өте көркем бір салтанат және дүние мүлкіне қарамай бос кеткенімді, қызметшілерім мен қазыналарымның да дүниеде қалғанын, өзіммен бірге кетпегенін көрсін! Бұл жалған фәни дүниеге алданбасын!...».***

СӨЗ СОҢЫ

Жастар кезкелген халықтың тағдырында ең маңызды орынға ие екені сөзсіз. Өйткені жастар халықтың келешегі әрі ең үлкен күш-қуат көзі. Өз келешегін кепілдікке алып, ұлттық құндылықтарын сақтап қалғысы келетін кезкелген қоғам өз жастарына көңіл бұруы керек. Оларды білімді, көреген, тәрбиелі, рухының шоқтығы биік нәсіл етіп тәрбиелеп шығаруы қажет. Тек осындай халық қана өз болашағына үмітпен қарай алады.

Бұған керісінше жас нәсілін ұрпағын ұмытқан, олардың тәлімі мен тәрбиесіне мән бермей, тек ақылдары мен тәнін ғана тамақтандырып, рухын аш қалдырған халықтар — қан мен көз жасына тұншығып, тарих сахнасынан өшіп кетеді. Рухани қасиеттермен безенген, ақыл-ойы озық ұрпақ тәрбиелеген халықтар ғасырлар бойы тіршілігін жалғастырып, тұрақтылық тапқанына тарих өзі куә. Бұған керісінше Құранға және руханиятқа арқасын беріп, нәпсінің жетегіндегі ойын-сауықтың қияли әлемінде, көрсоқыр ғапылдықтың қараңғы әлеміне сүңгіген халықтардың ақыры да жаман болған. Бұл жәйт хадистерде былай келтіріледі:

«Расында, Аллаһ Тағала Кітабына (Құранға бас иіп-имеуі) себебімен кейбір халықтарды ұлық етеді, кей халықтарды қор етеді» (Мүслим, мусәфирун 269).

Раббымыз баршамызды Өзінің разылығына сай ұлы идеалдардың адамы етсін! Фәни өмірдің түкке тұрғысыз ойыншықтарына алданып, нәпсінің балшық суында тұншығудан баршамызды сақтасын! Бәрімізді адамзатқа бақыт пен сәуле шашып тұратын дария пейілді мүминдердің қатарына жазсын!

Әмин!

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАН КӘРІМДЕ ЖАСТАР /69

ЖАС МҰСЫЛМАННЫҢ ӨМІР ТҮСІНІГІ /105

ЖАСТАР және АХЛАҚ /441

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр-4 мөлтек ауданы, 167-үй.
Байланыс телефондары: **8 (727) 255 63 41**
255 63 57